С.Р.Ердәулетов, А.Р.Жұмаділов

# ТУРИЗМ ТАРИХЫ

(дамуы мен ғылыми зерттелуі)

Алматы, 2010

Туризм теориясының «әліппесін» оқып жүрген жоғары және ор орындарының студенттері міндетті түрде туризм тарихын жете білулері Осыған орай «Туризм тарихы» пәні оқу бағдарламасында өз орнын тапқа

Оқу құралында туризм дамуы мен ғылыми зерттелуінің негізгі мәселелері ең ежелгі заманнан бастап, бүгінге дейін қарастырылып отыр. Туризм аясының ең маңызды ғылымы – туризм географиясына ерекше көңіл аударылған. Оның бүкіл әлемдегі және Қазақстандағы даму тарихы егжей-тегжейлі түрде баяндалады.

Авторлар жарық көрген барлық мағлұматтарды пайдалануға тырысып, ең алдымен, осылардың барын бір басылымда жинақтап, студенттердің жұмысын әлдеқайда жеңілдетіп отыр.

Оқу құралы туризмді, оның тарихы мен географиясын білуге қызығатын оқырмандарға арналған.

## МАЗМҰНЫ


**АЛҒЫ СӨЗ**

**1-ТАРАУ. БҮКІЛ ӘЛЕМДЕГІ ТУРИЗМ ДАМУЫНЫҢ ТАРИХЫ**

1.1 Туризмнің пайда болуы …………................................................8
1.2 Көне дәуірдегі туризм...........................................................................13
1.3 Орта ғасырлар мен Қайта өркендеу дәуіріндегі туризм.......................23
1.4 XVII-XVIII ғасырлардағы туризм.........................................................40
1.5 XIX-XX ғасырлар (II дүниежүзілік соғысқа дейінгі) кезеңіндегі туризм.............................................................................46
1.6 Қазіргі кезең..........................................................................................65

**2-ТАРАУ. КСРО АУМАҒЫНДАҒЫ ТУРИЗМ**

2.1 Туризмнің қалыптасуы (XVIII-XX ғ.)..................................................74
2.2 Туристік және экскурсиялық қоғамдардың пайда болуы...................80
2.3 КСРО заманы мен қазіргі кезеңдегі туризмнің дамуы........................87

**3-ТАРАУ. ТУРИЗМ ГЕОГРАФИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ**

3.1 XIX ғасырдың соңына дейінгі кезең..................................................104
3.2 XX ғасырдың басынан 1930 жылға дейінгі кезең.............................107
3.3 1931 жылдан 1945 жыл арасындағы кезең.........................................110
3.4 1945 жылдан 1960 жыл арасындағы кезең.........................................117
3.5 1960 жылдан қазіргіге дейінгі кезең...................... ..123

**4-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН ТУРИЗМІНІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕЛУІ**

4.1 Қазақстан туризмінің тарихы............................................................148
4.2 Қазақстандағы туризмнің ғылыми зерттелуінің дамуы....................173

Пәнді зерттеуге ұсынылатын әдебиеттер.................................................180
1-қосымша. Туризм дамуының жылнамасы..........................................186
2-қосымша. Қазақстан туризмі туралы әдебиет...................................190
3-қосымша. Қазақстан туризмі тақырыбы бойынша қорғалған диссертациялық жұмыстар.................................................205
4-қосымша. Мәдени туризмінің эволюциясы.....................................217
5-қосымша. Тест тапсырмаларының жинағы......................................218

## АЛҒЫ СӨЗ

Егеменді Қазақстанда туристік мамандарды даярлау үдерісі 1992 жылы басталды: дәл осы жылы екі ЖОО-нда туризм факультеті («Тұран» университеті) және  география-экология факультетінің жанында туризм бөлімшесі (Абай атындағы педагогикалых уиверситет) ашылды. Сәл кейінірек осындай бөлімшелер мен факультеттер еліміздің басқа да ЖОО-нда: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де, Абылайхан атындағы Халықаралық қатынастар және халықаралық тілдер Қазақ мемлекеттік университетінде, спорт және туризм академиясында және т.б. ашыла бастады. Осыдан 2000 жылға дейінгі мезгіл еліміздегі жоғары туристік білімінің қалыптасу кезеңі болатын. Оның басты сипаттары: туризмнің оқулық мамандықтарының толық анықталмауы, туризм пәндері бойынша біліктілі оқытушы мамандардың жетіспеуі, материалдық және тәжірибелік базалардың болмауы және т.с.с. еді. Тек 2000 жылы оқу мамандарының классификаторына еліміздің барлық оқу орындары қолдаған «Туризм» мамандығы енгізілді. Сонымен бірге мамандықтың мемлекеттік стандарты да жасақталды. Бұл стандартта басынан бастап, толығымен сәйкесті түрде болмаса да, «Туризм тарихы» курсы орын тапқан-ды.

Қоғам өмірі мен іс-әрекетінің барлық әлеуметтік-экономикалық құбылыстары сияқты, туризм де, оның қазіргі күйі мен болашағына талдау жасағанда, тарихи әдістемелікті қажет ететіндігі сөзсіз. Туризмнің көптеген ғасырларды қамтитын тарихы бар, ал қазіргі заманауи жүйе ретінде ол XIX ғасырда қалыптасып, бүкіл XX ғасыр бойы өркендеп, жетілдіріліп келе жатыр. Бұл үдеріс қазір де, XXI ғасыр аясында жалғасуда.

Туристік кәсіпорындар мен туристік шаруашылықтың басқа нысандарын жобалағанда, туристік сұраныс пен туристік ағымдарды болжағанда, туризмнің жан-жақты дамуы мен аумақтық ұйымдастыру мәселелерін шешкенде оның даму тарихы жөніндегі білімді, өткен тәжірибесін талдауды айналып өтуге болмайды.  Осыған орай туризм теориясының бастапқы сатыларын игеріп отырған жоғары оқу орындарының туризм мамандықтарының студенттері туризмнің кеңістіктік және әлеуметтік-экономикалық құбылыс тұрғыдан даму тарихын және оның ғылыми зерттелу объектісі ретіндеде білулері тиіс.

Туризм көпжылдық дәстүрге айналған елдерде туризм тарихына арналған зерттеулер қолға алынған және мұқият жасақталған. Тіпті, бұрынғы КСРО-ның өзінде де бұл мәселе жеткілікті зерттелген деп айтсақ қателеспейміз. Ең алдымен, туризм тарихы «Русский турист»,

«Экскурсионный вестник», «На суше и на море», «Турист-активист», соғыстан кейін шығып тұрған «Турист», басқа да журналдарда, жинақтарда, альманахтарда, басқа басылымдардағы мақалаларда қарастырылған.

КСРО туризмінің дамуы жөнінде біршама кітаптар шыққан. Ең алғашқы кітаптардың қатарында 1981 жылы Р.А.Дьякованың «История экскурсионного дела в СССР», 1985 жылы В.В.Дворниченконың «Развитие туризма в СССР (1917-1918)», 1986 жылы Б.Ф.Кудиновтың «Из истории развития туризма» сияқты кітаптарды атап шығуымызға болады. 1988 және 1989 жылдары нағыз қызығушылық тудыратын: Г.П.Долженконың «История развития туризма в дореволюционной России и СССР» атты монографиясы мен осы саланың ең ірі өкілі Л.М.Логинов пен оның авторласы Ю.В.Рухловтың «История развития туристско-экскурсионного дела», 1999 жылы А.А.Крючковтың «История международного и отечественного туризма», 2000 жылы Г.С.Усыскинның «Очерки истории российского туризма», 2001 жылы В.В.Дворниченконың «История международного и национального туризма» атты кітаптары шықты. Тағы да екі кітапты атаған абзал. Біріншісі – 1986 жылы Минск қаласында шыққан В.А.Квартальновтың «История и организация туризма в СССР и зарубежных странах», екіншісі – П.С.Пасечныйдың «Туризм и экскурсии» (М., 1983). Бұл кітаптарда КСРО туризмінің даму тарихына зор көңіл бөлінген. 1979 жылы Варшавада Антони Яцковскийдің «Туризм в Советском Союзе» деген кітабы поляк тілінде жарық көрді.

1999 жылы Минскіде Г.Ф.Шаповалдың «История туризма» деген кітабы шықты. Бұл басылымның маңыздылығы автордың туризм тарихын ғылым ретінде қарастыруы болды. Онда: «Туризм тарихы дегеніміз саяхаттарды (жорықтарды, экскурсияларды) атам заманында болған ең қарапайым түрлерінен бастап қазіргі кезеңге дейін зерттейтін ғылым болып табылады» (3-бет), – деген анықтама берілген. Мұндай анықтамамен толық түрде келісе алмаймыз, себебі туризм туристік саяхатпенен шектелмейді. Біздің пайымдауымызша, туризм – азаматтардың өздерінің тұрақты мекенжайынан тыс жерде саяхат жасауы және табыс табу үшін жасалатын әрекеті, болмаса, уақытша орында болу үрдісінде пайда болатын құбылыстар мен қатынастар. Ал, қорытып айтсақ, туризм тарихы дегеніміз – уақыт тарапынан қарастырылған, туристік саяхаттармен бірге осы саяхаттарға байланысты құбылыстар мен қатынастар кешенін, оның ішінде туризмнің ғылыми зерттелу тарихын толығымен зерттейтін ғылым.

2002 жылы кең ауқымды (20000 дана) тиражбен Мәскеуде тарихшы ғалым М.В.Соколованың «История туризма» деген кітабы шықты (кейін үш рет қайта шығарылған). Өкінішке орай, ауқымды кітап (22 б.т.) толығымен дерлік саяхаттар, жорықтар, сауда мақсатында жасалған жиһан кезу мен халықтың басқа да қоныс аударуларын, саяси

қатынастарын өте тиянақты суреттеп, туризм жөнінде аз ғана ақпарат берген.

Туризмді көне заманнан кәсіп еткен елдерде туризм ғылымы да жақсы дамыған және де осы елдерде туризм дамуын зерттеу жұмыстары қолға алынған. Көптеген осындай зерттеулер географтардың, кейде басқа ғалымдардың қарамағында өткізілген.Тәуелсіз Қазақстанда (Кеңес Одағы кезеңдегідей) мұндай зерттеулердің саны әлі де тапшы. Сондықтан кешенді тарихи-шығутегілік жұмыстарды тежелейтін осындай ақпараттық құлазуды толтыру үшін географтар туризмнің тарихи қырларын өз еркімен зерттеу жүргізуге мәжбүр болып отыр. Туризмді зерттейтін басқа ғылымдар сияқты, туризм географиясы өз зерттеулерінде тарихи мағлұматтарды, әсіресе, халық шаруашылығы мен туризм дамуы тарихы жөніндегі материалдарды қолдануы міндетті: туризм әсерінен кеңістік пен уақытта орын табатын шаруашылық және әлеуметтік өзгерістердің талдауын жасаған кезде онсыз болмайтыны түсінікті.

Кейбір басылымдарда «шашылып» жатқан материалдарды есепке алмасақ, авторға Қазақстан туризмінің тарихы жөнінде екі-ақ ауқымды жұмыс мәлім. Біріншісі, 2001 жылы Алматыда 12 б.т. көлемінде шыққан Ю.С.Накатковтың «История туризма Казахстана» атты кітабы (өкінішке орай, кітап шығарған баспа аталмаған). Редакциялық, полиграфиялық, фактографиялық кемшіліктеріне қарамастан, бұл кітапты туризммен әуестенетін оқырмандар, оның ішінде ЖОО туристік мамандық студенттері үшін пайдалы деп есептеуімізге болады.

Екіншісі – екі рет (2000, 2002) баспадан шыққан п.ғ.д., профессор В.Н.Вуколовтың «История и теория международного туризма» атты оқу құралы. Бұл басылым мемлекеттік стандарттың 080140 – «Туризм» мамандығы пәнінің оқу-әдістемелік кешені ретінде құрастырылған.

Автор өзінің оқу құралында, Г.Ф.Шаповалдың «История туризма» кітабындағі туризм тарихының ғылым ретіндегі анықтамасын пайымдап, оның зерттеу шеңберін анықтау әрекетін жасаған.

Зерттеу шеңберімен келісетін болсақ та, туризм тарихының анықтамасын [«Туризм тарихы дегеніміз саяхаттарды (жорықтарды, экскурсияларды) атам заманында болған ең қарапайым түрлерінен бастап қазіргі кезеңге дейін зерттейтін ғылым болып табылады» (24-бет)] қолдай алмаймыз. Автор «саяхаттар» деген сөзге «кішкене ғана бір толықтырманы» – «туристік» деген анықтаманы қосуды ұмытқан сияқты. Саяхаттардың барлығын емес, тек қана олардың белгілі бір түрлерін туристік саяхаттарына жатқызуға болатыны баршаға мәлім. Атап айтсақ, туризм дегеніміз – «саяхаттардың бөлек бір түрі, бірақ жалпы саяхаттардың ішінде анық шектеулермен ерекшеленеді, өзіне тән нақты сипаттамаларына ие...» (Биржаков, 1999, 22-бет).

Назарларыңыздағы кітап – осы еңбектің толықтырылған және өңделген екінші басылымының аудармасы (біріншісі, Алматыда 2003 жылы шыққан). Кітап авторы С.Р.Ердәулетов жиырма жыл бойы еліміздің

бірталай ЖОО-нда өзі әзірлеп оқып келе жатқан «Туризм тарихы» курсын жете реттеп оқырмандарға ұсынып отыр. Онда барлық бұрынғы зерттеушілер жинақтаған қолдағы материалдарды пайдалану әрекеті жасалған. Бұл кітапты дайындауда автордың Варшава, Лодзь, Ягеллон университеттерінде (Польша) өткен оқу сапарлары және туризм географиясы мен тарихы бойынша ірі поляк мамандарларының кеңестері алынған. Сондықтан Қазақстандағы туризм дамуы мен ғылыми зерттелуі мәселелері жөніндегі өзінің дербес көзқарастарын келтірген.

Бұл басылымның басты мақсаты – әлемдік және отандық туризм тарихы бойынша қазақстандық оқу құралдарындағы бос жерлерді толықтырып, ең алдымен, туризм мамандығы бойынша оқып жүрген Қазақстан ЖОО студенттерінің көптеген әдеби қайнар көздерін ақтарып, қажетті мәліметтермен таныстыру, сонымен қатар туризмді, оның тарихы мен географиясын білуге қызықтыру болып табылады.

Кітапты баспаға дайындауда көмегін тигізгені үшін «Қазақ университеті» баспасының жетекші редакторы Самат Қалуовқа авторлар зор алғыстарын білдіреді.

Кітаптан байқалған кейбір кем-кетікті көрсетіп, талап-тілек білдірген оқырмандарға күні бұрын үлкен ризашылығымызды білдірмекпіз. Кітапқа қатысты пікірлер мен ескертпелерді әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті география факультеті туризм кафедрасына немесе «Қазақ университеті» баспасына, мына мекенжайға жіберулеріңізді сұраймыз: 050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

# 1-ТАРАУ. БҮКІЛ ӘЛЕМДЕГІ ТУРИЗМ ДАМУЫНЫҢ ТАРИХЫ

## 1.1.Туризмнің пайда болуы

Сауда жасау, жерді жаулап алу мен игеру, ресурстар мен жаңа көлік жолдарын іздестіру мақсатында дүниені тану мен жаңа құндылықтарды жасау деген – адамның бүкіл көпғасырлық тарихындағы мызғымас қасиеті. Өркениетіміздің шынымен көзге көрінерлік уақыт аралығы онша ұзақ емес, бес мың жыл мерзімді қамтиды. Алайда, саяхаттардың сенімді түрде жасалған сүреттемелерінің жасы одан да кем, тек жақында өткен дәуірлерге жатады. Жаңа құрлықтар мен аймақтарды, халықтар мен табиғи құбылыстарды ашқан, географиялық және басқа білімдердің негізін қалыптастырған ұлы саяхатшылардың аттары адамзат тарихында мәңгі сақталып келе жатыр.

Жер мен ресурстарға ие болу және сауда жасау құмарлығы адамзатты ғасырлар бойы басқа жерлерге, аумақтарға, елдерге, тіпті, құрлықтарға итермелеген. Белгілі грек тарихшысы Геродот б.з.д. V ғасырдың өзінде барлық өзіне мәлім саяхаттар мен жаңа жерлерді сүреттеп берген. Массаланың (қазіргі Марсель, Франция) тұрғыны, географ және зерттеуші Пифий б.з.д. 320 жылы Еуропаны айналып, өз дәуірі үшін ғажайып саяхат жасаған, Британия жағалауынан асып, тіпті, Норвегияға жеткен; Исландияға жетті деген жорамал да бар. Саяхаты, көптеген географиялық ашулары жөнінде суреттеген «Мұхит туралы» атты еңбегін жариялаған.

Ежелгі Рим дәуірінде бай ақсүйектер императордың рұқсатымен демалу мақсатында Мысырға, басқа елдерге сапар жасағандығы тарихтан белгілі.

Америка құрлығының бірнеше мәрте ашылуы мен игерілуін, Исландия мен Гренландия жерінде 900-1100 жылдары қоныстану туралы мәліметтерді атап шықсақ, артық болмайды. Колумб дәуіріне дейін жүрек жұтқан викингтер Гренландияға, одан кейін Америка құрлығына шейін (Ньюфаундленд) жетіп онда колония орнықтырған. Олар тұрған қоныстардың қабырғалары табылған, тіпті, колонистердің есімдері құжат түрінде анықталған. Бұл Исландия тұрғындарынан жинақталған экспедицияны 982 жылы ирландық Эрик Рыжий (Сарыбас Эрик) басқарыпты. Сауда мақсатында ашылып пайдаланған өте ұзақ сауда жолдарын, олардың ішінде «варягтардан гректерге» («из варяг в греки»), Ұлы Жібек жолын және т.б. атауға болады.

Саяхаттар жаңа сауда жолдарын ашу, дүниені тану, жаңа елдер мен жерлерді ашу мақсатында өткізілген.

Ұлы араб саяхатшысы мен ғалымы ибн Баттута (Абу Абдаллаһ Мұхаммед ибн Абдуллаһ әл Лавати ат-Танжи) (1304-1368/69) 21 жасында сапарға аттанып, Шығыс елдерінің барлығын жаяу аралап шыққан (70 мың шақырымнан астам), Солтүстік Африка, Үндістан мен Қытай елдерінде болған. Көптеген елдер мен сауда жолдарының, халықтардың салт-дәстүрлерінің географиялық сүреттемелері аса құнды «Рихле» деген кітабына кірген. Ибн Баттутаның кітабы біршама европалық тілдерге аударылған. Бұл кітапта өте ауқымды тарихи, географиялық және этнографиялық материал жинақталған; бүгінге дейін Орта ғасырлар тарихын зерттеуде маңызы айтарлық. Итальян саудагері Марко Поло (1254-1324) 1271-1295 жылдары Қытайға ғажайып сапар жасаған*.

Онда 17 жыл тұрып, осы ел туралы маңызды мәліметтерін жинақтап, оларды өзінің «Әлем ғажайыптары туралы кітап» деген еңбегінде жариялаған. Венециялық Марко Поло орта ғасырлардың ең белгілі саяхатшысы болып есептеледі.

Жаңа жерлерді ашу мақсатында ежелгі уақыттан бастап өте ауыр саяхаттар жасалған. Бүгінгі таңда Американың Колумбқа дейін әлдеқайда бұрын ашылғаны белгілі , ал Гренландияда («жасыл жер» деп аударылады, қазіргі кезде бұл мұзбен бүркелген құрлық) атам заманынан бері Еуропадан қоныс аударған адамдар өмір сүргені мәлім. Мұздықтың таралуының дамуына қарасақ, алғашқы тұрғындарды 600-800 жылдарға жатқызуға тура келеді. Қазіргі кезде Оңтүстік Америкадан Полинезияға көп кісі сыятын сал қолданып бірнеше айлық ұзақ саяхаттарды жасау мүмкін емес сияқты, бірақ бальс бөренелерден жасалған салмен Тынық мұхитын кешіп өткен Тур Хейердал осындай жанкештілікті дәлелдеген.

Ұлы саяхатшылар, алғашқы ашушылар, ғалымдар мен теңізшілер – Фернан Магеллан (1480-1521), Васко да Гама (1469-1524), үш каравеллада 1492-1493 жылдары Атлант мұхитынан өтіп Америка құрлығын ашқан Христофор Колумб (1451-1506) есімдері бүкіл әлемге әйгілі.

Ресей елі де өз саяхатшыларымен мақтана алады. Нақты мәліметтермен расталған ертедегі саяхат жасағандардың бірі – Афон мен Қасиетті Жерге 1065 жылы сапар шегіп, жолда көрген-білген өңірлер мен халықтар туралы мағлұматтарды қалдырған игумен Даниил болды. Парсы мен Үнді елдеріне 1471-1474 жылдары саяхат жасап, «Хождение за три моря» («Үш теңіздің ар жағына сапар») шығармасын қалдырған Афанасий Никитин, кейінгі белгілі саяхатшылар В.И.Беринг (1681-1741), Н.М.Пржевальский (1839-1888), Н.Н.Миклухо-Маклай (1846-1888) және басқалар бар.

Жер шарын айналған саяхаттардың жолы 75 мың милядан да асып кеткен. Осылардың нәтижесінде ғылыми бағыттар мен білім жүйелерінің негіздерін салған баға жетпес ғылыми мағлұматтар жарық көрді. Сақталып қалған әлемнің карталарында құрлықтардың нобайлары өте дәл көрсетілген, осы карталарды жасау үшін қажетті ақпарат пен әдістемелерді ежелгі адамдар қалай тауып алғаны таңғаларлық.

Саяхаттар мен туризм – адамның өмір әрекетінің белгілі бір салтын суреттейтін бір-біріне тар байланысты қос ұғымдар. Мұнда әдеттегі тұрғын орнынан тыс жердегі аумаққа, елге, құрлыққа адамның уақытша сапар шегуі –

* 1298 жылы Марко Поло саяхаттары туралы Пиза қаласының тұрғыны Рустичаноға әңгімелеген (Жюль Верн. История великих путешествий – М.: Альфа-книга, 2008. – 772 с.). Осы сапар жөніндегі мәліметтердің бірталайы күмән туғызады. Орталық Азия туралы мәліметтерді саудагерлерден сұрастырып жинаған деген дәлелдеуге қиын жорамал бар. Мұндай көзқарас кең тараған және тарихшылар ол жөнінде пікір алмасуда.

саяхатты іс-әрекеттің басқа аяларынан ерекшелейтін әрекет анықтамасын атау қажет.

Туризм саяхаттардың ерекше түрі болып табылады, бірақ жалпы саяхаттар ұғымынан ерекшеленетін шектеулерге, сипаттамаларға ие. Туризмнің көптеген мағыналық анықтамалары бар. Туристік саяхатқа, туристік сапарға, жорыққа қатысатын адам жалпы түрде турист деп аталады.

Саяхатпен салыстырсақ, туризм дегеніміз экономика мен саясаттың күшті ықпалындағы категория, сонымен қатар, осы құбылыстың ішкі табиғатының дуализмі (екі қырлылығы) байқалады, себебі, туризм дегеніміз – а) туристер анық туристік мақсаттарында жасайтын саяхаттардың бұқаралық ерекше түрі, яғни бұл туристің өзінің іс-әрекеті (туристік іс-әрекетінің субъекті); ә) осындай саяхаттарды ұйымдастыру мен іске асыру іс-әрекеті, яғни туристік іс-әрекет. Бұл іс-әрекет туризм индустриясының әртүрлі кәсіпорындарымен (туристік іс-әрекет объектімен) іске асырылады.

Туризмді ең алдымен, саяхат деп есептесек, туризм негізі өте ежелгі уақытта жатыр. Адамзаттың жазбалы тарихы пайда болуынан бұрын саяхаттардың көне түрлері дүниеге келген. Ежелгі Грекия мен Римде өркендеген антикалық дәуірде өркениеттің жоғары дамуына, қолы бос, «еріккен», мәдениеті жоғары бай таптың бар болуына байланысты, туризмнің қазіргі мағынасына жақын, саяхаттардың рекреациялық және танымдық түрлері орын тапқан.

Грек пен Рим саяхатшыларының ең жиі баратын жері Мысыр болған. Барған жерлерінде өз аттарын тасқа қашап қалдыра берген. Ғылымда осындай жазбалар «граффити» деп аталады (граффити итальяндық graffiti – қашалған, тырнап жасалған деген сөзден шыққан). Граффити таса жерлерде ғасырлар бойы сақталып, гректер мен римдықтардың Мысырға барып жүргендігін растайтын «құжат» болып қалған.

Ніл алабында табылған ең ежелгі граффитилер б.з.д. VI ғасырға жатады. Грек жалдамашылары, Нілдің жоғары сағасына көтерілген кезде Әбу-Симбел ғибадатханасының алдында тұрған алып мүсіннің аяғына өз аттарын сызбалап жазғантұғын. Ніл алабына Афин заңнамашысы Солон, математик Пифагор, сәл кейінірек грек логограф-тарихшысы Милеттің Гекатейі сапар шегіпті-мыс деп жорамалдайды антикалық авторлар.

Грек пен римдықтар сапарлары жөнінде тек граффити ғана емес, ауқымды жазбалы дерекнамалар да хабарлайды. Геродот Фивы қаласына және бірінші Ніл табалдырығының жанында орналасқан аралға жасаған сапарлары жөнінде баяндайды.

Бүгінгі таңда туризм дамуының адамзат дамуы үдерісіндегі кейбір белгілер мен бағдарларды іздестіру әрекеттерін жасап отырмыз. Саяхатшылар барлық дәуірлерде көп болған: жиһанкездер, кезбелер, жолаушылар, мінәжат етушілер мен жай ғана серуендеушілер, бұл тізімді жалғастыра беруге болады. Дегенмен, туризм саласындағы нағыз қопарылыс туралы біз тек қана ерте жаңа дәуірден бастап әңгіме қозғай аламыз.

Туристік саяхаттардың ұйымдастырылуын шынымен растайтын ақиқат – алғашқы туристік жолнамалардың пайда болуы. Олар VIII ғасырда француз королі Ұлы Карл (742-814) мен «Мың бір түнде» талай әңгімеленген халиф Һарун әл-Рашид арасында достастық қатынастар орнатылған кезде шығарылды. Осыдан кейін француз шонжарлары Палестина мен Кіші Азия елдеріне жиі-жиі экскурсияларға бара бастаған.

Оларға сапарға аттанудың алдында баратын жері туралы, қалалар арасындағы жол қашықтығы жөнінде қысқаша мәліметтер жазылған арнайы жолнамалар берілген. Жылдар өте жолнамаларда түнеу орындары, бағалар туралы, климаты жөнінде, назар аударарлық орындар, ескерткіштер туралы, т.б. мәліметтер жарияланатын болды. Шетелдік туризмнің алғашқы ұйымдастырушылары – Генуя, Пиза, Аугсбург, Нюрнберг саудагерлері болған.

Бірте-бірте саяхатқа саудагерлер мен жер жаулап алушылардан басқалары да аттана бастады. Жұрт айналадағы дүниені тануға тырысты. Географиялық ашулар қызығушыларды сапарға ынталандырды. Басқа елдер туралы мәліметтер мен картографиялық материал саны көбейді.

Төрт жылда бір рет өткізілетін Олимпиада ойындарының (б.з.д. 776 ж. – б.з. 394 ж.) жөні ерекше болған. Мұнда көптеген грек полистарынан (қалаларынан) келген спортшылар, кейінірек римдықтар да қатысқан. Ойындар басталмай көрермендердің алдында ақындар, философтар, ділмарлар өз өнерін көрсеткен. Осының барлығы ежелгі грек қаласы Олимпияға көп жұртшылықты қызықтырып тартқан, оларды орналастыру үшін арнайы үлкен үйлер салынған. Бүгінгі көзқарас бойынша, Олимпиада ойындарын спорттық туризмнің ерекше бір түріне жатқызуға болады. Олимпиада ойындары 1896 жылы қайта жанданды, олардың дамуы қазір де жалғасуда.

Ежелгі Грекияда, әсіресе, ежелгі Римде негоцианттар (саудагерлер) өте жиі сапар жасаған. Осы айтылғанның бәріне сүйенсек, антикалық әлемде рекреациялық та, спорттық та, бизнес-туризмнің де бастаулары болған.

Көпшілік жұрттың орнын ауыстыру үрдісі оларға баспана тұрғызуды қажет еткен, сондықтан саяхатшылар үшін қонақ үй шаруашылығын дамыту өзекті мәселеге айналған. Б.з.д. Рим империясында бір-бірінен аттың бір күндік жолында орналасқан жолаушылар қонатын мемлекеттік қонақжайлар (постоялый двор) пайда болған. Жолаушылар қонатын жайлар римдік шабармандар мен мемлекеттік қызметшілер өтетін қалалар мен даңғыл

жолдарда орналасқан. Провинциялар мен Римнің өзінде баспаналардың: патрицийлерге (ақсүйектерге), плебейлерге арналған екі түрі болған. Сапар кезінде римдықтар арнайы жолнама-карталарды пайдаланған.

Антакалық әлемнің ыдырауы нәтижесінде жұрттың жүріп-тұруы, әсіресе, феодализм дәуірінде, бытыраңқылық заманда күрт азайды. Алайда, христиан, мұсылман діндерінің дамуымен бірге, мінажат етушілердің саны әлдеқайда көбейді: христиандар Иерусалимге мінажат ету үшін, мұсылмандар Меккеге қажылық жасау үшін сапар жасайды. Мұндай саяхаттардың жолы ұзақ болған. Сонымен бірге, мінажат етушілер жақын орналасқан монастырлер мен басқа қасиетті жерлерге де аттанған. Қарақшылардан қорғану үшін қажылыққа аттанған адамдар топтасып жүрген – бұл құбылысты қазіргі топтық діни туризмімен салыстыруға болады.

Феодалдық бытыраңқылық пен экономикалық қатынастардың үзілуіне қарамастан, жұрттың жол жүру әрекеті мүлдем тоқтап қалған жоқ. Сапарға мінажат етушілермен қатар саудагерлер де (оларды қонақ деп атаған) аттанатұғын. Антикалық дәуіріндегідей, бай адамдар шипа суларға емдік-сауықтыру мақсатында баруын тоқтатпаған (келешекте бұл рекреациялық-бальнеологиялық туризмге айналды). Жол жүрген адамдар қонақжайларында, қонақүйлерінде, оның ішінде монастырлық қонақүйлерінде пана тапқан. Кейде қона үйлердің, әсіресе, кішігірім қонақүйлердің (кейбір жағдайларда құр жай пәтер немесе меншікті үйлердегі бөлмелер) иелері өз клиенттердің істеріне делдал ретінде қатысқан. Шығыс елдерінде қонақүйлер керуен сарай деп аталған. Жалпы айтқанда, қонақүйлердегі қызмет көрсету сапасы өте төмен деңгейде болған. Ал тамақтану қамын қонақтардың өздері ойластырған.

Аймақаралық, еларалық, тіпті, құрлықаралық байланыстардың жаңа кеңею кезеңі Қайта өркендеу, Ұлы географиялық ашулар дәуірінен басталады. Дегенмен, бұл кездегі саяхатшылар көптеген ауыртпалықтарға ұшыраған. Сондықтан осы дәуірдегі туризмнің дамуы туралы әңгіме қозғауға, әрине, болмайды. Біздің қазіргі түсінігіміздегі туристер жоқ болған десек қателеспейміз.

Қорыта айтсақ, туризм аясындағы нағыз қопарылыс тек Орта ғасырлар соңы мен ерте жаңа дәуірде басталды деуге болады.

Туризм тарихын дәуірлерге бөлу мақсаты – оның дамуындағы біркелкі кезеңдерін анықтау. Туризм дамуы: XIX ғасырға дейін – бастапқы; XIX ғасырдың басы – XX ғасырдың басы – дегдарлар (элиталық) туризмі, туристік арнайы қызмет көрсету кәсіпорындарының қалыптасуы; XX ғасырдың басы – Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін - әлеуметтік туризмнің қалыптасуы; Екінші дүниежүзілік соғыстан қазіргі күнге дейін – бұқаралық туризм, туристік индустрияның туризмге арналған тауарлар мен қызметтерді өндіретін салааралық кешен ретінде қалыптасуы сияқты төрт кезеңге бөлінеді*.

Бастапқы кезең туризм дамуының XIX ғасырға дейінгі уақытын қамтиды. Бұған туризм дамуының: антикалық туризм, саяхат жасау себептері – білім алу, мінажат ету, емделу, спорттық жарыстар; Орта ғасырлар туризмі, саяхат тетіктері – діни туризм, білім алу, ақсүйектік қатынастар; жаңа дәуір туризмі

(бұл кезде демалыс сипаттары өнеркәсіп революциясына байланысты болған жұмыс уақыты өскеніне орай жұмысшылар мен қызметкерлердің рекреациялық қажеттігі мәселесін шешу) сатылары кіреді.

География ғылымдары туристік проблемаларды уақыт аспектісімен бірге кеңістікте орналасу қырынан да қарастыруға мүдделі. Ең алдымен бұл XIX ғасырдың басынан басталған кезеңге қатынасы бар: осыдан бері туристік миграциялар курорттық аудандар мен демалыс орындарының дамуына, туристік қасиеттері бар аумақтардың ланлшафтарына зор ықпал жасап келеді.

Туризм – қоғамдық, шаруашылық, кеңістіктік құбылысқа, көне дәуірлерден басталған ұзақ және бай салт-дәстүрлерге ие. Туристік әдебиетте

---

* Зорин И.В., Квартальнов В.А. Энциклопедия туризма – М., 2000.

туризмді уақыт дәуірлеріне бөлу жөнінде көптеген ұсыныстар кездеседі. Мысалы, бұл мәселе туралы В.Унцикер (1941), Дж.Мариотти (1967), А.Ковальчик (1995), К.Пшеславский (1973, 1997) т.б., ресейліктерден – В.Б.Сапрунова (1997), И.В.Зорин, В.А.Квартальнов (2000), А.Ю.Александрова (2002, 2008), М.В.Соколова ((2002, 2007) және Қазақстан ғалымдарынан В.Н.Вуколов (2000, 2002) пен Е.С.Никитинский (2008) жазған.

Біз қарастырып отырған еңбекте туризм тарихы К.Пшеславскийдің (1973) [93] бөлуіне сәйкес:

1) XVIII ғасырдың соңына дейінгі;

а) көне дәуіріндегі;

ә) Орта ғасырлар мен Қайта өркендеу дәуіріндегі;

б) XVII-XVIII ғасырлардағы;

2) XIX және XX ғасырлардағы туризм – II дүниежүзілік соғысқа дейінгі;

3) қазіргі замандағы туризм даму кезеңдері қолданылған.

### *Қайталау сұрақтары*

1. *Барлық өз дәуіріне белгілі саяхаттар мен ашуларды суреттеген көне дәуірінің авторы кім болған?*
2. *Сарыбас Эриктың қандай еңбегі үшін аты белгілі болды?*
3. *Қандай себептен ибн Баттута ұлы араб саяхатшысы мен ғалымы болып аталады?*
4. *Жер туралы білімдердің дамуына өзінің үлесін қосқан қандай саяхатшыларды білесіздер?*
5. *«Граффити» деген не? Туризмге оның қандай қатынасы бар?*
6. *Саяхат пен туризм арасында қандай айырмашылықтар бар?*
7. *Туризмнің пайда болуын қандай дәуірге жатқызуға болады? Оны қалай дәлелдеуге болады?*
8. *Туризм қандай дәуірлерге бөлінеді? Авторлары кім?*
9. *Бұл кітапта кімнің туризмді дәуірлерге бөлуін қолданып отырмыз?*

## 1.2. Көне дәуірдегі туризм

Жалпы алғанда, туристік саяхаттар саудалық сипатынан айырылған кезде басталды деп есептеледі. Осындай алғашқы сапарлары ретінде б.з.д. төртінші мыңжылдықта Ежелгі Мысырда орын алған мінажат ету саяхаттары қарастырылады. Бірте-бірте туристік саяхаттар қалаларға, көл жағаларына, шипа суларға, пирамидаларға жасалған. Алайда, жақсы жолдар желісінің, түнеу мен тамақтандыру орындарының болмауы (олар тек қана Ежелгі Грекия мен Римде пайда бола бастаған) саяхаттарға кедергі келтірген. Ол кезде туризм табыс көзі болмаған [70].

Жолдар торабының маңызын тек парсылар дұрыс бағалаған: олар өз мемлекетінің аумағында кейінгі аты шыққан римдік жолдарынан асқан жол байланыстарының жүйесін қалыптастырған. Ең жақсы күйінде күтілген жолдар – Вавилон, Сузы және Экбатан қалаларын мемлекеттің шеткі аумақтарымен байланыстыратын ұзындығы 3 мың км «патша жолдары» болған. Әр 30 миля сайын парсы жолдарының жанында саяхатшылардың демалуына арналған керуен-сарайлар, жабдықтау жайлары, қоғамдық орындар орналасқан. Қызмет көрсеткені үшін міндетті түрде бірқалыпты, байлар мен кедейлерге бірдей ақы мөлшері бойынша төлемақы алынған.

Ежелгі Парсы елінде үлкен керуендер болып, түйеге мініп саяхат жасаған. Әдетте, керуен жолының жанында шатыр құрып түней берген. Дегенмен, кейде керуен-сарайларда да тоқтаған. Керуен-сарай ол кезде апатты жағдайлардан, керуендерді тонайтын қарақшылардан қорғайтын тосқауылмен қоршалған, түйелерді қамайтын қорасы, жолаушылар түнейтін баспанасы бар нағыз қонақүй кешені болған. Бұл дәуірде Еуропада саяхатшыларға көрсеткен қонақжайлықтан Азиядағы күту қызметтері әлдеқайда асып түскен. Шығыс елдерінде сауда Еуропамен салыстырғанда өте қарқынды болғандықтан, жұрт жиі-жиі сапарға аттанған. Қытайда қолданатын аттарды ауыстырып отыратын «пошталық» жүйе римдік байланыс жолдарына қарағанда өте тиімді болған, бірақ оны тек кең қалталы саяхатшылар пайдалана алған.

Дегенмен, антикалық туризм көбінесе, Ежелгі Грекия мен Римде өркендеген деп айтуға болады. Осы екі елде туристік саяхаттардың экономикалық қырына ерекше назар аударылған. 2300 жыл бұрын Ксенофонт грек порты Пирейде сауда орындары мен мемлекеттік қонақүйлерді салу қажет екенін жариялаған; оның пікірінше, осының нәтижесінде үлкен табыс табуға болатын еді. Гректер сияқты, римдіктер де саяхаттарға аттанған, кейде ұзақ жолға шыққан және Грекияның жол жүйесі нашар дамығандықтан, гректер көбінесе, теңіз жолдарын пайдаланған.

Ең алғашқы саяхатшы ғылымдардың бірі Геродот (б.з.д. 484-430 ж.) болған. Геродот ауқымды сауда байланыстары бар бай отбасында дүниеге келген. 20 жасқа толғанда бірінші саяхатына аттанған. Әуелі Мысырға барып, Нілдің жоғары сағасына жеткен; одан кейін шығысқа аттанып, Вавилонияға сапар шеккен. Саяхаттарының солтүстік шеті Қара теңіздің солтүстік жағалауындағы грек колонияларында жатқан. Борисфен (Днепр) өзені бойымен

жоғары көтерілді деген жорамал бар. Батыста Оңтүстік Италияға барып, өз отандастарымен бірге колония орнықтыруға қатысқан. Мысырда жазбаларды аударып беруді өтініп, осы мемлекет тарихы жөнінде жергілікті абыздардан сұрастырып мәлімет жинаған. Перғауындар ғұмырын зерттеумен шектелмей, мумия қақтаушылар шеберханаларына да барған. Пирамидалардың периметрін қадаммен өлшеп, әртүрлі математикалық есеп шығарған. Осындай есептерді әйгілі Лабиринтті суреттегенде де келтірген. Сонымен Геродот Грекияны, Оңтүстік Италияны, Кіші Азияны, Вавилонияны, Мысырды, Парсы елін аралап шыққан, Жерорта теңізінің көптеген аралдарында, Қырым мен скифтер елінде болған.

Әлемге белгілі «Тарих» деген еңбегі үшін «тарих атасы», «география атасы», тіпті, «өтіріктің атасы» сияқты мәртебелі атақтарға ие болған. Геродот бұл кітапта халықтардың тарихы мен этнографиясы жөнінде үлкен көлемдегі материал келтірген. Б.з.д.V ғасырға дейін белгілі болған негізгі географиялық білімдерді өз кітабында біріктірген.

Антикалық дәуірдің басқа ғұламасы Страбон (б.з.д. 64-23 ж.) да көп саяхат жасаған. Кіші Азияда, Жерорта теңізінен Қара теңізге баратын жолда орналасқан кішігірім Амасия қаласында дүниеге келіп, 20 жасында өзінің алғашқы сапарына – Рим қаласына аттанған. Страбон өмірбақи саяхатта жүрген. Кіші Азияны, Тавр (Қырым), Кавказ тауларының бөктерін, Киклад аралдары мен Балкан түбегін, Мысырды, Апеннин түбегін аралап шыққан. Саяхат жасағанда бар көрген-білгенін баяндап, хатқа түсірген. Жан-жақты білімдар, майталман, талдау қабілеті зор, дарынды жазушы, Страбон біздің заманымызға жеткен «Географиясының» 17 кітабын жазған (Страбонның «Тарихи жазбаларының» 43 кітабы сақталмай қалған). «Географиясындағы» мәліметтердің шындығын Страбон жиі қайталайтын «Мен осы жерде болғанда...» деген сөздері растайды.

Балкан түбегінің жағалауын, Эгей теңізінің көптеген аралдарын, Кіші Азияның батыс жағасын мекендеген ежелгі грек тайпаларының өмірінде теңіз өте маңызды рөл атқарған. Теңіз оларды қоректендірген, басқа елдер мен халықтар арасында байланыс жасауға мүмкіндік берген. Гректер құрлықтан бұрын теңіз арқылы саяхат жасаған.

Ірі жалпыұлттық ғибадатханалардың, мысалы, Олимп тауының айналасында мінажат етушілер үшін «қасиетті» жолдар салынған. Оларда экипаждардың дөңгелектері үшін тіпті, жол сораптары қазылған. Саяхаттар көбінесе, жазда, өзендер тартылып кеткен кезде өткен, сондықтан көпірлер аз салынған. Саяхатты жаяу, ат мініп, арбаға отырып жасаған. Арбалардың білігінде үш жағынан жабылатын шанақ бекітілген бір аяқты немесе жолаушылармен қатар олардың жүгі де тиеленетін үлкен төрт доңғалақты екі түрі болған.

Ежелгі Грекияда қонақүйлер орын тепкен, бірақ тамақ берілмеген. Сондықтан саяхатшылар азығын өздері алып жүрген. Жолдас-жораларының үйлерінде жиірек тоқтаған. Қонақжайлық тұрмыстың бір салты ретінде қалыптасқан. Барлық бай үйлерде қонақтарға арналған бөлмелер болған. Ал үй

ішінде қонаққа орын жетпей қалса, ол аулада, яғни таза ауада түней салған. Грекияның жайлы климаты бұған кедергі жасамаған.

Қонақжайлық Зевске тән болған. Гомер оны «Қонақжай Зевс» деп атаған. Алайда, грек полистерінің арасындағы байланыс нашар болғандықтан қонақжайлар мен қонақүйлер саны аз тұғын. Бай үйлерде шетелдіктерді тегін қабылдау салты орнаған және олар міндетті түрде туысқан немесе таныс болмаған.

Қонақүй шаруасы, ішімдік сататын орындарды ұстау гректер үшін арам әрекет болып есептелгендіктен олар бұдан бас тартқан. Қонақжайлар мен қонақүйлер мемлекет қарамағында болған және жұртшылық жиналатын жерлерде ғана орналастырған, мәселен, спорттық жарыстар өтетін жерлерде, курорттарда немесе мінажат ету орындарында ұйымдастырылған. Қонақүйлерде тек қана шетелдіктер орналасқан. Афина, әсіресе, Спарта тұрғындары шетелдерге аса бара қоймаған, себебі, ол үшін шетелдік паспорт қажет болған.

Ежелгі Грекияда курорт шаруашылығы мен емдік туризм қалыптасқан. Емдеу құдайы Асклепий ғибадатханалары атам заманда тұрғызылып, классикалық дәуірде (б.з.д. V-IV ғ.) олардың саны 60 шамасына жеткен. Олар қалалардан алшақ, биік және климаты жайлы да шипалы жерлерде орналасқан. Бұл ғибадатханалардың абыздары медицинамен шұғылданатын адамдар болған.

Сауығуды іңкәр еткен мінажат етушілер құдайға баруға рұқсат алу үшін белгілі бір: ораза ұстау, дәрет алу, моншаға түсу және таза діни рәсімдерден өтуі керек болған. Осындай дайындықтан кейін азаптыларды ғибадатханаға түнеуге кіргізген – бұл рәсім инкубация деп аталған. Таң ата ауру көрген-естігенінің бәрін абыздарға әңгімелеген, осыған қарап «құдай жазған» ем берілген.

Емі жаққан кісілер ғибадатхана колонналарына есімдерін қашап, жазбалар, тіпті, толық әңгімелер қалдырған.

Гректер шипалы суларды (күкіртті, тұзды-күкіртті, кейде темірлі, бірақ оларда қышқыл су болмаған) гераклей сулары деп атаған. Оны өте жоғары бағалаған. Шипалы сулар көп болған, бірақ Фермопилы мен Элидадағы курорттар ең жақсы болып есептелген. Иониядағы тау көздеріндегі емделу мен демалыс үшін керемет жабдықталған шомылу орындары жөнінде Страбон мен Павсаний хабарлаған.

Діни мақсаттағы сапарлар Ежелгі Грекияда кең тараған құбылыс болған. Дельфыдағы Аполлон ғибадатханасына мінажат етушілер басқалардан жиі барған. Бұл жерде «құдай таңдаған» пифия (сәуегей) бал құрған. Алғашқыда оракул бір ғана пифиямен қанағаттанған, ал енді оның мәртебесі әлем көлемінде танылғанда, тағы да екі «штаттық» пифия мен бір көмекші пифия пайда болған. Сәуегей әйелдер абыздар корпорациясына кірмеген, тіпті, абыздар оларды «хайуанға ұқсас болса, ғанибет» деп, ең сауатсыз, надан әйелдердің қатарынан таңдаған. «Жын соққан» күйінде пифияның жанында тұрып екі абыз оның түсініксіз, кикілжің сөздерін талқылап, кейде өлең ретінде немесе жазбаша түрде түсіндірген. Жаңылыс болмау үшін бал ашу түсіндірмесінің көшірмесі ғибадатхана архивінде сақталған. Егер сұрақтың

мағынасы абыздарға белгілі болса, жауабы анық және екі мағына болмаған. Ал енді болашақта не болатынын сұраса немесе олардың құзыретінен асып тұрса, жауабы да екі ұшты болып кеткен.

Спорттық туризм Ежелгі Грекияда дамыған деп айтуға болады. Олимпиада ойындары төрт жылда бір рет жазғы Күн тоқырауынан кейінгі бірінші Ай туғанда басталған.

Олимпиада ойындарының басталуы жөнінде арнайы елшілер – феорлар хабарлаған. Феорлар бүкіл, оның ішінде ең алыс жерлерге – Солтүстік Африка мен Қара және Азов теңіздерінің жағалауларында орналасқан грек полистарына жіберілген. Феорлар Ойындар өтетін мезгілге қасиетті татулықтың орнатылуын жариялаған:

ойындар өтетін қасиетті бір айлық мезгілінде барлық алауыздық әрекеттер бүкіл грек полистарында тоқтатылуы керек;

Олимпия – Ойындар өтетін жер – мерекеге қатысатын барлық елдер үшін қасиетті, қол сұқпайтын жер;

грек жеріне кіргенде кез келген шетелдік әскерлер қаруын тапсыруы қажет;

бітім бұзған әскер айыпталады;

Олимпия мерекесіне бара жатқан саяхатшыға зорлық-зомбылық жасаған кез келген адамға лағынет жаудырылады және айып салынады [130].

Олимпиадаға аттанғандардың бәрі Зевстің қонақтары болып есептелген. Арасында жоғары мәртебелі қонақтар да болған. Әдетте, осыларды қабылдаушылар қарсы алып, орналастырған және тамақтандырған.

Туристер көп келген. Стадионға 40 мыңдай көрермен сыйған және өңкей ер адамдар болған. Күйеуге шыққан әйелдерге өлім жазасы қатерімен жарыстарды көруге рұқсат бермеген. Бірақ Ойындарға өте жиі толық отбасымен келген.

Ойын-сауық бизнесі өте жақсы дамыған. Олимпиада мезгілінде әрқашан үлкен жәрмеңке ұйымдастырылған. Ол үшін сауда қатарлары салынған. Туристер көне ғибадатханаларды тамашалаған, ақша төлеп, түрлі аңыздарды гидтерден тыңдай алған. Өткен-келген жұрт Жаңғырық залына баруды жақсы көрген: оның қабырғалары айтқан сөзді жеті дүркін қайталаған. Тасаттықтың алдында құдайы құрбан жасауды, абыздардың өтуін көру үшін, топыр-топыр ел жиналған (қазіргі құрмет қарауылын көруге жиналатын жұрт сияқты).

Олимпиадада өз көзімен «жұлдыздарды», олардың арасында атағы шыққан әскери қолбасшыларды, мысалы, грек-парсы соғыстарының қаһарманы Фемистоклды, уағызымен немесе ерсі жүріс-тұрысымен көзге түсіп айналасына ел жиналатын философтарды – Анаксагор, Сократ, Диогенді көрген. Олардың арасында, тіпті, Ойын жеңімпаздары, мысалы, Пифагор мен Платон болған деседі. Мұнда белгілі ақындар өлең оқыған, шешендер сөз сайысына түскен. Өзінің «Тарих» кітабының тарауларын Геродот оқып жариялаған. Суретшілер ашық вернисаждарды ұйымдастырған.

Барлық шетелдіктер арнайы салық төлеуге міндетті болған. Әрбір мінажат жасайтын турист құдайы берген немесе тасаттық жасаған.

Олимпиада бес күнге созылған. Жарыстардың өзі екінші, үшінші, төртінші күндері өткен. Олимпиялық ойындардан басқа да жалпы грек ойындары болған. Истм ойындары екі жылда бір рет Коринф мойнағында өткізілген; Арголиданың Немей алабында, Зевс ғибадатханасының жанында Немей ойындары да екі жылда бір рет өткізілген; Олимпиада ойындары сияқты, төрт жылда бір рет пифиялық ойындар Кристе (Фокида) өткізілген [130].

Туризм индустриясы, осы ұғымның кең мағынасында, Ежелгі Рим дәуірінен басталды деп айтуға болады.

Рим жолдары өте жақсы күйде күтілген, бұл саяхат жасау алғышарттарының бірі болып табылады. Әрине, римдықтар жол жүйесін әскери қажеттілігіне орай дамытқан. Әскери жасақтары орталықтан империя шекараларына өте жылдам жете алған. Бірақ бұл жолдардың маңызы әскери мақсатымен шектелмеген: олар Римдік қана емес, бүкіл Еуропа өркениетінің дамуында өте жоғары орнын тапқан. Римнен Капуяға апаратын Аппий жолын Әлемнің ғажайыптарына жатқызған тарихшы Прокопиймен толығымен келісуге болады.

Рим жолдары инженерлік өнердің барлық қағидаларына сәйкес салынған. Жолдар құрылысы б.з.д. 312 жылы Костантин императорының дәуірінде басталды. Күні бұрын жолдың жоспары әзірленген, одан кейін жылға қазылып тасқа толтырылған. Жолдың өзінде су тұрып қалмау үшін жолдың жанында арнайы су ағатын арықтар тартылған. Құрылысшылардың шеберлігі соншалық – Рим жолдары барлық Еуропа елдерінде дерлік қазіргі автомобиль және темір жолдардың негізі іспетті. Римдіктер елді мекендер арасына ең қысқа және ыңғайлы жол іздестірген. Жол салынған кезде барлық кез келген кедергілер жойылған. Римнің жол құрылысшыларының шеберлігінің мысалы ретінде Путеола мен Неаполь арасындағы тауды жарып жүргізілген туннелді (Позилиппо үңгірі) келтіруге болады. Әдетте, Рим жолдары түзу келген.

Қазіргі еуропалық темір жол табаны – 143 см. Рим арбаларының дөңгелектерінің арасы дәл осындай болған. Осы стандарт бойынша, Ежелгі Рим жолдарында арнайы сораптар төселген. Барлық елді мекендерде жолдың жанында тротуарлар жасалған.

Су кедергілерден өту үшін көпірлер мен виадуктер салынған. Кейбір осындай құрылыстар қазірге дейін сақталған әрі осы күнге дейін пайдалануда.Оның мысалы ретінде Испаниядағы Алькантара өзеніндегі көпірді айтуға болады.

Жолдарда миля санын көрсететін бағаналар, олардың жанында демалу үшін орындықтар орнатылды. Рим милясының ұзындығы мың қос қадамға тең, осыдан миля атауы да пайда болды (миля латын тілінде «мың» деген сөз, бір миля 1480 м тең). Барлық Рим жолдарының жалпы ұзындығы 100000 км шамасында. Римнен шығатын барлық жолдардың орталығы мен бас бағдары ретінде Октавиан Август билігі кезінде милялық алтын тас қойылған. Бұл тас алтын жалатылған қола конусы түрінде жасалған.

Түнеуге болатын станциялар белгіленген арнайы карталар шығарылған. Карталарда станциялар арасының қашықтығы көрсетілген, сөйтіп, жол уақытын есептеген.

Даңғыл жолдарда пошталық станциялар бір-бірінен 6-дан 15 миляға шейін қашықтықта орналасқан. Олар мемлекеттік пошта қызметінің құрамына кірді. 15 миля сайын орналасқан мемлекеттік қонақүйлер (пансиондар) жүйесі де болған. Кейбіреулері ондаған қонақтарды орналастырған, бірақ олар өте жайлы болмаған. Әрбір станцияда жолаушылар тамақтанатын таверна қойылған. Әрбір тавернаның маңдайшасына бүркіттің, әтештің, тырнаның, басқа жануарлардың, кейде заттар мен бұйымдардың суреті (мүсіні) салынған. Мысалы, Лиондағы бір қонақүйінің «Мұнда Меркурий табысқа, Аполлон денсаулыққа, Септимен – жақсы дастарқан мен қонақжайлыққа уәде береді. Мұнда кірген адам рақаттанады. Жолаушы! Жатайын деген орныңды дұрыстап қарап ал», – деген жарнама тақтасы болған [130].

Жол бойында жиі-жиі (кейде 5 км сайын) қонақжайлардың жақсы ұйымдастырылған жүйесі де саяхат жасауға септігін тигізген. Бұл жайлар шеберлікпен салынған және өз заманы үшін өте жайлы болған. Марко Поло, мысалы, «корольды да қарсы алсаң ұятқа қалмайсың», – депті. Үкіметтік шенеуніктер мен шабармандар әрбіреуінде демала беріп жалығып қалмауы үшін әдетте, бұлар бір-бірінен 25 миля қашықтықта орналасқан. Онда тек арнайы үкіметтік құжатты көрсетіп жайғасатын. Осындай құжаттар иелерінің ерекше мәртебесін растайтындықтан оларды жиі ұрлаған немесе жалған құжаттарды жасаған.

Кейбір бай жер иелері де өз жерлерінің шекараларында меншікті қонақжайларды салған. Әдетте оларды құлдары басқарған. Қалаларға жақын орналасқан қонақжайлар мен таверналарды қаржыларын «мейрамхана бизнесіне» жұмсаймын деген азаттық алған бұрынғы құлдар немесе «зейнетке» шыққан гладиаторлар ұстаған.

Тарихтағы алғашқы «іс адамының ланчін» ұйымдастыру ойы бірінші болып римдік трактир иесі Секвий Локатқа келген. Ол б.з.д. 40-жылы галералық айлақта істейтін және үйіне барып түскі ас ішуге қолы тимейтін маклерлердің тұрмысын әлдеқайда жеңілдеткен.

Ежелгі римдық қонақжайлар иелерін өз дәуірінің «конрад хилтондары» деп атасақ қате болар. Көптеген азаматтық құқықтарға, мысалы, әскери қызмет етуге, біреумен соттасуға, ант беруге және қамқоршы құқығына олардың қолы жетпеген. Осындай іс-әрекетпен айналысқан адамдардың беделі төмен болған, олардың ар-намысы басқалардға күдік туғызған.

Бірақ Рим аспаздары өздерін ел дегдарлары деп есептеген, бір-біріне мәртебелі атақтарды аямаған. Адриан императорының билігі дәуірінде (117-138 жылдары) Рим шеф-аспаздары Палатин төбесінде Аспаздық өнер академиясын ашты.

Қарапайым таверналар жаман іс қордасы атағына ие болған, ондай жерге қарапайым жұрттан басқа тек әбден азып кеткен ақсүйектер барған. Ал ел шонжарлары қоғамдық моншаларда ләззаттануды қалаған. Калигула билік

алған кезге таман (37 ж.) мұндай моншалар күні-түні жұмыс істеген. Ерлер мен әйелдер бірге бумен шабынған, шарап дегеніңіз көл-дария болып аққан. Моншаларда салтанатты ас бөлмелері болған. Мұндағы отырыстар, сырлас болсын, көпшілік жиналған той болсын, соншама дүркілдетіп өткізілгендіктен, үкімет римдықтардың ас пен ішімдіктерге жұмсайтын шығындарын шектейтін заң қабылдауға мәжбүр болған.

Тасымалдау қызметін (оның ішінде туристік тасымалдау) жеке тұлғалармен бірге императордың қарамағы мен қадағалауындағы мемлекеттік пошта (cursus publicus) атқарған. Бұл істі император кеңсесінің арнайы бөлімі – Мемлекеттік саяхаттар бюросы (Officium de facere evectionem) басқарған [103]. Римдіктердің осындай туристік белсенділігіне орай кейбір авторлар оларды Еуропадағы демалыс қозғалысының бастаушылары деп мойындайды.

Жоспарланған жол туралы ақпарат беру үшін, Римде саяхатшыларға саяхаттың толық жоспары мен кездесетін жерлер атауларының тізімі көрсетілген «жол бұйрықтары» (itineraria scripta) ұсынылған. Осындай «бұйрық» баспана мен тамақтандыруға рұқсат берген. Сонымен бірге, саяхатшыларға қазіргі жол карталарының ежелгі үлгісі – «суреттелген карталар» (itineraria picta) берілген [70, 103].

Карталарға ол кезде с順шалық көз үйренген – оларды естелік суреттер ретінде әртүрлі бұйымдарда, мысалы, кубоктарда салған. Осындай кубоктың біреуінде, мысалы, барлық қонақжайлар мен арақашықтықтары белгіленген Кадикстен Римге дейінгі маршрут суреттелген. Кейде географиялық карталар сарайлардың қабырғаларында әшекейленген.

Ежелгі Римде жолнамалар да шығарылған; оларда жолдағы көрікті жерлер, қонақүйлердің орналасуы мен бағалар белгіленген. Бордодан Иерусалимге мінажатқа аттанғандарға арналған осындай жолнама (IV ғасыр) белгілі. Б.з.д. I ғасырда пайда болған туристік бюро барлық қажет еткендерге жолнамалар мен анықтамаларды ұсынған.

Шипалы жерлерге бару туристік саяхаттардың ерекше бір түрі болған. Ең алдында бай гректер мен римдықтар қалаларға жақын орналасқан кенттерге барған, кейін мұндай сапарлардың географиясы кеңейген. Минералды көздер мен ғибадатханалардың жанында қазіргі санаторияларға ұқсас объектілері салынған, ал шипалы аймақтардың жоғары сапалы қызметімен және ойын сауықтарымен атағы шыққан.

Римдықтар шипалы минералды суларды гректерден де жоғары бағалаған. Б.з.д. бірінші ғасырдың өзінде (республика дәуірінің аяқталуы кезінде) ең бағалы курорт ретінде Байя көздері белгілі болған. Плинийдің мәліметі бойынша, бұл судың құрамына күкірт, натрий, селитра және басқалар кірген. Римдықтар үңгірлердің ішінде жасалған табиғи булы күкірт моншаларын да жақсы көрген. Осы курорттың айналасы да өте көркем келген. Мұнда Рим байлары өздерінің жазғы резиденцияларын ұйымдастырған.

Аталған заманда ең атақты шипалы жерлер қатарына кейбір авторлар ежелгі римдық «Остендесі» деп атайтын Кампаниядағы (қазіргі Италия) Байяда (Baiae) орналасқан минералды көздерді жатқызуға болады. Римнің басқа

провинцияларындағы Aguae Calidae (қазіргі Виши, Франция), Aguae Helveticae (қазіргі Баден, Швейцария), Aguae Herculi (бүгінгі Байе Херкулан, Румыния), Aguae Solis (қазіргі Бат, Ұлыбритания) сияқты емдеу орындарын атап айту керек.

Кампанияның Байядан басқа да жерлерінде, сонымен қатар, Этрурияда, Римның айналасындағы Габияда, т.б. курорттар болған. Империя тұрғындары демалу мен емделу мақсатында шетелдерге де барған. Шетелдік туризм объектілерінің қатарында қазір де атақты Рейн курорттары – Висбаден мен Баден-Баден, Африканың Атлас таулары етегіндегі курорттар бар.

Шипалы жерлермен бірге римдіктер таулы және теңіз жағалау өңірлерде жазғы демалысын өткізген; ең жиі баратын жерлері – Неаполь шығанағының айналасы болған. Ежелгі Римде туристік сапарлардың екі маусымдық сипаты байқала бастаған, және жазда демалатын жұрттың саны қысқы мезгілден әлдеқайда асып түскен.

Ежелгі Римде білім алу туризмі де ойдағыдау дамыған деп айтуға болады. Балаларын білім алу үшін Афины немесе Родос аралына жіберу жоғары үлгі деп бағаланған. Яғни римдіктер грек білім беру жүйесін озық деп есептеген.

Рим империясы ыдырағаннан кейін қонақжайлық қызмет көрсету саласында саяхатшылардың орнына басқа келушілерге назар аударыла бастады. Мысалы, Англияда қонақжайлық орындары саяхатшылардан бұрын ішкіш адамдарға көңіл бөлетін болды. Бұл заманда саяхат жасайтындар не король айналасы, не шіркеумен байланыстылар болған. Қонақжайға соғып кеткеннің өзінде бір нәрсе ішу үшін ғана кірген. Жол бойындағы трактирлер ұсынатын нашар күйдегі баспаналар оларды қызықтыра алмаған. Саяхатшылардың көбі ол кезде миссионерлер, уағыздаушылар, қасиетті жерлерге аттанған мінажат етуші пилигримдер тұғын. Сондықтан жұрт түнеуге тоқтайтын қонақжайлар ғибадатханалар мен монастырлерге жақын салына бастаған. Тұрмысы өте қарапайым күйде қалған; қонақжайларды ғибадатхана басшылары мен дін қызметшілеріне құл болған адамдар басқарған.

Көне дәуірі мен Орта ғасырлардағы адамзаттың ұлы жетістігі Ұлы Жібек Жолы болып табылады. Жібек Жолы (Ұлы Жібек Жолы) — Қытайдың Ши-ан деген жерінен басталып, Шыңжаң, Орталық Азия арқылы Таяу Шығысқа баратын керуендік жол бағыты. Атауды алманиялық ғалымдар Ф. фон Рихтгофен бен А. Херман (XIX ғ.) ұсынған.

Жол бұдан 3-4 мың жыл бұрын болған. Ол Қытайдың Хан патшалығы кезінде ғана өркендей бастаған, себебі Хан патшалығының Хан Уди патшасы Жаң Чянды батыс өңірге екі рет жіберіп, Орталық Азиядағы елдермен достасуға пейілді болған. Жаң Чян қазіргі Ферғана, Самарқан және Балқаш көлі сияқты жерлерге барған. Жаң Чянның сапары бұл жолды шығыс пен батыс үкіметтері арасындағы байланыс жолына айналдырған. Осыған орай саудагерлер де «Жібек жолында» ат ізін суытпаған. Жаң Чян батыс өңірге және Орта Азияға Қытайдың жібек өнімдерін ала барған; ал елге қайтарында барған жерлерінің тауарлары және батыс өңірінің музыкасы сияқты алуан түрлі мәдениетті алып қайтқан. Жаң Чянның сапары қытайлықтардың батыс өңірі

мен Орта Азияны түсінуіне мүмкіндік берді. Ал Жаң Чян барған жерлердегі халық та Қытайдың өнімдері мен мәдениетіне қатысты түсінігін анағұрлым тереңдетті. Осылайша, бұл жол гүлденіп, көркейе бастады. Шығыс пен батыстың аралығындағы дәнекерге айналып, өркениеттерді өзара тоғыстырды. Осы жолды қорғау және дамыту мақсатында, Қытайдың әр дәуірдегі патшалары жол бойына қарауыл қойып, әскер ұстады.
Жібек жолы іс жүзінде өзгермейтін тұрақты жол емес, қайта ол уақыт ізімен өзгеріп отырған, бірақ тарихтағы дәстүрлі сорабы өзгермеген: жол шығыста Чаң-аннан басталып, Тарым ойпатынан өтіп, Памир үстіртінен асып, Орталық Азияны, Батыс Азияны кесіп өтіп, Жерорта теңізінің шығыс жағалауына дейін барады, жалпы ұзындығы 7000 км асады. Ерте кездегі Жібек жолы Шыңжәңнан 3 айрыққа бөлінген, Тянь-Шань тауының солтүстігіндегі ежелден бар дала жолы: Жемсары, Іле өңірін басып, Балқаш өңіріне барады, онан ары батыс солтүстікке жүргенде Қара теңіздің шығыс жағалауына жетеді. Оңтүстік айрығы Кроражнан (Лулан) шығып, Күнлүн тауының батысын қапталдап Жаркентке барады, онан ары жүргенде адырлардан асып, Орта Азияға, Батыс Азияға, Еуропаға дейін созылады. Кроранның батыс солтүстігіндегі Көншы өзенінің батысын бойлап, Иіңпанды, Күшарды басып, Қашғар Жаңашар ауданына баратын жол солтүстік айрығы саналады, бұл жол да адырлардан асып, Еуропаға дейін барады. Кейін тағы 3 айрық жол пайда болды: Юймынның батыс солтүстігінен басталып, қазіргі Құмыл, Тұрпан, Жемсары сияқты жерлерді басып, бұрынғы дала жолына тұтасатын жол, бұл кейінірек «Солтүстік жол» деп аталды. Тұрпаннан шығып, Тянь-Шань тауының оңтүстігін қапталдап, батысқа беттеп, Қарашәр, Күшәрді басып, бұрынғы солтүстік жол айрығымен тұтасатын жол кейінгі кездері «Орта жол» деп аталды. «Оңтүстік жол» бұрынғысымен ұқсас. VII ғасырдан кейін, теңіз қатынас-тасымалы дамығандықтан, Жібек жолы біртіндеп екінші орынға түсті, бірақ XIII ғ. дейін шығыс пен батыс қатынасының маңызды жолы болып келді. XIX ғасырдың басында, Испанияның елшісі Қытайдың 800 түйелік сауда керуенін өз көзімен көріп тұрып, Самарқанның жағдайы туралы: «Төңіректің төрт бұрышынан келген тауарлар Самарқанға жиналыпты… Қытайдың торғын-торқалары көз жауын алады. Қытайдың торғын-торқасы осы жолмен Орта Азияға, Батыс Азияға және Еуропаға толассыз тасылды, сонымен тұт ағашын өсіру өнері де батысқа тарала бастады», – деп жазады. Сондай-ақ Шыңжаңнан шығатын қас тасы, былғары, жүн өнімдері сияқты тауарлар мен орта жазықтың темір ыдыстары, фарфор ыдыстары, сырлы ыдыстары, шабдалы, өрік, рауғаш, дәршен сияқты өнімдері батыс базарына қатар кірді. Орта Азияның, Батыс Азияның және Еуропаның әйнек, жақұт, экономикалық дақылдары және хош иісті заттары, дәрі материалдары, сондай-ақ Отқа табыну діні, Будда діні, ислам діні сияқты діндер де Қытайға кірді және таралды. Шығыс пен батыс арасындағы экономикалық, мәдени ауыс-күйіс адамзаттың материалдық мәдениетін байытты. Шығыс пен батыстағы халықтар Жібек жолы арқылы сыртқы мәдениетті қабылдап, бұрынғыдан да салауатты мәдениет жарата алды. Жібек

жолы тек сауда жолы болып қана қалмастан, дүниежүзі өркениетін тоғыстырып, адамзат қоғамының дамуына өшпес үлес қосты.

***Қайталау сұрақтары***

1. *Алғашқы туристік саяхаттардың мақсаттары қандай болған?*
2. *Жол тораптарының туристік саяхаттарды дамытудағы маңызы қандай?*
3. *Ежелгі Грекиядағы туризм дамуының ерекшеліктері қандай?*
4. *Геродот пен Страбон туралы айтып беріңіз.*
5. *Ежелгі Римде туризмнің қандай түрлері дамыған?*
6. *Секвий Локат деген кім және аты қандай себептен белгілі болған?*
7. *Ежелгі Римде қандай тасымалдау қызметтері атқарылған және оларды кім атқарған?*
8. *Ең алғашқы қандай жолнамаларды білесіздер?*
9. *Ежелгі Римдегі ең атақты шипалы шомылу орындарын атап шығыңыз.*
10. *Ежелгі Римдегі білім алу туризмінің дамуы туралы айтып беріңіз.*
11. *Ұлы Жібек Жолы жайлы әңгімелеп беріңіз.*

## 1.3 Орта ғасырлар мен Қайта өркендеу дәуіріндегі туризм

Орта ғасырларда туристік қозғалыс қарқындылығы әлдеқайда төмендеді. Ішкі жағдайы тұрақсыз көптеген жаңа мемлекеттердің пайда болуы бұрын жұрт білмеген саяси толқуларды тудырды. Еуропа аймақтарының феодал жүйесіне байланысты саябыр тартуы, бұрынғы жолдар торабы мен түнеу орындарының ыдырауы, саяхатшылардың қауіпсіздік деңгейінің шұғыл төмендеуі, көптеген қалалардың қирауы туристік саяхаттардың тоқырауына әкеліп соқты. Тек III, IV ғасырларда зиярат ету қайта қалпына келе бастап, діни туризмнің жақсы дамыған түріне айналды. Осындай мінажат етуге Европаның көптеген елдерінің тұрғындары қатысқан, олар қасиетті жерлерге, ең алдымен, Италиядағы Римге, Испаниядағы Сантьяго де Компостелаға (мұнда Қасиетті Иаков жерленген) және Палестинаға аттанған. Саяхаттың бұл түрі – ешқашан маңызын жоғалтпаған және сол дәуірдегі туристік қозғалыс құрылымында өте маңызды рөл ойнаған құлшылық етуді дүниені тану шабытымен үйлестіретін» туризм формасы.

Пилигримдердің Палестинаға сапар шегуі III-IV ғасырларда басталды. Константин императоры дәуірінде Иерусалимде, оның ішінде Иса моласының үстінде ғибратханалар салынды. Константиннің анасы Елена картайған кезінде Иерусалимге сапар жасаған. Мұнда Елена Голгофа маңайындағы үңгірлердің

біреуінде Құдай Крестінің Ағашын ашуға септігін тигізген. Осы дәуірде аты белгілі болған мінажат етушілердің қатарында қасиетті Порфирийді, Кремонаның Евсевийін, Вифлеемде Қасиетті Кітапты зерттеген әулие Иеронимды; Иса пайғамбар (Иисус Христос) туған жерінің маңайында жерленген Гракх әулетінің өкілдері қасиетті Павел мен оның қызы Евстахияны атауға болады [130].

IV ғасырда Қасиетті Жерге зиярат ету бұқаралық құбылыс болып кеткендігі соншалық, тіпті, мінажат етушілердің арасында бұл жай ғана «шетелдік туризм» болып кеткен. Осыған қарап, шіркеу жағынан бұндай саяхаттарға шектеу қойылды. Бұл жөнінде қасиетті Григорий Нисскийдің Иерусалимде Құдайға табыну сапарындағы шектен шығулар мен қауіптер жөнінде: «Христос пен Әулие тұратын бір жері екіншісінен артық емес. Қасиетті Жерді мекендеген Иерусалим тұрғындарын күнәсіз деп айтуға болмайды», – деген сөздері белгілі. Уағыз жасағанда шіркеудің беделді қайраткерлерінің, мысалы, қасиетті Августиннің: «Жаратушы шығысқа барып ақиқат ізде, батысқа барсаң жарылқанасың, деп айтпа. Алыс сапарға аттанба, Құдайға табынған жеріңде бола бер, өйткені, Жаратқанға теңіз арқылы емес, сүйсіну арқылы жетеді», – деген сөздері келтірілген.

Бұл жөнінде қасиетті Иероним де: «Көктің аспан патшалығы Иерусалимге де, Британияға да ашық», – деп айтқан. Ғұламалардың осындай ойлары қасиеттілер Иерусалимді көрмей-ақ мәңгі өмір жазылды деген пайымдау. Бірақ айтылған сөздің бәрі мақсатына жеткен жоқ.

Христиан дінінің Европада таралуымен бірге, Палестинаға баруды іңкәр еткендердің саны да өсе берді. V ғасырдың өзінде Галлиядан аттанған мінажат етушілер үшін Рона мен Дордона жағаларынан Иордан жағалауына жетуге көмек беретін маршрут (жолнама) құрастырылды. VI ғасырда қасиетті Антонин мен оған табынатын тобыр жұрт Пьяченцадан Қасиетті Жерге аттанды. Осы сапардан кейін Қасиетті Жерді суреттейтін және Антониннің атын жамылған тағы бір жолнама шықты.

VII ғасырда халиф Омар билігіндегі мұсылмандар Иерусалимді жаулап алды. Бірақ мінажат ету осымен тоқтаған жоқ. VIII ғасырдың басында Галлия епископы әулие Аркульф Иерусалимге барған саяхаты жөнінде естелігін қалдырған. Саксон епископы Гилебальд жасаған сапары туралы онымен бірге болған туысқаны – монах-әйел жазған.

Пилигримдер Палестинаға тек дұға жасау үшін емес, олар шірімей сақталған өлік қалдықтары мен басқа жәдігерлерді алуға құштар болып келген. Иерусалимде Жыл сайын 15 қыркүйекте Мария Тәңірана шіркеуінің жанында жәрмеңке ұйымдастырылған. Мінажат етушілер жүрген жердегі сауданың табыстылығы соншалық – қалада Генуя, Венеция, Пиза, Марсель саудагерлерінің кеңселері мен қоныстануға арналған нағыз көшелері болған.

Қажылық үшін ең қолайлы жағдай аббасидтер әулетінің өкілі Һарун әл-Рашид (786-809 ж.) халифтың билігі кезінде туған. Халиф пен Ұлы Карл император (768-814) арасында өте жақсы қарым-қатынастар орнаған. Осындай біріне бірі құрметтейтін қатынастардың куәсі – Һарун әл-Рашидтің Карлға

жіберген сыйлығы: халиф Ұлы Карлға Жаратушының Моласы (христиандар Иса пайғамбар жерленген моланы және оның табылған жерінде салынған шіркеуді осылай деп атайды) мен қасиетті қаланың кілттерін сыйлапты. Осы заманда Ұлы Карл жарлығымен Иерусалимде мінажат етушілер үшін арнайы жиһангездер үйі салынған. Француз монахы Бернардың айтуынша, IX ғасырда бұл «он екі үй немесе қонақүйлерден тұрған, мұнда, Ұлы Карл Еуропада ашқан жиһанкездер үйлеріндегідей, мінажат жасаушылар үшін кітапхана ашылған. Осы игілікті мекеме меншігінде бақша жүзімдіктері және Иосафат алабында орналасқан бақ болған [130].

Ұлы Карл пилигримдер демалатын үйлерді VIII ғасырда Еуропада салғызды. Кейбір серілер (рыцарь) ордендердің басты іс-әрекеті пилигримдерді қорғап, оларға қасиетті жерлерге барған жолдарында қонақжайлық көрсету болған. Осындай үйлердің бірі, Ронсеваль шатқалындағы аббаттықта кезбелерді қақпа алдында құшақпен қарсы алып, оларға нан, аббаттық қоймаларынан жеміс пен жаңғақ тегін берілген, шаштараз бен етікші қызметі көрсетілген, үміт үзген зағиптер үшін екі хоспис, тіпті, дұға жасайтын, жерлеу орнын ұйымдастырған.

Монастырь тамағы қарапайым болса да, басқа жерлерден сапасы жоғары болған. Монахтар өз жерінде көкөніс өсірген, мал баққан. Аспаздықтары меншікті үйлерге қарағанда, таза әрі ретке келтіріп ұсталынған. Оның үстіне монахтар астықты қатты қадағалаған, сондықтан бағалары да төмен келген. Нәтижесінде пилигримдер мен жай кезбелер өз үйлерінде тұрған ақсүйектерден де монастырда жақсы өмір сүрген.

Қала гильдиялары да пилигримдер үшін ашық болған. Тұрмыс жағдайы монастырдан кем түспеген. Мысалы, атақты Ганза одағының Лондондағы «Безмен» резиденциясындағы ережелер монастырдағыдай қатал болған.

IX ғасырдан бастап, мінажат ету қоғамдық жаза, күнәсін ақтау тәсілі ретінде қолданылатын болды. 868 жылы өзінің немере ағасы мен ағасын өлтірген бай және мәртебелі бретондық Фротмонд Қасиетті Жерге өз күнәсінен арылу үшін үш рет баруға «жазаланған». Папаның өзін Санта Мария Маджоре шіркеуінің алтарында тұтқындап, түрмеге отырғызған Рим префекті Цензий Жаратылушының Моласының алдында дұға жасап күнәсін ақтауға мәжбүр болған. Жылнамаларда мұндай оқиғалар көп кездеседі.

XI ғасырда католик шіркеуі жазалау ретіндегі опық жеуді мінажат етуге ауыстырды. Күнәлі адамдар Отанынан қуылып, Каин сияқты безіп, жиһан кезіп жүрулері керек болды. Бірақ опық жеудің осындай формасы Батыс Еуропа халықтарының белсенді және мазасыз мінезіне дөп келе қалды.

Мінажат ету сапарлары атам заманнан басталған және оны барлық діни конфессиялары қолдаған. Еуропада IV ғасырдың өзінде христиан дінін таратқан алғашқы миссионерлерінің қатарында Турдың Мартині болған. Өз уағыздау әрекетін солтүстік Галлиядан бастап, Британияға аттанады. Онда жасаған насихаты өте тиімді болған: көптеген шоқынған бриттердің өздері миссионер болып кеткен. Олар христиандықты Ирландия мен одан әрі Исландияға дейін таратқан.

Мінажат ету себептері әртүрлі болған. Кейде соғыста жеңіске жету үшін, кейде аурудан жазылып кету немесе қауіптен аман қалу үшін Жаратушыға алғыс айтылған. Кейде сапарға шығу себебі түс көру немесе ұйқы кезіндегі қиял көрінісі болған. Кейбір ата-аналар балаларын бесігінен бастап, дінмен айналасуға тәрбиелеген. Есейген кезінде олар зиярат етуге аттануға мәжбүр болған. Пилигримдерді барлық жерде қонақ қылып, қонған ақысы ретінде үй иелері үшін дұға жасауын сұраған. Жиһанкездердің крестен басқа қорғаушысы болмаған, оларды «Құдай өз балаларын сақтауды, оларға жол көрсетуді жазған» періштелер жетектеп жүр деп есептеген.

Зиярат етуден кейінгі игілік ретінде мінажат етушілерге көмек беру болып есептелген. Жиһангездерді күту үшін қонақүйлер – госпитальдер (hospes) ұйымдастырылған. Олар өзен жағаларында да, тау шыңдарында да, үлкен қалаларда да, құлазыған шөлде де орналасқан. XI ғасырда Ценис тауындағы Бургундиядан Италияға бара жатқан мінажат етушілерге баспана берген монастырдың ерекше аты шыққан. Венгрия, Кіші Азия мемлекеттері болсын, басқа христиандардың арасында пилигримдер ең мәртебелі тұлға ретінде қабылданған.

Діни саяхат жасаушылар үшін ерекше «сервис қызметін» серілердің Госпитальерлер (иоанниттер) ордені атқарған. Бұл орденнің тарихы Иерусалимдегі Тәңірана Мария монастырының жанындағы госпитальден (hospitale hierosolymitanum) басталған. Мұнда араб жорықтарынан әлдеқайда ерте заманның өзінде Қасиетті Жерге келген пилигримдерді қабылдап, емдеген. Осы мекемені Герард басқарғанынан бастап орден құрылады, оның жарғысын Римнің басты діни қызметшілері XII ғасырда бекітеді [130].

Алғашқыда бауырластықтың басты міндеті зағиптерге, мінажат етушілерге, саудагерлерге көмек беру, «кәпірлердің» шабуылдарынан қорғау болған. Осыған орай осы орден серілерінің әскери рухы өте биік болған. Жаратушының Моласының тура қарама-қарсысында орналасқан қонақ үйлердің пилигримдер арасында ерекше аты шыққан. Бірте-бірте госпитальерлер қонақ үйлер торын Қасиетті Жерден басқа да аймақтарда: бүкіл Таяу Шығыс мінажат орталықтарының қалалары мен кенттерінде салып таратқан. Госпитальерлер сапар шегушілерді «мырза», ал өздерін олардың «малайлары» деп айтқан. Саяхатшыларға олар кейде ақшалай жәрдем берген. Иерусалимде госпитальерлер күндік табысын қонақүйге әкеліп, толығымен пилигримдерге берген жағдайлар белгілі.

«Діни туризм» өте табысты іске айналған. Орден Шығыста, Еуропада: Францияда, Италияда, Англияда, Германияда, Кастилия мен Арагонда сыйлық ретінде алынған ауқымды жер иесі атанған. Орден уық шашқаны сондай, XII-XIII ғасырларда тіпті, Орден мемлекеті пайда болған. Бірақ ол 1291 жылы жойылды. Госпитальерлер Палестинадан кетіп, Кипрге баруына мәжбүр болды. Мұнда олар қайта күшке кіріп, Родос аралына ие болып, арал мемлекетін құрды; бұл мемлекет ұзақ уақыт Шығыста христиан дінінің тірегіне айналды. Алайда, түріктер оларды Родостан ығыстырып жіберді. Госпитальерлердің ең соңғы баспанасы – 1530 жылы император Карл V оларға сыйлаған Мальта

аралы болды, осыдан бастап Орден Мальта ордені болып кетті [130]. Мінажат етушілерді басқа да серілер ордендері, мысалы, Тамплиерлер ордені, қорғаған.

Діни орталықтарына аттанумен бірге саяси сипатындағы саяхаттар да, әсіресе, билік ұйымдастырған сапарлар орын алды. Ғылымның дамуы, осыған байланысты университеттердің ашылуы XIII ғасырдан бастап студенттердің елдерді кезу үдерісін туғызды – студенттердің көбі итальяндық университеттерге аттанған.

Орта ғасырлардың соңғы кезеңінен Жаңа дәуірге дейін туристік қозғалыс құрылымында дін орындары мен университеттік орталықтарға сапар жасау басым болған. Қайта өркендеу дәуірінде саудагерлер мен қолөнершілердің сапарларының саны көбейді. Осылардың аз ғана бөлігі туристік саяхаттарға жатты. Ал таза түрдегі туристік саяхаттар өте аз болды. Кейбір авторлар [93] таза туристік саяхатқа тек қана ақын Франческо Петрарканың 1336 жылы Прованс Альпілеріндегі Мон Венту (Mons Ventuosus, 1909 м) тауына жасаған жорығын теңейді. Сонымен қатар, бұлар Марко Поло саяхаттарының (1271-1295) туризм дамуындағы рөлін ерекше атайды.

Орта ғасырлардағы діни сана тұрпының жаңа гуманистік санаға – адам мен қоршаған ортаны тануына ауысуы – саяхат мәдениетінің де өзгерісіне әкелді. Күнделікті өмірді қызықты ету, ой өрісін кеңейту, жаңа өмірлік тәжірибе мен жаңа білім алу қажеттері өзгеріске ұшыраған эстетикалық құндылықтарымен бірге, саяхаттардың жаңа қырларын ашқызды. Саяхаттар, бұрынғыдай емес, енді дербес және өзіндік құны бар демалыс іс-әрекетіне айналды.

XVI ғасырдың соңына қарай саяхаттарды демалыс өткізу түрі ретінде ағылшын ақсүйектері игере бастады. Бай ағылшындар үшін Еуропаны аралап шығатын ойын-сауық пен білім беру бағытындағы саяхат – гранд-тур ұйымдастырылды. Бұл турдың ең қызықтыратын бөлігі, «уызы» – Италияда ұзақ уақыт өткізу болатын: көркем өнерінің үлгісі деп саналатын Италияда эстетикалық талғам мен білім қалыптасқан. Италия сапарының бағдарламасы кең ауқымды болған: саяхатшылар Рим, Флоренция, Милан, Верона, Туриннің қызықты жерлерін тамашалаған; Помпеи қабырғаларын көрген, Неаполь операсын сүйсіне тыңдаған, Венеция карнавалына қатысқан. Маршрут Италиямен бірге, бүкіл Еуропа үшін сән заңнамашысы болып есептелген Франция жерінен өткен.

Саяхаттар тарихының бұл кезеңі туралы 1976 жылы баспадан шыққан «Туризм: өткен шағы, бүгінгі таңы және болашағы» деген кітабында ағылшын авторлары А.Буркарт пен С.Медлик өте тиянақты жазған.

Гранд-тур, әрине, ағылшын жұртының көпшілігіне қол жетерлік болмаған. Континентке, әсірес ұзақ уақытқа сапар жасау қыруар ақшны қажет еткен. Саяхаттардың әлеуметтік базасы XVII ғасырдың екінші жартысынан кейін кеңейеді. Ал Гранд-турдың «алтын ғасыры» XVIII ғасырда, әсіресе, оның соңғы 30-жылдарында өткен. Шығармашыл зиялылардың дәрменділері континентке лап қойды. Дж.Локк, Ж.-Ж.Руссо адамның дұрыс тәрбиесі үшін

ұзақ саяхаттардың маңызды екенін дәлелдеген. Ағарту қайраткерлерінің өздері де жиі және көптеген саяхат жасаған.

Ағылшын ақсүйектерінің бос уақыт өткізудің жаңа формалары мәдени-танымдық саяхаттардың салтын байытып, оларға тұрақты және кері айналмайтын сипат берді.

Орта ғасырлардың ең белгілі саяхатшысы венециялық саудагер Марко Поло (1254-1324) болған. 1271 жылы әкесі, оның ағасымен бірге Шығысқа сапарға аттанады. Саяхаттары жөнінде Генуя республикасына қарсы әскери әрекеттеріне қатысқаны үшін түрмеге қамалған пизалық Рустичаноға әңгімеледі. Осының негізінде «Әлем ғажайыптары туралы кітап» жазылған. Осы «Кітап» XIV-XV ғасырлар картографтары үшін өте маңызды нұсқау болды. Үндістан бағытындағы португал экспедицияларының ұйымдастырушылары Марко Поло мәліметтері бойынша құрастырылған карталарды пайдаланған. Бұл «Кітап» көптеген теңізшілер мен жаңа ашушылардың, оның ішінде Христофор Колумбтың қолдан түсірмейтін кітабы болған. Марко Поло саудагер болғанын ұмытпайық: оның кітабын экономикалық географиядан алғашқы оқу құралы деп есептеуге де болады. Марко Поло қытай тілін білмегендігінен және де көрген-білгеннің бәрін өз шығармасына енгізуді қажет етпегендіктен қытай халқының кейбір салттары кітабына кірмегені кемшілік емес. Бірақ шайды тұтыну мен Қытай экспортының негізгі тауарларының бірі болып есептелетін шай саудасын жасау сияқты сұрақтары кітабында толық көрініс таппағандықтан кейбір авторлар Марко Поло Қытайда ешқашан болмаған, ал кітабы қиялдан туған жеміс деп санаған.

Дегенмен, осындай әдейі адастырушылық саудагерге не үшін қажет және оған әлі де келмес еді. Марко Полоның білімі тапшы болғаны белгілі, ал «Кітабында» келтірілген өте ауқымды нақты материалды жинап, оны өңдеу үшін қаншама жазбалы дереknамаларды ақтару керек! Мұндай әрекет венециялықтың білім деңгейінің төмендігіне, осындай мағлұматтарды іздестіру қиындығына, тіпті, қол тимеуіне (оның негізгі іс-әрекеті сауда болғандығын ұмытпайық) байланысты мүмкін болмаған.

Шығыстың ең атақты саяхатшыларының біріне Әбу Абдаллаһ Мұхаммед ибн Баттута (1303-1377) жатады. Жастық шағында жақсы білім алған, ол алғашқы саяхаттары кезінің өзінде қади міндеттерін орындаған жағдайлары жиі кездескен. Нағыз діншіл мұсылман болғандықтан, бірінші саяхатын Меккеге жасаған. Кейін ибн Баттута өз сапарларын мұсылмандардың қасиетті жерлеріне баруға арнаған. Құрлық пен теңіз бойымен 130000 шақырым шамасында жол жүрген ибн Баттута ортағасырлық саяхатшылардың алдыңғы қатарынан орын алады. Өз саяхаттары жөніндегі ибн Баттута әңгімелерін патшаға жақын әдебиетші ибн Джузайя жинақтап, «Рихле» атты кітап шығарды. Ибн Баттута дәл болмаса да, орта ғасыр картографиясының деңгейін көрсететін 70 карта құрастырған. Сапарға шыққан кезде алдына ғылыми мақсаттар қоймаған. Оның қызығушылық тудырғаны әлем елдеріндегі мұсылмандардың өмір салты болған.

Орта ғасырларда теңіз саяхаттары өте маңызды орын алған. Теңіз саяхаттарын ирланд монахтары жиі жасаған. Христиан діні құтқарылу жолы деп есептеп, олар миссионерлік іспен айналысқан. Тарихта орын алған саяхаттар жөнінде айтып кетейік.

900 жылы теңіздегі шторм Гренландияның ашылуына әкеліп соқты. Сұрапыл дауыл Норвегиядан Исландияға бара жатқан Гуннбьерн басқарған кемені бейтаныс жағалауларға ығыстырып тастаған. Ал Гренландияны зерттеп, оңтүстік және оңтүстік-батыс жағалауларында колониялардың қабырғасын көтерген адам соқыр тәуекелші Сарыбас Эрик болған. Сагаға сүйенсек, «ұрыс-талас кезінде бірнеше адам өлтіргені үшін» туған жерінен Исландияға жол тартуға мәжбүр болыпты [130]. Бірақ оны Исландияда жергілікті тинг (халық жиналысы) тағы да оны қылмыскер деп жариялағаннан кейін ұзақ теңіз сапарына аттану үшін кеме жабдықтауына тура келген. Кезекті «қашуға» аттанар алдында «Гуннбьерн көрген жерді іздеп тауып алғым келеді», – депті. Сарыбас Эрик осы жерді тауып алып, үш жыл бойы жағалауларын кезіп зерттеген.

Коныс аударушылардың көңілін аудару үшін тіпті, осы онша жайлы емес жерді Жасыл Жер (Гренландия) деп атаған.

1000 жылы Сарыбас Эриктің баласы Лейф Эйриксон Американы ашқан. Бұл жолы жаңа жерлерді ашу кездейсоқ оқиға болған жоқ. Командасы 35 кісіден тұратын («олардың арасында Тюркир деген бір оңтүстік адамы болған») ол кеме жабдықтап, сапарға шыққан. Олар Баффин Жерінде (оны Хеллуланд – «Тас тақталарының жері» деп атады), Лабрадор түбегінде (оған Маркланд – «Орманды жер» атауын берді) және соңында, Ньюфаундленд аралы немесе Жаңа Англия өңірінде (бұл жерге Винланд – «Жүзім жері» деген атақ берілді) тоқтап аялдаған. Мұнда Тюркир «жүзім сабақтары, жүзімі де көп жерде туғандықтан» өзі жақсы білетін жүзім сабағын тауып алыпты [130].

Ұзақ саяхаттар мен жаңа жер ашуға қарқынды кіріскен Еуропа елдерінің арасында бірінші Португалия болған. Испаниядан бөлініп, қазірге дейін сақталып қалған шекаралары анықталғаннан кейін сәл артта қалған экономикасын көтеріп, озық елдер қатарына кіру үшін Португалия үкіметі теңіз саяхаттарын қолдаған. Бұл тұрғыда ханзада Генрих Теңізшінің (1394-1460) (өзі бір де бір теңіз саяхатына бармаса да) үлесі өте зор. Оның қолдауымен үлкен флот салынды, 1438 жылы Сагриште теңізшілер мектебі ашылды, навигаторларды мұхитта жұлдыздар арқылы бағдарлануды үйрететін обсерватория құрылды. Осы қалада, сонымен бірге, өзінің карталар мен кітаптардың коллекциясын орналастырды.

Жас ханзада 1415 жылғы әскери операциясында маңызды рөл атқарып, арабтардан (маврлардан) Сеутаны тартып алуға үлкен үлес қосты. Осыдан кейін португалдықтар Мароккоға енуге мүмкіншілік алды. Генрих Теңізші Ішкі Африка жөнінде мәліметтерді жинаған. Басқалардан бұрын, оны Гвиней жағалауынан алтынды Жерорта теңізіндегі араб қалаларына жеткізу керуен жолы қызықтырған. Алтын Лиссабонға жеткізілу үшін Гвиней жағалауына жету керек болған.

XV ғасырдың басында Гибралтар бұғазынан өтіп, Африканың батыс жағалауын зерттеді, ғасырдың ортасына қарай Жасыл мүйіс аралдарын ашты. Осыдан бастап, Португалия әлем нарығына негр құлдарды жеткізе бастады. Сөйтіп Африканың отарлануына жол ашылды. Құлдарды сату әрекетінен оның пұтқа табынушыларды шоқындыру, христиандарға айналдыру мүмкіндігіне жол ашатынын Генрих қана емес, Рим папасы Евгений IV де сезді. Папа Генрихтің өтінішіне орай, португалдарға осыдан бастап жаңадан ашылған жерлерден жабайы халықтарды сыйлау жүзеге асты. Кейін рим-католик шіркеу басшылары бұл ұсынысты қолдаған.

Генрих Теңізші, оны жақтырмайтындар айтқандай, «өзі ешқашан теңізде жүзбеген» болса да, құрлықтарды зерттеуде көптеген саяхатшылардан артық қызмет етті. Ол Үндістанға теңіз жолын ашуды көздеген жүйелі зерттеу экспедициялардың демеушісі болған. Генрих Теңізші өмірден озар жылы (1460) осы саяхатты іске асырған Васко да Гама туды.

Португалиядан Үндістанға жаңа маршрутпен алғашқы рет аттанған экспедиция Лиссабон айлағынан 1497 жылдың жазында шыққан. 4 кемеден тұратын шағын флотилияны Васко да Гама басқарған. Португалдық кемелер Мадагаскардан өткен кезде, Африка мен Үндістан арасындағы думанды сауда жолына түсіп кетті. Мұнда кең тараған сауда тілі араб тілі болған. Мелиндиде португалдықтар мавр-штурманды жалдады да, ол флотилияларды Үндістанға дейін жеткізді. 1498 жыл көктемінде теңізшілер Үндістанның батыс жағалауына жетіп, еуропалықтар ол кезде Каликут деп атаған қалада (Орта ғасырларда бұл қалада түссіз шыттың бір түрі – миткаль немесе калико өндірісінің атағы шыққан, осыдан қаланың атауы пайда болған) кемеден түскен. Португалдықтарды Каликутта сауда бәсекесі ретінде салқын қабылдаған соң, олар басқа үнді қаласы Каннанорда сауда жасау рұқсатын әрең ала алды.

Жол ауыртпалықтарынан команданың жартысынан айрылып, Васко да Гама екі жылдан кейін ғана, алтын мен қадеге жарайтын жүгімен Португалияға оралды. Корольге сыйлық ретінде тағайындалған алтын пұттың салмағы 30 кг шамасында болған, көзі изумрудтан жасалған, ал кеудесінде грек жаңғағындай лағыл болған. Үндістанға теңіз жолы ашылуының маңызы сондай – португал королі I Мануэль «Құтты» және «Теңіз саяхаттарының, Эфиопия, Аравия, Персия мен Үндістанның билеушісі және сауда әміршісі» деген атақты өзіне иеленген. Португалдықтар Африканың батыс жағалауын айналып, Үндістанға аттанса, көршілес Испания дәл сол Үндістанға басқа жол іздеді. Мұхиттің ары жағына бағытталған жорыққа король билігі, католик шіркеуі, қала буржуазиясы да, дворяндардың өздері де мүдделік танытқан.

Осы экспансияны бастау үшін барлау экспедициясы қажеті туған. Сөйтіп Генуя тұрғыны Христофор Колумб (1451-1506) Испанияның корольдық ерлі-зайыпты – Фердинанд пен Изабеллаға осындай батыс бағыттағы Үндістан сапарының жобасын ұсынды.

Испандықтардың зерттеу саяхаттары басқа ел ғалымдарының зерттеулеріне сүйенген. Мәселен, неміс географы Мартин Бехайм (1459-1506)

1492 жылы біздің заманымызға дейін жеткен ең ескі үлкен глобус жасаған, сонымен қатар, ол күн биіктігі бойынша бағдарлану әдісін тапқан.

Итальян астрономы Паоло Тосканелли (1397-1482) де Жердің шар тәрізді екенін жақтаған және Үндістанға батыс жолымен жетуге болатынын дәл осы ғалым ұсынды деген жорамал бар. Сондықтан өз саяхаттары басталмай Американы ашқан Христофор Колумб М.Бехайм және П.Тосканеллимен хат жазып, хабарласып тұрған [130].

Христофор Колумбқа екі кеме беріледі. Палостың бай кеме иелері – үш ағайынды Пинсондармен келісімге келіп, олардан үшінші кемеге жеткілікті көмек алған. Экипаждың бір бөлігі айбынды корольды жәбірлегені үшін бір жылға тұтқындағы жұмыстарға жазаланғандар мен қылмыскерлерден қалыптасқан, бірақ, әрине, өз еркімен жалданған матростардың саны басым еді. Ол кезде ерсі болып көрінетін ақиқат – кемелерде бір-де бір монах немесе дін қызметшісі болмаған. Ал есесіне экипаж құрамына ол заманда халықаралық сауда тілі болған араб тілін білген және «Үнділерде» хабары бар шоқынған еврей Луис Торрес кірген.

Су ығыстырғыштығы 100 тоннадай бірінші каравелла «Санта-Мария» капитаны Колумбтың өзі еді. Бұл, оның өзі айтқандай, «нашар, ашуларға жарамайтын кеме» болған.

Одан кішіректеу екінші, «Пинта» каравелласының капитаны үш ағайынды кеме иелерінің үлкені Маргин Алонсо Пинсон болып тағайындалды.

Ең кіші кемені – су ығыстырғыштығы 40 тонна болған «Ниньяны» («Бөпе») Висенте Пинсон басқарды.

Флотилия экипажы шамамен 90 адамды құраған (Верн Ж. История великих путешествий. Полное издание в одном томе – М.: Альфа-книга, 2008. – 772 с.).

1492 ж. 12 қазан күні таң атарда «Пинтаның» матросы Родриго де Триана «жер көрінді», – деп хабарлады (дегенмен, Колумб оның алдында кешке таман құрлықта жылтыраған оттарды көргенмін деп сылтауратып, кейін матростың сүйінші сыйлығын тартып алады). Бірақ бұл Кариб теңізіндегі Багам аралдарының бірі тұғын. Оны алдындағы азаптардан құтылу үміті пайда болғандықтан Сан-Сальвадор («Қасиетті Құтқарушы») деп аталды.

Кейін Куба мен Гаити сияқты ірі аралдар ашылды. Кубаны Колумб Қытай жері деп ойлаған. Кейбір жерлерді Сипанго (Чипангу) немесе Жапония деп жаңылған. Аралдарда бұрын кездеспеген елді, тұрмыс салттарды және бейтаныс жануарлар мен өсімдіктерді көрген. Сәл кейінірек Ескі Әлем жүгері (маис), картоп, қызанақ (томат), темекі және басқа өсімдіктерді таныды.

Колумб өзі ашқан жерге төрт рет барып қайтты, оның экспедициялары Оңтүстік Американың шығыс жағалауын зерттеді, бірақ ол Азия құрлығының, «Үндістанның» бір бөлігі деген сенімде қалды. Жергілікті халықтардың «үндістер» деп аталып кету себебі осыдан. Алайда, жаңадан ашылған «Батыс Үндістанда» (Вест-Индияда) уық шанышқан «Шығыс Үндістанмен» (Ост-Индия) салыстырғанда қалалар саны да аз, өркениеті де өте нашар дамыған-ды. Жергілікті елдерде табылған алтын мен күміс король қазынасына күтілген

мөлшерінен әлдеқайда мардымсыз көлемде түсіп, Колумб король сарайының қаһарына ұшырап қалды. Ол өмірден озар алдында жалғыздық пен қайыршылыққа ұшырап, азап шеккен.

Колумбтың ең ұзақ, 40 жыл бойы өткен «саяхаты» қайтыс болғанынан кейін басталды. Дүниеден кеткен жері Вальядолид қаласынан сүйегі әуелі Севильяға, одан кейін, XVI ғасырдаң ортасында, Гаитидегі Санто-Доминго қаласына әкелінді.1792 жылы Испания Гаитидің бір бөлігін Францияға тапсыруға мәжбүр болғанда, адмирал табыты Гаванаға жеткізілді. Испания мен Америка арасындағы соғыс (1898-1899) нәтижесінде Испания Кубадан айырылды. Енді Колумб сүйегі Испанияда қалу керек деген шешімі қабылданып, оны қайтадан Севильяға әкелді. Сонымен Колумб сүйегі қазір Севильяның кафедралдық соборында жатыр.

Христофор Колумб жаңа құрлықпен бірге, Кариб теңізінің ең маңызды аралдарын да ашты. Ол Оңтүстік Америка құрлығы мен Орталық Америка мойнақтарының ашылуына септік тигізді. Бүкіл континенталдық Американы ашу үрдісі өте ұзақ уақытқа, екі ғасырға созылды.

Америка өз атауын басқа бір итальяндық (Колумб оны «жылпос флорентийлік» дейтін) Америго Матео Веспуччи (1454-1512) есімінен алған. Ол Колумбтың досы болыпты. Америго алғашқы шетелдің саяхатын бозбала шағында жасаған: оны дипломат қызметін атқарған немере ағасы Парижге ертіп апарған. Есейген кезінде, Медичи банкінде жұмыс істеп, Испания мен Португалияға талай рет барып келген. Америгоның айтуынша, португал экспедициялары құрамында Жаңа Әлемге бірнеше рет барып, Оңтүстік Американың шығыс жағалауларын зерттеген-мыс. Бүкіл әлемге 1503 және 1504 жылдары жазған хаттары арқылы аты шыққан. Бұл хаттар тек жарияланғанымен шектелмей, көптеген Еуропа тілдеріне аударылды. Құпия сақтау қажет болғандықтан Христофор Колумбтың күнделіктері жарық көрмегенін атап кеткен жөн. Америго хаттары болса, оларда жаңа жерлердің ашылуы, жануарлар мен өсімдігі, жергілікті тұрғындардың өмір салты бейнелі түрде суреттелген. 1503 жылғы хатында: «Бұл елдерді Жаңа Әлем деп атаған дұрыс. Көне авторлардың көбі экватордан оңтүстікке қарай құрлық жоқ, тек қана теңіз бар деген, ал егер осылардың арасындағы біреулер ол жақта құрлық бар деп мойындаса, ол адам өмір сүрмейтін құлазыған жер деп есептеген. Алайда, менің соңғы жасаған  саяхатым осындай пікірді жалған және ақиқатқа сәйкес еместігін дәлелдейді, себебі, мен оңтүстік аймақта біздің Еуропа, Азия немесе Америкадан гөрі халық пен жануарлар тығыз мекендеген құрлық тауып алдым; және бізге белгілі қандай да болсын өңірден бұл құрлықтың климаты адамға жайлы болып келеді», – деген [130].

Жаңа құрлықтың атын «қолы жеңіл» Мартин Вальдземюллер берді. Ол Лотарингияда пайда болған география үйірмесінің мүшесі болған-ды. 1507 жылы «Космографияға кіріспе» атты кітабын шығарып (бұл кітапқа Америгоның жоғарыда аталған екі хаты да кірген), әлемге мәлім үш құрлыққа: Азия, Африка және Еуропаға әйелдердің аттары берілгенін біліпті. Ал енді төртінші құрлық ашылды, және оның ашылуына үлкен үлес қосқан кісі –

Америго Веспуччи. М.Вальдземюллердің бұл сөздерін ауыспалы мағынада түсіну керек: шынында да, жұртшылық бұқарасы өзі үшін осы жерді суреттеген Веспуччи хаттарындағы мәліметтер арқылы Американы «ашты», сондықтан М.Вальдземюллер жаңадан ашылған жерге Америго атын беруді ұсынды. Көп уақыт өтпей бұл аумақ «Америго жерлері», ақырында, басқа құрлықтардың аттарына ұқсап, жай ғана Америка деп аталып кетті.

Колумбтың жолын қуғандардың саны көп болған. Мыңдаған тәуекелге сыйынғандар Жаңа Әлемге ұмтылды.

Ең белгілі саяхатшылардың қатарына Фернан Магеллан (1480-1521) да жатады. 1519 жылдың 29 қыркүйегінде Магеллан Сан-Лукардан теңізге шықты. Магелланның флотилиясы: адмиралдың жалауы желбіреген су ығыстырғыштығы 110 тонналық «Тринидад» («Троица»); су ығыстырғыштығы 120 тонналық «Сан-Антонио»; су ығыстырғыштығы 90 тонналық «Консепсьон» («Бала біту»), флот қазынашысы Лусиа де Мендоса басқарған су ығыстырғыштығы 85 тонналық «Виктория» («Жеңіс») және су ығыстырғыштығы 75 тонналық «Сант-Яго» сияқты бес кемеден тұрған.

Бес капитанның төртеуі және штурмандары барлығы дерлік португалдықтар тұғын. 265 кісіден тұрған экспедиция құрамында 37 португал, 30 итальян, 19 француз, бірнеше фламанд, неміс, сицилиялық, ағылшын, зәңгі (негр) және басқалары болған, арасында тіпті, Магелланның Үндістаннан ертіп әкелген құлы Энрике деген малай да жүрген, алайда, испандықтардың саны басқалардан асып түскен.

Кемелер ашық теңізге шығып, оңтүстік-батысқа бағыт алған. Алты-ақ күнде олар Канар аралдарына, кейін экваторға жетіп, Магеллан Қасиетті Крест Жеріне (Бразилия) бұрды,1519 жылдың 10 қаңтарында экспедиция Ла-Плата деген үлкен өзенде тоқтайды. Болашақта бұл жерде қазіргі Уругвай астанасы Монтевидео орналасады.

21 желтоқсанда Магеллан кейінірек өзінің атын алатын бұғазға жетеді. Бұғаздан өтіп, саяхатшылар өздерінің алдында шексіз мұхитты көрді, оны Магеллан Тынық мұхит деп атайды. Осы мұхитты төрт ай шамасында аралап, жүзген.

1521 жылдың наурыз айының басында ғана экспедиция тығыз мекенденген аралдарға жеткен. Жергілікті жабайы халық жеке меншік деген ұғыммен таныс емес-ті. Сондықтан өздеріне ұнап қалғанын тартып алып, алыстан келген бөгде адамдарға қалағанын бере берген. Бірақ Магеллан оларға қарсы жазалаушы жасақ жібереді. Бұл аралдар кейін «Қарақшылар» аралдары деп аталады (1668 жылдан бастап Мариан аралдары). Одан кейін саяхатшылар Филиппин аралдарына келеді. Филиппин аралдары XIX ғасырдың соңына дейін Испания отаршылығында болады.

Екі тайпа көсемдерінің арасындағы ұрыс-таласына араласып, 1521 жылдың 27 сәуірінде ұлы теңізші қаза табады. Дегенмен, Магеллан экспедициясы аман қалған бір капитанының басқаруымен өз мақсатына жетеді. 1522 жылдың 6 қыркүйек күні Элькано басқарған «Виктория» каравелласы

саяхат басталған Сан-Лукар де Баррамеда айлағына кіреді. Команданың 265 адамынан 17-сі ғана аман оралады.

Карл V қолынан Элькано 500 дукат көлеміндегі зейнетақы мен латын тілінде «Сен алғашқы болып мені айналып өттің» деген жазуы бар жер шары бейнелеген таңбаны сыйға алады.

Жер шарын алғашқы айналған Фернан Магеллан экспедициясы (1519-1522) Жердің шар тәрізді екенін тәжірибе жүзінде дәлелдеді, сонымен қатар, көптеген жаңа жерлерді: Оңтүстік Америкадағы Магеллан бұғазы мен Отты Жерді, Ұлы (Тынық) мұхитындағы талай аралдарды және т.б. ашты.

Ұзақ уақыт географиялық ашулар мен зерттеулерде Испания мен Португалия мемлекеттерінің үлесі орасан зор болған. Осының куәсі Рим папасының төрелік етуімен 1494 жылы жасалған келісім – Тордесильяс келісімі. Ол бойынша, Атлант мұхитының дәл ортасынан батысына қарай жаңадан ашылған жерлер – испандықтардың иелігіне, ал шығысқа қарайғы жерлер португалдықтар иелігіне өтті. Бұл келісімнің бір айғағы – қазіргі португал тілді Бразилияның Оңтүстік Американың шығысында орналасуы, ал испан тілді елдердің жалпы түрде батысында орналасуы.

Орта ғасырлардағы саяхаттар жөнінде әңгіме жүргізгенде, орыс көпесі Афанасий Никитиннің Үндістанға жасаған «кезбесі» түседі. Ол алыс жерлерде табаны тиген алғашқы орыс жиһанкездері мен теңізшілердің қатарында мәртебелі орын алады. Никитин Алдынғы Азия елдеріне Марко Полодан 200 жыл кейін барды, теңізді Ормуздан Үндістанға дейін жүзіп өтті, одан бұрын еуропалықтар мүлде болмаған Үндістанның ішкі аудандарына барып қайтты.

Каспий маңындағы Кавказдағы Ширван хандығының елшісі Хасан-Бек 1468 жылдың басында Мәскеуге келгенде Никитиннің алыс сапарға аттануына мүмкіншілік туды. Мәскеу мен Тверь көпестері еліне қайтып бара жатқан елшінің керуенімен бірге Каспий мемлекеттері мен Парсы елінде сауда жасау мақсатында еріп барды. Бірнеше кеме болып 30 жуық көпестер жолға шықты.

Елші және көпестердің кемелері Астраханға дейін аман-есен жетті. Бірақ Астрахан маңында кемелерге татарлар шабуыл жасап, оларды тонады. Бүкіл керуеннен екі-ақ кеме аман қалды.

Еділ сағасынан олар Дербент қаласына бағытталды. Жолында Хвалын (Каспий) теңізінде қатты дауыл соғып, бір кеме жағаға соғылып қирайды, ал екіншісін жергілікті тайпалар тонап талқандайды.

Көпестерден тауарларды несиеге алған Никитин туған жеріне құр қолымен қайта алмағандықтан ол Персияға барып, онда екі жылдан астам тұрды. Парсы жерін аралаған кезінде 2 мың шақырым жол жүрген. Парсы шығанағындағы порт және ортағасырлық Шығыстың ең ірі сауда орталығының бірі Ормуз қаласына жеткенде Никитин Үндістанда жылқы өте жоғары бағаланатынын естіп, бар мүлкін ат сатып алуға жұмсап, Хорасан саудагері қажы Жүсіп (Юсуф) жалған атпен дабаға (шағын каботаждық кеме) мініп, Үндістанға аттанады. Алты апта теңіз жолымен жүзіп, А.Никитин мен оның жол серіктері Үндістанның Малабар жағалауында Бомбейден оңтүстікке қарай орналасқан Чаул портында тоқтайды.

Өзінің жібегімен, металл бұйымдарымен, асыл тастарымен атағы шыққан Бахманидтер патшалығының астанасы Бидарда Никитин төрт ай өткізеді. Осыдан саяхатшылар Виджаянагарға барады, мұнда үнділермен бірге үнділердің діни орталығы Парватқа аттанады.

Никитиннің Ресей мен Үндістан арасындағы сауда жасау үміті ақталған жоқ, себебі арзан бұрыш пен индиго бояуынан басқа Ресейге қажетті тауар болмады; кірген тауарлары үшін жоғары баж салығын төлеу керек-ті. Оның үстіне теңіздерде қарақшылар (пираттар) ешкімге маза бермеген.

Осыған орай, Үндістанда төрт жылға жуық уақыт болып, Никитин бар ақылы мен байқағыштығын сиқырлы үнді жерінің өмірі мен табиғатын зерттеуге жұмсады. Өз көрген-білгендерін «Каспий (Хвалын), Қара (Стамбулдық), Аравия (Гундустандық) үш теңіздің ар жағына барып қайту» деген жазбаларында баяндаған. Орта ғасырларда Кавказ аудандарына Батыс пен Шығыс саяхатшылары дін және сауда мақсаттарымен бірге танымдық мақсатында да келген. Олар үшін көптеген керуен жолдары салынған.

Осылардың бірі көне заманнан бастап «Үндістан жолы» атында белгілі болған. Қара теңіз жағалауындағы қазіргі Сухумидің жанында басталып, Кавказ тауынан асып, Албания (Әзірбайжан) үстімен Үндістанға апарған. Армения, Әзірбайжан, Дағыстан және Кавказдың басқа жерлерінде транзит жолдарының бойында қонақүйлер мен керуен-сарайлар салынған.

XIV-XVI ғасырларда Қырым мен Кавказдың Қара теңіз жағалауларындағы Генуя мен Венецияның экспансиясы кезінде жерортатеңіздік саудагерлер мен саяхатшылар Кавказда арнайы қонақүйлерде тоқтаған. Олардың қалдықтары Жаңа Афонда, Гаграда, Хостада, басқа жерлерде бүгінге дейін сақталған. Оларды генуялық және венециялық қонақүй-мұнаралар деп атайды. Батыс Грузияда, мысалы, аджарлар мен лаздар арасында, екі бөлмелі бір қабатты ағаш үйлер түрінде қонақүйлерді салу салты XIX ғасырға дейін сақталған. Саяхатшылар, әдетте, дәл осындай қонақүйлерде тоқтаған.

Орта ғасырлардың ұлы саяхатшылары Марко Поло, А.Никитин, Жорж Шарден және т.б. Кавказ қонақжайлығын жоғары бағалаған.

Басқа елдер өкілдерімен болған түйіспелер сауда-экономика тұрғысымен қатар ғылыми-білім алу мақсатында жасалған. «Білім алу саяхаттары» орта ғасырларда жиі көрінген құбылыс.

Еуропадағы алғашқы университет XI ғасырдың соңында Болоньяда ашылды. Ұзақ уақыт өтпей XII ғасырдың басында «жалпы мектеп» ретінде жұмыс істеген оқу орны 1200 ж. Филипп II Августтың «Сорбонна құқықтары туралы» және 1230 ж. Папаның жарлықтарымен Париж университеті болды. Орта ғасырларда Парижды «ғылым қаласы» және «жаңа Афина» деп атайтын.

XIII ғасырда Англияда Оксфорд пен Кембридж университеттері, Испанияда Саламанка университеті және Италияда Неаполь университеті ашылды. XIV ғасырда олар Прага, Краков, Гейдельберг қалаларында пайда болады, ал 1500 жылға қарай бүкіл Еуропада 65 университет ашылған. Университеттер факультеттер мен «нацияларға» бөлінген.

Кіші, бастаушы факультет *«нациялар*ға*»* – осы университетке бір қаладан келген студенттерді біріктіретін жерлестіктерге бөлінген. Үш бітіруші факультет – теологиялық, құқық және медицина факультеттерінде студенттер саны аз болғандықтан «нацияларға» бөлінбеген.

XII ғасырда Болоньяда құқықтануда революция жасаған, өз заманының ең үздік заңгері Ирнерий (1055-1130) білім берген. Ол әртүрлі дереknамаларда шашылған заңдық үзінділерді егжей-тегжейлі түсіндірмелермен қамтамасыздандырылған біртұтас Рим құқығы жүйесіне жинақтаған. Болон университеті Еуропада өте жоғары бағаланған, оны жан-жақтан келген студенттердің өте үлкен саны дәлелдейді. Дәл осы университет бірінші болып Alma mater studiorum (білімнің сүт анасы) аталып кетті.

Университет жүйесінің іске асырылу қағидалары бүкіл Еуропа үшін біркелкі болған. Университеттер әмбебаптық бастамаларды күшейтіп, біріктіруші рөл атқарған. Университет берген ғылыми дәреже бүкіл христиандық әлемде мойындалуы қажет болған. Ол кездегі жалпы әмбебап билігі болған папа билігі мұның кепілі атанған. Дегенмен, осындай хартияларды корольдер мен императорлар да берген, бірақ ол үшін бәрі бір олар Рим папасынан тиесілі құжат сұрастырған. Осыған орай, біреудің ғылыми дәрежесін мойындамау тек қана католик шіркеуіне ғана емес, оның басшылығына қырын қарау саналған. Осындай қағида еуропалықтарға өздері қалаған жерде білім алу мүмкіндігін берген және «ғылыми немесе студенттік туризмді» ынталандырған.

Университеттер ғылыми дәрежелерін ешкімге бағынбай, тәуелсіз түрде берген. Шіркеу де, басқа да билік бұл үрдіске қол сұқпаған. Осындай жағдай ғылыми-педагогикалық іс-әрекеті зиялы Византия да, ғұламалы араб Шығысы да білмеген еркіндіктің кепілі болған. Оның үстіне Еуропада ғылыми дәреже әлеуметтік айырмашылықтарын жоятын.

Антикалық дәуірімен салыстырсақ, христиан, ислам діндері арқылы идеология аса сіңіп кеткен Орта ғасырлар дәуірінде барлық саяхаттар дерлік, қалай да тауап ету сипатына ие болған. Дегенмен, тәуекелге барған саяхатшылар да кездескен. Осылардың қатарына XII ғасырда өмір сүрген Вениамин Тудельский жатады. Ол Шығыс елдеріне сапар жасап суреттеген алғашқы еуропалық саяхатшысы тұғын.

Орта ғасырларда емдік туризм де жақсы дамыған. Ұлы Карл мемлекетінің астанасы деп саналған Ахен (Аахен) қаласы бұрын рим мен кельт байлары демалып емделген белгілі термалдық курорттың орнында орналасты. Осы сулардың шипалығын Гранн құдайының ықпалына байланыстырған. Ұлы Карл әкесі Пипин III сияқты, бұл жерді жақсы көрген. Карл термалдық моншалардың жанында өзінің корольдық сарай ансамблін салған. Бұл ансамбль сол дәуірдің сәулет өнерінің шыңы деп есептелген.

Сол кездегі саяхатшылар көптеген кедергілер мен ауыртпалықтарға ұшыраған, оның ішіндегі ең қиыны жол торының нашар дамуы еді. Кейбір авторлардың [70] айтуынша, Орта ғасырлар мен Қайта өркендеу дәуіріндегі жолдардың күйі мыңыншы жылдағы ахуалындай яғни оларды жаулап алушылар

тас-талқан қылған уақытына сәйкес болыпты. Жолдар нашар күйде болғандықтан және сирек орналасқандықтан көлік те жеткіліксіз дамыған, ал бұл көлік құралдарының нашар техникалық хал-күйі (XV ғасырдың соңына дейін) саяхаттарды салт атты түрде, әсіресе, жол ұзақ болса, жасауға мәжбүр қылған.

Орта ғасырларда қолданылған көлік құралдары варвар халықтарының да, антикалық дәуірдің де «мирасы» болған. Жол жүру үшін жеңіл екі және төрт дөңгелекті арбалар қолданылған. Олардың негізінде XIV ғасырда жолаушыларды тасымалдайтын әртүрлі экипаждар пайда болды. Жүк тасымалдау үшін үлкен жабық жүк арбаларын пайдаланған, олардың дөңгелектері әдетте тұтас ағаштан жасалған. Жолаушыларды тасымалдау көлігі онша көп қажет болмағандықтан оны жақсартуға көңіл аударылмаған. Жолаушыларды таситын көлік пен жүк арбаларының айырмашылығы тек қана олардың безендірілуінде ғана көрінген. XIII ғасырдан бастап, Францияда шанақтың сырты әшекейленген экипаждар қалыптасқан. Шанақтың төбесі құрсаулар бойынша қымбат кілемдермен тартылған, ал ішкі жағына селкілдеп жүрген кезде соққыны азайту үшін жастықтар төсеген. Тұрпаты экипаж безендірілуіне сәйкес болуы үшін аттың арқасына қымбат терлік кигізген.

Саяхат жасау үшін арбалармен қатар зембілдер (портшездер) де қолданылған. Мұндай көлік түрін сырқатты саяхатшылар және атқа мініп селкілдеп жүруден гөрі жайланып отырғанды қалайтындар пайдаланған. Ұзақ сапарларда зембілдің алды мен артына бір-бірден екі ат жеккен. Атбегі қамшысын ұстап зембілдің жанында жүрген. Саяхатшының байлығы мен мәртебесін портшездің әшекейінен, қымбат перделер мен жастықтан көруге болатын. Өте сирек пайдаланғандықтан экипаж көп өзгерістерге ұшырамаған. XVI ғасырға шейін не атқа мініп, не ат жеккен арнайы зембілдерде жол жүрген. Көркем Филипп жарлығы (1294) бойынша, экипаждарды пайдалану құқығы тек қана жоғары мәртебелі әйелдер мен олардың жақындарына берілді. Сондықтан XV ғасырдың өзінде экипажды өте сирек қолданған және сән-салтанат түрінде көрсеткен.

Саудагерлер, әскери басшылар, елшілер және бай саяхатшылар ұзақ жолға аттанғанда қолдан жасалған суретті карталардың негізінде құрастырылған жолнамаларды пайдаланған.

Ертедегі Орта ғасырлардағы жүйелі жол қатынасы Рим жолдары арқылы жасалған. Олар VI ғасырдан қалпына келтіріле бастаған. Ол кезде Еуропада жаңа, алғашқы мезгілде варварлық корольдіктер пайда болды. Орта ғасырларда қала тұрғындары мен шаруалар олардың жерінде орналасқан жолдар мен көпірлерді күтіп, тазалап, қалпына келтіріп жүруге міндетті болғанын атап айтқан жөн. Христиан дінінің тарауымен бірге мұндай іс құдайға игілікті деп саналған.

Орталық Еуропадағы алғашқы мемлекеттік дәрежедегі жол Майнц пен Кобленц арасында салынды. Ені 6 м болған. Жолға төселген тақталар кейбір мұражайларда көрсетіледі. Бүкіл Орталық Еуропаны «Виндобонд жебесі» деп аталған қара жол кесіп өткен. Бұл жолмен Балтық елдерінен Неман сағасына,

одан әрі Виндобонаға (Вена) янтарь тасымалданған. I мыңжылдықтың соңындағы экономиканың өрлеуіне байланысты, Еуропадағы жол құрылысы да өркендеген [130].

Еуропадан Византия да қалыспаған. Империяның ең жақсы жолдары Балкан түбегінде болған. Олар барлық тау жолдарын айналып өткен. Балкан жолдары Триесттен Дунай бойымен Қара теңізге, одан әрі Константинопольге барған. Бүкіл осы даңғыл жолдардың бойында саяхатшылар демалған, тамақтанған және кез келген сауда операцияларын жасай алатын керуен-сарайлар салған. Еуропада олар баспана, госпиталь, жиһанкездерді қабылдайтын үйлер деп аталған. Әдетте, олар «меже бағаналары» сияқты, бір-бірінен бір күндік жол аралығында орналасқан. Бұл керуен-сарайлар үлкен қамбаларға ұқсайтұғын, жарық жасалған тесік жерлерден кірген. Адамдарды төбесі жабық ауланы айналып салынған сәкі-төсектерге жатқызған, ал олардың тақтайшаларына аттарын байлаған. Сөйтіп, қонақтар өз атын көзінен тасамалаған, ұрлап әкетеді деп алаңдамаған.

Константинопольдың Византиядағы ерекше рөлі, елді қызықтыратын тарихы мен көрнекті орындары, империя астанасына ағылып келіп жүрген саяхатшылардың мүдделері осы жерде жолнамалардың шығуына ықпал тигізді. Ең бірінші жолнама ерте антикалық дәуірдің өзінде – VI ғасырда пайда болды. Бұл латын тілінде жазылған vademecum* «Константинополь шаһары – Жаңа Рим» деп аталған [130].

Жолнамалардың сапасы онша жоғары болмаған, мұндағы берілген астана жөніндегі тарихи және топографиялық мәліметтер дұрыстап үйлестірілмеген-ді. Осы деректердің бірі, «Қысқаша тарихи шолу» VIII ғасырға жатады. Бұдан гөрі көбірек мәліметтер кірген үш бөлімнен тұратын «Отанымыз Константинополь» жолнамасы X-XI ғасырлар қиылысында құрастырылды. Бірінші бөлім қала мен қала аудандарының пайда болу тарихы туралы әңгімелейді. Екіншісі

---

*Vademecum (латын тілінен – менімен бірге жүр) – жолнама, қалталық анықтама кітабы, нұсқаушы

Константинопольдың топографиясын суреттейді. Үшінші бөліміне қаланың негізгі көрікті жерлері – ескерткіштері, император мен жеке тұлғалардың сарайлары, моншалар, ауруханалар, монастырлер, шіркеулер , т.б. туралы мәліметтер кірген. Әулие София храмының құрылысы мен дәріптелуі туралы бөлек айтылған. Құрылымы бойынша, бұл жолнама қазіргілерге өте ұқсас. Қаланың өте дәл және егжей-тегжейлі жасалған топографиясымен бірге, «Отанымыз Константинополь» жолнамасы өте көп дереknamaларға сүйенген. Мұнда Прокопий Кесарийский, Иоанн Лид, патриарх Фотий, VIII-IX ғасырлардың жылнамашыларының шығармалары кең пайдаланған.

Мысырды арабтар жаулап алудың қарсаңында Египетте VII ғасырдың бірінші жартысында жазылған папирус табылған. Бұл папирус – Мысырдағы Гелиопольден Константинопольға дейінгі жолды суреттеген жолнама, оған 62 топоним кірген. Константин VII жазған «Империяны басқару туралы»

трактатының аумақ жерін суреттейтін 42 тарауы жолнамалар негізінде құрастырылған. Және де, нағыз итинерарий қағидаларына сәйкес, мұнда барлық арақашықтықтар мен топографиялық атаулар белгіленген. Византияда шыққан жолнамаларды, әдетте, мінажат етушілер үшін жасаған.

Саяхатшылар көп болғанымен сапар жасау қауіпсіз болды деп айтуға болмайды. Қарақшылар топтары кез келген адамды, оның ішінде пилигримдерді де, тонап кетуі мүмкін-ді. Бай сауда керуендерін тонау рыцарлардың да, тіпті мәртебелі сеньорлардың: графтар мен барондардың да «сүйікті» ісі болыпты.

Дөңгелектердің солқылдауын басатын рессорлардың пайда болуы көлік тарихында нағыз қопарыс туғызды. Венгрияда алғашқы жасалған, бұл жабдық XV ғасырдың соңынан бастап Еуропада өте жылдам тарады. Бұған қарамастан, бүкіл XVI ғасыр бойы экипаждардың жаңа түрі комфорт пен сән-салтанат белгісі болған, ал саяхаттың көпшілігі салтатты жүзеге асқан. Экипаждарды әдетте, тек салтанатты мереке кезінде пайдаланған.

Англияда көліктің таңдаулы түрі пошталық карета дүниеге келген. Лондоннан Батқа дейін үш күнде жететін-ді. Жолда карета таверналар мен пошта станциялары деп аталатын қонақ жайларында бірнеше рет аялдама жасаған. Қазіргі кезде Лондоннан Батқа дейін машинаға мініп екі жарым сағатта жетуге болады.

Орта ғасырларда саяхат саны өсті, осыған орай, жол бойындағы қонақжайлар саны да көбейді. Қазіргі стандарттармен салыстырсақ, бәрі бір олар өте қарапайым келген. Қонақтар бір үлкен бөлменің тура еденіне төселген матраста үйіліп жатып ұйықтаған. Әр «клиент» өзі алып келген тамағын ішкен немесе үй иесінен сатып алған. Әдетте, нан мен ет (кейде балық немесе тауық балапанының еті) жеп, сыра ішкен. Осындай жерлердегі қызмет сапасының көтерілуімен бірге сапар жасайтын кісілердің саны да көбейген. Олардың арасында әбден жайлы өмірге әдеттенген бай адамдар да болған. Олар осыған сәйкес күтімді қажет еткен – бұл жағдай қызмет көрсету саласының прогрессіне септігін тигізген.

Континенталдық Еуропа қонақжайлары ағылшындарға қарағанда, әлдеқайда нашар болған. Жайлылық жағынан көнбіс, онша күй талғамайтын ағылшындар Еуропаға келгенде қонақжайларындағы жағдайға (әсіресе, ағылшын қонақүйлерімен салыстырғанда) қарап жаны түршіккен. Тіпті, сол заманның өзінде өте жоғары аспап стандарттарымен белгілі Францияда қонақжайларындағы тамағы жеуге келмеген, оның үстіне оларда неше түрлі жиіркенішті жәндіктер топырлап жүрген.

Діни миграциялардың, саудагерлер мен студенттердің саяхаттары қонақүй ісінің дамуына, әсіресе, ірі діни орталықтарында және сауда, мәдениет, ғылым шоғырланған жерлерде өте маңызды септігін тигізді. Ол кездегі деректерде hospes деген сөз жиі қолданылады, бұл сөзден hospitum – іс-әрекеттің жаңа түрін, қонақтарды қабылдау ісін белгілейтін ұғым пайда болды. Бұл іс-әрекетпен сол кездің өзінде көп жұрт айналысқан [70]. Басында өте қарапайым болған қонақүйлер XIV ғасырдың өзінде түнеуге жайлы баспаналарға айналды.

Қонақүй кәсібінің кейбір қалалардағы дамуының нәтижесінде XIV ғасырдың өзінде қонақүйлердің иелері өзінің жарғысы бар дербес цехтерге біріге бастады. Осындай цехтың ең алғашқысы 1356 жылы Венецияда пайда болды. Бұл жерде қала билігі Италияда ең бірінші болып туризмді өз табыстарын шұғыл көбейтетін іс ретінде қарастырды. XIV ғасырда осындай цехтер Римде, Сиенада, Флоренцияда да пайда болды (Флоренцияның қонақүй цехына қонақүйлер мен жалға берілетін бөлмелердің 600 иелері кірген). Венецияда қонақүй иелерінің цехы қала билігінің нұсқауымен ашылса, басқа итальян қалаларында мұндай бірлестіктерді қонақүй иелерінің өздері қалыптастырған [70].

Ұлы географиялық ашулар дәуірі және XIV-XV ғасырлардағы теңізде жүзу техникасының жетілдірілуі [70, 93] ұзақ теңіз саяхаттарына жол ашып, туризм дамуында өте маңызды рөл ойнағанын еске салайық.

XVI ғасырдың екінші жартысында танымдық мақсаттағы саяхаттар іске асырыла бастаған және саяхатшылардың ең көп баратын, қалаған жері Италия болған. Мұнда сапар жасаған шетелдіктердің ішінде Испания, Франция және Германиядан келгендердің саны басым келген. Дәл сол дәуірде саяхаттардың көптеген суреттемелері пайда болды, оның ішінде атақты француз жазушысы, философы және гуманисты М.Монтень жазған «Саяхаттар күнделігі» («Journal de voyage»). Мұнда автордың 1580-1581 жылдары Еуропаны аралап саяхат жасағанындағы байқаулары мен ойлары кірген.

Шетелдіктер келуінің өсуіне байланысты ең маңызды қалалар, ескерткіштер, маршруттар жөніндегі ақпарат қажеттілігі күшейді. Осындай мақсатта саяхатшыларға ең қажетті мәліметтерді қамтитын жолнамалар шығарыла бастады. XVI ғасырдың ең үздік жолнамасы ретінде Леандр Альбертидің «Бүкіл Италия суреттемесі» (1550) деген жолнама саналады [70].

### *Қайталау сұрақтары*

1. *Әртүрлі діни конфессиялары өкілдерінің Орта ғасырлардағы саяхаттарын суреттеп беріңіз.*
2. *Мінажат етудің миссионерліктен қандай айырмашылықтары бар, тауап ету не үшін жасалады?*
3. *«Госпитальерлер» деген кім? Олардың іс-әрекеттерін суреттеп беріңіз.*
4. *Орта ғасырлардағы танымдық мақсаттағы саяхаттар, «гранд-тур» және оның маңызы.*
5. *Орта ғасырларда Еуропадағы білім беру жүйесі қандай болған? Қандай университеттер «ғылыми мінажат ету» орталықтары болған?*
6. *Кавказдың Қара теңіз жағалауында басталған ортағасырлық «Үндістан жолы» туралы әңгімелеп беріңіз.*

7. *Қандай ең әйгілі орта ғасырлық еуропалық саяхатшыларды білесіз?*
8. *Марко Поло саяхаттары туралы әңгімелеп беріңіз.*
9. *Ибн Баттута саяхаттары туралы әңгімелеп беріңіз.*
10. *Генрих Теңізшінің Ұлы географиялық ашулар дәуіріндегі рөлі қандай болған?*
11. *Христофор Колумбтың «Үндістан жолын іздестіруі» жөнінде айтып беріңіз.*
12. *Америго Веспуччидің Жаңа Әлем орнатылуындағы рөлі қандай болған?*
13. *Американы шынында, бірінші болып ашқан саяхатшылар туралы айтып беріңіз.*
14. *Фернан Магеллан саяхаты қандай ғылыми тұжырымды дәлелдеді?*
15. *Ортағасырлық Еуропадағы емдік туризм ерекшеліктері қандай болған?*
16. *Орта ғасырлар дәуіріндегі жолдар мен көлік құралдары қандай болған?*
17. *Орта ғасырлардың қандай жолнамаларын білесіз?*
18. *Рессордың пайда болуы көлік дамуына қандай әсер тигізді?*
19. *Орта ғасырлық Еуропадағы қонақүй кәсібінің дамуы туралы айтып беріңіз.*

## 1.4. XVII-XVIII ғасырлардағы туризм

XVII ғасырда Еуропада «таза туризм», К.Либере бойынша, танымдық, емдік немесе демалыс мақсатында жасаған тұлғаларды қамтыған формасы пайда болды [63]. Онымен бірге, Еуропада бұрынғыдай дін табыну мен сауда мақсатындағы саяхаттар жалғаса берген [63, 70].

Бұл кезде жолаушыларды тасымалдайтын негізгі көлік ретінде жайлы экипаждар пайдалынылды. Қысқа мерзімде әртүрлі көлік қызметтері пайда болды, жолдардың техникалық ахуалы да жақсарды. Көптеген елдерде мемлекет меншігіндегі дилижанстармен жабдықталған жүйелі желілер ашылды. Саяхатшылардың санының өсуіне қарай жол бойындағы түнеу, тамақтандыру, сауда орындарының қызметтері дамыды. Англия, Франция Италия сияқты елдерде қонақүй кәсібі мен шетелдіктердің келуіне байланысты табыстар ауқымды пайда әкелетін болды [70]. Ғылыми әдебиетте бұған XVII ғасырда ағылшын жазушысы Томас Ман бірінші болып назар аударған.*

Жолдар мен көлік құралдардың дамуына байланысты туристік сапарлардың географиясы да кеңейді. Италияда Рим, Венеция, Флоренция, Падуя сияқты үйреншіті орталықтармен қатар, XVIII ғасырда Неапольға келушілердің саны шұғыл өсті. Бұл қаланың бұрынғы шағын қонақүйлері заманауи қонақүй кешендеріне айналды, ал ғасырдың соңында қала

орталығынан тыс жерде, теңіз жағасының маңында жайлы жекежайлардан тұратын тіпті жаңа кварталдар салынды. Сонымен қатар, екі күн сайын туристерді Неапольдан Сицилияға жеткізетін арнайы кеме жүретін болды [70].

XVIII ғасырда туризмнің маусымдық сипаты айқын байқалды. Қыс маусымындағы туристік келулер бірнеше арнайы орындарда 1750 жыл шамасында басталды деп саналады [19]. Мысалы, Францияда осындай жерлердің қатарында Ницца, Йер, Монпелье, Безир мен Тулуза болды.

Еуропадағы ең бірінші нағыз қонақүйлердің бірі «Генрих IV отелі» 1788 жылы Нант қаласында салынды. Оның құрылысы өте қымбатқа түсті – $ 17500, ол кезде бұл буда-буда ақша еді. Осы қонақүйде 60 төсек орны болған және ол Еуропадағы ең жақсы қонақүй болып есептелген.

Жазғы маусымда адамдар курорттық жерлерде демалуды жақсы көрген. Ең белгілі курорттардың ішінде маусымына 12 мың демалушы қабылдаған ағылшын курорты Бат болған. Континенталдық Еуропада Баньи ди Люкка, Монтекатини (Италия), Марианске-Лазне (Чехия), Спа (Бельгия), Баден-Баден (Германия), Пфэферс (Швейцария), французДық Пиреней жерінде орналасқан Бареже мен Банере-де-Бигор және Альпідегі Эй-ле-Бенс пен Эвиан мәртебелі курорттар болып саналған, бірақ Батқа келетін демалушылар санымен салыстырғанда оған теңесе алмаған [19]. Англиядағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің, ақсүйектердің өмір салтына еліккен жаңадан байығандардың пайда болуы нәтижесінде XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырда саяхаттың әлеуметтік базасы кеңейді. Экономикалық жағынан нығайған буржуазия мен дәрменді шығармашылық интеллигенция өкілдері континентке ағылды. Осы заманның куәсі, ағылшын тарихшысы Э.Гиббонның айтуынша, 1785 жылы континенталдық Еуропаға 45 мыңға жуық ағылшындар барып қайтқан [Кросс Э.Г., 1996, 255-б.]. XVIII ғасыр соңында Еуропадағы негізгі туристік ағымдарды тұманды Альбион өкілдері құраған. Олардың сапарға деген ынтасы ағылшын және француз Ағарту философиясында орын тапқан. Дж.Локк, Ж-Ж.Руссо адамның дұрыс тәрбиесіндегі алыс сапарлардың қажеттілігі мен маңыздылығын дәлелдеген.

---

* T.Mun «England's Treasure by Foreign Trade», London 1664; К.Либере [63] және К.Крапф [53] бойынша келтірілді.

XVIII-XIX ғасырлар қиылысында «тур» сөзінен шыққан «турист» және «туризм» ұғымдары дәл осы Англияда пайда болған. Бұл түсініктер алғаш Францияда, кейін басқа Еуропа елдерінде бекітілді [63].

Ағылшындардың континентке сапар жасауымен альпинизм тарихы да байланысты. 1741 жылы ағылшын туристерінің бір тобы экскурсия жасаған кезінде Женевадан кейін бүкіл Еуропаға аты шыққан Шамониге жетіпті. Шамонидің туристік станция ретінде дамуына оның Монблан баурайындағы альпілік терең шатқалында орналасуы әсер етті. XVIII ғасырдың жетпісінші жылдары Шамониге алыс альпілік сапарларға, ең алдымен, Монбланға шығу

үшін аттанған, алғашқы туристер келе бастаған. Альпинизмді қалыптастырушылар қатарына ең алдымен, көп жылдар бойы осы шыңға шығу әрекетін жасаған Х.Б. де Соссюрді жатқызады. Ең бірінші болып, Монбланды 1786 жылы Ж.Бальма мен М.Ж.Паккар бағындырды, ал де Соссюрдің өзі оған 1787 жылы ғана шықты.

Бұл кезеңде альпілік туризм Еуропадағы индустриализация мен урбанизациялау үрдісімен тығыз байланысты болған. XVIII ғасырда Шамониде демалғандардың көпшілігі Франция мен Англияның ірі қалалары және өнеркәсіп орталықтарының тұрғындары болған.

Жаңа Әлемде, ең алдымен, АҚШ-та шағын колониялар қалаларға айналуымен бірге саяхат жасау қажеттілігі өсті, осыған орай саяхатшыларға қызмет көрсету орындарының саны да көбейді. Нью-Йорк пен Жаңа Англияда олар жол маңындағы таверналар, Оңтүстікте ординарлық таверналар, Пенсильванияда қонақжайлар деп аталған. Атауымен бірге жергілікті айырмашылықтары да болған.

Отаршылық кезеңдегі американ қонақжайлары мен таверналары қонақжайлық салт-дәстүрлері мен бай тарихын иеленген. Голланд Ист-Инд компаниясы Stadt Huys ашқанынан бір жыл кейін Боулинг-Грин кентінде Kreiger′s Tavern ашылды. Америка революциясы кезінде бұл таверна, ол кезде Kings′ Arms, ағылшын генералы Гейджнің штабы болған. Ал одан да көп аты шыққан Fraunces Tavern генерал Джордж Вашингтонның штабы тұғын, мұнда ол өзінің әлемге әйгілі «Қоштасу» сөзін айтқан. Бұл таверна осы күнге дейін жұмыс істеуде.

Бұл қонақжайлық орындарында колонистер жиналыс өткізу, өсек айтысу, жаңалықтарды білу, сауда келісімдерді жасауды жақсы көрген. Иесі, Рим империясындағыдай емес, ұжымның ең мәртебелі, беделді мүшесі болып есептелген, оның үстіне, ең бай азаматтардың бірі саналған. Әдетте, ол жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мәртебелі лауазымға ие болатын, кейде одан да жоғары самғап кететін. Мысалы, Құрама Штаттарының екінші президенті Джон Адамс 1783-1789 жылдарында таверна иесі және оның басқарушысы еді.

Отаршылық кезеңіндегі қонақжайлық орындары мен таверналар азаматтардың қарым-қатынас жасайтын орындарымен бірге, революционерлердің астыртын жиналатын орны, қару-жарақ қоймасы, Оңтүстік-Батыс жағалауындағы таверналарда жиі жиналатын пираттардың іске тарту кеңселері болды деп те айтқан жөн сияқты.

Батыс елдерінде қонақжайлықтың Англиядағы ұйымдастырылуы үздік болып есептелгендіктен американ қонақжайлық орындары ағылшындарды үлгі етіп, оларға еліктеген. Джеймстаун (Вирджиния) қаласында колонизация басталған кездің өзінде таверна болғаны туралы деректер сақталса да, дегенмен, белгілі американ таверналарының біріншісін (Stadt Huys) 1642 жылы голландықтар Жаңа Амстердамда (ол кездегі Нью-Йорктың атауы) ашқан.

Революция соғыстары бұл таверналарға көп өзгерістер енгізген жоқ. Олар шаршаған жиһангездерге баспанамен қатар, қоғам өмірі орталықтары, саяси

жиналыстарының орны, дене мен рух аңсауларын қандыратын қайнар көздері болған. Бүгінгі таңда олар отель деп аталады. Бұл – француздан келген сөз. Оны қалыптасып келе жатқан ұлтқа Францияның тигізген әсерінің көрсеткіші деп ұққан абзал.

Сол жылдар шамасында АҚШ-қа көптеген француз аспаздар-эмигранттар жер аударған. Олардың көбі француз атымен аталған және француздар анклавы болған Жаңа Орлеанға жол тартқан. Кейінде бұл қаланы ағылшындар, испандықтар, қайтадан француздар, ең соңында, американдықтар жаулап алған. Жаңа Орлеанның ең белгілі мейрамханаларының бірі ретінде қазірге дейін Court of the Two Sisters (Екі апалы-сіңлілі) болып саналады. Кіре берістегі қабырғасында Америка қатысқан соғыстарда тұтқында болған американдықтардың аттары жазылған.

XVIII ғасырда патшалық Ресей курорттары дамуының алғашқы кезеңі басталды. Бұл үрдісті Ұлы І Петр патша 1713 жылы минералды суларды іздестіру қажеттілігін нұсқалап ынталандырды. Осы мәселе жөнінде 1719 жылы 20 наурызда сауықтыратын орындарды ашудың заңдық негізі болған арнайы жарғы («Указ о дохтырских правилах») жарияланды. Осы күннен Ресей курорттарының тарихы басталды деуге негіз бар [2].

Туристік саяхаттардың саны көбейсе де, бірқатар елдер, қалалар және ондағы көрікті жерлері туралы дұрыс өңделген ақпарат жетіспеген. Аз да болса, осындай басылымдарға Франция туралы 1672 жылы де Сен Морис баспадан шығарған алғашқы жолнамасын атауға болады. Бұл жолнамада, мысалы, Франция шекараларынан Парижге апаратын жолдар жөнінде, ел астанасы мен айналасы туралы қысқаша ақпарат берілген. Сонымен қатар, шығарылымда екі жол жүйесінің толық сипаттамасы ұсынылған: біріншісі (petit tour) Оңтүстік Францияны, екіншісі (grand tour) Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Францияны қамтыған [63].

XVII-XVIII ғасырларда Испания мен Португалия жаңа жерлерді ашу мен зерттеудің даңғыл жолынан шетке қарай ығыстырылды. Дүниежүзілік саясат пен экономиканың бұл маңызды салаларында Голландия мен Англия алғашқы қатарға шығады.

XVI ғасырдың басында Нидерланды испан империясына қарайтын. Ресми түрде отар елі болса да, өте қарқынды дамыған. Нидерланды экономикасының тиімділігі өте жоғары болған: Испания қазынасына төлейтін жалпы салық сомасы 2 млн. алтын дукат болса, Испанияның қалған шетелдік аумақтарының (оның ішінде Америка аумақтары) барлығы бар-жоғы 5 млн. әкелетін. 1566 жылы басталған буржуазиялық-демократиялық революция тәуелсіздік үшін соғыс түрінде өткен. Испаниямен шайқасу ұзақ жылдарға созылып, талай қан төгілді. Тек 1648 жылы «Біріккен провинциялардың» тәуелсіздігін Испания мойындады. Енді бұл провинциялар арасындағы ең үлкенінің атауын алып Голландия болды.

Революция арқасында Голландия XVII ғасырдың өзінде индустриялық даму жолына түсті. Голландия мануфактуралары ең жоғарғы деңгейге көтерілді. Голландияның алып сауда флоты оны әлем саудасында делдал рөлін атқаруға

мүмкіндік берді. Осы флот ашылмаған жер көлемін азайтуға да үлес қосты. Голландия банк кәсібінің орталығы болып, бір жағынан Қытай, Молукк аралдары және Индонезия, екінші жағы Персия, Арабия және Шығыс Африка араларында делдал болған. Таңғалдыратын ақиқат – Голландия тіпті, Қытай мен Жапония арасында да делдалдық сауда операцияларын іске асырған.

1606 жылы голландық Виллем Янсзон жаңа құрлық ашып, оны Жаңа Голландия деп атады, оны тек XIX ғасырда Австралия – Оңтүстік Жер деп атайтын болды. Австралияның Жаңа Голландия атын алған себебі – голландықтардың XVII ғасырда жағалаулары мен айналасындағы теңіздерді зерттеуінде. Дегенмен, Виллем Янсзон тек Кейп-Йорк түбегінің батыс жағалауын ғана ашқан. Ұзақ уақыт голландықтар да, бүкіл әлем де Жаңа Голландияны Оңтүстік материктің өте ірі түбегінің бірі деп есептей берген. Сөйтіп, Антарктида мен Австралияны біртұтас құрлық деп ойлаған.

XVII ғасырдың 40-жылдарының басында Голландиялық Үндістан генерал-губернаторы Австралия Оңтүстік материктің бір бөлігі бола ма және Жаңа Гвинея оған қосыла ма деген сұрақтарға жауап тапқысы келген.

Бұл мәселені шешу үшін және де Явадан Еуропаға жаңа жол іздеу үшін жас капитан Абель Тасман (1603-1659) шақырылды. Жас болса да, Абель Тасман көптеген теңіз жорықтарынан өткен тәжірибелі басшы және теңізші болған.

1642 жылғы желтоқсан айында Тасман Жаңа Зеландия жерлерін ашты. Оңтүстік және Солтүстік аралдарының арасындағы бұғаздың оңтүстік жағалауында жайлы шығанақта тұрақ жасалды.

Тасман Жаңа Зеландияны Оңтүстік материктің бөлігі және біртұтас құрлық деп ойлады. Отыз жыл өткен соң бұл қателіктер түзелді.

Аталған Абель Тасман экспедициясының нәтижелерін бағаласақ оны, тарихи географияның беделді маманы Дж. Бейкер айтқандай, «жарқырап тұрған сәтсіздік» деуімізге болады. «Австралия шеңберінің» радиусы тым үлкен болғандығынан Австралия, Тасмания және Жаңа Гвинея осының ішінде қалып қойды. Дегенмен, бұл экспедиция XVIII ғасырдың ең маңызды саяхаттарының бірі болып табылады. Осы жорық нәтижесінде Вандимен Жері (Тасмания), Жаңа Зеландия, Тонга мен Фиджи архипелагтары ашылды. Сонымен бірге Австралия мен Антарктида аралығындағы қырқыншы ендіктердің тұрақты батыс желдерінің зонасында Үнді мұхитынан Тынық мұхитқа апаратын жаңа жол табылды. Бұл ашуларды бір ғасыр өткенде ғана Джеймс Кук дұрыстап бағалады. Абель Тасман, оны өзі де білмей, Австралия бөлек құрлық екенін дәлелдеді.

Ең белгілі ағылшын ашушылар-саяхатшылардың бірі – Джеймс Кук (1728-1799). Ол өте тәжірибелі теңізші болған, мысал үшін, бұл заманда ұзақ теңіз саяхаттарында елді қырып жығатын ауру – деңгенеден (цинга) бір-де бір адамын жоғалтқан емес. Бұл дертпен күресу шарты үлгілі тазалық сақтау және барлығы үшін мүлтіксіз орындалуға міндетті көп витаминді диета ұстаған. Оның беделі өте биік болған. Қарапайым жұмысшы-батырақтың баласы,

джентльмен ол ақсүйек моряктардың құрметіне бөленген. Дж. Кук тек жақсы картограф қана емес, оның ғылыми ой-өрісі керемет кең болған.

1768 жылы Кук «Индевор» («Ұмтылыс») кемесінде жаңа ғана ашылған Таити аралына зерттеушілер тобымен бірге аттанады. Мұнда Венераның Күнді айналған орбитасының өлшеулері жүргізілді. Бұл мәліметтер Жер мен Күн арақашықтығын дәл өлшеу үшін қажетті. Алайда, құпия болып ешкімге сыры ашылмаған саяхаттың мақсаты аңыздағы Оңтүстік материкті табу және жақында басқа теңізшілер ашқан кейбір аралдарды зерттеу тұғын. Осы сапар нәтижесінде, Жаңа Зеландияның арал екені анықталады, Үлкен тосқауыл рифы мен Австралияның шығыс жағалауы ашылады.

Куктың 1772-1775 жылдары «Резольюшен» кемесінде өткен екінші саяхаты оңтүстік ендіктердің 40-60 $^{o}$ аралығында Антарктида құрлығына жалғасатын ауқымды құрлықтың жоқ екенін дәлелдеді, ал Птолемей болжамдарынан туған ондай пікір XVIII ғасыр соңының өзінде кең тараған-ды.

Куктың 1776-1780 жылдары «Резольюшен» және «Дискавери» кемелерінде Тынық мұхитының солтүстігі мен Солтүстік Полярлық теңізге жасаған үшінші саяхаты нәтижесінде Гавай аралдары, Принс-Вильям, Кук, Бристоль және Нортон шығанақтарымен шайылатын Аляска жағалауы ашылды.

Саяхаттың үшеуі де нәтижелі болған, себебі оларда алғашқы рет әртүрлі мамандықтағы ғалымдар қатысып, қазір де зор ғылыми маңызы бар көптеген мәліметтерді жинаған.

XVIII ғасырдың екінші жартысында талай елдің теңізшілері мен саяхатшылары жасаған экспедицияларының нәтижесінде Жер құрлығының барлығы дерлік, теңіздер мен мұхиттар ашылып зерттелді. Америка, Азия, Африка мен Австралияның жерінде кейбір аумақтар әзірше беймәлім болып қала берді. Құрлықтарды бір-бірімен байлайтын маңызды теңіз жолдары қалыптасты.

Осы ашулардың нәтижесінде Еуропа мен Африка, Оңтүстік және Шығыс Азия елдері арасындағы байланыстар нығайды, Америкамен қатынас жасала бастады.

Сонымен, XVII-XVIII ғасырларда саяхаттар ауқымы кеңейді. Жер айналатын саяхаттар үйреншікті болып кетеді. Тынық, Атлантика, Үнді мұхиттарын жылына жүздеген кемелер кезіп өтеді. Халықаралық сауда жетілдіріледі, ал сауда компаниялардың іс-әрекеті кең ауқымды аумақтарға жайылып, жылдан жылға саны өсіп келе жатқан жұртты сауда ісіне тартады. Ағарту дәуірінде таза ғылыми мақсаттағы экспедициялардың саны көбейеді, құрлықтардың жүйелі зерттелуі басталады. Алайда, өз «клиенттерін» тауап ету және емдік туризм жоғалтпады. Емдік туризмнің жаңа бағыты – теңіз курорттары пайда болады.

### *Қайталау сұрақтары*

1. *Карл Либере «таза туризм» деп нені айтқан?*

2. *XVII ғасырдағы Еуропаның қысқы және жазғы демалысының курорттық жерлері мен орталықтарын атап шығыңыз.*
3. *Еуропа альпинизмінің басталуы туралы айтып беріңіз.*
4. *АҚШ-ғы қонақжайлық орындары қалай аталған және арасында қандай айырмашылықтар болған? Олар немен белгілі?*
5. *І Петр «О дохтырских правилах» жарғысының мағынасы неде және қашан жарияланды? Оның маңызды болу себебі неде?*
6. *Франция жолнамасы қашан жарық көрді, оның авторы кім болған, оның мазмұнына қандай мәліметтер кірген?*
7. *XVII ғасырдың бірінші жартысындағы голланд теңізшілерінің ең белгілі ашуларын суреттеп беріңіз.*
8. *Дж.Кукты неге ең атақты саяхатшы-жер ашушы деп құрметтейді?*
9. *XVIII ғасырда емдік туризм аясында қандай жаңа бағыт пайда болды?*

## 1.5. XIX-XX ғасырлар (ІІ дүниежүзілік соғысқа дейінгі) кезеңіндегі туризм

XIX ғасыр туризм дамуы тарапынан іргe салушы кезең болып табылады. Тіпті, осы құбылысты анықтайтын «турист» деген сөздің өзі осы ғасырдың басында пайда болады. Бұл сөз ағылшын Педждің кітабында: «біздің заманымызда саяхатшыны турист деп атайды» (a traveller is nowdays called a tourist), – деп келтіріледі. Континенталдық Еуропа тұрғындары да осы сөзді қолданса да, анықтаманы ағылшындар енгізгеніне таңғалатын жөні жоқ. Бұрын айтып кеткендей, XVIII ғасыр соңы өзінде жастардың мектеп бітіргенінен кейін Еуропаға сапарға бару Англияда сәннің бір түрі болып кеткен. Бірте-бірте бұл құбылыстың ауқымы кеңейді. Мысалы, 1888 жылы жарты миллион ағылшын Ла-Маншты кесіп өтті. Әрине, олардың барлығы тұманды Альбионнан турист ретінде жолға шықпаған. Отаршы империяны кеңейтіп және жаңа нарықтарды игеріп, ағылшын үкіметі кәсіпкерлерге, саудагерлерге және отаршы әкімшілікке арқа сүйеген, ал олар болса, туристерге «жол ашқан».

Англияның туризм саласында пионер болуының себебінің бірі – бұл елде әлемде алғаш рет, өнеркәсіптік қопарылыс орын алған.

Қазіргі әлем өркениеті қалыптасатын негізге өнеркәсіптік қопарылыс, экономикалық, әлеуметтік, саяси және идеологиялық өзгерістердің жиынтығы, жаңғырту кезеңі жатады. Өзінің маңызы, даму қарқындылығы, өмір салттарының өзгерістеріне қарай бұл қопарылысты революциямен теңестіреді. Экономика саласында өнеркәсіптік қопарылыс машиналық өндіріске негізделген ірі фабрикалық-зауыттық өнеркәсіптің пайда болуымен, ғылыми-техникалық прогресстің (ҒТП) одан әрі дамуымен, урбанизациялаумен, өндіріс пен сауданың жаңа ұйымдастыру формаларымен, қол жұмысы маңызының жоғалуымен сипатталады.

XIX ғасырдың ортасына дейін еуропалық туризм тек таңдаулы, дәрменді тұлғалардың туризмі болған, осыған орай кейбір авторлар [19] осы кезеңдегі туризмді «ақсүйектер туризмі» (tourisme aristocratique) деп атайды. Тек XIX ғасырдың екінші жартысынан, әсіресе, XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастап, туризмнің демократиялануына жеткізген өзгерістер орын алды.

Англиядан Францияға жасалған ұйымдастырылған турлар 1815 жылдың өзінде орын алғаны баршаға мәлім. Жазушы және саяхатшы Джордж Галиньяни осындай Лондоннан Парижге бағытталған кең бұқаралық жұртқа арналған турлардың ынталандырушысы мен ұйымдастырушысы атанған. Ал 1829 жылы саяхатшыларға арналған, неміс Карл Бедекер әзірлеп баспадан шығарған әлемдегі бірінші жолнама жарық көрді. Бұл жолнаманы таралуы мен белгілі болуы соншалық, Бедекердің аты жалпы есімге айналып, қазіргі жолнамалар да бедекер деп аталады*.

К.Бедекер баспа фирмасын құрып, ағылшын үлгісімен жолнамаларды шығара бастады. Ал 1846 жылы оның жолнамалары негізгі Еуропа тілдерінде шығарыла бастады. Жолнамаларды үздік мамандар: тарихшылар, өнертанушылар, географтар мен әдебиеттанушылар бірігіп әзірлегендігіне орай олардың сапасы өте жоғары келген. Бұл жолнама қазір де шығарылуда және Еуропада дербес саяхат жасап жүрген туристердің сұранысына ие.

XIX және XX ғасырдың бірінші жартысындағы туризм дамуы көптеген факторларға байланысты, олардың ішіндегі ең маңыздылары [65, 93]:

- көлік құралдарының дамуы;
- өнеркәсіптің дамуы және осыған байланысты халықтың өмір деңгейінің көтерілуі;
- туристік бюролардың пайда болуы,
- урбанизациялау үрдісі;
- бос уақыт мөлшерінің көбеюі;
- қоғамның мәдени деңгейінің жоғарлауы;
- мемлекеттің туризм жөніндегі саналы саясаты.

Көлік құралдарының дамуы туристік қозғалыстың қарқындылығы мен кеңістіктегі өзгерістерінің ең маңызды факторларының бірі екені даусыз. К.Либере айтуынша (1969), «салт аттың, одан кейін дилижанс пен желкен кемелерінің орнына теміржол мен бумен жүретін кемелердің пайда болуына» [63, 185-бет] байланысты туризм дамуында мүлдем басқа кезең басталды, көліктің жаңа түрлері жолды қысқартты, арзандатты және жайлы қылды. Дамудың келесі кезеңі автомобиль мен ұшақтың пайда болуына байланысты.

---

* Бедекер деп әралуан елдер бойынша туристерге арналған анықтамалық жолнамаларды айтады.

Жаңа көлік құралдары қалың көпшілікке саяхат жасау мүмкіндігін берді, ал теміржолдарының ашылуы туристік станциялар мен сауықтыру орындарының географиясын өзгертті: көптеген жаңа туристік жерлерге теміржолдардың салынуына байланысты демалыс орындарының жүйесі әлдеқайда арттылды.

Алғашқы Манчестер-Ливерпуль теміржол желісі Англияда 1825 жылы ашылса да, туристік аумақтарға апаратын теміржол торы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында іске қосылды. Бұрын апталарға созылған саяхат бір-екі күнге, тіпті, бірнеше сағатқа шейін қысқарды; енді саяхатты кез келген адам арзан бағаға жасай алатын болды. Теміржолдар барлық елдерде бұрын кездеспеген қарқындылықпен салына басталды. Олар туристік қозғалыс құрылымы мен көлеміне түпкі өзгерістерді енгізді.

Көлік жүйесінің нығаюы туризм дамуын кеңейтті де, тереңдетті. Қозғалыс жылдамдығының артуы курорттың алыс орналасу факторын жоқ қылды, оларға қол жету мүмкіндігін жақсартты. Жол жүрген адам бұрынғыдай шаршап-шалдықпай, сапар шегу жайлы да жағымды бола бастады.

Туризмнің өркендеуіне көліктің жайлы болуы әсер етті. Ең алғашқы теміржол жолаушыларының өзі осы құралдың жайлылығын, селкілдеп-шайқалмауын мақтап айтқан. Жолдағы қызмет көрсету сапасы да өсті. Бірінші жолаушылар вагондары көлденең қойылған ұзын орындықты, төбесі ашық көлік болған. Көп уақыт өтпей, бұл көлік құралына өзгерістер енгізілді, ең алдымен, АҚШ-та: бұл кең аумақты елдің жолдары өте ұзақ және жолаушылардың жайлылыққа қойылатын талаптары жоғары болған. Клиентті өзіне тарту мақсатындағы теміржол компаниялары арасындағы қызу бәсекелеске байланысты, XIX ғасырдың 70-жылдарында көркем безендірілген, жолда тамақ берілетін бірінші классты жатын вагондар пайда болды. Енді туристер мен басқа сапар жасаушылар үшін ұзақ жол кедергі болмады.

Теміржол арқылы қол жетерлік жаңа туристік орталықтар мен курорттардың өркендеуімен бірге, теміржол желісінен алшақ жерлер ахуалының нашарлауы байқалды. Бұрын туристер мен курортшылар болмаған жерлерде туристік қозғалыстың кеңеюі аумақтың шаруашылық құрылымына өзгерістер енгізген. Осындай көптеген ауылды жерлерде осыған дейін басым болған ауылшаруашылық функциялары туристік шаруашылыққа орын беріп, өздері жоққа айнала бастады. Теміржолдардың және осыған байланысты туристік миграциялардың дамуы кейбір аумақтардың туристік жабдықталуына септігін тигізген. Сол кезде қалыптасқан кейбір туристік орталықтар қазір де туристік қозғалысқа қызметін жалғастыруда. Төмендегі аумақтар осының мысалы бола алады.

1861-1862 жылдардың қысқы маусымында Францияның Көкшіл Жағасында демалушы 2,5 мың жанұялар тіркелді, олардың 300-і Каннда, 400-і Йерде және 1680-і Ниццада болды [19]. 1863 жылы Канн мен Марсель арасында теміржол байланысы орнаған, ал 1878 жылы Париж бен сауықтыру орны арасында күніне екі, 1888 жылы – төрт поезд жүрген. Теміржолын Каннға жеткізу нәтижесінде шетелдіктердің келуі көбейді: 1878 жылы мұнда 750, 1892

жылы 1464, 1901 жылы 4500 ағылшын отбасылары келген. Сонымен қатар, ресейліктердің (ХХ ғасырдың алғашқы жылдарында жыл сайын 300 отбасы), американдықтар мен немістердің (250 отбасыдан) келгені анықталған. Парижбен теміржол қатынасын орнату француздардың өздерінің осы аймаққа жиі ат басын тіреуіне себеп болды: 1878 жылы демалушылардың арасында француздар 34-ақ % құраса, ХХ ғасырдың басында олардың үлесі 49 % -ға жетті [13]. Кейбір дереккөздер бойынша,Францияның Жерортатеңіз жағалауына ХІХ ғасырдың соңында жылына 2 млн француз (1898) келсе, 1908 жылы олардың саны 5 миллионға жуыққа жақындағаны жайлы хабар бар [19]. Француздар келулерінің өсуі туристік қозғалыстың бұрынғы маусымдылық көрсеткіштеріне әсер еткен. ХІХ ғасырдың 70-жылдарында мұнда барлық туристердің 48 %-ы ғана жазғы маусымда демалса, 1901 жылы бұлардың үлесі 71 %-ға шейін өскен [19].

Туристердің келуімен туристік инфрақұрылым да дамыған. 1870 жылы осы аймақта қонақтарды қабылдауға арналған 34 қонақүйлері мен 215 жекежай тіркелсе, ал 1912 жылы ол сәйкестік 92 мен 1140-қа жеткен[19].

Теміржолдар дамуы мен туризм көрсеткіштерінің өсуі арасындағы осындай байланыс Францияның басқа жерлері мен аймақтарында байқалған. Мысалы, Вишиде 1860 жылы курортта демалушылардың саны 20 мыңға жетпеген болса, 1890 жылы 100 мыңға жуық демалушы тіркелген [39]. Монакода туристік түнеулер саны 1871 жылдағы 140 мыңнан 1899 жылда 503 мыңға дейін өскен. 1890 жылы теміржолдың Швейцариядағы Давосқа жетуінің әсері мынадай: 1895 жылы жергілікті қонақүйлерде 450 мың түнеу белгіленді, 1900 жылы – 600 мыңға жуық, 1910 жылы – 1 млн шамасында*. Басқа альпілік аймақтармен салыстырсақ, мұнда туризмнің қарқынды дамуы ХІХ ғасырдың соңында ғана басталды. Оның кешігу себебі таулы аймақтарда, әсіресе, туннельдегі кесінділерді салған кездегі техникалық қиыншылықтардан орын алған. Шамониге теміржол 1901 жылы ғана жетті, ал теміржол пайда болғаннан кейін он жылдың ішінде (1914 жылға дейін) Шамониді бүкіл әлем таныды. Алайда, мұндай жағдай бүкіл Савойяда болған: 1865 жылы мұнда 35 мың, ғасыр соңында жыл сайын 60 мың турист келген. Францияның теміржолының желісіне кірген соң Савойя аймақтық функция атқарған ауданнан жалпыұлттық, тіпті, халықаралық маңызы бар туристік аймаққа айналған[19].

Америка құрлығында да осындай тәуелділік байқалады. Белгілі аргентиналық Мар-дель-Плата курортына 1886 жылы Буэнос-Айрестен теміржол желісі салынғаннан кейін оның қарқынды дамуы басталды. 1886 жылы мұнда 1415 демалушы келген, ал бес жыл өте – 4700-ге жеткен [54]. Майамидың демалыс орны ретінде дамуы оны Флориданың басқа жерлерімен жалғастырған теміржол 1896 жылы салынғаннан кейін ғана артқан [19].

---

* J.Marion, J.Loup. «Cent ans de tourisme alpin. Centenaire de Davos» (Grisons, Suisse), «Revue de Géogr. Alpine», p 55, 1965.

XIX ғасырдың басында маңызды Жерді айналып шығу теңіз саяхаттары жасалды; бұларда орыс теңізшілерінің орны ерекше. Тек XIX ғасырдың алғашқы отыз жыл ішінде Ресейде Жерді айналып шығудың бес ірі экспедиция әзірленіп өткізілді.

Осылардың арасында орыс әскери флотының тарихындағы алғашқы Жерді айналып шығу экспедициясын атау қажет. Бұл саяхат 1803-1806 жылдары Иван Федорович Крузенштерн мен Юрий Федорович Лисянскийлердің басқаруымен жүзеге асты.

Экспедицияның ресми мақсаты Жапонияға Н.П.Резанов басқарған орыс елшілігін жеткізу тұғын. Резанов, сонымен қатар, Ресей-Америка компаниясының бастығы да болған.

Экипаждар ерікті түрде қалыптастырылған, Жерді айналып шығу саяхатын жасағысы келгендердің саны өте көп болған. Сондықтан офицерлерді ғана емес, матростарды да тиянақты іріктеген. Экспедицияға Ю.Ф.Лисянский (1773-1837), М.И.Ратманов, П.Головачев, Ф.Ф.Беллинсгаузен (1778-1852) және т.б. қатысқан. Саяхат Санкт-Петербург айлағынан басталған. 10 күнде «Надежда» мен «Нева» кемелері Копенгагенге жетті. Одан кейін кемелер Атлантикаға шықты. 1803 жылдың қараша айында Ресей флотының тарихында бірінші рет орыс кемелері экватордан өтті.

1804 жылдың ақпан айында кемелерін жөндегеннен кейін флотилия Горн мүйісінен өтіп, Тынық мұхитқа шықты. Ауа райы нашар болды: біресе, шторм, біресе, тұман; ақырында, кемелер бір-бірін жоғалтып адасып кетті. Күні бұрын келіскендей, мұндай жағдайда Ю.Ф.Лисянский Пасха аралына барып басқаларды күту керек-ті. Бірақ И.Ф.Крузенштерн (1770-1846) жүгін Камчаткаға жылдам жеткізіп, Жапонияға баруға асықты.

Ю.Ф.Лисянский басқарған «Нева» кемесі «Надежданы» Пасха аралының жанында бостан-босқа күтіп тұрып қалды. Тұрған уақытын текке кетірмей, Лисянский жағалауды картографиялап, тереңдіктерді өлшеумен бірге, аралдың табиғи ерекшеліктері мен жергілікті халықтың тұрмысы мен салтын суреттеп үлгерді.

Екі кеме Маркиз аралдарының бірінде кездесті. Мұнда И.Ф.Крузенштерн карталарға түзеулер енгізіп, толықтырды. Мысалы, Вашингтон аралдарын әртүрлі теңізшілер бес рет «ашқаны» анықталды. Жапония жағасының жанында «Надежда» қатты штормға ұшырады. Әрең аман қалған кеме 1804 жылдың қыркүйек айында Нагасаки портына келіп тоқтады.

Жапондықтардың тыйым салуларын бұзып, «Надежда» Жапон аралдарының батыс жағасын рұқсатсыз айналып өтті. Картографиялық түсіру жасалып, бұрын Лаперуз жіберген қателері түзетілді. Жол-жөнекей судың астында көрінбей тұрған төрт арал ашылды – бұлар қауіпті болғаны үшін Каменные Ловушки (Тас қапқан) деп аталды.

Камчаткада жүгін түсіріп, кеме қайтадан жолға шығып, Сахалинге бағытталды. Аралдың шығыс жағалауын суреттеген И.Ф.Крузенштерн Амур мен Татар бұғазын ашуға жақын қалған, бірақ судың саяздығы бұған кедергі

жасаған. Ол Сахалинді амалсыз түбек деп есептеген. Көп уақыт өтпей, Г.И.Невельской (1813-1876) бұл қатені түзеген.

И.Ф.Крузенштерн мен Ю.Ф.Лисянскийдің ғылыми ашулары көп қырлығымен ерекшеленген. Олардың еңбектері Ресей мен шетелдерде бірнеше рет баспадан қайта шығарылған, Еуропаның жеті тіліне аударылған. Франция мен Англия Академиялары И.Ф.Крузенштернді корреспондент-мүше қылып сайлаған. И.Ф.Крузенштерн Ресейдің Антарктида экспедициясының ынталандырушысы болған.

Антарктиданы орыс әскери теңізшілері 1818-1821 жылдары Фаддей Фаддеевич Беллинсгаузен (1778-1852) мен Михаил Петрович Лазарев (1788-1856) басқарған «Восток» пен «Мирный» шлюптарымен Жерді айналудың екінші саяхаты кезінде ашқан.

Ф.Ф.Беллинсгаузен мен М.П Лазарев экспедициясы Антарктида жағалауына 1820 жылдың 16 қаңтарында жетіп, жағалаулық мұз шельфін зерттеген. Ф.Ф.Беллинсгаузен Антарктиданы «Мұзды материк» деп атаған.

Қос кеме Антарктидадан Австралияға бөлек жолмен барып, Сидней портында кездескен. Сиднейден шығып, экспедиция Тынық мұхитқа аттанған. Мұнда саяхатшылар Туамоту архипелагында беймәлім аралдар тобын ашып, оларға атақты Ресей әскери және мемлекет қайраткерлерінің атын берді. 1820 жылдың күзінде флотилия Сиднейге қайтып, одан тағы да Антарктида жағалауына, бірақ бұл жолы Батыс жартышарға бұрды.

Екі жыл ішінде 50000 миля жол жүріп, ауқымды географиялық, гидрографиялық, климаттық зерттеулерді өткізіп, экспедиция Кронштадтқа оралды. Зерттеушілер өзімен бірге ботаникалық, зоологиялық, этнографиялық коллекцияларды әкелді. Экспедиция нәтижелерін Ф.Ф.Беллинсгаузен өзінің «Двукратные изыскания в Южном Ледовитом океане и плавание вокруг света в продолжение 1819, 1820 и 1821 гг., совершенные на шлюпах «Восток» и «Мирный» кітабында жариялады.

Теңіз техникасының дамуы, ең алдымен, желкен кемелерінің орнына бу кемелерінің пайда болуы құрлықаралық саяхаттарды әлдеқайда жақсартты. Атлант мұхитын жүзіп өту уақыты бірнеше есе қысқарды: мысалы, Ливерпуль-Нью-Йорк жолы 1816 жылы 20-25 күнге, 1838 жылы 12 күнге, 1850 жылы 8 күн 177 сағатқа созылса, 1883 жылы 6 күн 18 сағат қана болған* [63].

Құрлықаралық теңіздік жолаушылар тасымалдауымен бірге, Еуропа теңіздері бойымен, әсіресе, Жерорта теңіз бен Ла-Манштағы саяхат жасаушылардың саны ұдайы өскен. Ла-Маншты кезушілердің арасында Франция мен континенттің басқа елдерінде демалуды қалайтын ағылшындардың саны басым болған. Осының нәтижесінде, XIX ғасырдың екінші жартысында, бұғаздың француз жағалауында бүгін де туристік функцияларды орындайтын көптеген шомылу орындары қалыптасты.

---

* Қазір бұл үшін үш күн жеткілікті.

Өткен ғасырдың жиырмасыншы, әсіресе, отызыншы жылдарында туристік карталарда автомобиль көлігінің кең таралуына байланысты көлемді өзгерістер пайда болды. Мысалы, 1938 жылы автомобильдер мен туристік автобустармен Швейцарияға 762,2 мың шетелдік турист келді, яғни шетелдіктер жалпы санының 47,8 %-ын құрады *.

Шетелдіктердің бұл тобы шетел туристеріне ұсынылатын түнеулердің тек 29,0 %-ын пайдаланған. Мұның себебі – осылардың көбі Швейцарияға бір немесе екі күнге келіп қайтқан. Дәл сол жылы Швейцарияға мотоциклмен, 13,7 мың шетелдік турист келген. Шетел туристердің жалпы санында бұлардың үлесі 1,7 % болған. Қалған шетелдіктер (50,5 %) Швейцарияға теміржолмен жеткен.

Автомобильді пайдалану туристердің кеңістік ауқымын үлкейтті, бұрын туристік қозғалыс шеңберінен тыс болған аумақтарға туристер енетін болды. Осындай құбылыстың әсерінен жаңа туристік орталықтар салынды. Жиі аталатын [19, 33, 74] мысал ретінде Савойяны айтсақ та жеткілікті. Ол XX ғасырдың отызыншы жылдары ғана автомобиль көлігінің дамуына байланысты, толығымен қалыптасқан туристік аймақ белгілеріне ие болған.

Автомобиль қатынастарының дамуы жол торабының кеңеюіне ықпал тигізді. Барлық дамыған елдерде жолдар жаңартылды және кеңейді. Автострада деп аталатын тек қана автокөлікке арналған жолдар салына бастады. Алғашқы автострадаларының бірі 1923 жылы солтүстік Италияда бой көтерді [70], ал олардың кең таралуы отызыншы жылдардың екінші жартысына келеді.

Біз қарастырып отырған кезеңде жүйелі әуе қатынастары көптеген елдерде жиырмасыншы-отызыншы жылдары аралығында пайда болғанымен, авиация туристік тасымалдауларда әзірше, маңызды орын алмаған**. Құрлықаралық байланыстарда туристік мақсаттағы әуе қатынастары 1939 жылы Pan American Airways Еуропаға туристердің алғашқы тобын жеткізгенде ғана басталды [42].

Ғылыми жұмыстарда туризмнің индустриалдық дәуірінің басталуын Т.Кук атымен байланыстырады. Ол 1841 жылы квакерлік мастықпен күрес қоғамы белсенділері үшін алғашқы ұжымдық теміржол сапарын ұйымдастырады. Яғни осыдан делдал ретінде турфирма ерекше рөл ойнайтын, ұйымдастырылған туризм басталды деп айтуға болады. Бұл саяхат аясындағы түпкі қопарылыс еді.

Кук іс-әрекетінің маңызын күшейтетін тағы бір жайт бар. Кук кеңсесінің орнығуымен туризм өзіне сәйкес өнімге ие болған шаруашылықтың дербес сферасы ретінде дүниеге келді. Т.Кук фирмасы туристік индустрия элементтерін (көлік, орналастыру, тамақтандыру, ойын-сауық кәсіпорындары) біріктіру жұмысын орындады. Оның фирмасы сапар маршрутын құрастыру,

---

* Шетелдіктер Швейцарияға келген көлік түрлері: жеңіл автомобильдер – 189,4 мың, туристік автобустар – 8,8 мың, мотоциклдер – 7,9 мың.

** Мысалы, 1929 жылы Англияда тіркелген 700 мың туристердің арасында әуе жолымен тек 25 мыңы ғана (3,5 %) келген.

жолда туристерді орналастыру, экскурсияларға билет сатудан бастап, банк операцияларын жүргізу мен шетел валютасын айырбастауға шейін, неше түрлі қызметтерді атқарған.

Тағы да айту керек, Т.Кук жұмыстың жаңа формларын ойлап тапты. Мысалы, көлік компанияларымен туристік топтарға билет сатқанда көтерме саудалық жеңілдіктерді жасау жөнінде келісімге тұрған. Кейін саяхат ұйымдастырудың осындай технологиялары туристік бизнесте классикалық ретінде қабылданған.

Саяхаттар бюросы туристік индустрияның маңызды элементіне айналды. Көптеген авторлардың [56, 63, 70] айтуынша, туризм тарихының өте маңызды мезеті 1841 жыл (5.07) болған: Лейстердегі жексенбілік мектептің мұғалімі ағылшын Томас Кук Мидлэнд округының теміржол компаниясын он сегіз шақырымдық Лейстер-Лафборо жолында арнайы мерекелік пойызды іске қосуына көндіріп, туризм кәсібін жаңа сатыға көтерді. Кук іс-әрекеті жұртты жылдан жылға қызықтыра берді. 1845 жылы ол өз клиенттері үшін Англияның алғашқы жолнамасын шығарды, ал 1851 жылы құрылған Куктың бюросы («Томас Кук пен баласы») Лондонда өткен Дүниежүзілік көрмеге (165 мың қатысушы), 1856 жылы – Швейцарияға, одан кейін Париждегі Дүниежүзілік көрмеге (400 мың қатысушы) ауқымды экскурсияларды ұйымдастырды.

1832 жылы Америка мен Еуропа арасында жүйелі пароход қатынасы ашылған, ал 1866 жылы Кук АҚШ-қа туристердің алғашқы екі тобын жөнелтеді. Турлар өте ұзақ болған, бес айға созылған. Томас Куктың атақты американ клиенттерінің арасында Марк Твенді  атау қажет. Ол құрамына 60 адам кірген топпен бірге саяхатта болып, кейін осы сапарын «Аңқаулар шетелде» кітабында суреттеген. Томас Кук 1872 жылы туристерге Жер айналатын саяхат ұсынды, сөйтіп, оны индустриалды негізге қойды. Алғашқы 20 саяхатшы Жерді 220 күнде айналып шықты. Өз кәсібін Лондон көрмелері мен континенталдық Еуропа бойынша топтық экскурсияларынан бастап, Томас Кук бюросы іс-әрекет ауқымын бірте-бірте кеңейтті: жаңа туристік нарықтарды игеріп, сапар санын әлдеқайда көтерді. Томас Кук Египетке, Палестинаға, тіпті, АҚШ-қа жүйелі туристік сапарларды ұйымдастыратын болды. Оның бюросы кең ауқымды іс-әрекетпен: экскурсанттарды орналастырумен, жолнамалар мен мерзімді туристік баспасөзбен, жарнамалық науқандармен, банк операциялары мен шетелдік валютаны айырбастаумен айналысқан. Томас Кук 1892 жылы дүниеден озды, оның ісін баласы мен серіктестері жалғастырды. Компания іс-әрекет көлемін әлдеқайда кеңейтті, енді бұл ірі қаржы институтына айналып, саяхатшылар үшін жол чектерін шығаратын болды. Осындай чектерді қауіпсіз ақша деп айтуға болады, бұл ғасырдың нағыз өнертабысы. Бүгінгі таңда «Томас

Кук» компаниясының әлемнің барлық елдерінде 12000 туристік агенттігі бар, олар жыл сайын 20 млн туристерге қызмет етеді.

Т.Кук бюросы туристке қызметтердің толық кешенін ұсынған. Туристер үшін қонақүйлер брондалған, әртүрлі жеңілдіктер жасалған, Палестинаға, Қырымға, Кавказға жаңа маршруттар әзірленген.

Кук компаниясының үздік жұмысы Англиядан басқа еуропалық мемлекеттер (1905 жылға қарай Куктың саяхаттар бюролары бүкіл Еуропада дерлік болған), Еуропадан тыс елдер (мысалы, 1870 жылы Ніл бойымен саяхат жасағандарға қызмет көрсету орындарын ашуға бюро Египет үкіметінен концессия алған) туристерін өзіне тартқан.

1876 жылы Англияда 1929 жылы Кук компаниясына қосылып кеткен Wagons Lits компаниясы және Фреймз бен Генри Ланн туристік бюролары ашылды.

XIX ғасырдың ортасында Т.Кук ерекше көңіл бөлген қоғамның орта жіктері тек XX ғасырдың басына қарай туристік қызметтердің негізгі тұтынушыларына айналды. Бұлар қаржы капиталының пайызына немесе құнды қағаз дивидендіне өмір сүрген рантье еді. Тікелей өндірістік-кәсіпкерлік іс-әрекетпен айналаспағандықтан, туристік сапарларға жеткілікті бос уақыт пен қаржылар бөлген. Демалыстың ең таңдаулы жерлері Еуропаның бальнеологиялық және теңіз маңы курорттары болған.

Бүгінгі таңда Томас Кук заманауи туризмнің негізін салушы, туризмнің бірінші менеджері мен маркетологы және саяхатшылардың ұйымдастырылған бұқаралық қозғалыстарының мәні мен табыстылығын ұққан алғашқы адам болып есептеледі.

Басқа елдерде ашылған саяхат бюролары көп жылдар бойы Кук компаниясының бюроларына бәсекелестік жасай алмаған. Германияда алғашқы саяхат бюролары Берлинде 1854 (К.Ризель) және 1863 жылы (С.Штанген) ашылды, олар көбінесе, Германия (Гамбург)-Америка теңіз жолында қызмет көрсетумен айналысқан [56]. 1987 жылы Римде Пиана Перукка фирмасының ықпалымен алғашқы итальян саяхат бюросы ашылды [70]. Құрама Штаттарында American Express тек 1918 жылы [70] XIX ғасырдың сексеніншi-тоқсаныншы жылдарында пайда болған ұсақ кәсіпорындарының [56] негізінде ұйымдастырылған. Барлық саяхат бюролары үшін теміржол және кеме компаниялары және дирекцияларымен ынтымақтастық жасау маңызы ерекше, ал өз жағынан, көлікшілер үшін саяхатшылардың олардың қызметін пайдалану кепілдігі осы ынтымақтастықты қолдау себебі болған.

Халықаралық, отандық, тіпті, аймақтық туризмінің дамуында, бұрын айтылғандай, индустриялану мен урбандану үрдістері маңызды рөл атқарды. Қалалардың қарқынды дамуы XIX ғасырдың басында басталып, осы күнге дейін жалғасуда, ал оның көрсеткіші – әлем халқы санының жалпы өсуінен әлдеқайда озып келе жатқан қала халқының артуы.

XIX ғасырдың басынан бастап XX ғасырдың бірінші жартысының соңына дейін әлем халқының саны 2,64 есе көбейсе, 5 мың тұрғыннан асатын

қалалардың халқы 26,3 есе өсті. 1800 жылы осындай қалаларда әлем халқының 7,1 %-ы, 1850 ж. – 13,0 %-ы, 1900 ж. – 28,3 %-ы, 1950 ж. – 63,8 %-ы тұрған [12].

XIX ғасырдың бастапқы жылдарында қаржы жағынан бай қала тұрғындары курорт салты бұдан бұрынғы ғасырда қалыптасқан сауықтыру орындарында демалуды қалаған. Ең белгілі курорттары Чехия, Рейн және Франция курорттары болған.

Курортшылардың келуі курорттардың экономикасындағы, бет-бейнесіндегі, кеңістік құрылымындағы өзгерістерді туғызған*. Көптеген курортты жерлерде тек қана қонақтарға қызмет көрсетуге арналған нысандар пайда бола бастаған. Әдетте, жақсы көркемделген, емдік құралдарымен жабдықталған, түнеу орындары, аспаздық азық базасы мен клубтық залдары бар курорттық үйлер ол кезде инвестицияларды салуға өте ұтымды болып табылған. Бірте-бірте курорттарда емделуге келген демалушыларға арналған сауықтыру орындары мен виллалар салынған, сонымен қатар, жергілікті тұрғындар қосымша бөлмелерді саяжайшылар мен басқа демалушыларға жалға беру үшін өз тұрғын үйлерін реттеп, қалпына келтіріп қажетті құрылыс жүргізген. Курорттық жерлерде бірнеше қабатты үйлер саны көбейген. Кейбір жерлерде келушілерге қызмет көрсетуге арналған құрылыстар әкімшілік шекараларынан тыс аумақтарға шығып кететін болды. Кейін мұндай жерді курорттар аумағына олардың бөлек кварталдары ретінде кіргізген. Көптеген онжылдықтар бойы тыйылмайтын «шипалы суларға сапар жасау» сәні судың жаңа көздерін іздестіруге, жаңа «ескі» көздердегі судың шипалық қасиеттерін анықтауға бағытталған геологиялық зерттеулерді ынталандырған. Жаңа су көздерінің жанында жаңа курорттық кенттер бой көтерген. Олар курортшыларға қызмет көрсетуде маңызды рөл атқарған [12].

Курорттардың дамуы ең алдымен, қала тұрғындардың үлкен жігіне демалыс мақсатымен қырға шығу мүмкіндігін берген теміржол қатынастарына байланысты болды. Ж.Бежо-Гарнье мен Ж.Шабо [12] қала тұрғындарының XIX ғасырда демалысқа бару қарқындылығын «көлік құралдарының демократиялануымен» байланыстырады. Бұрын басым болған ақсүйектер мен буржуазиядан басқа, табысы орташа саяжайшылар мен курортшылардың курорттарға келе бастауының нәтижесінде көптеген қарапайым қонақүйлері мен басқа туристік нысандар салынды. Яғни, туристік базалардың жіктелген стандарты қалыптасты. Қонақтардың келу қарқынының салдары болып табылатын туристік жабдықталу арқасында жаңа еңбек орындары пайда болды, ал жаңа инфрақұрылым курорттық кенттерге қалалық бейнесін келтірді. Оларға бірте-бірте қалалық құқықтар берілді.

Кейбір авторлардың баяндауынша [12], сауықтыру орындары оның маңында қалалық жұрттың шоғырлануы мен курорттық жердің қол жетерлігі жағдайында ғана қала болып кеткен. Мұндай құбылыс ең алдымен, Орталық және Батыс Еуропада орын тапқан. Қалалардың желісі нашар дамыған елдерде (мысалы, Оңтүстік Америкада), шипалы сулар емдік мақсатында кең пайдаланса да, бұған ұқсас үрдістер байқалмаған. Қала тұрғындарының үлесі

жоғары болса да, Құрама Штаттарында курорт жерлерінің қала болып кетуі сирек байқалған. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы

* Замандастар (олардың ішінде И.Г.Коль) курортты жерлерде мәдениет пен қоғамдық өзгерістеріндегі келушілердің рөлін ерекше белгілеген.

жылдарында бұрынғы курорттарының көбі өздерінің бір қалыпты тек емдеу ғана сипатын жоғалтып, көп функциялы курорттық жерлерге айналды. Сонымен қатар, мұндай үрдіс қала тұрғындарының рекреацияның басқа формаларын да қажет етуіне байланысты деген пікір бар [12]*. Демалыс қалалары (рекреациялық қалалар [12]) өте жоғары индустриалданған және урбанизацияланған елдерде пайда болды.

Бұл мезетте туристік жерлер картасында теңіз маңындағы шомылу орындарының функцияларын орындайтын жаңа кенттер пайда болды. Олар әсіресе 1850-1870 жылдары қарқынды дамыған. Ұзақ уақыт өтпей олар қала құқығына ие болды. Осындай теңіз маңындағы шомылу орындары динамикасының факторларына: а) жайлы табиғаты (климат, жағажай сипаты, теңізге жақын орналасуы, көрікті айналасы, мысалы, ормандар, көркем ландшафт); ә) коммуникациялық қол жетерлік; б) ірі қалалар шоғырланған жерде орналасуы** жатты.

Теңіз маңындағы елдерде әрбір ірі қаланың «өзінің», кейін уақыт өте қалаға айналатын жағажайлық шомылу жерлері болған. Мысал ретінде, бұрыннан Лондонның жағажайлық орны болып келетін қазір 200 мың тұрғыны бар Брайтон, Нью-Йорк тұрғындары үшін жағажайлық шомылу орны болған Атлантик-Сити, Бордо тұрғындары үшін Роайан мен Аркашон немесе Монпелье үшін Палавас қалаларын атауға болады [12]. Париж тұрғындарының келуі арқасында кейбір атлантикалық (мысалы, жаңа туристік функцияларын орындағандықтан треска аулау кәсібінің тоқырауына байланысты экономикалық дағдарыстан аман қалған ескі балықшылар порты Сабль-д'Олон) және Ла-Манш бұғазының жағажайлары (Девилл, Трувилл, Ле-Токе-ле-Пари-Пляж) дамыған. Ла-Манш маңының дамуында британдықтардың демалысқа XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап келуі маңызды рөл ойнаған.

Біз қарастырып отырған кезеңде қала тұрғындарының тауға саяхат жасауы теңіз курорттар мен жағажайларға баруымен салыстырсақ, сирек болған. Олардың саны ғасырлар қиылысында ғана өсе бастаған. Алайда, бастапқыда мұндай сапар жасау нәтижесінде қалалар пайда болған жоқ. Кейінірек, қысқы спортпен айналасатындардың саны көбейгенде, оларға сәйкесті құрылыстар мен жабдықтар қажет болды. Осыған орай, қысқы тау спорты орындарында кішігірім қалалар да қалыптасты [12].

* Ж.Бежо-Гарнье мен Ж.Шабо бойынша [12], «қалалардан қашу үшін қалаларды салу парадокс болып көрінеді. Жалғыз функциясы басқа қалалардан келген жұртты күту мақсатында қалалар салынуда».

** Дегенмен, кейбір жағдайларда теңіз шомылу орындарының дамуына алыстан келетін туристер себеп болған (мысалы, Майами).

Туристік келулердің өсуі кейбір жерлерде олардың демографиялық жағдайына да әсерін тигізді. Туристік станцияларда, курорттарда, жағажайларда тұрақты тұрғындардың саны өседі, ал туристік функциялардан құр қалған көршілес өңірлерде халық саны азаяды. Бұл құбылыс француз жерортатеңіздік жағалауында өте айқын байқалған. 1880-1905 жылдары қысқы маусым (қазаннан мамырға дейін) туризмінің өркендеу кезі болған. Мұнда бүкіл Еуропадан ақсүйектер мен буржуазия өкілдері мен американдықтар ағылған. Жылдан-жылға демалушылардың көбеюі белгілі демалыс орындарының дамуына ықпал жасады. Қонақүйлер, мейрамханалар, сауда мекемелері, ойын-сауық орындары, т.б. қызметкерлерді қажет еткен сайын жергілікті тұрғындардың саны да өсе берді [19], мысалы 1870 жылы Канны қаласында 10 мың тұрғын болса, 1914 жылы 30 мың [13], Монакода 1961 жылы 1200, 1913 жылы – 23 мың тұрған. Кейбір зерттеушілердің пікірі бойынша [19], тек осы дәуірде ғана туризм Көкшіл Жағаның демографиялық дамуының нағыз қозғаушы күші болған. Кейінгі жылдары бұл аумақта туризм ықпалы осындай айқын байқалмаған.

Осындай құбылыс Атлант мұхиты маңының курорттық жерлерінде де көрініс тапқан, мысалы, Биарицте халық саны 1851 жылғы 2048 тұрғыннан 1912 жылы нағыз қалыптасқан қала болғанында 18260-қа дейін өсті.

Альпінің шектелген коммуникациялық қол жетерлігі XIX-XX ғасырлардың қиылысында туристердің көбінесе, Берн мен Савой Альпінің (Монблан массиві) бауырайындағы бірлі-жарым альпілік орталықтарына ғана келуінің себебі болған. Туристік маусым мұнда ұзақ болмаған (әдетте, шілде-тамыз), туристердің саны аз болған. Осы себептен мұнда теміржолдарының желісі салынғанға дейін халық санының азаюы байқалған. Өз жерінде жұмыс таба алмай, тұрғындары жазықта орналасқан қалаларда еңбек орындарын іздеген. Сол сияқты, кейбір курорттарда демалыс функциялары олардың демографиялық дамуына үлкен әсер тигізбеген. Жалпы мұндай құбылыс туризммен бірге экономиканың басқа саласы дамымаған кезде байқалған (мысалы, Савойядағы Бриде-ле-Бенсте, курортшылардың келуіне қарамастан, халық саны азайған). Туристік қызметтермен бірге басқа да еңбек орындары бар жерлерде (ең болмағанда, минералдық су құйылатын цех) халық саны өскен (мысалы, Виши, Эвиан) [19].

Жаңадан пайда болған курорттық қалалар мен демалыс қалаларының кеңістік құрылымы күрделі келген. Бұрынғы ауылдық (таулы аймақтарда) немесе балықшы (жағалауда) кенттердің негізінде қалыптасатын елді

мекендердің көбі ескі орталығының айналасында дамып өскен. Осындай ескі «ядро» бұзылмаған, ал ғимараттарды туристерді қабылдауға лайық қылу олардың стандарттарын жоғарылату арқылы іске асырылған. «Ядроның» айналасында келушілерге қызмет көрсетуге арналған виллалар, пансиондар мен қонақүйлер салынған. Кейде ғана, келетін туристердің саны өте үлкен болса, бұрынғы тарихи «ядросы» жойылып, оның орнын жаңа құрылыстар алған (мысалы, Биариц) [12].

Қала тұрғындарының мерзімдік демалысқа немесе курорттарға баруымен бірге XIX ғасырдың екінші жартысында апта сайын болатын демалысқа (weekend) байланысты рекреацияның жаңа формасы дүниеге келді. Ол кездің өзінде қалалық буржуазияның үйлерінен онша алыс емес ауылды жерде орналасқан меншікті резиденциялары болған. Осындай объектілерде кейде каникул өткізген, бірақ олар ең алдымен, сенбі-жексенбі күндеріндегі демалысқа арналған [19, 33, 115]. XX ғасырдың басында осындай нысандардың саны тез өскен және иелерінің әлеуметтік ауқымының кеңеюіне байланысты, олардың көбі бұрынғыдан қарапайым бола бастаған. Францияда осындай объектілер, әсіресе, Альпі аймағында жиі кездескен [74]. Олар бүкіл әлемде кең тараған «екінші баспанаға» ие болу үрдісіне жол ашқан.

Дамып келе жатқан коммуникациялар желісі жеңілдеткен қала халқының демалыс мақсатындағы миграциялары туристік аумақтардың ландшафттары мен табиғи ортаны әлдеқайда өзгертті және олардың қасиеттеріне ыдырау қауіпін төндіретін болды. Туристер көпшілігінің келуі мен шоғырлануының кері салдарларына қарсылық жасау үшін ең алдымен, ландшафт көріктілігімен немесе жоғары туристік дәрежесімен туристерді ең көп тартатын аумақтарды қамтитын мемлекеттік немесе аймақтық қорғау шаралары қолдана бастады. Осындай шаралардың ішінде американдық Йеллоустон ұлттық саябағының ашылуын (1872), 1895 жылы Англияда құрылған Тарихы мен табиғаты қызықтыратын жерлерді қорғау қоғамының (The National Trust for Places of Historic or Natural Beauty)* іс-әрекетін немесе 1906 жылғы айнала ортасын, жерлерін және табиғи ескерткіштерін қорғау туралы француз заңын атап көрсетуге болады [94]. Тарихи және табиғи жағынан құнды болып табылатын аумақтарды қорғау қажеттілігін мойындаған мемлекеттердің саны өсуде. Шаруашылық іс-әрекеттерін шектеу, туристік қозғалыстарды ұйымдастырылған формалар арқылы жүргізу осындай аумақтарды бұрынғы қалпында, яғни болашақ ұрпаққа сақтап қалу кепілі тұғын.

Көбінесе, қалалар мен өнеркәсіп аудандарының тұрғындары қатысатын туристік қозғалыстың өсуіне жұмыстан бос уақытының бірте-бірте көбеюі өзінің ықпалын тигізді. Бұл ересектердің де, кәмелетке толмағандардың да жұмыс уақытын қысқартқан әлеуметтік заңнаманың жетілдірілуі нәтижесі болған. XIX ғасырдың басында өнеркәсіп жұмысшылары жексенбілеріне қоса, күніне 14-16 сағат жұмыс істеуге міндетті болған. Жұмыскерлік және кәсіподақ ұйымдары іс-әрекетінің нәтижесінде көптеген елдерде күндегі және аптадағы жұмыс уақытын қысқартатын үкімет заңдары қабылданған. Осындай ең алғашқы заңдар әуелі Англияда (1833, 1844, 1848 жылдарының заңдары), одан

кейін Францияда (1848, 1898 жылдары), Германияда және Құрама Штаттарында қабылданған. Жалпы, экономикалық жақсы дамыған елдерде орташа есептегі жұмыс уақыты 1850 жылдан 1950 жылға дейінгі кезеңде

---

* В.Шафер. «История охраны природы в Польше и в других странах» [В:] «Охрана природной среды человека», Варшава, 1973.

аптасындағы 80-90 сағаттан 40-48 сағатқа дейін қысқарды*. Бірінші дүниежүзілік соғыстың алдында сегіз сағаттық жұмыс күні экономиканың кейбір салаларында Құрама Штаттарында, Ұлыбритания мен Германияда енгізілді, ал соғыстан кейін барлық мемлекеттерде қабылданды деп айтуға болады.

І дүниежүзілік соғыс басталмай-ақ жұмыскерлерге ақысы төленген кезекті демалыс берілуінің кепілі жөнінде әңгіме қозғалған. Алдында кейбір санаулы кәсіпорындарда осындай демалыс берілетін. Өз қызметкерлеріне он күндік ақысы төленген демалысты 1900 жылдан бастап, ең алғашқы берген француз Compagnie du Métro de Paris кәсіпорыны болған. Жұмыскерлердің көпшілігіне ақылы демалысты қамтамасыз етуге бағытталған мемлекет ауқымындағы заңнамалық іс-әрекет 1905 жылдан кейін ғана басталған [19].

Екі дүниежүзілік соғыс аралығындағы кезеңде көптеген елдердің еңбек заңнамалары қызметкерлердің ақылы демалыстарын есепке алған. Демалыс пен рекреация үшін құқықтық актілердегі басқа да қаулылар (әлеуметтік қамтамасыздандыру, зейнеткерлік жас мөлшері, т.б. жөнінде) маңызды болды.

Күннен күнге күшейіп келе жатқан туристік қозғалыс және оған байланысты әлеуметтік-экономикалық мәселелердің пайда болуы бұл салада тиімді саясат жүргізуге мүмкіндік беретін ұйымдастырушылық формаларды қалыптастыруға итермеледі. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап туристік қоғамдар мен ұйымдар қалыптасуда және іс-әрекет сипатына байланысты олар жергілікті, аймақтық немесе жалпыұлттық көлемде ісін атқарады.

Алғашқы болып тау туризмімен айналысқандарды біріктіретін ұйымдар: British Alpine Club (1857 ж.), «Өз еліңді танып біл» атты норвег ұйымы (1861 ж.)**, Osterreichisher Alpenverein (1862), Schweizer Alpen Club және Club Alpino Italiano (1863), Deutcher Alpenverein (1869 ж.), Галициялық Татры ұйымы мен Magyaroszági Karpategyesület (Ungarischer Karpathenverein) (1873), Club Alpin Français (1874 ж.) бірінен кейін бірі дүниеге келді.

Осы ұйымдар мен соңынан қалыптасқан мекемелер насихаттау, ұйым мүшелері үшін әртүрлі шараларды ұйымдастыру мен қызмет көрсету, ең алдымен түнеуге орналастыру мәселелерімен айналысқан. Бұл ұйымдардың өз меншікті объектілері, мысалы, туристік базалары, демалыс орындары, күркелері т.б. болған. Оларға апаратын арнайы жолдар салынған [66].

Осындай қоғамдық ұйымдармен қоса іс-әрекеті туризмнің шаруашылық функцияларымен байланысты қоғамдар орнады. Кейбіреулері салалық, ең алдымен қонақүйлік сипатқа ие болған. Осындай қонақүй иелерін біріктіретін

ұйымдардың алғашқылары Швейцария (1882 ж.) мен Австрияда (1886 ж.) ашылды.

Алайда, туризмді экономикалық белсендірілу элементі ретінде түсінетін ұйымдардың іс-әрекеті бұлардан әлдеқайда ауқымды келген. Алғашқыда

* Жұмыстың жалпы уақыты XX ғасырдың басындағы 3900 сағаттан қазіргі 1600-1700 сағатқа дейін қысқарды.

**Р.Лазарек бойынша [66, 236-бет].

жергілікті танылған осындай ұйымдар уақыт өте өз әрекетін аймаққа, кейін бүкіл ел аумағына таратқан*. Осындай бірлестіктердің басты міндеттері белгілі аймақтар мен жерлер туралы ақпарат беру мен осы жерлерге демалуға шақыру, туристік құндылықтарды қорғау, демалысты ұйымдастыру, т.б. болған. Алғашқы бірлестіктер Швейцарияда ұйымдастырылған (1871 мен 1872 жылдары) [66]. Францияда осындай бірлестік 1889 жылы Гренобль қаласында қалыптасқан (Syndicat d'initiative) [19]. XIX ғасырдың сексенінші жылдарында осындай бірлестіктер Австрияда (1884 ж.), Финляндияда (1887 ж.), Данияда (1888 ж.) және Югославияда (1990 ж.), ал XX ғасырдың басында Еуропаның басқа елдерінде пайда болды. Сөйтіп, 1900 жылы Еуропада 71, ал соғыстар аралығында жүздеген осындай бірлестік өз жұмысын жолға қойған**. Еуропадан тыс елдерде осындай ұйымдар туризм дамуында, әсіресе, бұл салаға мемлекеттік органдар терең кіріспеген кезде, өте маңызды рөл атқарған.

Мемлекет билігі туризм (көбінесе, шетелдік туризм) мәселелерімен тек XX ғасырдың басында ғана айналыса бастады. Басқа елдерден бұрын бұл іске Жаңа Зеландия мемлекеті кірісті: мұнда 1901 жылы Қоғамдық жұмыстар министрлігінің жанында туризм бойынша, алғашқы мемлекеттік орган ұйымдастырылған. 1910 жылы Францияда Қоғамдық жұмыстар министрлігінің жанында Жалпыұлттық туристік басқарма (Office National de Tourisme), ал 1911 жылы Испанияда Туризмнің Корольдық комиссариаты ұйымдастырылды. Кейін осындай мемлекеттік мекемелер I дүниежүзілік соғысқа дейін Португалия, Швейцария мен Голландияда пайда болды, ал екі соғыс арасында олар ерекше дамыған. Дәл осы кезеңде Еуропа және Еуропадан тыс елдерінде туризм бойынша 30 мемлекеттік органдары тіркелген [66]. Халықаралық туризмнің XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қарқынды дамуы тұлғалардың қозғалысы ережелерінің ырықтандырылуына, жеңілдетілінуіне байланысты болған. Елге кіргенде шетелдік паспортқа ие болу міндеттілігін жоятын алғашқы заң акты – 1862 жылы 17 желтоқсанда қабылданған испан декреті болған. Неміс жерінде мұндай заң 1867 жылдан бастап қолданылады. Осындай қаулылар басқа да Еуропа мен әлем елдерінде қабылданды. I дүниежүзілік соғыстан кейін паспорттық және визалық режимның енгізілуіне байланысты, жүріп-тұру жағдайы қиындап кетті. Осындай қатаң визалық режим, Ұлттар Лигасының көптеген ұсыныстарына қарамастан, отызыншы жылдар соңына дейін сақтала берді.

Туризм жөнінде толық статистикалық материалдарының болмауынан, 1939 жылға дейінгі туризмнің кеңістіктіктегі орналасуын егжейлі-тегжейлі түрде талдау мүмкін емес.

Қолдағы деректамаларға [63] сүйенсек, І дүниежүзілік соғыстың алдында Норвегияға 46 мың (1912 ж.), Францияға 300 мың шетелдік турист (1913 ж.)

* Бұл қоғамдардың атаулары әртүрлі болған: даму бірлестіктері, туристік насихат қоғамдары, жерді көркемдеу қоғамдары, инициатива синдикаттары, курорттық комиссиялар және т.б.

** 1937 жылы олар 39 елде жұмыс істеген [66].

келіпті. Осы дәуірде Швейцарияға (онда 1912 жылы қонақүй объектілерінде 168625 төсек орны болған) да жүздеген мың шетелдік турист келіп жүрген*. Экономикасы нашар дамыған және тұрмыс деңгейі төмен елдерде буржуазияның шамалы ғана жіктері жергілікті және шетелдік туризммен айналысқан. Мұндай елдерде туристік қозғалысы да, туристік базасы да өте нашар күйде қалған. Мысалы, патшалық Ресейде** 1913 жылы 60 санаторийлерде [1] 3-ақ мың орын және өте қарапайым қонақүйлердің желісі болған***. Қара теңіз ауданында бай ресейліктердің меншігіндегі біршама жайлы вилла орналасқан.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлем туризмі «демократияланды» [53, 63], яғни ол екі соғыс арасындағы кезеңде көпшілік, бұқаралық сипатқа ие болды. Туристік қозғалыстың ең жоғары қарқындылығы 1929 жылы байқалды. Туристердің белсенділігіне отызыншы жылдардың басында болған экономикалық дағдарыс өзінің кері әсерін тигізді. Дағдарыстың салдары әсіресе, Австрияның туристік аясында орын алды: 1928 жылмен салыстырғанда, 1934 жылы бұл елге келген туристер саны 70 % төмендеді. Францияға 1933 жылы 1929 жылдан 50 %-дан аз шетел туристі келді. Швейцария (1928-1932 жылдары шетел туристерінің саны 32 %-ға азайды азайды), Италия (1928-1931 жылдары төмендеуі 36 %) мен Югославияда экономикалық дағдарыстың әсері төмен болды деп айтуға болады. Дағдарыстан кейінгі жылдары туристердің саны едәуір өссе де, жиырмасыншы жылдардың соңындағы көрсеткішке жете алмады. Гитлершіл Германия, Италия мен Жапония туғызған саяси тұрақсыздық та халықаралық туризм ахуалына өзінің кері әсерін тигізді.

Шетелдік туризмнің дамуы туристік базаның қалыптасуына өзінің әсерін тигізеді. 1924 жылы Италияда 234056 түнеу орны бар (көбінесе, төменгі дәрежедегі объектілердегі) төсек саны бестен асатын 9806 қонақүй тіркелген. Сонымен қатар, төсек саны беске жетпейтін 17269 шағын қонақүйлерде, 1492 маусымдық шағын қонақ үйлердегі 45952 жалға берілетін бөлмелерде (60430 төсек-орын) туристік қызмет көрсетілген [21]. Швейцарияда шетел туристері үшін 1929 жылы 202154 түнеу орны бар 7606 қонақүй, 1939 жылы 195641 төсек-орынды 7371 қонақүй болған. 1936 жылы Австрияда 366,7 мың төсек-орны бар 10833 қонақүй істеген. Америка Құрама Штаттарында үлкен қонақүйлердің саны жоғары болған (300 номерден асатын қонақ үйлер –

*Салыстыру үшін: 1880 жылы – 58137 төсек орны, 1884 жылы – 88634 төсек орны [14].

**Ең ескі ресей курорттары – Кавказ Минералдық Сулары (1803 ж.), Кисловодск (1820 ж.), Сергеев Минералдық Сулары (1833 ж.), Ессентуки (XIX ғасырдың 30-шы жылдарының соңы). Бұл сауықтыру орындары тек Ресей жұртына ғана қызмет көрсетті деп айтсақ та болады [2].

***1913 жылы ресей курорттарындағы демалушылардың арасында 41,9 % помещиктер, 23,8 % буржуа, 23,8 % шенеуніктер мен 10,5 % әскери қызметкерлері болған [4].

қонақүй объектілерінің жалпы санының 1,8 %-ын, 100-300 номерлі – 8,4 %-ын, 50-100 номері бар – 15,4 %-ын құраған).

Туристік құбылыс ұзақ тарихы бар салтқа айналған елдермен бірге, шетел туристері басқа мемлекеттерге де келе бастаған. Еуропада бұл жағынан отызыншы жылдарда Еуропа мен әлемнің ең маңызды туристік аймағына айналған Скандинавия түбегін атап айтқанымыз жөн болар. Норвегия (1938 жылы 269 мың шетел туристі) мен Швеция (1936 жылы 203,3 мың) алдыңғы қатарда болса, Финляндия сәл артта қалған (87,8 мың). Осы аймақтың шетелдік туризмінде Скандинавияның бөлек елдері арасындағы ішкі миграциялары маңызды орын алған (45 % жақын).

Отызыншы жылдары халықаралық туризмде Грецияның маңызы арта түсті. 1926 жылы мұнда 27,6 мың шетел туристері келсе, 1937 жылы 145,4 мың турист тіркелген. Еуропаның басқа елдерінің ішінде Венгрияны атау қажет. Туристер көпшілігі Будапешт (1927 жылы 94,9 мың, 1937 жылы 182,7 мың турист) пен Балатон маңына барған.

Азияда туристік келулердің ең үлкен саны Жапонияда тіркелген (1935 жылы 675,3 мың). Алайда, Жапонияда сәл ұзақ мерзім (2 аптадан 3 айға дейін) туристердің 6,4 %-ы ғана уақытын өткізген. Ал келушілердің ең үлкен жігі (74 %) қысқа уақытқа Жапон порттарында аялдамалап, ол кезде экскурсияға қатысқан жолаушылар болған. Азияның басқа аймақтарынан бұрынғы Голландиялық Үндістанды (қазіргі Индонезия) атап айту керек. Мұнда 1934 жылы 88,2 мың, 1936 жылы 103,2 мың турист келген.

Басқа құрлықтар туралы айтсақ, шетелдік туристердің келуі Тунисте, Мароккода, Алжирде, Аргентинада, Бразилияда, Мексикада, Америка Құрама Штаттарында, Канада мен Австралияда тіркелген. Сол кездің өзінде Гавай аралдары толық қалыптасқан туристік аймақ болған: мұнда 1939 жылы 25 мыңға жуық туристерді қабылдаған.

Еуропадағы туристік миграцияларға қатысушылардың арасында немістер, ағылшындар мен американдықтар басым, ал кейбір елдерге көршілес мемлекеттерден келген туристердің саны ойдағыдай үлкен. Мысалы, 1939 жылы Австрияға келген 998,3 мың шетел туристердің ішінде 23,6 % чехтер мен словактар, 15,1 % немістер, 10,7 % венгрлер болды, ал одан кейін тұрған ағылшындардың үлесі 9,1 % құрады. 1937 жылы Чехословакияда 549,8 мың тіркелген шетелдіктердің арасында – 32,5 % немістер мен 23,2 % австриялықтар. Швецияға Скандинавиядан тыс жерлерден келген туристердің

ішінде (1936 жылы 106,5 мың адам) 40,6 % Германиядан, 18,0 % Англиядан және 14,6% Құрама Штаттарынан келген туристер. 1937 жылы Францияға келген 900 мың шетел туристердің ішінде ағылшындар мен американдықтардың саны әлдеқайда басым болған. Туристердің Азия елдеріне келу құрылымы сәл басқаша еді. Жапонияға келген шетел туристердің арасында қытайлар (45 %), тек олардан кейін американдықтар (28 %) мен ағылшындар (22, 5 %) көп болыпты. Бұрынғы Голландиялық Үндістанда (Индонезияда) қытай туристерінің үлесі 68,6 %, ал голландықтардікі тек 17,9 % құраған.

Шетелдік туризммен бірге көптеген елдерде жергілікті, ішкі туризм де дами бастаған. Тиісті статистикалық материалдар болмаса да*, қолдағы деректерге сүйенсек, туристік қозғалыс балансында жергілікті туризмнің басымдылығы көзге түседі, мысалы, 1937 жылы Чехословакияда тіркелген 4,3 млн туристердің арасында 0,5 млн ғана (12,6 %) шетелдіктер болыпты. Тек Венгриядағы статистика өзгеше болған: 1927 жылы Будапештке келген туристердің арасында (туристердің жалпы саны 260,9 мың) шетел туристердің үлесі 36,4 % құрады. Алайда, 1936 жылы (туристердің жалпы саны 259,8 мың) шетелдіктер саны 52,3 %, ал 1937 жылы (туристердің жалпы саны 278,9 мың) 65,5 %-ға жеткен.

Венгрияда ғана шетел туристерінің түнеу саны басым болған, басқа елдерде жергілікті туристердің түнеу саны арта түскен. Дегенмен, кейбір елдерде түнеуге тоқтаған шетелдік туристердің саны жоғары болған (әсіресе, Швейцария, Австрия, Югославияда).

Азамат соғысы мен Ұлы Отан соғысы аралығында Кеңес Одағы азаматтарының туризм мен демалысы қарқынды даму көрсеткіштеріне ие болған**. Бұл үрдіс сегіз сағаттық жұмыс күні***, ақылы демалыс пен денсаулық сақтау жөніндегі 1919 жылдың наурыз айында шыққан В.И.Ленин декреттерінен басталды [1, 2, 90]. Денсаулық сақтау туралы декретпен қатар мемлекеттік курорттар желісі туралы декрет (20.03.1919 ж.) және оны толықтырған демалыс үйлері туралы декрет (13.05.1921 ж.) қабылданды [1, 2]. Аталған заң актілері курорттық аумақтардың дамуына өз үлесін қосты (1919 жылы КСРО-да 4999 түнеу орынды 5 курорт, ал 1920 жылы 48433 төсек-орны бар 22 курорт қызмет көрсеткен). 1921 жылы курорттарда 65515 төсек-орын тіркелді [2], ал санаторлық база қазірге дейін қоғамдандырылған түнеу базасының құрылымында ең үлкен орын алады. 1939 жылы қоғамдандырылған нысандарда 453 мың түнеу орны, оның 53 %-ы (240 мың) санаторийлерде, 43 %-ы (195 мың) демалыс үйлер мен пансиондарда, 4 %-ы (18 мың) туристік базалар мен альпинистік лагерлерде тіркелді. Санаторийлердің саны 1913 жылдағы 60-тан 1939 жылы 1840-қа дейін өсті [2, 9]. Балалардың таңдаулы демалыс орындарының ішінде пионер лагерлері болған, біріншісі – Бүкілодақтық Артек пионер лагері – 1925 жылы ашылды. Демалушылардың ең көп келетін туристік аймағы Қырым болған. 1928 жылы Қырым курорттарында 110 мың демалушы тіркелді, оның ішінде 81,8 %-ы санаторийлер мен қонақүйлерге келген, 18,2 %-ы ғана меншікті пәтерлерді жалдаған. 1938 жылы

*Ресми туристік статистика тек отызыншы жылдары енгізіле бастады.

**Бұл дәуірде КСРО-ға келген шетел туристерінің саны шамалы болған (1929-1938 жылдары 100 мыңға жуық шетелдіктер тіркелген) [3].

***1913 жылы Ресейде жұмыс уақыты аптасына 58,5 сағат, яғни күніне 9,8 сағат болған.

Қырымның сауықтыру орындарына келген туристер саны екі есе артты (270 мыңға жуық*) [1]. Отызыншы жылдарда Кеңес Одағында курорттық аймақтарды дамыту бойынша жоспарлау, оның ішінде: Қырымның оңтүстік жағалауын (1932 -1935 ж.), Сочи-Мацеста аймағын (1933-1936 ж.), Кавказдың Минералды Сулар орындары тобын (1936 ж.) игеру жоспарларын жобалау жұмыстары басталды. Жаңа курорттардың жобалары әзірленді, осындай жобалардың көбі 1923 жылы ашылған Орталық курортология мен физиотерапия ғылыми-зерттеу институтында жасақталды**.

Қорыта келе, XX ғасырдың басы бұқаралық туризмнің қалыптасу кезеңі деп айтуға болады. Бұл үрдіс әсіресе, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін ынталандырылды. Туризм тарихшылары бұл кезеңді бұқаралық және әлеуметтік туризмнің пайда болуымен үйлестіреді. Халықтың үлкен жігі туризммен айналысатын, болмаса туризммен айналасуға мүмкіндігі бар елдердегі туризмді *бұқаралық туризм* деп атай аламыз. Бұл жағдайда өздерінің қаражаттарына орай туризмнің ең арзан түрлерін таңдайтын байлығы орташа халық топтары туризм құбылысына қатысады. *Әлеуметтік туризм* дегеніміз – қаражаты шектелген адамдар үшін мемлекеттік не басқа бюджет көздері қаржыландыратын саяхаттар. Әлеуметтік (қаржыландырылатын) туризм жүйесі Германия, Франция, Швейцария мен КСРО елдерінде аздаған өз ерекшеліктерін сақтап жүзеге асырылды.

Туризм түрлері мен формаларының саны да көбейе берді. Демалыс пен ойын-сауыққа, емделуге, танымдық мақсатында, көрмелер мен жәрмеңкелерге қатысу тұрғысында сапар шегу кең тараған құбылысқа айналды. Көліктің жаңа түрі – автомобильдің пайда болуына байланысты, 1920 жылдардан бастап, алдымен АҚШ-та, кейінірек Еуропада дербес саяхаттардың қызықты түрі – «хитч-хайтинг» (бізге ол «автостоп» атауында танымал) пайда болды.

Тағы бір жайт – кейбір Батыс елдерінде мемлекеттік туризм басқару органдары мен үкіметтік емес коммерциялық және қоғамдық туристік ұйымдар қалыптасты. Көптеген себептер, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық факторлар, туристік сұраныстың түпкі өзгерістеріне әкеліп соқты. XIX ғасырдың ақсүйектер (аристократиялық) туризмінің орнын демократиялық, бұқаралық туризм басты.

*Соғыс аралығында Кеңес Одағындағы туристік қозғалыс жөніндегі деректер жоқ. Отызыншы жылдары одақтық туристік миграцияларда 2 миллиондай адам қатысты деп тұжырымдалады.

**Л.Г.Дзиско, Е.А.Знаменская, Н.А.Шкляев «Курортное строительство в СССР» (Градостроительные проблемы). – М., 1975.

### *Қайталау сұрақтары*

1. *Аристократиялық (ақсүйектер) туризмі мен бұқаралық туризмнің айырмашылығы неде?*
2. *XIX ғасыр мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы туризм дамуының ең маңызды факторларын атап, оларға сипаттама беріңіз.*
3. *Алғашқы темір жол қашан және қай жерде салынды? Темір жолдарының туризм дамуына тигізген әсері жөнінде айтып беріңіз.*
4. *Ең бірінші автострада қашан және қай жерде пайда болды? Автомобиль жолдарының туризм дамуына тигізген әсері жөнінде айтып беріңіз.*
5. *Кім және нешінші жылы туристерді авиакөлікпен тасымалдауын ұйымдастырды? Авиацияның туризм дамуындағы маңызы қандай?*
6. *Томас Куктың қандай әрекетімен аты шыққан? Т.Кук немен айналысқан?*
7. *Марк Твен қандай туристік сапарға қатысқан және ол туралы қандай кітабында жазған?*
8. *Курорттар қай мезетте және қай себептен көп функционалды туристік жерлерге айналып кетеді?*
9. *Курорттық қалалардың кеңістіктегі құрылымы қандай болған?*
10. *Қашан, қай жерде және қандай мақсатта әлемдегі алғашқы ұлттық саябақ ашылды?*
11. *Алғашқы туристік ұйымдардың іс-әрекеті жөнінде айтып беріңіз. Бірнешеуін атап шығыңыз.*
12. *Алғашқы мемлекеттік туристік ұйымдар қай жерде пайда болды? Оларды атап шығыңыз.*
13. *Әлемдік туризмнің I дүниежүзілік соғыстан кейінгі «демократиялануының» мәні неде?*
14. *XX ғасырдың бірінші жартысындағы халықаралық туризмнің дамуына сипаттама беріңіз.*

*15. КСРО Курортология институты қай жылы ашылған? Мұнда қандай жобалар әзірленді?*
*16. Бұқаралық және әлеуметтік туризм деген не?*
*17. «Хитч-хайтинг» деген не?*

## 1.6. Қазіргі кезең

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанда туризмнің даму болашағы екіталай болған еді. Бұл дәуірде соғыс кезінде зардап шеккен елдерде, әсіресе, Европада, мемлекеттік және шаруашылық органдары экономиканы қалпына келтіру мен жаңғырту мәселелерімен тығыз айналысқан-ды. Экономикалық қиыншылықтар шетелдіктердің келуі мен өз азаматтарының елден тыс шығуына шектеу салынуының себебі болды. Сонымен қатар күрделі саяси жағдай, әсіресе, капиталистік елдер мен социалистік лагерь арасындағы қақтығыстар мен араздық, әрине, шетелдік туризм дамуын қатты тежеді. Дегенмен, бұған қарамастан, қырқыншы жылдардың соңында халықаралық туризм жаңадан сергіп, жанданады. 1948 жылы 30 млн турист* тіркелген, оның ішінде 10 миллионы Европадан.

Қазіргі мағынадағы туризм XIX ғасырдың соңында пайда болып қалыптасса, оның нағыз қарқынды дамуына техниканың, технологияның, қоғамдық қатынастардың өркендеген кезі – XX ғасырдың екінші жартысында ғана кең жол ашылып, туризм «XX ғасыр феномені» деген мәртебелі атаққа ие болды.

Құбылыстың кеңею мен өркендеу кезеңі 50-жылдарында басталған. Бұл кезең әлем шаруашылығының жаңа дәуіріне – «интеграциялық толқын» дәуіріне сәйкес келеді. Осындай жаһандану үрдісі барлық елдерде тарады. Оның шешуші факторы – жаңа өнеркәсіп революциясы еді.

Халықаралық туризмде туристік ағымдар жаһандық ауқымда өріс алып, алғашқы шекаралық өндірістік құрылымдар пайда болды. Халықаралық туризмнің қоғамның экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуына, халықаралық ынтымақтастыққа қосатын үлесі ұлғайды. Туризмнің біртұтас әлемдік нарығы қалыптасты. Халықаралық туризм есейіп жетілген формаларына ие болды деп айтуға болады.

1950 жыл соғыстан кейінгі халықаралық туризм дамуының шешуші кезеңі деп есептеледі. Содан бері туристік миграциялардың өсуімен бірге, арнайы туристік мемлекеттердің саны көбейді: 1949 жылы 50 жақын, 1950 жылы – 60, 1960 жылы – 80, 1965 жылы – 100, 1970 жылы – 115**. 1955 жыл шамасында халықаралық туризм нарығына кейбір социалистік елдер кірді, ал 1960 жылы осы елдердің барлығы халықаралық туристік қозғалыс статистикасына енді. Дәл осы кезде туристік картада жаңа елдер, әсіресе, Африка, Азия мен Мұхит аралдары елдерінің біршамасы орын тапты. 1960 жыл «Африка жылы» деп аталғаны кездейсоқ оқиға емес.

1960 жылдан кейін әлемдік туризм одан әры қарқынды дамыды. Бір жағынан, мұның себебі халықтың табыстарының өсуі, сонымен қатар, туристер алмасуы жөніндегі халықаралық келісімдерді жасау мен, әсіресе, паспорттық-визалық рәсімдердің жеңілдеуі арқылы жасанды саяси тосқауылдарды жою болды. Көптеген жағдайларда туристік ұсынысты қалыптастыру аясындағы үкіметтік және шаруашылық органдарының арнаулы іс-әрекеті де өз ықпалын тигізді.

---

*АҚШ пен Канада арасындағы туристер алмасуымен бірге.

**Бүкіл соғыстан кейінгі кезеңде шетелдік туристерді қабылдаған елдердің ішінде шамамен 30 елдің үлесі ерекше болған (1950 жылы барлық туристердің 50 %-ы, келесі жылдары 30 %-ы).

Халықаралық туризмінің дамуымен бірге ұлттық туризм де қайта өркендеп, өте ауқымды көлемге жайылды.

1960-1970 жылдары туристік миграцияларының өсуіне туризмнің бұрын оқтын-оқтын ғана пайда болып жүрген формаларының дамуы әсер еткені сөзсіз. Ең алдымен, қысқы туризмді (1960 жылдан бері шаңғы туризмімен шұғылданатын адамдар саны жылына орташа есеппен 15 %-ға өскен), конгрестер мен съездерге (конгрестік туризм) және халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелерге, спорттық жарыстарға, фестивальдарға іссапар жасауды атап айту керек. Туристік қозғалыс құрылымында әртүрлі тарихи нысандар мен кешендерге бағытталған өлкетанулық миграциялардың және апта соңындағы (уик-энд) демалыс сапарларының рөлі күннен-күнге өсті.

Туристік миграциялардың өсуіне байланысты жаңа аумақтарды жабдықтау қажеттілігі пайда болды, олар ұзақ уақыт өтпей туристердің шоғырлану аудандарына айналды. Мысал ретінде, Францияның Лангедок-Руссильон жағалауын, Испанияның Коста-Бравасын, Югославияның Адриатика жағалауын, социалистік елдердің Қара теңіз жағалауларын келтіруге болады. Таулы аймақтарда туристердің ең көп келуі альпілік елдердің қысқы спорт базаларында, Жартасты тауларда (АҚШ), социалистік елдерде – Кавказ бен Карпат тауларында байқалды.

Туристерді қабылдау аясында алдыңғы қатарда тұрған Еуропа елдерімен, АҚШ пен Канадамен бірге дамушы елдердің де маңызы жоғарылады, бұл Үшінші Әлемде шетелдік туризм басым болды.

ХХ ғасырда халықаралық туризм есею жасына келіп, ұйымдастырылған және бұқаралық сипатқа көшті. Қазіргі таңда туризм әлемнің жалпы өнімінің 10 %-ын құрап, 250 млн. яғни 1/10 жұмыс орнын береді. Халықаралық туризмге әлем экспортының 6 %-ы, инвестициялардың 7 %-ы және әлемдік қызмет көрсету көлемінің үштен бірі келеді. Халықаралық жиналыстарда туризм адам іс-әрекетінің өте маңызды түрі, ұлттар мен халықаралық қоғамдастық өмірінің мызғымас бөлігі екеніне баса ден қойылады. Бұл – ірі бизнес, үлкен ақша және жаһандық деңгейдегі саясат.

Туризм көлік пен байланыс, сауда, құрылыс, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және шаруашылықтың басқа да маңызды салаларына* өте үлкен әсер тигізіп, әлеуметтік-экономикалық даму катализаторы болып отыр.

Әлемде халықаралық туристік сапарларға жұмсалатын қаржының 60 %-ы Еуропа елдеріне түседі. Америка құрлығының тұрғындарына 25 %, Шығыс Азия мен Тынық мұхит аймағының дамыған елдеріне 14 % келеді. АҚШ, Германия, Жапония, Ұлыбритания, Франция, Италия мен Канада азаматтары басқа елдерге саяхат жасайтын туристер шығындарының 67 %-ын жұмсайды, ал осылардың ішіндегі АҚШ, Германия мен Жапония тұрғындарына 45 % келеді**.

---

*Белгілі Ресей туризмологы И.В.Зорин қазіргі туризм «халық шаруашылығының барлық салаларына салмақ түсіреді» деп есептейді.

**Никитинский Е.С. Этапы становления и современное состояние туристской индустрии Республики Казахстан. – Астана, 2008. – С.7.

Бүгінгі таңда халықаралық туризм бұрынғы тұйық қоғамдарды еларалық қатынастар салт болып кеткен ашық әмбебап қоғамдарға айналдыруда. Мұндай құбылыс адамдардың қатынас құру мен мәдениет алмасу қажеттілігін қанағаттандырады. Туризм қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуының ең маңызды феномендерінің бірі (мүмкін, тіпті, ең маңыздысы) болғаны даусыз.

Бүкіл әлемді аралап жүрген саны көбейіп келе жатқан туристерге туризммен іргелес көптеген салалардың мамандары қызмет көрсетуде. Бұл салалар туризм индустриясы мен инфрақұрылымын қалыптастырады. Мультипликатив (көбейту) эффектін есепке алмағанның өзінде, туризм саласында туристерге олардан әлдеқайда көп қызметшілер қызмет көрсетеді, яғни туризм өте үлкен көлемде жұртты жұмыспен қамтамасыз етеді. Бұл құбылыс – туристік іс-әрекеттің қоғамға әкелетін пайдасының ең бірінщі көрсеткіші.

Постиндустриялық елдердегі туризмнің даму деңгейін мынадай мысалдар көрсетеді. АҚШ-та әр тұрғынына Ресеймен салыстырсақ, екі есе көп туристер келеді, ал туристік қызмет көрсету бағалары шамамен бірдей (!) болса да, бұл саланың АҚШ-тағы табыстылығы Ресейден бес есе артық.

Туристік ағымдарды тарту мақсатына жету үшін туристік ресурстардың мүмкіншіліктері, қажеттіліктері мен әлеуетімен қатар туристік индустрия нысандарының ерекшеліктері мен әлеуеті де жан-жақты және өте тиянақты зерттеледі.

ЮНВТО (БҰҰ Дүниежүзілік туристік ұйымы) мәліметтері бойынша, соңғы онжылдықтарда халықаралық туризм көлемі үнемі өсуде. Екі мыңжылдықтың қиылысқан кезеңінде туризм дамуын, жергілікті және жаһандық деңгейдегі дағдарыстарға қарамастан, жалпы түрде тұрақты деп айтуға болады. ЮНВТО статистикасына сүйенсек, 20 жыл ішінде халықаралық туристердің келуі үш есе артты – 1970 ж. 160 миллионнан 1990 ж. 460 миллионға дейін. Бірақ 1991 жылы халықаралық туризм сәтсіздікке ұшырап, келулердің өсуі 1,5 ғана % болды. 1992 жылы бұл көрсеткіш сәл жоғары: – 8 % болды. Атап айтсақ, 1992 жылы туристердің келуі 504 млн. адам, 1993 ж. 518

млн., 1994 ж. 546 млн., 1996 ж. 594 млн., 1997 ж. 616 млн., 1999 ж. 650,2 млн., 2000 ж. 697,6 млн., 2006 ж. 842 млн., 2007 ж. 898 миллионға жетті.

Халықаралық туризмнен түскен жылдық табыс көлемі (көліктен түскен пайданы есептемегенде) 80-жылдардан бастап өсіп, 2000 ж. 477,3 млрд. долларға, ал 2006 ж. 700 млрд. долларға жетті. Туризмнен түсетін пайда әлемді аралап жүрген туристер санынан жылдам және жүйелі түрде өсуде, және де мұның себебі инфляция үрдістерінен бұрын саланың тиімділігінің жетілдірілуіне байланысты.

Қоғамның дамуымен бірге туризм аясына тартылған планета халқының саны үнемі өсуде. 1990 жылдары саяхат жасаған туристердің саны жылына орта есеппен 4 %-ға өскен.

ЮНВТО болжамы бойынша, 2010 жылға қарай сапарлар саны 937 млн., ал туризмнен түсетін табыс көлемі 1,1 трлн. АҚШ долларына өсетін болады.

Көптеген елдер халықаралық туризмге баса ден қойып отырса да, оған көпшілік жұрттың қолы жете қойған жоқ.

Шетелдік қонақтарды үпкен көлемде қабылдайтын Батыс Еуропа немесе Солтүстік Америка елдерінде ішкі және халықаралық туризм өзара бәсекелестік құрып бір-бірін толықтырады. Ішкі туризмнің әлем туризміндегі маңызы өте жоғары: ол барлық туристік ағымдардың 80 %-ын қамтиды және бүкіл әлемді алсақ, ішкі туризмге жұмсалған қаражат халықаралық туризм шығындарынан он есе асады.

Туризм сұранысын қамтамасыздандыру формасы ретінде стандарттық пакедж-тур (туристік пакет) қолдануда; ал оның пайда болуына оған 1958 жылдан бастап реактивті әуе кемелерінде ұшу бағасының енгізілуі мен арзан жанармай мүмкіндік туғызды. Сонымен қатар, халықаралық туризмнің дамуына бизнес-саяхаттар санының өсуі септігін тигізді.

Қазіргі таңда саяси және экономикалық тұрақсыздық, ланкестік, т.с.с. кері факторларға қарамастан, туризм экономиканың өте мығым да, сенімді түрі болып отыр. Экономикалық тоқырау кезінде туристік сұраныс төмендемейді, тіпті, экономика қалпына келгеннен кейін бұрынғы деңгейіне қайта көтеріледі. Дегенмен, мұндай үрдіс барлық туристік орталықтарды бірыңғай емес. «Сән» қасиетін жоғалтқандықтан немесе туристерің қауіпсіздігін қамтамасыз етпегендігінен кейбір туристік орталықтар жоқ болып кетті. 80-жылдардың басындағы экономикалық дағдарысқа байланысты 1984 жылға дейін халықаралық саяхаттардың саны қысқартылған. Ал 1984 және 1985 жылдар Еуропаның туристік орталықтары үшін өте сәтті болған. Бірақ КСРО-дағы Чернобыль АЭС-індегі 1986 жылғы апат, Ливия экстремистерінің лаңкестік әрекеттері, американ долларының басқа валюталарға қарағанда әлсіздеуі әлемдегі туристік ағымдардың қысқартылуына әкеліп соқты.

80-жылдардың екінші жартысында бұл жағдай түзелді. Бұл кезеңде Тынық мұхит аймағының кейбір елдері (Аустралия, Гонконг, Таиланд пен Қытай), Еуропада Португалия мен Түркия туризмінің бағы жанса, басқалардың, мысалы, өз туризм индустриясымен бұрын аты шыққан Ливанның жағдайы нашарлады.

Тоқсаныншы жылдар халықаралық туризм үшін жайсыз жағдайда басталды. Мұның басты себебі – Иракта «Шөлдегі дауыл» соғысы болды. Соғыс басталғаннан кейін ұзақ уақыт өтпей осы аймаққа және шығыс Жерортатеңіз өңірі мен Солтүстік Африкаға бағытталған саяхаттар күрт үзілді. Осыдан кейін көптеген индустриалды елдерде орын алған экономикалық тоқырау жағдайды одан сайын асқындырды.

Сол сияқты, 2001 жылдың 11 қыркүйек оқиғасы да әлем туризміне өзінің кері әсерін тигізді. Осыған байланысты туристік индустрияның кейбір салаларында және кейбір мемлекеттерде экономикалық көрсеткіштердің төмендеуі байқалған. Дегенмен, бұған қарамастан, туризм дамуының негізгі экономикалық көрсеткіштері (ең алдымен, туристердің келуі мен туризмнен түсетін табыстар) бірте-бірте өсе берген.

Әлемде болып жатқан экономикалық және саяси дағдарыстарға қарамай, бүгінгі таңда әлемде туризмнің көптеген заманауи түрлері дамып келе жатыр. Мәселен, Финляндиядағы Турку қаласынан 30 шақырым, Хельсинкиден 180 шақырым қашықтықта орналасқан «Муми-Тролльдер әлемі» саябағын балалар туризміне жатқызуға болады. Бұл саябақ (оның екінші атауы «Муми-тролльдер алабы») аралда орналасқан, оған дейін катермен жетуге болады. Ол XV ғасыр монастыр ғимараттарының негізінде салынған. Осындай керемет балалар аттракционы ондаған тілдерге аударылған жазушы әйел Туре Янсонның «Муми-Тролльдердің шытырман оқиғалары» атты ертегінің негізінде дүниеге келген.

Паркте ғажайып орман мен теңіз айдаһары, лабиринт пен ертегі кейіпкерлерінің – Муми-Тролльдер мен Хемульдердің үйлері бар. Балалар үшін нағыз ертегі киімдер қолданған қойылымдар өтеді. Көршілес аралда пираттардың замогы салынған. 1993 жылдан бері жұмыс істейтін бұл аттракционға жыл сайын мамыр-қыркүйек айларында 250000 турист, оның ішінде 30 %-ы шетелден келеді [130].

Алғашқы тақырыптық балалар саябағы Диснейленд 1954 жылы көптеген аттракциондар мен ойын-сауық шоулары бар алып ойыншық қала түрінде Анахаймда (Калифорния, АҚШ) ашылған. 1971 жылға қарай Диснейлендті 100 миллионға жуық адам көріп шықты. Туристерді қабылдау үшін Калифорнияда 26 отель салынды [130]. Бірінші саябақтың өте сәтті болғанына қарай Орландода (Флорида) тағы бір Диснейленд салынды. 1983 жылы Токиода осындай парк ашылды, ал 1992 жылы Париждың маңында ЕвроДисней пайда болды.

Ресей мен Қазақстанда АҚШ пен Жапониядағы Диснейленд, Франциядағы ЕвроДисней, Испаниядағы Порта Авентура сияқты саябақтар жоқ, жалпы балалардың ойын-сауық туризміне әзірше жеткілікті көңіл аударылмайды.

«Курьездық» (ерсі) немесе әдеттен тыс туризмге, мысалы, рекорд қою мақсатындағы саяхаттарды жатқызуға болады. Олардың саны Гиннес кітабында аз емес. Мәселен, Дж.Росдайл өз алдында ең көп елдерде болып, әлемнің барлық елдерінің шекарадан өту жөніндегі мөр қойғызу мақсатын қойыпты. Ол

215 мемлекеттерде болып, 2627766 км жол жүріпті. Туризмнің осы түріне жасырын қоймаларды іздеу де жатады.

«Әдеттен тыс» туризмінің басқа да түрлері бар. Соңғы он жыл бойы швед қаласы Юккасъярвиде қыс мезгілінде 37 нөмірі бар мұз бен қардан жасалған қонақ үйі салынады. Материалы осындай болғандықтан бес айдан артық тұрмайды. Туристерді керемет қызықтыратын осы отельде маусым сайын 6000 қонақ түнейді, ал одан он есе көп адам бөлмелерін жай көруге, тіпті, отельдегі шағын мұз шіркеуінде неке қиюға немесе шоқынуға келеді.

Антарктидаға барып келу де, әрине, әдеттен тыс нәрсе, мұнда жыл сайын 10-15 мың адам келеді. Бұл өте қымбат әрекет: алтыншы континент туры 9-16 мың АҚШ доллар тұрады. Дегенмен, барғысы келетіндердің саны өте көп болғандықтан Австралия, мысалы, өзінің Антарктидадағы үш зерттеу базаларын туристік орталық қылу жоспарын жобалауда. Ресей, Ұлыбритания мен Жаңа Зеландия теңіз кемелерімен келетін туристер үшін өздерінің базаларын ашып үлгерген.

Алайда, туризмні нағыз басқаларға ұқсамайтын түрі ғарыштық туризм деп айтсақ қате болмас. Бір аптаға созылған алғашқы ғарыштық туристік саяхат 2001 жылы 28 сәуірде басталды. 60 жасар американ азаматы Деннис Тито орбитаға жету мүмкіндігі үшін 20 млн. АҚШ доллар төлеп, «Союз ТМ-32» ғарыш кемесіне «жүйелер операторы» ретінде алынды.

Бір жыл өткен соң 28 жасар ОАР миллионері Марк Шаттворт тағы да Ресей ғарыш кемесінде екінші туристік саяхат жасады. 2005 жылдың қазан айында американ ғалымы Грегори Олсен ғарыш туризм дәстүрін одан әрі жалғастырды.

Батыс Еуропа елдері туризмнен түсетін табыс жағынан АҚШ-қа қарағанда, артта қалып отыр. Еуропа басқа аймақтармен салыстырсақ, туристерді өзіне көп тартады, бірақ олардың саны өте баяу өседі.

ЮНВТО өткізген әлемдік туризмінің талдауы келулер мен халықаралық туризмнен түсетін табыстардың өзгеруін анықтайды. Еуропаға келген туристердің саны 1985-1996 жылдары 65-тен 59 %ға дейін, ал табыс үлесі 53-тен 51 %-ға дейін төмендесе, дәл осы мезгілде Шығыс Азия мен Тынық мұхит аймағына (ШАТ) келген туристердің саны 9-дан 15 %-ға дейін, табыс үлесі 11-ден 19,5 %-ға дейін өз үлесін ұлғайтты. 1950-1960 жылдары осы аймақтың бүкіл әлемдік туристік келулеріндегі үлесі 1 % ғана болған, 1970 жылы ол 3 %-ға жетті, 1980 ж. – 7, 1990 ж. – 11, 1996 ж. 15 %-ға жетті. Халықаралық туризмнен түсетін табыс та осы аймақта үнемі өсуде: 1950 ж. – 1,4 %, 1960 ж. – 2,8, 1970 ж. – 6,2, 1980 ж. – 7,3, 1990 ж. – 14,4, 1996 ж. 19,5 % [84]. Бұл бәсекелестігі жоғары Австралия, Гонконг, Индонезия, Корея, Сингапур, Таиланд елдеріндегі көрсеткіштердің өсу белгісі.

Африка, Батыс және Оңтүстік Азия елдерінің халықаралық туризміндегі 50-90-жылдардағы үлестері шамалы болған, бірақ үлкен өзгерістерге ұшыраған. Бұл аймақтар Еуропа, Солтүстік Америка мен ШАТ елдерімен шетел туристерінің келуімен және халықаралық туризмінен түсетін табысы бойынша жарыса алмайды. Мұның себебі экономикалық мәселелерде жатыр. Бұл

аймақтың туристік орталықтары туристер ағымдарын қалыптастыратын көптеген елдер үшін арнайы нарықтар болмақ. Мұнда халықаралық туризмге зиян келтіретін ланкестік және әскери әрекеттері жиі болса да, дегенмен, бұл аймақ көбінесе, туристерді жіберетін елдердегі кәсіпкерлік істегі дағдарыстардан зардап шегеді.

Әлемдегі негізгі туристік ағымдар Еуропаның (Ұлыбританиядан Францияға, Германиядан Испанияға және т.с.с.), Американың (АҚШ пен Канаданың арасында) және ШАТ аймағының (Жапониядан Таиландқа) ішінде шоғырланған.

Аймақаралық туристік ағымдардың ішінде Америка мен Еуропа арасындағы ағымдар алдыңғы қатарда. Бұның себебі – Атлантиканы кесіп өтетін әуе қатынастары ұсынысының өсуі мен нарықтың үлкен сегментіндегі тарифтердің төмендеуі. Басқа озық бағыттар мынадай: Еуропадан ШАТ-қа, Таяу Шығыс пен Африкаға, ШАТ-тан Америка мен Еуропаға.

Туристер мен, осыған орай, ақша алмасуы индустриалды және жаңа индустриалды елдер (ЖИЕ) арасында өтуде. ЮНВТО мәліметтері бойынша, алдағы жиырма туристік елдердің арасында дамушы елдер жоқ. Дегенмен, индустриалды да, дамушы елдер де халықаралық туризм (елдің төлем балансын қалпына келтіруге арналған экспорттың «астыртын» түрін) әлеуетін (дәлірек айтсақ, оның елге кіру жағын) әрқашан түсіне біліп оның дамуына ерекше көңіл бөлген.

Туризм дамуының болашағы қандай болмақ?

2010 жылға дейін халықаралық туризм дамуының қарқындылығы төмендей береді деген болжам бар. 2005 жылға қарай ол 4,4 %, ал 2005-2010 жылдары аралығында 4,3 % болған.

Еуропа мен Жерортатеңіз аймағынан шығу туризмінің өсуі төмендейді, ал Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде мұндай құбылыс байқалмайтын болады.

Аймақаралық (алыс жерге) сапарлардың үлесі өседі. 1995 жылы ол 15 % болса, 2010 жылға қарай 25 %-ға дейін өсетін болады. Ең алдымен, мұның себебі – туризм индустриясының жетілдірілуі мен қауіпсіздігінің жоғарылауы тұғын.

2020 жылға қарай әлемнің ең озық бағыты Қытай, одан кейін АҚШ, Испания мен Гонконг (Қытайдан тәуелсіз бағыт ретінде) болады.

2020 жылға қарай халықаралық туристік келулердің саны 1995 жылғы деңгейінен 3 есе асып 1,6 млрд. адамға жетеді. 2020 жылға қарай шығу туризмі бойынша Германия, Жапония, АҚШ, Қытай мен Ұлыбритания алдынғы қатардан орын алады.

2020 жылға қарай туризмнің ең сүйікті түрлері шытырман оқиғалық, экологиялық, мәдени-танымдық, тақырыптық туризм мен круиздер болады деген болжам бар.

## ***Қайталау сұрақтары***

1. *Туризм дамуының соғыстан кейінгі жылдардағы қиыншылықтары неде болған?1959 жылдан бастап оның қарқынды даму себептерін атап шығыңыз.*
2. *1960-1970-жылдардағы туристік миграцияларының өсу себептерін атап шығыңыз.*
3. *Қазіргі халықаралық туризмнің орны, рөлі мен маңызы қандай?*
4. *Қазіргі замандағы халықаралық және ішкі туризм арасындағы қатынасы қандай?*
5. *Әлемдік туризмнің даму динамикасына әсер ететін оқиғаларды атап шығыңыз.*
6. *Туризмнің қандай заманауи түрлерін білесіздер? Бірнешеуін суреттеп беріңіз.*
7. *ЮНВТО жіктеуіне сәйкес қазіргі әлемдік туризм аймақтарын суреттеп беріңіз.*
8. *Туризм болашағы жөніндегі ЮНВТО болжамдары қандай?*

## 2-ТАРАУ. КСРО АУМАҒЫНДАҒЫ ТУРИЗМ

Ресей мен бұрынғы КСРО туризмінің даму кезеңдерін ұлттық туризмнің пайда болу, нығаю, даму және жетілдену үрдістерінің сатылары деп түсінеміз. Бес кезеңге бөлуге болады [127].

Бірінші кезең – ағарту кезеңі (1890 жылға дейін). Бұл кезеңде саны көп емес экскурсиялар, жорықтар, саяхаттар ең алдымен білім беру және әртүрлі аймақтар мен туған өлке туралы ғылыми-географиялық, өлкетанулық ақпаратты жинау мақсатында өткізілген. Туризм мен экскурсиялардың үлкен жігі әлеуметтік бағдарламаларды орындауға септігін тигізген. Сондықтан оларды Ресейдің революциялық-демократиялық топтаыр мен зиялы қауымы  ең үлкен көлемде пайдаланған. Туризмнің осындай әлеуметтік сипаты бүгінге дейін сақталып ресейлік туризмінің* Европаның басқа елдері мен АҚШ туризмінен айырмашылығын көрсетеді.

Екінші – кәсіпкерлік кезең (1890-1927 ж.) Ресейде капитализмнің дамуымен бірге басталды. Бұл кезде туристік инфрақұрылымның (мейрамханалар, қонақүйлер, көлік жүйесі) шапшаң дамуымен бірге туристік нарық қалыптаса бастады. Оның екі сегменті – ел дегдарларының (элита) туризмі мен интеллигенцияның экскурсиялық және рекреациялық туризмі анық байқалды. Көптеген туристік фирма, бюро, компания, клуб, қоғам пайда болды. Ресейдегі экономикалық және әлеуметтік қақтығыстарды одан сайын асқындырған және барлық ресурстарды қажет еткен Бірінші дүниежүзілік соғыс туризмнің қалыптаса бастаған ұйымдастырушылық-шаруашылық дамуын тоқтатты.

Үшінші – ұйымдастырушылық-орталықтандырушы кезең (1927-1969 ж.). Бұл кезеңнің басты  ерекшелігі – идеологиялық функциялардың шаруашылық

функцияларынан басым болуы. Туризмді тек большевиктер ғана идеологияландырды деп айтуға болмайды: туризм мен экскурсиялардың әлеуметтік және идеологиялық функциялары 1917 жылға дейін болған барлық партиялардың – эсер, меньшевиктер, кадеттер және басқалардың – бағдарламалық құжаттарына енгізілген. Бірақ большевиктер мұны жасырмай және дәйекті түрде жүзеге асырған. Туризмнің әлеуметтендіру, саясилану мен идеологиялануымен бірге осыған ұқсас үрдістер денсаулық сақтауда, мектеп білімін беруде, ғылым мен қоғам өмірінің басқа да аяларында белес алған. 1928 жылы Пролетарлық туризм қоғамының пайда болуынан, туризмнің монополиялануы басталды, ал туризм мен экскурсия іс-әрекетін кәсіподақтардың қарамағына өткізу бұл жағдайды одан сайын тереңдетті. Туризм өте қарқынды дами бастады, бірақ ол экстенсивті түрде – жаңа ресурстар мен аумақтарды игеру арқылы өтті. Сөйтіп әлеуметтік және өзіндік туризмнің әлемдегі ең ірі және ең арзан материалдық базасы қалыптасты. Сонымен бірге, осы кезеңнің соңына қарай демалыс бағаларын бұрынғы төмен деңгейде сақтай тұра, бүкіл халықтың рекреациялық қажеттіліктерін

*Ресей бұрынғы КСРО құқықтарының еншісі екені белгілі.

қанағаттандыру мүмкін болмай кеткенінен туындаған қайшылықтар орын алды. Осының нәтижесінде әлеуметтік нормативтер жүйесіне негізделген туризмді ұйымдастыру мен жоспарлау формасына көшу қажеттігі туды. Бұл төртінші кезеңнің басты мәні болды.

Төртінші – әкімшіліктік-нормативтік кезең (1969-1990 ж.) әлеуметтік туризмнің қарқынды дамуымен бірге батыс елдердегі туризм индустриясының қызмет көрсету стандарттарынан артта қалуы одан сайын айқын болуымен сипатталады. Туризм дамуын әкімшілік шаралары арқылы ынталандыру әрекеттері бұрынғы нашар жағдайды одан сайын асқындырды. Осы кезеңнің оң нәтижелеріне ғылымның туризм мәселелеріне көңіл бөлуін, рекреациялық жобалау жүйесінің пайда болуын, жаңа мамандық-біліктілік құрылымы мен туризм аясының мамандарын даярлау жүйесінің қалыптасуын жатқызуға болады. Кезең соңына қарай туристік қызмет сапасын көтеру мақсаты әкімшілік-бұйрықтық жүйе шеңберінде шешілуі мүмкін еместігі айқын болды. Ол үшін экономикалық әдістерді қолдану керек екені анық тұғын.

Бесінші – өтпелі кезеңде (1990 жылдан бері) экономикалық реформалар жағдайында туристік шаруашылықтың жаңа тенденциялары: 1) рекреациялық қажеттіліктер құрылымының өзгеруі мен туристік нарық сегментациясының басталуы; 2) монополиялық туристік шаруашылықтың көп салалы шаруашылыққа айналуы; шағын және орташа туристік кәсіпорындарының қарқынды дамуы; 3) табиғи ресурстары мен мәдени мұраны экономикалық қатынастар негізінде қолдануға көшу; 4) туристік шаруашылық функцияларын әкімшілік тарапынан реттеуден туристік нарықты жаңа заңнамалық негізінде экономикалық ынталандыруға көшу белең алды. Осымен бірге жаңа кезеңнің кемшіліктері де анық байқалды: демеу мүмкіндіктері біткенінен демалыс бағалары әлдеқайда көтерілді; көптеген кәсіпорындардың жұмысы тоқтады

немесе табыс әкелуді қойды; сұраныс төмендеді, бірақ қажеттілік сақталып қалды – Конституцияда жазылған демалу құқығы әлеуметтік жетістіктердің маңызды көрсеткіші болып есептеледі, ал оның бұзылуы қоғамда әртүрлі қақтығыстарды туғызады. Бесінші кезеңнің мазмұны осындай оң-теріс тенденциялардың шиеленісуінде анықталады және де елдегі жағдайға, экономикалық және саяси реформаларының іске асырылуына, туризмнің нарық мультипликаторы мен қызмет көрсету аясының маңызды факторы екенін биліктің сезінуіне байланысты.

Туризм дамуының тарихы бірқалыпты үрдіс емес. XX ғасырдың басында және соңында ол революциялық өзгерістерге ұшырады және ғасырдың соңының салты ғасыр басының құндылықтар жүйесіне оралды.

## 2.1. Туризмнің қалыптасуы (XVIII-XX ғ.)

XVIII ғасырдың екінші жартысында орыс педагогикалық әдебиетінде туризм орнығуының белгісі болған мектеп экскурсиялары жөніндегі алғашқы мәліметтер берілген.

Балалармен экскурсиялық жұмыс жүргізудің алғашқы ұйымдастырушыларының бірі – декабрист И.Д.Якушкин болған. Құғында болып, ол Тюмень губерниясының Ялуторовск қыздар мектебі ашылғанынан бастап онда сабақ берген, жазды күні жорықтар мен экскурсияларды, ең алдымен, өсімдікті зерттеу үшін ұйымдастырған.

Бірте-бірте экскурсиялардың таралуы соншалық, олар мектеп жарғыларына енгізілді. Мысалы, 1786 жылы «Халық училищелердің жарғысында» («Устав народным училищам») оқу экскурсияларын жүргізу нұсқауы болған. 1804 жылғы жарғы оқушылар үшін табиғатқа, мануфактураларға, шеберханаларға т.б. экскурсияларды ұйымдастыруды міндет қылған.

Экскурсиялық іс-әрекеттің жандандырылуы – XIX ғасырдың екінші жартысында Петербургте, Мәскеуде, Қазанда, Екатеринбургта, Тифлисте және Ресейдің басқа қалаларында ұйымдары бар Жаратылыстану әуесқойлары қоғамының пайда болуына байланысты. 1905 жылы алғашқы экскурсиялық мекемелерінің бірі – Ялтаның экскурсиялық бюросы ашылды. 1899 жылдан бастап Мәскеу педагогикалық қоғамының жанында гимназиялар, коммерциялық және реальдық училищелер мен мектеп оқушылары үшін жалпы білімдік экскурсияларды ұйымдастыру комиссиясы жұмыс істеген. Бұл комиссия Мәскеу оқу округының жанындағы Орталық экскурсиялық комиссиясының жұмысын үйлестірген. Өз еркімен, онша үйлесімді түрде жұмысын атқармаған болса да және аталған ұйымдардың дегдарлық сипатына қарамастан, олар оқушы жастарды табиғат, тарих пен мәдени құндылықтарын білу ынтасын туғызуда маңызды рөл атқарған.

1910 жылы Б.Е.Райков пен Г.Н.Боч редакциясымен «Школьные экскурсии, их значение и организация» («Мектеп экскурсиялары, олардың

маңызы және ұйымдастырылуы») еңбегі жарық көрді. Бұл кітапта алғашқы болып экскурсиялық әдістемелігінің қағидалары жасақталып барлық пәндер мен сыныптар үшін оқу экскурсияларының жүйесі ұсынылған.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың алдында Ресейде ең алдымен елтану мен оқу экскурсиялары сұрақтарымен айналысқан бірнеше журналдар: «Экскурсионный вестник» (Мәскеу), «Школьные экскурсии и школьный музей» (Одесса), «Русский экскурсант» (Ярославль) және әдістемелік әдебиет, инструкциялар мен нұсқаулар шыққан. Экскурсия жетекшілерін даярлау жұмысы жүргізілген.

Экскурсиялық іс-әрекетінің дамуымен бірге тарихи, мәдени және табиғаттану ескерткіштері, ансамбльдері, мұражайлары мен көрмелер ашыла бастаған. Бұл үрдіске ғылыми қоғамдар, демократиялық интеллигенция өкілдері өз үлесін қосты. 1872 жылы Политехникалық, 1873 жылы Тарихи мұражайлар ашылды. П.М.Третьяков өзі мен інісі жинаған картиналарды Мәскеу қаласына сыйға тартып, атақты Третьяков галереясын ашқан.

XIX ғасырдың 90-жылдары мектептік-экскурсиялық кәсіп ресми биліктің, оның ішінде Халыққа білім беру министрлігі мен Синод қолдауына ие болды: олар экскурсияларды оқушылардың моральдық-діни тәрбиесі құралы ретінде пайдалануды пайымдаған.

Дегенмен, революцияға дейін экскурсиялар ең алдымен, табиғи ортаны зерттеу мақсатында және тарихи маңызды жерлерде өткізілген.

Ресей туризмнің қалыптасу уақыты жөнінде бірыңғай пікір жоқ.

Мүмкін, оның қалыптасу алғышарттарының бірі XVIII ғасырдың басында I Петр 1718 жылғы 12 ақпандағы жарғысымен Ресей өлкетануының іргетасын салуы шығар. Бұл жарғыда барлық елді қызықтыратын табылған нәрселер туралы хабарлау жөнінде бұйрық жазылған. Ұзақ уақыт өтпей Петербургте алғашқы өлкетану мұражайы – Кунсткамера ұйымдастырылды. I Петр өзі де саяхатқұмар болған. 1697-1698 жылдары ол Еуропа бойынша алғашқы саяхатын жасаған. Екі жыл (1716-1717)  ішінде Голландия, Германия мен Францияны аралап шыққан.

Дәл I Петр Ресейді басқа елдерден бөліп тұрған «темір шымылдықты» қиратып, оның үлгісі болған. Оған дейін орыс патшаларының біреуі де Ресей шекарасынан асып өтпеген. 1697-1698 жылдары «Ұлы елшілік» деп аталған алғашқы шетелдік сапар жасалған. Бұл саяхат бірталай мақсат көздеген. Біріншіден, сыртқы саясат мақсаты: Осман империясымен Қара, одан әрі Жерорта теңіздеріне шығу үшін жоспарланған соғыстардағы болашақ одақтастарды іздеу. Екіншіден, экономикалық-танымдық: Еуропа ғылымы мен техникасының деңгейін көріп алып олардың жаңашылықтарын Ресейде, ең алдымен әскери әлеуетін көтеру мақсатында игеріп енгізу. Үшіншіден, батыс халықтары өмір салты және мәдениетімен танысу. Сөйтіп, «Ұлы елшілікті» бірнеше көрсеткіштері бойынша туристік саяхат деп қарастыруға болады.

I Петр Курляндия, Пруссия, Голландия, Англия, Австрия мен Польша елдерін аралап шықты. Академик С.Ф.Платонов I Петрдың осы шетелдік сапарына: «I Петр бір жарым жыл бойы шет жерінде болуы оның тұлға

қасиеттері мен бағытталуын біржолата қалыптастырды. Ол көптеген пайдалы білімдерді игеріп алып, Еуропа өмірінің мәдени формаларына үйреніп, ой-санасы есейіп, өзі де рухы жағынан еуропалық болып кетті. Сонымен қатар, Мәскеу патшасының Батыс сапары Мәскеу мен Батыс қатынастарын жандандырды, Русь пен Еуропа арасындағы адамдар алмасуын нығайтты. Осыдан бері көптеген орыстар шет елдерде тұрды, оқыды, жүздеген шетелдіктер Ресейге шақырылды және өздері осында ұмтылды. Петр шетелде болғанда державалардың шынайы қатынастары жөнінде дұрыс біліп алып, түріктерді Азияға қуу туралы сандырақты ойдан бас тартып, өз ата-бабалары жоғалтқан Балтық жағалауы үшін Швециямен таласу жөнінде қол жетерлік жоспарын пайымдады» [130], – деп сипаттаған.

Ресейде саяхатқұмарлардың ең алғашқы қолдаушысы II Екатерина болған деп есептеледі. 1765 жылы Екатерина дворяндарды міндетті қызметтен босататын «Жалобная грамота дворянству» (Дворяндарға ақы беру грамотасы») деген жарғы шығарды. Осының нәтижесінде алыс сапарға шығу үшін жеткілікті бос уақыты мен қаржысы бар алғашқы адамдар пайда болды. Император ханымның өзі де, Ресей жерінде көптеген саяхат жасап (мысалы, 1772 жылы ол алғашқы рет Иматра сарқырамасына барған), дворяндардың өз ел географиясы мен тарихын білу ынтасына ықпал жасаған.

1775 жылы II Екатерина Ресей бойынша танымдық саяхаттар дәуірін бастады. Князь Григорий Потемкин ұсынысын тыңдап, Екатерина, қошеметшілер мен шетел елшілерін ертіп алып, империяның бүкіл батыс бөлігін аралап, Днепрмен жүзіп өтті, салынып жатқан Херсон мен Севастополь қалаларын көріп шықты.

Дегенмен, зерттеушілердің көпшілігі ұйымдастырылған туризмнің бастаушы жылы деп 1777 жылды есептейді. Осы жылда Мәскеуде Веньямин Генш «План предпринимаемого путешествия в чужие края» («Бөтен жерге саяхат жасау жоспары») деген кітабын шығарды, ал арнайы ұйымдастырылған Ресей немесе шетелге ұйымдық саяхаттары жөніндегі бұдан ерте шыққан құжаттар қанша іздесе де табылған жоқ.

Мәскеудегі бір пансионды басқарған В.Генш 20 жылдан астам жастарды тәрбиелеумен айналысқан. Ол өз дәуірінің білімі зор ғұламасы болған, ұзақ уақыт, өзі жазғандай, «шетелдерінің талай академияларының мүшесі болған, Германия, Швейцария, Италия, Франция, Англия мен Голландия елдерін бірнеше рет аралап шыққан және саяхаттардың пайдалылығы мен жастар тәрбиесіндегі маңызын терең сезінген».

Генш жоспары бойынша жас дворяндардың шағын тобы «жас адамға оның игілігі үшін, қажетті де пайдалы болуы мүмкін заттарды біліп алу» үшін неміс, итальян немесе француз университеттерінің біріне сапар жасаулары керек болған.

Университеттерді көргеннен кейін Швейцария, Италия мен Францияны осы елдер өнері мен фабрикалар жұмысын білу үшін аралап шығу жоспарланған. Қатысушылар осы саяхатты ұйымдастырушы Геншке келісімшартта аталған көлемде сыйақы төлеуі керек болған.

Қалай да болса, В.Генш «Жоспары» XVIII ғасырдың соңғы ширегіндегі шетелдік туристік саяхаттарды ұйымдастырудың алғашқы ұсыныстарының және осындай іс-әрекеттің алғашқы жарнамасының бірі болды.

XVIII ғасырдың соңында Ресейде туризмнің бастамасының пайда болу белгісі – алғашқы жолнамалар. Саяхатшыларды Ресейдің жаңа астанасы Санкт-Петербург өте қызықтырған. Жаңа қаланың алғашқы суреттемесін 1718 жылы Франкфуртте Геркенс шығарған. Кейінірек Петербург құрылысы жөнінде 1721 жылы шығып ұзақ уақыт өтпей неміс тілінен ағылшын және француз тіліне аударылған (орыс тіліне қысқартылған түрде 1872 жылы ғана аударылған) Ф-Х.Вебердің «Преображенная Россия» («Жаңартылған Ресей») кітабының бірінші бөлімінде жазылған.

Жолнама қажеттілігін алғашқы болып шетелдіктер аңғарғанын жоққа шығаруға болмайды. Олар бірінші болып қала өмірінің өзгешіліктеріне қызыққан. Оның финн батпақтарында пайда болуы мен өте қолайсыз жағдайдағы таңғалдырар қарқынмен өсуі елді тәнті қылдырды.

Бірақ Петербургтың алғашқы елу жылдық тарихы мен тұрмысының бар қырларын толық және дәл түрде суреттеген шығарма Андрей Богданов пен Василий Рубанның кітабы болды. Шығармасы 27 жыл мұрағатта жатқан негізгі автор Андрей Богданов өз еңбегін көре алмай кетті. Василий Рубан қолжазбаны тауып алып, оны сәл толықтырып шығарды.

Андрей Богданов жолнамасында Петербург салынған жердің тарихы жөніндегі мәліметтер жинақталған. Автор қаланың пайда болу себебі мен уақыты, өзендер мен арналар, көрікті жерлер мен олардың аттарының қалай пайда болғаны жөнінде түсіндіріп жазған. Ол бай шонжарлардың сарайларын, діни ғимараттарын, салтанатты мерекелерді, шетел елшілерін қарсы алу салтанаттарын суреттейді (1751)*.

Атағы кең жайылған тағы бір жолнама – «Описание российско-императорского столичного города Санкт-Петербурга и достопамятностей в окрестностях оного с планом» («Ресейлік-императорлық қаласы Санкт-Петербург пен маңайындағы көрікті жерлердің планы бар суреттемесі»). Оны Ғылым академиясының химиялық зертханасының меңгерушісі Иоганн Готлиб Георги неміс тілінде жазған. Орыс тіліне П.Х.Безак аударған.

Георги үлгі ретінде Христофор-Фридрих Николаидің «Берлиннің суреттемесі» кітабын қолданды. Георги жолнамасының құрылымы осы кітапқа ұқсас болып келеді. Орыс тілінде кітап Санкт-Петербургте 1794 жылы шықты. Суреттемемен бірге қаланың жоспары да көрсетілген.

Мәскеудің алғашқы жолнамасы 1782 жылы Петербургте сол дәуірге лайық өте ұзақ атауымен шықты. Қызық болу үшін атауын аудармасыз келтірейік: «Описание императорского, столичного города Москвы, содержащее в себе: звание городских ворот, каменных и деревянных мостов, больших улиц и переулков, монастырей, церквей, дворцов, присутственных и казенных мест, число дорог, застав, число извозчиков и прочая, собранное в 1775 году и изданное в свет для удовольствия общества издателем Описания российско-императорского столичного города Санкт-Петербурга и достопамятностей в

окрестностях оного с планом В.Г.Рубаном». Бұл жолы Василий Рубан кітаптың авторы да, баспашысы да болды.

XVIII ғасыр жолнамаларының бір ортақ ерекшелігі – олардың барлығы астаналар туралы мәліметтерді бүкіл Ресей мемлекетіне таратып, Ресей азаматтары мен шетел қонақтарынын қызығуына ықпал ететін «әуес қылушыларға» арналғаны.

XVIII ғасырда жолнамалар баспа кәсібінде сирек кездессе, XIX ғасырдан бастап олар жиі шығып, олардың саны өседі және түрлі талғамдарға арналады.

Бұқаралық саяхаттар дәуірі Ресейде жаңа қатынастарға жол ашқан II Александр реформалары толқынында басталады. 1861 жылғы крестьян реформасына сәйкес, 1964 жылы помещиктерге крестьяндарға берген жерлері үшін керемет үлкен көлемде ақшаларын өтеп береді. Осындай ақшаға ие болған дворяндар Еуропаны көріп, өздерін де елге көрсетем деп шетелге ұмтылады. 70-80-жылдары туристер санына XIX ғасырдың «жаңа орыстары»: реформа дәуірінің кәсіпкерлері, инженерлер, өнеркәсіп пен сауда кәсіпорындарының қызметкерлері қосылады.

---

*1997 жылы Ресей Ғылым академиясы мұрағатының Санкт-Петербург филиалының Солтүстік-Батыс библиялық комиссиясы Андрей Богдановтың осы еңбегін баспадан шығарды.

Саяхатшыларға қызмет көрсету үшін жаңа арнайы фирмалар қалыптасады. Алғашқы орыс туристік компаниясы «Иматраның акционерлік қоғамы» болды. II Александр шешімі бойынша, 1871 жылы 28 ақпанда Финляндия Сенаты бекіткен қоғамның жарғысы бойынша, қоғамның міндеті «жазғы айларда Выборг қаласы мен Иматра сарқырамасы арасындағы қатынастарды дұрыс және жайлы түрде ұстап отыру, осы жолда салынған ғимараттарда келушілерді күтіп, лайықты тамақтандыру» болған.

Петербург жазушыларының жолда жазған шығармалары да жұртты саяхаттарға тартқан. 1789-1790 жылдары Еуропаға саяхат жасаған прозаик пен тарихшы Н.Карамзин өз көрген-білгендерін «Орыс саяхатшының хаттары» кітабінде жазған. Пушкиннің жер кезгені туралы «Арзрум сапары» әңгімелейді.

Ресей мен шетелге саяхат жасағандардың санының өсуі теміржол дамуымен байланысты. Петербургтан Батыс Еуропа мен Ресей қалаларына апаратын жолдар салынған. 1869 жылы Петербургте «Ресей мен шетелдері бойынша жолнамасы» шықты. Мұнда Ресейдің сол кездегі барлық байланыс жолдары: теміржолдары, бу кемелері, дилижанстар, пошта аттары, телеграф көрсетілген. Сонымен қатар, Германия, Дания, Швеция, Норвегия, Англия, Франция, Испания, Португалия, Италияның басты теміржолдары, жүру мерзімдері, жолдағы уақыт, бағалары, Батыс Еуропаның кеме мекемелері мен негізгі порттары аталған.

1885 жылғы сәуірде Санкт-Петербург Цензура комитеті «В.Кенне мен компания» атты артистік шұғыл баспалық мекемеге «Леопольд Липсонның

дүниенің барлық елдеріне қоғамдық саяхаттар жасауға арналған Ресейдегі алғашқы кәсіпорын» кітапшасын баспадан шығаруға рұқсат берді.

Біз үшін бұл басылым неге қызық болып көрінеді? Біріншіден, туристік фирманың ұйымдастырылған жылын анықтауға болады. Екіншіден, мұнда саяхат ұйымдастырушысы өзіне алған міндеттер және осындай сапарға қатысатын туристерге көрсетілетін қызметтер тізімі берілген.

Автор өзінің шетелде болған ауқымды тәжірибесі туралы баяндайды. Ол Италия, Франция, Испания, сондай-ақ Шығыс елдерін аралап шыққан. Дәл сол кезде автор таныстықтар мен байланыстар жасайды. Осыған орай, «ел және оның халқымен ұзақ уақыт таныс болғандықтан, менің кеңсем мәртебелі мырзалар мен ханымдарға ойдағыдай бағаға саяхат пен қалаулы жайлы қонақүйлерде орналастыру мен күту ұсынады және шетелдіктерді ертіп жүретін және маза бермейтін мақтаншақтарға емес, өз тәжірибемізге сүйеніп, ең көрікті жерлерді сіздерді жалықтырмай көрсете аламыз», – деп айтқан.

Леопольд Липсон саяхатты осындай түрде жасап, уақытын өткізетін болса саяхат қоғам үшін өте жайлы да ләззатты келеді деген тұжырым жасайды. Осындай жағдайдың себебі – «саяхаттың тиянақты жасалған бағдарламасы саяхатқа қатынасы бар адамдардың арасындағы келісімшарт сияқты» болғаны. Липсон мен кеңсесі «саяхатшылар толығымен риза болып ел және оның халқымен егжейлі-тегжейлі танысқаны үшін» қолынан келетінінің бәрін істейді. «Кіріспесінің» маңызды тұжырымдары: «әрбір саяхаттың мақсаты рақатпен бірге оның танымдық сипаты, екіншіден, мекеменің ұраны – уәде бергенін тиянақты орындау».

Дегенмен, бұл кезеңдегі саяхатқа қатысушылардың саны өте аз болған және оларға қоғамның тек кең қалталылары ғана қатыса алатын. Көпшілік жұрттың оған қолы жетпеген.

Сонымен, қорытып айтсақ, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ресейде, кейбір еуропалық елдеріндегідей, алғашқы туристік ұйымдар пайда болды. Олар Кавказ бен Қырым тауларымен танысып оны зерттей бастады. Олардың іс-әрекеті кең ауқымды болмаса да, туристік-экскурсиялық кәсібінің қалыптасуына ықпалын тигізді.

### *Қайталау сұрақтары*

1. *Бұрынғы КСРО-дағы туризм дамуының бес кезеңіне сипаттама беріңіз.*
2. *Ресейдегі заманауи туризм қалыптасуы неден басталды? Осы үрдістің ең белгілі қайраткерлерін атап беріңіз.*
3. *I Петр мен II Екатерина Ресейдегі саяхаттардың дамуына қандай ықпал жасады және оның себебін айтып беріңіз.*
4. *Вениамин Генш деген кім? «Бөтен елдерге саяхат жасауды» қашан және қандай түрде насихаттаған?*

5. *Ресейдегі қандай алғашқы жолнамаларды білесіз?*
6. *II Александрдың қандай реформасы саяхаттарға қызығушылық туғызған?*
7. *1871 жылы орнатылған саяхаттарды ұйымдастырған алғашқы орыс компаниясын атап беріңіз.*
8. *Леопольд Липсонның әлемнің барлық елдеріне саяхат ұйымдастыратын Ресейдегі алғашқы кәсіпорыны туралы айтып беріңіз.*

## 2.2. Туристік және экскурсиялық қоғамдардың пайда болуы

Экскурсиялардың, тау, жаяу жорықтарының, велосипедпен серуендеудің таралуы; көптеген оқу орындарының, ұйымдардың, ғылыми және кәсіптік қоғамдардың туризмге көңіл бөлуі, орыс интеллигенциясының саяхаттар мен экскурсияларды халық ағарту мақсатында қолдану ынталылығы туризм мен экскурсиялар әуесқойларының әртүрлі мамандандырылған ұйымдарға бірігуінің алғышарттары болды.

Ресейдегі алғашқы туристік ұйымдар Кавказда пайда болды. Бұл кездейсоқ жағдай емес. Антикалық дәуірдің өзінен бастап Кавказға саяхатшылар келген. Оларды ең алдымен, Кавказдың Қара теңіз жағалауларындағы Батус (Батуми), Фазис (Поти), Гионос (Очамчира), Питиус (Пицунда), Триглиф (Гагра), Бата (Новороссийск), Горгиппия (Анапа), Диоскурия (Сухуми) және басқа порттық қалалары қызықтырған. Диоскуриядағы сауда операциялары жергілікті аудармашылар көмегімен жүргізілген. Осы алғашқы гид-аудармашылар алғашқы экскурсия жүргізушілері болды деп айтсақ, қате емес.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейде бірқатар туристік және экскурсиялық қоғамдар пайда болды. Олардың мүшелері өз өлкесінің табиғатын зерттеумен бірге табиғатты әуес еткендер үшін экскурсияларды ұйымдастырған.

1877 жылы Тифлисте Кавказдың жаратылыстану қоғамының жанында Ресейдегі алғашқы альпілік клуб ұйымдастырылды. Осы клубтың жұмысына оның мүшесі А.В.Пастухов белсене қатысқан, оның аты Эльбрустағы 5000 м биіктікте орналасқан баспанаға берілген («Приют Пастухова»).

Клуб бірнеше жыл ғана жұмысын жүргізді, дегенмен оның мүшелері Кавказ таулары мен аңғарларында бірқатар жорық жасап, Кавказ бен Закавказье фаунасы мен флорасы туралы мақалалары жарияланған «Известия» атты екі жинақ шығарды. Олар талай баяндама мен реферат жасаған. Осы клубтың басты маршруттарының бірі Әскери-Грузин жолы болған. Осы жолмен тек Кавказ бен Ресей ғана емес, шетелдік туристік топтар да өткен. Белгілі ағылшын «Кук пен баласы» фирмасының иелері Дарьял шатқалы жолымен өтіп, ол топтық саяхаттарды ұйымдастыруға жарамайды деген тұжырым жасаған.

Кавказ саяхаттары өмір үшін қауіпті екені туралы орыс басылымдарында талай рет жазылған, онымен бірге өлкенің сұлулығына тәнті болған.

«Всемирный путешественник» газетінің 1887 жылғы бір нөмірінде Әскери-Грузин жолы: «Кавказ Европаның Альпілері сияқты шұрайлы да көңілді емес, қарауытқан болып көрінеді. Оның үстіне Кавказ асулары өтуге керемет қиын. Жолдары шым-шытырақ соқпақтар ғана. Тайғанақ тар соқпақпен атты өте абайлап ертіп жүру керек. Бір жағынан құз, екінші жағынан түбінде судың күркіреген дыбысы естілетін тұңғиық. Жолда қалың тұман, жауын мен қар асса, ол жазды күні де болады, қанша дірілдеп қалшылдасаң да қозғалмай тұру керек. Тауға үйренбеген адамның жүйкесі тозып тіпті есінен ауысқан жағдайлар да болады», – деп суреттеген.

Мүмкін, осы себептен Тифлис альпілік клубын ешкім дұрыс қолдамады да, ұзақ уақыт өтпей ол жабылып қалды. Бірақ тура осы клубтың ізімен XIX ғасырдың 90-жылдарында Ресейдің саяхат әуесқойларының әртүрлі бірлестіктердің қалыптасуы басталды.

Қалай болса да, кейін Кавказ ішкі ғана емес, сыртқы туризмнің де нысанына айналды. XIX ғасырдың соңында мұнда тас және темір жолдар төселеді. Тифлис, Баку, Ереван, Владикавказ, Батуми, Кутаиси қалаларында қонақүйлер ашыла бастайды, асу жолдарында пошталық станциялар мен казармалар тұрғызылады. Баксан мен Башиль өзендерінің басталуында, Караугом мұздығының жанында саяхатшылардың түнеуіне арналған ағаш үйлер салынады.

1888 жылы Тифлисте суреттері мен картасы бар алғашқы «Кавказ бойынша жолнама» шығады. Оның құрастырушысы Е.Вейденбаум Кавказ өлкесіне жан-жақты сипаттама беріп, басты елді мекендердің, қалалардың, табиғи және тарихи қызықты орындарының суреттемелері берілген тоғыз маршрут ұсынады.

Осы кезеңде Ресейде алғашқы туристік фирмалар ұйымдастырылады. Мысалы, 1885 жылы Петербургте алдында әңгіме қозғалған Леопольд Липсонның кәсіпорыны ашылады. Фирма туристерді саяхат кезінде барлық қызықты жерлерімен таныстыру уәдесін береді.

XIX ғасырдың соңында құрлықпен болсын, теңізбен болсын жетуі өңай екінші таулы аймақ – Қырым ресейліктерді өзіне тартады. Оның үстіне таудың онша биік еместігі және жылы теңіздің жақын орналасуы саяхатшыларға өте тартымды болып көрінеді. Бұл мезгілге қарай Қырым тыныс жүйесі ауырғандар үшін ем болатын өзінің шипалы климатымен даңқы жайылған. Осының бәрі Қырымды Ресейдегі демалушылардың ең көп келетін ауданына айналдырды.

Ялтада 80-жылдардың соңында туризм мен саяхат кәсібінің дамуына зор үлес қосқан «Табиғат, тау спорты мен Қырым таулары әуесқойларының үйірмесі» пайда болды. 1890 жылы 25 қаңтарда оның негізінде Қырым тау клубы қалыптасты, оның құрылтай жиналысында 15 адамнан тұратын басқармасы сайланды. Клуб басқармасы Одессада орналасқан.

1891 жылы қабылданған клуб жарғысында:

- Тавр (Қырым) тауларының ғылыми зерттелуі және жинақталған мәләметтерді жариялау;

- осы тауларға келуге, зерттеуге табиғаттанушылар мен суретшілерді шақырып олардың тұрмысын жеңілдету;
- ауыл шаруашылығының, бау-бақша мен тау-кен өнеркәсібінің жергілікті салаларын қолдау;
- сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар түрлерін қорғау, – деп жазылған.

Клубтың ұйымдастырушы мүшелері Қырым тауының ғылыми зерттелуін ең маңызды міндеті ретінде қабылдаған. Клуб жарғысы оған мүше болып кіруге кең мүмкіндік берген. Ресейдің «кәмелет жасына толған және сотталмаған», мекенжайына қарамастан, кез келген қала мен елді мекендердің тұрғындары клуб мүшесі бола алған. Мүшелері құрушы, құрметті, өмірлік және шын мүшелері болып бөлінген. Клубты қолдаған тұлғалар, белгілі ғылым қайраткерлері клуб жиналыстарында клубтың құрметті мүшелері ретінде сайланған. Шын мүшелерін клуб басқармасы тағайындаған, оларға бір жылдық мүшелік билет берілген; осы шара арқылы клуб мүшелерінің саны реттелген, жыл сайын кездейсоқ адамдар клубтан шығарылған. Клуб құрушы-мүшелерімен бірге оның жұмысына көп жыл бойы қатысқан адамдар да клубтың өмірлік мүшелері бола алған. Қырым клубы қаржы жағынан мүшелерінің жарналары, демеулер, экскурсиялардан түскен пайда, клуб еңбектерін шығару арқылы жұмыс жүргізген қоғамдық ұйым болған.

Клуб өз қызметін 1891 жылдың сәуірінде Қырымға 19 мүшесінің экскурсиясын ұйымдастыруынан бастады. Экскурсанттар Севастопольге барды, Севастополь мен Гурзуфтың арасындағы Херсонестегі археологиялық қазбаларын, Инкерман монастырын, Алупка сарайын, Айтадор шамшырағын, Никит ботаникалық саябағын және Қырымның басқа қызықты жерлерін көріп шықты. Саяхат барысында клуб мүшелері Қырым тау клубы мұражайының негізін құрған геологиялық, топырақтық, ботаникалық коллекцияларды жинақтады. Сонымен қатар, жеті нүктеде экскурсанттар ауаны зерттеді. Осы экскурсияның маңызды болуының тағы бір себебі – оның нәтижесінде Қырым тау клубының Севастополь мен Ялтадағы бөлімшелері ашылды. Ялта бөлімшесі Қырымдағы туризм мен экскурсияларының дамуында ерекше маңызды рөл атқарды. Уақыт өте Қырым тау клубы іс-әрекетін Кавказда да жалғастырып, Қырым-Кавказ клубы деп аталып кетті. Өз жұмысын жылда бір рет шыққан «Записки горного клуба» хабаршысында жариялаған.

Революцияға дейінгі Ресейдің ең ауқымды туристік ұйымы Орыс туринг-клубы болған. Оның құрылтай жиналысы 1895 жылы сәуір айында Петербургте өткен. 27 мүшелері-орнатушылары қоғам кызметін басқару комитетін сайлаған. Осы комитет клуб іс-әрекетінің бағдарламасын әзірлеуге тиіс еді.

Клубтың пайда болу себептерінің бірі – XIX ғасырдың соңында ол кезде жайлы көлік құралы болып қаладан тыс ұзақ серуендеуге жиі қолданылған екі дөңгелекті велосипедтердің кең таралуы болған.

Орыс туринг-клубы халықаралық туристік ұйым (лига) мүшесі болып, шетелдік қоғамдармен қатынас жасаған және оның шетелдеріндегі өз өкілдері болған. Осы туристік ұйым мүшелерін өзара қабылдау мен оларға қызмет

көрсету жөнінде кейбір еуропалық туринг-клубтарымен келісімдер жасалған. Клуб «Русский турист» журналы мен жылдық хабаршысын шығарған.

Туринг-клуб үлгісіне еріп, Ресейдің басқа қалаларында да велосипед қоғамдары мен топтары ашыла бастады. Бірақ осындай алғашқы қоғамдар кішігірім ғана болған, саяхатты әуес ететін және қымбат тұратын велосипедке қаржысы жеткілікті адамдарды біріктірген. Олар өз мүшелері үшін әдетте 200 шақырымнан аспайтын веложорықтар ұйымдастырған.

Велосипедшілер қоғамдары Мәскеуде «Велосипедист» пен «Циклист», Петербургта «Велосипед» пен «Самокат» журналдарын шығарған.

Бірте-бірте Орыс туринг-клубы іс-әрекеті бөлімшелері арқылы Ресейдің көптеген аймақтарын қамтыған Ресейлік туристер қоғамына (РТҚ) (Российское общество туристов, РОТ) айналды. Қоғамның басты мақсаты жалпы туризмді, оның ішінде велосипедті туризмді қолдау болған. Өзінің өркендеген кезінде РТҚ-ның 5 мыңдай мүшесі болған.

РОТ құрметті, қазіргі және өмірлік мүшелерінен тұрған. Қоғамға кірушісі екі мүшесінің кепілдемесін алғаннан кейін жалпы жиналыста дауысқа салынуға мүмкіндік алған. Кіру және жылдық жарнасы 2 сом болған. Өмірлік мүше үшін кассаға бір рет 50 сом төлеу жеткілікті болған. Құрметті мүшелері қоғамға ерекше еңбегі сіңгені үшін жиналыста сайланған.

1899 жылға дейін РОТ-тың ресми басылымы «Велосипед» журналы болған. 1899 жылдың 3 қаңтарынан бастап, қоғам «Русский турист» айлық журналын шығара бастаған.

Қоғам іс-әрекетінің географиясы өте көлемді болған. Мысалы, 1903 жылы оның мүшелері Ресейдің 174 қаласымен қатар, Түркия, Корея, Италия мен Жапонияда тіркелген. Жартысынан көп бөлігі Ресейдің Азиялық бөлігінде тұрған. Қоғам жарғысына сәйкес, 25 мүшесінен асқан жерде комитеттер құрылған. Ең ірі комитет құрамында 562 мүшесі бар Благовещенск комитеті, одан кейін Владивосток – 240, Петербург пен Ростов – әрбіреуі 93-тең болған.

Он қалада – Воронеж, Иркутск, Киев, Дальний, Зее-Пристань, Лодзь, Одесса, Рига, Хабаровск және Жаңа Харбинде РОТ-қа 30-дан 70 дейін турист-велосипедші кірген. Қалған жерлерде, тіпті, Владимир, Рязань, Калуга мен Харьков сияқты ірі қалаларда қоғамға бір адамнан ғана кірген.

Қоғамның негізгі міндеттері мүшелері үшін жорық өткізу, туристерді қабылдау үшін Ресей қалаларында қонақүйлерді ұйымдастыру, «Русский турист» пен «Дорожнина» журналдары мен туристерге арналған анықтамалық-жолдық кітапшалар түріндегі жылдық басылымдарды шығару болған.

Көпшілік жорықтарға қатысу үшін өткен жолына байланысты ұпайлар есептелген, ал жылдың соңында ең үлкен ұпай көрсеткішіне жеткен мүшелері қоғамның арнайы естелік жетондарымен марапатталған.

Бірлі-жарым жетістіктерге жетсе де, РОТ дегенмен, мүшелерінің белсенділігі төмен болғандығынан қуатты туристік ұйым бола алмады. Мысалы, қоғамның алғашқы ашылған кезінің өзінде Петербург қоғамының 300 мүшесінің 30-ы ғана жиналыстарына қатысқан, келесі жылдарда жағдай өзгерген жоқ.

Мүшелерінің саны шамалы болса да, РОТ туризм тарихында маңызды орын алды. Бұл таза туристік мақсаттарды қуған, тау клубтары сияқты тау өлкелеріне ғана емес, Ресейдің талай аудандары мен тіпті басқа елдерге саяхат жасауға шақырған алғашқы ұйым тұғын. Орыс қалалары, елдің қызықты жерлері, саяхаттар туралы баяндаған клуб басылымдары отандастарын өз Отанын тануға ынталандырған.

1901 жылы Мәскеуде Орыс тау қоғамы (ОТҚ) (Русское горное общество, РГО) пайда болды. Владикавказда, Пятигорскіде, Сочиде Қоғамның бөлімшелері жұмыс істеді. Қоғам өз алдында таудағы, әсірес, Кавказдағы саяхаттардың дамуына қолдау жасау мақсатын қойған. Қоғам ұсынысы бойынша бірнеше тау лашығы мен қонақүйлері, Красная Поляна маңындағы Ачишха мен Анчхо тауларында тау саяхаттарының әуесқойлары үшін баспаналар тұрғызылды.

Алғашқы тау баспанасы 1903 жылы Казбек беткейінде салынды. Орыс тау қоғамының Кавказ бөлімшелерінің мүшелері тауға, асуларға жорық жасаған, Әскери-Грузин, Әскери-Сухуми және Әскери-Осетин жолдары бойын кезіп сапарға шыққан.

1902 жылы Кавказдың Қара теңіз жағалауындағы Сочи қаласында Кавказ тау клубының бөлімшесі ашылды. Басқармасына жергілікті тұрғындармен бірге Сочиге жазды күні келіп жүрген Петербург пен Ресейдің басқа қалалар өкілдері да кірген. Кавказ тау клубының Сочи бөлімшесінің мақсаты «Кавказ тауларын, оның ішінде тау шаруашылығын, тау-кен кәсібін, археологиясын, этнографиясын жаратылыстанушылық-тарихи тұрғыдан жан-жақты зерттеу және туристерге септігін тигізу» болған.

Клуб мүшелері Красная Поляна маңы мен тауларға бір және көп күндік жорықтарын жасаған, ал жазғы сапарлар мен экскурсиялардан кейін Сочи мен Петербургта ол жөнінде баяндаған. Кавказ тау клубының Сочи бөлімшесі Петербургта «Дорожник экскурсий по городам и ущельям Сочинского района» («Сочи ауданы қалалары мен шатқалдары бойынша экскурсияларының жолнамасын») шығарды, орыс тау қоғамының Қырым мен Пятигорск бөлімшелерімен іс қатынасын құрды, Мюнхен, Лондон, Еуропаның басқа тау туристік қоғамдарымен хат байланысын үзбей жолға қойды.

Солтүстік Кавказ аймағында туризм жұмысын Пятигорскідегі Кавказ тау қоғамы (КГО) жүргізді. Қоғам Кавказ Минералды Сулар маңында оқушылар үшін және жалпы экскурсияларды ұйымдастырған, туристер мен оқушыларға Кавказдың ішкі аудандарына экскурсия жасауға көмек берген. Қоғам Пятигорск маңындағы жол мен соқпақтарда нұсқауларды орнатты, Пятигорскіде, Бермамытта, Азау және Лейцинчировскийде баспаналарды тұрғызды. Пятигорск баспанасында Кавказ Минералды Суларына барған оқушы-экскурсанттар тоқтап демалған. Қоғам ережелеріне орай, оқушылар экскурсияларының үш күн ішінде баспанада қонуға, тау құрал-жабдықтарын пайдалануға құқықтарын иеленген; қоғам басшылары оқушыларға Кавказ Минералды Сулар айналасын көрсетіп таныстырған. Қоғамның жеткілікті көлеміндегі құрал-жабдықтары, айналаны өте жақсы білетін тәжірибелі

жетекшілері болған. Қоғам бірнеше ғылыми еңбектерінің жинағын, бірталай жолнамалар мен анықтамаларды шығарған.

XX ғасырдың бірінші онжылдығы Кавказдағы теңіз маңы аудандары мен асулардағы жаяу туризмінің дамуымен сипатталады. Осымен бірге шетелдік туристердің саны да өседі. 1911 жылы Германиядан Гаграға шетел туристерінің алғашқы тобы келіп, одан әрі Батумиге, Тифлиске барып Әскери-Грузин жолымен өтті. Бір қызығы – 130 неміс туристерін тасымалдау үшін Кавказдың барлық меншікті автомобильдерін пайдалануға тура келген.

Кавказдағы туризмге бірте-бірте тек Орталық Ресей тұрғындары ғана емес, жергіліктілер де қатыса бастайды. Тифлисте Кавказдағы туризмді қолдау бойынша Бас комитет құрылды. Осы комитет қағидаларын 1912 жылы аймақ әкімі (наместнигі) граф Воронцов-Дашков бекітті. Өкінішке орай, бірінші дүниежүзілік соғыс комитет іс-әрекетін үзіп жіберген.

Екатеринбургта ашылған Орал қоғамы (Уральское общество любителей природоведения, УОЛП) да үлкен жұмыс атқарған. Оның белсенді мүшелерінің арасында А.К.Карпинский, Д.Н.Мамин-Сибиряк, басқа ғалымдар мен жазушылар болған. Жұмысына құрметті мүшелері ретінде сайланған К.А.Тимирязев, Д.И.Менделеев, И.П.Павлов, Н.М.Пржевальский қатысқан.

XX ғасырдың басында Ресейдегі экскурсияларға деген қызығушылығы кейбір қоғамдардың (мысалы, табиғаттану әуесқойлары қоғамдарының) жанындаэкскурсиялық комиссиялардың пайда болуына түрткі тудырды. Олар экскурсиялық топтар мен жеке экскурсанттарға астаналар мен губерниялық қалалармен танысқанда, оларға жәрдем беру міндетін орындаған.

Техникалық білімдерді тарату қоғамының оқу бөлімінің экскурсиялық комиссиясы Ресейдегі шетелдік саяхаттарды дамыту ісіне үлкен үлес қосты. 1908 жылы құрылып, бес жыл ішінде (Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін) 7217 саяхатшыға, оның ішінде Ресейдің әралуан қалаларының 4500 мұғалімдеріне шетелдерге саяхат жасауға көмектесті. Жылдан жылға шетелге сапар жасайтын топтардың саны өсіп, 1913 жылға қарай Германия, Швейцария, Италия, Англия, Жапония мен Скандинавия елдеріне жүйелі маршруттар бекітілген. Еуропа елдеріне сапарлары 22-42 күнге, Жапонияға екі айға созылған. Саяхат бағасы онша қымбат емес, мектеп пен училищелер мұғалімдері үшін қол жетерлік болған. Оның үстіне, сапарға земстволық қалалық өзін-өзі басқару әкімшіліктерімен жіберілген халық мұғалімдері үшін жеңілдіктер жасалған.

1910-1915 жылдары арасында әртүрлі қоғамдардың экскурсиялық комиссияларының саны күрт өсті. 1915 жылдың соңына қарай Ресейде осындай 100 ұйым жолға қойылған.

1910 жылдан бастап ауыл тұрғындары үшін де экскурсиялар ұйымдастырыла бастады. Мысалы, Воронеж земствосы жыл сайын ең озат дихандарға Киев, Полтава, Харьков, Волынь және басқа да ауыл шаруашылығы жақсы дамыған губернияларға, шетелге жоғары өнімді ауыл шаруашылығымен танысу үшін экскурсиялар ұйымдастырған. Мысалы, 1914 жылы Воронеж губерниясының шаруалары Моравияға (Чехия) барып, алты елді мекен, 23

шаруашылықпен және ауылшаруашылық мектебімен танысқан. Бұл экскурсиялар оған қатысқан шаруалар үшін өте пайдалы болған.

Қорыта айтқанда, Ресей империясындағы туристік-экскурсиялық кәсіп XVIII ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан және экскурсиялық жұмыс ұйымдастырушылары мектеп педагогтарының әрекетіне байланысты болған.

XX ғасырдың басында Ресейде алғашқы экскурсиялық мекемелер өмірге келеді, педагогикалық съездер мен жиналыста талқыланған мектептік-экскурсиялық әдістемелігі әзірленеді.

В.Генштің атымен ұйымдастырылған туризм мен Кавказ бен Қырым туристік ұйымдардың қалыптасуы саяхаттардың дамуына өз септігін тигізді.

Ресейде екі дөңгелекті велосипедтерінің таралуына байланысты туринг-клуб жұмыс істеді. Туринг-клуб шетелдік қоғамдармен қатынас орнатты. Оның жеке мерзімдік баспасөзі болған. Кейінірек туринг-клуб Ресей аймақтарында туризм дамуы жұмысын атқарған Ресейдің туристер қоғамы (РОТ) болып аталды.

Туристік-экскурсиялық іс-әрекетті үзіп жіберген Бірінші дүниежүзілік соғыстың алдында К.Ренгартен мен А.Панкратовтың Жер шарын айналған саяхаттары ресейліктердің күш-қуатын, ерлігін әлем алдында паш етті.

***Қайталау сұрақтары***

1. *Ресейдегі алғашқы туристік ұйымдар қашан, қай жерде пайда болған?*
2. *Тифлис альпілік клубы жұмысы жөнінде айтып беріңіз.*
3. *Алғашқы «Кавказ жолнамасын» кім, қашан шығарды?*
4. *Қырым тау клубы жұмысы жөнінде айтып беріңіз.*
5. *Орыс туринг-клубы жөнінде әңгімелеп беріңіз. Орыс туристер қоғамының (ОТҚ, РОТ ) оған қандай қатынасы бар?*
6. *РОТ (Орыс туристер қоғамы) іс-әрекеті жөнінде әңгімелеп беріңіз.*
7. *Орыс тау қоғамы (ОТҚ, РГО) қашан, қай жерде пайда болған? Оның іс-әрекеті жөнінде әңгімелеп беріңіз.*
8. *РГО-ның Сочи мен Пятигорск бөлімшелерінің іс-әрекеті жөнінде әңгімелеп беріңіз.*
9. *Алғашқы экскурсиялық қоғамдар мен комиссияларының XX ғасырдың басындағы Ресей туризмінің дамуына жасаған үлесі жөнінде айтып беріңіз.*

## 2.3. КСРО заманы мен қазіргі кезеңдегі туризмнің дамуы

Ғылыми әдебиетте КСРО туризмінің дамуы бірнеше кезеңге бөлінеді. Оның даму тарихын шартты түрде төрт үлкен кезеңге бөлуге болады: біріншісі – туризмнің ұйымдастырушылық құрылымының пайда болуы мен қалыптасуы (1917-1936 ж.); екіншісі – туризм мен экскурсияларды кәсіподақтар қарамағына өткізу және туризм индустриясының алғышарттарын қалыптастыру (1937-1969 ж.); үшіншісі – туризмнің қарқынды дамуы, оның халыққа қызмет көрсетудің

ірі саласына айналуы, бірақ қызмет сапасының батыс елдер туризм индустриясы стандарттарынан артта қалуы ((1970-1990 ж.); төртіншісі – посткеңестік, ТМД туризмі дамуының өтпелі кезеңі (1991 жылдан қазіргі күнге дейін). Осы кезеңде КСРО-ның бұрынғы одақтас республикалары жүргізген экономикалық реформалар жағдайындағы туристік шаруашылық дамуының жаңа тенденциялары орын алды.

Бірінші кезең экскурсиялық және туристік қозғалыстың пайда болуымен, оның әлеуметтік-экономикалық алғышарттарының, және ұйымдастырушылық құрылымдарының қалыптасуымен сипатталады. Халық шаруашылығының қалпына келуі мен жаңартылуы, мәдени революциясы жағдайында еңбекшілердің бұқаралық демалысының белсендірілуі байқалады, Отанның мәдени құндылықтары мен табиғатын білу қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған пролетарлық туризмнің алғашқы мекемелері құрылады. Халықаралық туризм алдында КСРО достары мен шетелдік прогрессивті қозғалыстар өкілдеріне КСРО-дағы социалистік құрылысын көру мүмкіндігін беру және Кеңес Одағы еңбекшілерінің шетелдік сапарлары көлемін кеңейту мақсаты қойылған.

Сонымен бірге туризм мен экскурсиялардың жаңа ұйымдастырушылық формаларын іздестіру әрекеті жолға қойылды. Кейбір мекемелерде қаладан тыс жерге экскурсиялар мен туристік жорықтар өткізу мақсатында арнайы бөлімшелер құрылды.

Ең бірінші болып, осы жұмысты 1917 жылғы қараша айынан бастап Халық ағарту комиссариатының (Наркомпрос) мектептен тыс жұмысы бөлімі жүргізді. Оны Н.К.Крупская басқарды. 1918 жылы экскурсиялық станциялар және Халық ағарту комиссариатының Тәжірибелік-үлгілі экскурсиялық базасы құрылды.

1919 жылғы наурыз айында В.И.Ленин сауықтыру туризмі мен шипалы суларға экскурсияларды ұйымдастыру ісіне септігін тигізген «Жалпы мемлекеттік маңызды сауықтыру жерлері туралы» декретке қол қойды.

1920 жылы Халық ағарту комиссариатының жанында пролетарлық туризм мен экскурсияларды насихаттау мақсатында Біріккен дәрістік-экскурсиялық бюро – қазіргі туристік экскурсиялық мекемелердің болашақ үлгісі құрылды.

1920 жылдан бастап экскурсиялар мен туристік «шығуларды» кейбір ведомстволар мен мекемелер өткізе бастады. Жұмысшылар мен қызметкерлер үшін оларды кәсіподақтар ұйымдастырған. Оқушылар мен әскери қызметкерлерді Халық ағарту комиссариаты мен Ресей Жастарының Коммунистік Одағы (РЖКО) сапарға шығарған. Қоғамдық мамандарды даярлау мәселесін шешу үшін жаңа құрылған экскурсиялық станциялар штаттан тыс белсенділерді – топтық экскурсия жүргізушілері мен туризм ұйымдастырушыларын даярлай бастады.

20-жылдардың басында туризм географиясы қалыптасады. Егер 1918-1920 жылдары жорықтар мен сапарлар Мәскеу мен Петроград губернияларында ғана өтсе, 1921-1924 жылдары туристік сапарлар ауданы әлдеқайда кеңейді.

Көршілес қалаларға сапар жасау саны артты. Мәскеудегі Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне бару алғашқы бүкілодақтық маршрутқа айналды.

Туризмді демалыстың прогрессивті формасы ретінде пайдаланған мекемелердің саны артты. Ұйымдастырушылар туризм болашақта тұрмыстың мызғымас бір бөлігі, әр адамның жеке қалауы ғана емес, бұқаралық қоғамдық-саяси қозғалыс болатынын пайымдаған.

Осы идеяларды алдында қоғамдық, кейін арнайы басылымдар: «На путях новой школы», «Вестник просвещения», «Экскурсионное дело» және басқалары да насихаттаған. Бұл іс-әрекетте «Комсомольская правда» газеті маңызды рөл атқарған. 1926 жылының желтоқсан айында газет редакциясының жанында штаб құрып, мақсаты мен мазмұны бойынша «пролетарлық» деп аталған бұқаралық туризмнің ұйымдастырушысы болды. Дәл осы мезетте БЛКЖО Орталық комитетінің (ЦК ВЛКСМ) жанында туризм бюросы құрылды, одан кейін «Комсомольская правда» пролетарлық туризмді ұйымдастыру бойынша бірінші сырттай мәжіліс өткізді.

Жаңа туған ұйым іс-әрекетінің мақсаты ретінде «жастар арасында бұқаралық туризмді дамыту» болып жарияланды. Комсомол бұл әрекетін таза парақтан бастаған жоқ: Бюро жұмысының негізінде ЖЭС-тың (Жаңа экономикалық саясат) алғашқы жылдарында өз жұмысын жалғастырған РОТ тәжірибесі жатқан. 1929 жылға қарай РОТ елдегі туризмді басқару орталығына айналады. Оның ондаған бөлімшелері құрылады. Зауыттарда, әскери бөлімшелерде, клубтарда туристік бастауыш ұйымдардың (ячейкалардың) саны көбейеді. Бұған, әрине, «Әрбір турист бастауыш ұйымға бір жыл ішінде оннан кем емес жолдастарын тартуға міндетті» деген ұран өз септігін тигізді.

Дегенмен, әртүрлі мамандықтағы тұлғалар үшін жүйесіз түрде туристік сапарларды өткізетін бірнеше мекемелер болса да, еңбекшілердің кең ауқымды көпшілігін қамтитын туризмді ұйымдастырушы арнайы ведомство әлі де ашылмаған еді. Ол кездегі Ресей туристік қоғамы (РОТ) мүшелері санының шамалы болуына және басқармасының революцияға дейінгі әдістерінен таймағандығына байланысты туристік қозғалысты басқаруға қабілеті жетіспеді.

Кәсіподақтар, БЛКЖО мен Халық ағарту комиссариаты 1924-1928 жылдары елдегі туристік-экскурсиялық жұмысты басқаратын болды. Алдында ұйымдастырушы формалары екі дербес бағытта дамыған: Бүкілодақтық орталық кәсіподақтар кеңесі (БОКОК) мен Халық ағарту комиссариаты бастауыш туристік ұйымдарын – өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық кәсіпорындарындағы, оқу орындарындағы, клубтардағы топтарды құрумен айналысты; ал БЛКЖО комсомол комитеттерінің жанындағы туризм бюроларын құрған. Бюролардың алдында жергілікті «бұқаралық саяхаттар қоғамдарына» қолдау жасау, анықтамалық-инструкторлық жұмыс жүргізу мақсаттары қойылған. Бюролар жанында елтану, лагерлік, алыс және қала маңындағы туризм секциялары құрылған.

Туризм бюролары туристік-экскурсиялық жұмысты одан әрі кеңейту үшін қаржы жинаған. Ол үшін әртүрлі лотереялар, әуесқойлық спектакльдер,

макулатура мен металл сынықтарын жинау жексенбіліктер ұйымдастырылған, әртүрлі жұмыстар орындалған.

1927 жылы Бұқаралық туризмнің орталық бюросы еңбекшілерге елдің алты аймақтары: Солтүстік-Батыс, Орталық өнеркәсіптік, Орта-Еділ, Орал, Қырым, Кавказ бойынша 39 үлгілі маршрут ұсынып, туризм мен экскурсиялар географиясын кеңейтті.

Кәсіподақтар мен комсомолдың біріккен әрекеті нәтижесінде маршрут бойынша теміржол билеттеріне жеңілдіктерді енгізу, туристік лагерьлер үшін үйлерді (ғимараттарды) жалдау, құрал-жабдықтарды жинақтау, яғни еңбекшілерге кәсіподақтар бір бөлігін өтейтін туристік қызмет көрсету мүмкіндігі пайда болды.

1927 жылы Мәскеуде революцияға дейін 500 мүшесі бар Орыс туристер қоғамы (РОТ) өз іс-әрекетін қайта жалғастырды. Әлеуметтік құрылымы бойынша қоғам мүшелері толығымен дерлік интеллигенция мен бұрынғы бай азаматтардан тұрған, арасында біреуі ғана жұмысшы болған. БЛКЖО жанындағы Туризм бюросының нұсқауымен РОТ-қа 1500 жас турист жіберілді, олар кезектен тыс конференциясын шақыру талабын қойды. Осы конференцияда ескі басқарма жұмысын қанағаттанарлық емес деп бағалап, жаңа басқарма сайланды. Қоғамның атын Пролетарлық туризм қоғамы (ПТҚ) деп өзгертті.

Сөйтіп, 1928 жылдың шілде айынан бастап, ең алдымен еңбекшілердің қажеттіліктерін өтеуді көздеп, ОПТ туристік-экскурсиялық жұмысына кірісті. Бірінші жылының өзінде Қоғам 300 мың адамға қызмет көрсетті. 1929 жылы ПТҚ Жарғысы қабылданды.

Ведомстволық туризмнің басқа ұйымдарына қарағанда, Пролетарлық туризм қоғамы бірден-ақ еңбекшілердің қалауы мен жұмыс көлемі бойынша бірінші орынға шықты. Қоғам елдегі туристік-экскурсиялық жұмыстың 90 %-ын орындаған.

ПТҚ іс-әрекеті тек ересектерді ғана қамтыған жоқ. 1929 жылдан бастап қоғамның жанында туристік-экскурсиялық балалар станциялары ашылды. Пролетарлық туризм қоғамының бөлімшелері Украина, Беларусь, Әзірбайжан мен басқа республикаларда дамып, туризм географиясын бүкіл Кеңес Одағына таратты.

ПТҚ-мен бірге 1928 жылы Халық ағарту комиссариаты құрған «Советский турист» мемлекеттік экскурсиялық қоғамы ашылды. Осы қоғамның әрбір мүшесі акциялардың иесі аталған. Бір акцияның бағасы бір сом болған. Мұндай баға ол кезде айтатындағыдай, «турлау» (турировать) еткісі келген кез келген азаматқа қол жетерлік ақша болған. Бірақ 100 акциядан кем емес иелер ғана дауыс құқығына ие болған.

«Советский турист» бүкіл Кеңес Одағы аумағын қамтыған 30 жақын маршрут, тіпті, Памир бойынша маршруттар да ұсынған. Жұмысшы мен қызметкерлердің көпшілігінің кезекті демалысы екі аптадай болғандықтан турлардың ұзақтығы да соған сәйкестендірген.

ПТҚ мен Совтур іс-әрекетінің айырмашылығы мынадай болған: ПТҚ өз еркімен жасалатын жорықтарды ұйымдастырса, Совтур көбінесе, жалпы ағартушылық және өлкетану сипаттағы күні бұрын анықталған маршруттар бойынша демалушыларға қызмет көрсеткен.

Коммерциялық ұйым болғандығынан Совтур кең қалталы жұртқа қызмет көрсетуге бағытталған. Совтур өте жайлы қонақүйлер мен демалыс базаларын салған. Бірақ кәсіподақтар Совтурға өз базаларында жеңілдік бағалармен ОПТ топтарына да қызмет етуді міндет қылған, сөйтіп, Совтур үшін жайсыз, бәсекелестік қағидасына жатпайтын жағдай туған. Соңында 1930 жылдың наурыз айында КСРО тоталитарлық мемлекетінде туризмнің біртұтас ұйымы құрылған.

Халық комиссарлар кеңесінің қаулысына сәйкес, Совтур мен ПТҚ бір ұйымға – Пролетарлық туризм мен экскурсиялардың бүкілодақтық ерікті қоғамына (ПТЭҚ) біріктірілді. Оны бұрынғы ПТҚ төрағасы Н.В.Крыленко басқарды. Совтур әрекетінің ең көзге түсетін қыры – туризмнің релаксациялық сипатын сынау науқаны тағы бірнеше жыл бойы жалғаса берсе де, ғылыми тұрғыдан дәлелденген демалыс қажеттілігі мәселесі күн тәртібінен түспеген.

30-жылдардың басында Денсаулық сақтау халық комиссариаты, Авиация мен химияға қолдау жасау қоғамы (Осоавиахим), Дене шынықтыру мен спорт бойынша бүкілодақтық үлкен кеңес өтті. Онда туристің жас мөлшері мен денсаулығына байланысты туристік маршруттардың үш дәрежесі ұсынылды. Бұл нормативтер 70-жылдардың соңына дейін пайдаланылды.

Құрылған жылы ПТЭҚ 300 мың адам үшін саяхат ұйымдастырса, келесі жылдың өзінде бұл көрсеткішті 3 миллионға жеткізді. 1931 жылға қарай қоғам мүшелерінің саны 500 мыңға дейін, 1932 жылы 800 мыңға дейін өсті. Туристердің кәсіби құрамы да өзгерді: 1930 жылдың соңына қарай жұмысшылар саны 49 % болса, келесі жылы 52 %-ға жетті, қызметкерлер – 19 %-ға, оқушылар – 23 %-ға, колхозшылар мен шаруалар – 6 %-ға жетті.

Қоғам жұмысы бастауыш туристік ұйымдарға сүйеніп жүргізілген. Бастауыш ұйым (ячейка) қағидасын 1930 жылдың қыркүйек айында өткен туристердің Бүкілодақтық жиналысы жариялады.

Туризмнің бұқаралық сипатының нығаюы оған сәйкес материалдық базасының дамуын қажет етті, ал ол үшін қосымша материалдық құралдар мен ақшалай қаржы іздестіруге тура келді.

Пролетарлық туризм мен экскурсиялардың бүкілодақтық ерікті қоғамына (ПТЭҚ) Совтур мен басқа ұйымдардан еншілік ретінде бірнеше материалдық өндіріс пен тұрмыстағы қызмет көрсету кәсіпорындары (туристік құрал-жабдықтарын өндіру мен жөндеу шеберханалары, қайық станциялары, шаңғы жалдау нүктелері, Қырым мен Кавказдағы базалар және т.с.с.) кірді, ал қоғам бюджеті екі-ақ мың сом болған. Сондықтан ПТЭҚ бірнеше бағытта қаржы қорын жинақтау жұмысын жүргізді. Қордың негізгі көзі – ұжымдық және жекелік мүшелердің жарналарынан түскен.

Қолға түскен қаржы туризмнің материалдық-техникалық базасын дамытуға жұмсалды. Туристік лагерлер, кемпингтер, базалар, баспаналар, тау

лашықтары, шатыр лагерлері, туристік материалдық өндіріс кәсіпорындары салынды және әртүрлі ұйымдардан жалға алынды. Екінші бесжылдық басталғанда ПТЭҚ жүйесінде өз меншігіндегі және жалға алынған 300 база, фабрика, жөндеу шеберханалары мен туристік құрал-жабдықтар дүкендері, фотоателье, жалдау пункттері мен басқа кәсіпорындары болған.

30-жылдары туризмнің материалдық-техникалық базасының бекігендігі соншалық, оның бюджетке түсірген пайдасы үлкен сомаға жетті. Орталандырылған және жеке түрде ПТЭҚ бөлімшелері мен бастауыш ұйымдары жергілікті өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығына, мәдениеттік құрылысқа, мемлекеттің қорғанысына ақшалай үлесін қосып отырды. Ақшаның бір бөлігі одақтық маңыздағы туристік объектілерді салуға жұмсалған. Қаржы жинағының бір бөлігін ПТЭҚ туристік-экскурсиялық қозғалыстың қоғамдық мінбесі – бұқаралық ақпараттық құралдарына жұмсаған. 1930-жылдарының басынан бастап, ПТЭҚ мерзімдік баспаларын: «Всемирный турист», «На суше и на море» (алдында ай сайын, кейін айына екі рет) және ұйымдастырушылық-әдістемелік «Турист-активист» айлық журналын шығарды. «На суше и на море» журналының қосымшасы ретінде «Библиотека туриста» (жылына 12 брошюра) атты шағын кітапшалары жарық көрді. Бұл кітапша авторлары – туристер ғылыми-зерттеу экспедициялары мен жорықтары, халыққа қоғамдық еңбек ету мен маршруттар жолдары жөнінде әңгімелеген. 1929 жылдан Бүкілодақтық орталық кәсіподақтар кеңесінің (ВЦСПС) органы – «Турист» журналы шыға бастады. Сонымен қатар Мәскеуде туризм түрлері әдістемеліктері мен техникасы жөніндегі кітаптарды, туристік аудандар мен саяхаттарды суреттейтін басылымдарды шығаратын «Физкультура и туризм» мемлекеттік баспасы құрылды.

Мәскеу мен кейбір басқа қалаларда қоғам мүшелеріне шағын жеңілдіктерін жасайтын «Турист» дүкендері ашылды.

Ұйымдастыру-басқару негізін құру (туризмнің аудандық, қалалық, облыстық, республикалық Орталық бөлімшелері, бастауыш ұйымдар жүйесі), материалдық-техникалық базаның дамуы, халықтың туристік қызмет сұранысының өсуі туризм географиясын әлдеқайда кеңейтті. Батыс Сібір, Алтай, Кузбасс, Орта Азия, Заполярье сияқты жаңа аудандарға бағытталған саяхаттар мен жорықтар жиі өткізілетін болды.

Шетелдік туризм дамуы шетелдік қонақтарды КСРО-да қабылдауын реттеу шараларын қажет етті. 1929 жылғы мамыр айында Еңбек пен қорғаныс кеңесінің шешімімен «Интурист» Бүкілодақтық акционерлік қоғамы құрылды. Делегациялар мен туристік топтарды қабылдау және оларға қызмет көрсетумен бірге, «Интурист» отандастардың шетелдерге баруын жолға қойды. 1930-1931 жылдары бірінші бесжылдық еңбек озықтарының «Абхазия» мен «Украина» кемелерінде Европаны айналып шыққан алғашқы бұқаралық круиз саяхаттары ұйымдастырылды. Қатысушыларды Германия, Италия мен Түркияда (Англия мен Франция өз жеріне кіруге рұқсат бермеді) кеңес өкілдері қарсы алған. Неапольде «Абхазия» тұрған кезде оған жазушы М.Горький арнайы келіп кеткен. Саяхатты бірнеше кітап пен кинофильм бейнелейді.

30-жылдардың ортасында туристерге өлкетану, индустрия, ауыл шаруашылық және басқа тақырыптар бойынша 200-ден астам теміржол, жаяу және құрамалы маршруттар ұсынылған. Туристер мен экскурсанттар саны көбейген. Екінші бесжылдық басталуына қарай ПТЭҚ-ның өзі жылына бір жарым миллион еңбекшіге туристік қызмет көрсеткен.

Осы жетістік себептерінің бірі халыққа қызмет көрсету бағасының төмендеуі болған. Туристік топтар үшін теміржолмен жүруге, туристік базаларда ПТЭҚ мүшелеріне жеңілдіктер жасалған.

Іс-әрекет көлемінің, туристік ұйымдар мен бастауыш ұйымдар санының өсуі (аудандық кеңес санының өзі 1 мыңға жуық болған), жаңа маршруттардың әзірленуі, материалдық-техникалық базаның жақсаруы мамандарды даярлау мәселесін шешуді қажет етті. Туристік басқару қызметкерлерін, қызмет көрсету кәсіпорындарының мамандарын, білікті гид-экскурсия жүргізушілерін, жетекшілерді, қоғамдық ұйымдастырушыларды даярлау қажет болды.

Жергілікті туристік ұйымдарда штаттық басқару аппараттары құрылды. Оқыту мен біліктілікті арттыру және мамандар резервін даярлау мақсатында ПТЭҚ белсенділер үшін қысқа мерзімді орталық туристік курстарды ашқан. Бірнеше жылда оқытудың осындай түрінен 10 мың адамнан астам өтті. Осымен бірге саяси ағарту ЖОО (политпросветвуз) мен техникумдарда туризм мен экскурсиялар бөлімшелері мен циклдарды ашу, бірқатар жоғары оқу орындарының география және этнография факультеттерінде туризм бойынша факультативтік курстарды енгізу мәселелері талқыланды.

Дегенмен, туризм мен экскурсия аясында қиыншылықтар мен шешілмеген мәселелер қаптап кеткен. Материалдық база туристік-экскурсиялық қозғалыстың өсуіне үйлеспеген, туризм мамандары жетіспеген. Бұл кезде ұлттық туризмнің екі негізгі бағыты: еңбекшілердің, әсіресе, жастардың өз еркімен жасайтын жорықтары және жоспарланған маршруттар бойынша өткізілетін туристік-экскурсиялық сапарлар мен саяхаттар қалыптасып орнықты.

Туризм дамуының екінші кезеңі (1937-1969 ж.) – басқарудың жаңа формаларының енгізілу кезеңі. 1936 жылдың сәуір айында КСРО Орталық атқару комитеті туризмнің ерікті қоғам шеңберіндегі дамуы мақсатына сәйкес емес деп қоғамды жою шешімін қабылдады. ПТЭҚ барлық меншігі (турбазалар, фабрикалар және т.б.) БОКОК-не берілді. БОКОК-де Туристік-экскурсиялық басқарма (ТЭБ, орысшасы – ТЭУ ВЦСПС) құрылып, оған бүкілодақтық маңызды туристік маршруттарды басқару және туризм мен экскурсиялар аясындағы іс-әрекет жүргізу міндеті артылған. БОКОК жоспарлы тапсырмалары бойынша шаруашылық-есептік негізінде ісін атқарған аумақтық ТЭБ функцияларының ішінде туризмді насихаттау, жұртқа кеңес беру, жолдағы мәдени-көпшілік және шаруашылық қызмет көрсету, маршруттарды әзірлеу, сонымен қатар, Туристер үйлерінің, тау лашықтарының, лагерлердің құрылысы, құрал-жабдықтарды шығару болған. 1937 жылдың қараша айында БОКОК ТЭБ Жарғысы бекітілді.

Әуесқойлық туризмді басқару міндеті ОАК (ЦИК) жанындағы Бүкілодақтық дене шынықтыру кеңесіне жүктелді және альпинизм туризмнен бөлінді.

ПТЭҚ-ның жойылуы туризм дамуына өте үлкен зиян келтірді. 30-жылдарының ортасында ОПТЭ-мен бірге «Друг детей», «Автодор», «Долой неграмотность», «Техника – массам» және басқа бұқаралық ерікті қоғамның көпшілігі жойылды.

Бұл дәуірде елде әкімшілік-бұйрықтық жүйе біржолата қалыптасып үлгерді; оған мыңдаған жұртты біріктірген ерікті қоғамдық ұйымдардың қажеті болмаған. Олардың орнын ешқашан қарсы болмайтын шенеуніктер алды. Ерікті қоғамдар келешекте қауіпті болуы ықтимал, «халық жаулары» үшін қолайлы «маңдайшасы» болатын «ұялар» ретінде қарастырылды.

1937-1938 жылдары жойылған қоғамдардың қызметкерлеріне қарсы репрессиялар басталды. ПТЭҚ ОК Президиумы мүшелерінің көбі, ОК мүшелері, жергілікті ұйымдар қызметкерлері мен бастауыш ұйымдардың белсенділері қамалды. Олардың барлығы Сталин түрмелері мен лагерьлерінде қамауда, айдауда болды.

Дегенмен, әкімшілік-бұйрық жүйесіне бағынған туризмнің дамуы жалғаса берген. 1939 жылдың наурыз айында ОАК жанындағы Бүкілодақтық дене шынықтыру мен спорт шаруалары комитеті «КСРО турисі» белгісі туралы Ережелерді енгізгенінен кейін спорттық туризм қарқынды дами бастады.

Біліктілікті растайтын осы белгіні алу комплексінің нормативтерін орындау науқаны басталды. Нәтижесінде, 1941 жылдың наурыз айында КСРО-да «КСРО турисі» белгісі 5000 туриске берілді.

Ұлы Отан соғысы кезінде туристік-экскурсиялық іс-әрекет толығымен тоқтатылды. Туризмнің материалдық-техникалық базасы неміс-фашистер жаулап алған аудандарында тоналды, қиратылды. Соғыс жылдары туристік-экскурсиялық мамандардың саны әлдеқайда азайды, барлық деңгейдегі мамандарды даярлау жүйесі тоқтатылды.

Соғыстан кейін, халық шаруашылығының қалпына келтірілуімен бірге туристік-экскурсиялық мекемелер жүйесі де қайта құрыла бастады. Бірақ әлеуметтік сфераны екінші кезекте ғана қаржыландыру қағидасына орай, бұл үрдіс шапшаң түрде өте алмаған. Оның үстіне туризм мен экскурсияларды басқарған органдар билік жағынан қысу, мамандарды бір орнынан екіншісіне ауыстыра беру, жалған, «косметикалық» реформалар саясатын жүргізген.

Дегенмен, жылдан жылға халықтың әртүрлі топтарының: еңбекшілердің, мектеп оқушыларының, студенттердің туризмге деген қызығуы өсе берді. Туризмге қойылатын талаптардың көбеюіне байланысты, 1949 жылы туризм спорт түрі ретінде Бірыңғай спорттық квалификациясына енгізілді. Туризмің белсенді түрлері: жаяу, су, шаңғы және велосипед туризмі үшін спорттық дәрежелік талаптар және туризм бойынша «КСРО спорт шебері» атағын орындауға қойылатын талаптар орнатылды.

1950 жылы Мәскеу туризм клубы ашылды, келешекте ол елдің әуесқойлық туристер орталығына айналды.

1962 жылы ТЭБ негізінде БОКОК туризм мен экскурсиялар бойынша Орталық кеңесі басқаратын туризм мен экскурсиялар кеңестерінің жүйесі құрылды. 1965 жылға қарай барлық одақтас республикаларында, автономиялық республикаларының, өлкелер мен облыстарының көбінде жаңа маршруттарды әзірлеп игеретін туризм мен экскурсиялар бойынша кеңестер ұйымдастырылды.

Туристік саяхаттар кеңес одағы азаматтары демалысының ең сүйікті формаларының бірі болды. Жоспарланған туристік саяхаттардың дамуымен Туризм мен экскурсиялар бойынша Орталық кеңесі айналысқан. Ол бүкілодақтық деп тіркелген маршруттарға жолдамалар берген. Туризм мен экскурсиялар бойынша республикалық, өлкелік және облыстық кеңестерінің қарамағындағы қалған маршруттар жергілікті маршруттар болып есептелген.

60-жылдары кәсіподақтардың туристік-экскурсиялық мекемелері 13 мыңнан астам сызықтық, айналмалы және радиалдық маршруттарды әзірледі. Бүкілодақтық және жергілікті маршруттар бүкіл ел аумағын қамтыған және Кеңес Одағының ең қызықты қалалары мен Камчатка, Курил аралдары, Франц-Иосиф Жері, Кавказ, Қырым, Тянь-Шань, Памир, Алтай сияқты көрікті жерлерін көру мүмкіндігін берген.

Бүкілодақтық жоспарланған маршруттардың 50 %-дан астамы Кеңес Одағының бес аймағында: Солтүстік Кавказ, Закавказье, Қырым, Карпат және Кавказдың Қара теңіз жағалауында өткен. Осы аймақтарда елдің туристік базаларының, кемпингтерінің, туристік қонақүйлерінің жартысы шоғырланған.

Жылдан жылға бүкілодақтық маршруттар географиясы кеңейген. Олардың ішінде елу бесі белсенді қозғалыс: жаяу, шаңғы, су (байдарка, қайық, үрмелі сал қолдануымен), велосипед, атты маршруттарына жатқан. Осы маршруттарға қатысқандар «КСРО турисі» белгісін алу құқығына ие болған, ал турист 9 маршруттың бірінен (№ 22 «Таулы Қырым бойынша», № 59 «Белая өзенімен сал қолданып» (Оңтүстік Орал), № 71 «Днестр каньонында сал үстінде», № 72 «Псёл өзенінде қайықпен» Полтава облысы), «Телецкое көлі мен Алтай тайгасы», № 187 «Карпат ормандары», № 433 «Гиссар жотасымен» («Маргузор көлдері» турбазасы – «Искандер-Куль» турбазасы), № 434 «Гиссар жотасымен» («Искандер-Куль» турбазасы – «Маргузор көлдері» турбазасы) өткен соң, қолында «КСРО турисі» белгісі болса, аталған маршруттар бірінші қиындық дәрежелі туристік жорықтарына жатқандықтан қатысушысына туризм бойынша үшінші спорттық дәреже берілген.

Халықаралық жастар алмасуы мәселелерін шешу үшін 1958 жылдың маусым айында шетел жастары топтарын қабылдау және Кеңес Одағы жастарын шетелге жіберумен бірге жастардың ел ішіндегі саяхаттары және жастар лагерлеріндегі демалыс мәселелерімен айналысқан «Спутник» Халықаралық жастар туризмінің бюросы (БММТ) құрылды.

60- жылдары КСРО-да туризмнің бір-біріне тәуелсіз бес дербес:

кәсіподақтық туризм (БОКОК жанындағы туризм мен экскурсиялар бойынша Орталық кеңес);

шетелдік туризм (КСРО Министрлер кеңесінің жанындағы шетелдік туризм бойынша Мемлекеттік комитет);

жастар туризмі (БЛКЖО ОК жанындағы «Спутник»);

әскери туризм (КСРО Қорғаныс министрлігінің туризм мен экскурсиялар басқармасы);

мектептік туризм (КСРО Ағарту министрлігі) бағыты болған.

Әртүрлі жарнаманы әзірлеп шығару, пресса, радио, теледидар мен кинода туристік-экскурсиялық ұйымдар өткізетін шараларды насихаттау мен жарнамалау мақсатында «Турист» жарнамалық-ақпараттық бюросын ашу шешімі қабылданды. Ол 1971 жылы ашылып, өз жұмысын шаруашылық-есептік негізде жүргізді.

Ұлы Отан соғысына дейін ЖОО-нда туризм мамандарын даярлаған жоқ. 50-жылдардың ортасынан бастап туризм пәні «Дене шынықтыру («Физическая культура») мамандығы бойынша оқыған педагогикалық ЖОО студенттері үшін міндетті болып саналды (70-жылдарының соңында туризмге жергілікті жерде бағдарлауды қосты). 60-жылдардың басында дене шынықтыру институттарында «Туризм» пәні енгізіле бастады. Студенттер туризм теориясы әліппесімен танысып, 5 күндік жорыққа қатысу міндеттелген. Алғаш Әзірбайжан КСР-да «Туризм» пәнін дене шынықтыру институттарының барлық студенттері оқуға міндетті болған. Жоғары туристік білімді мамандар 1978 жылы алғашқы рет шығарылды. Осы уақыттан бастап, КСРО Жоғары білім министрлігі мен КСРО Спорткомитеті келісіміне орай, барлық дене шынықтыру ЖОО-нда «Бұқаралық дене шынықтыру-сауықтыру жұмысы мен туризм» («Массовая физкультурно-оздоровительная работа и туризм») мамандығы енгізіледі.

БОКОК ОК «Кәсіподақтық және туристік-экскурсиялық ұйымдар жұмысы туралы» (1962 ж.) қаулысында «туризм кеңестері мен кәсіподақтар кеңестеріне туристік басқару мамандарын, инструкторларды, экскурсия жүргізушілерін, туристік-экскурсиялық шаруашылық қызметшілерін таңдау, орналастыру мен тәрбиелеу, олардың біліктілігі мен жауапкершілігін арттыру ісін ойдағыдай жетілдіру бойынша шараларды әзірлеп, іске асыру» ұсынылды. Туризм бойынша Орталық кеңес алдында Мәскеуде басқару мамандарының біліктілігін арттыру мақсатында Орталық туристік курстарды, онда оқитындар санын жылына мың адамға жеткізіп, ашу; туристік қызметкерлер мен белсенділерді оқытатын оқытушылар мен инструкторлардың біліктілігін көтеру мақсатында жүйелі түрде зоналдық семинарлар (жиналыстар) өткізу міндеттері қойылды.

Республикалық, өлкелік және облыстық туризм кеңестері туризм инструкторларының, экскурсия жүргізушілерінің, туристік-экскурсиялық шаруашылық қызметшілерінің біліктілігін арттыру бойынша әр адамды екі жылына бір реттен кем емес оқытатын оқу пункттарын ашуға тиісті болды.

БОКОК ОК жанындағы Кәсіподақтық қозғалыстың жоғары мектебі (КОҚЖМ) санаторлық-курорттық және туристік-экскурсиялық мекемелер факультетінде туристік-экскурсиялық жұмыс мақсатында экономистерді даярлай бастады.

1970-1980-жылдар шегінде «Экскурсиятану» мамандығын екінші мамандық ретінде елдің көптеген ЖОО даярлады.

1964 жылы Абхазияда Туризм бойынша ғылыми-зерттеу институты ашылды. Оның Ғылыми кеңесіне халық шаруашылығы, ғылым және мәдениеттің әртүрлі салаларының 47 маманы кірді. Олар спелеологтар мен альпинистер, өнертанушылар мен тарихшылар, сәулетшілер мен экономистер және тағы да басқалары тұғын.

Үшінші – туризмнің қарқынды даму кезеңнің басталуы (1970-1990 ж.) КОКП ОК, КСРО Министрлер Кеңесі мен БОКОК «Елдегі туризм мен экскурсияларды одан әрі дамыту шаралары туралы» (1969 жылдың мамыр айы) қаулысының шығуына байланысты өрбіді. Қаулыда еңбекшілердің, әсіресе, жастардың туристік-экскурсиялық қызметтер қажеттілігі толығымен қанағаттандырылмайды деп белгіленген. Материалдық хал-күйінің жоғарылауы, бес күндік еңбек аптасына көшкеннен кейін бос уақыттың әлдеқайда көбеюі ондаған миллион жас адамдар алдында жаңа мүмкіншіліктер ашты.

Қала маңының жаңа демалыс зоналарын, туристік-сауықтыру лагерлерін ашу қажеті туындады. 1971-1975 жылдары жаңа туристік базалар мен қонақүйлерінің, кемпингтер мен автопансионаттардың құрылысы жоспарланды. Бұл жұмыста КСРО Мемлекеттік жоспарлау мен КСРО мемлекеттік құрылыс басқармаларына үлкен жауапкершілік артылды. Жергілікті ұйымдар аудандық және қалалық туристік клубтар, туристік құрал-жабдықтарды жалдау пункттері үшін орын беру міндеттелді.

Осындай жоғары дәрежедегі қаулыда алғашқы рет КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы геодезия мен картографияның Бас басқармасына берілген «БОКОК келісілуімен 1970 жылдан бастап жыл сайын карталарды, туристік маршруттар сұлбаларын, туризм зоналарының карталарын шығару» нұсқауы берілді.

Сонымен, жалпы осы құжат туризм елдің қоғамдық-экономикалық тұрмыс жағдайына лайықты болып, қажетті индустриялық фундаментке ие болуы қажет екенін бекітті.

Қаулы қабылданғаннан кейін ұзақ уақыт өтпей, туризм мен экскурсиялар бойынша Орталық кеңес пленумында туризмнің 1971-1975 жылдардағы даму бағдарламасы жарияланды. Саяхаттар индустриясының сенімді іргетасы қажет етілді. Туризм мен экскурсиялар бойынша Орталық кеңес Президиумы Мәскеу облысы Сходня қаласында Орталық туристік курстарды ашу шешімін қабылдады. Оқу мерзімі бір айға жоспарланған. Мұнда кеңестер төрағаларынан бастап аспаз бен турбазаның шаруашылық меңгерушісіне дейін барлық қызметкерлер өз біліктілігін арттыруға міндетті болды. Сонымен қатар, онда бүкіл ел үшін туризм бойынша әралуан әдістемелік және оқулық құралдарын даярлайтын әдістемелік кабинет ашылған. Қазіргі кезде бұл оқу орны Ресейдің халықаралық туризм академиясы (РХТА, орысшасы – РМАТ) деп аталады.

Әралуан туристік жүйелерінің мекемелері мен ұйымдарының мамандарын Туризм мен экскурсиялар бойынша Орталық кеңесінің Орталық

және зоналдық курстары (1973 жылдан бастап – БОКОК Кәсіподақтық қозғалыстың жоғары мектебінің (КОҚЖМ) кәсіподақтар мекемелерінің санаторлық-куроорттық және туристік-экскурсиялық мамандарын даярлау факультеті), көптеген университеттердің география факультеттері*, бірқатар педагогикалық ЖОО-дың қоғамдық мамандық факультеттері, 1981 жылдан бастап – Туризм мен экскурсиялар бойынша Орталық кеңестің Туристік-экскурсиялық ұйымдар қызметкерлерінің біліктілігін жоғарту институты, шетел тілдерінің ЖОО-нда аудармашы бөлімшелері даярлай бастады. 1982 жылдан бастап, елдің бірқатар дене шынықтыру институттары «Туризм ұйымдастырушысы және инструкторы» мамандығын енгізді.

Туризм саласындағы ғылыми зерттеулерді КСРО ҒА География институты, БОКОК КОҚЖМ, БОКОК Туризм мен экскурсиялар бойынша Орталық кеңесінің туризм мен экскурсиялардың Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу зертханасы, КСРО Шетелдік туризм бойынша Мемлекеттік комитетінің (Госкоминтурист СССР) шетелдік туризм бойынша Ғылыми-зерттеу зертханасы, КСРО ҒА Сібір бөлімшесі және т.б. жүргізді.

Кеңес одақтық туризм тәжірибесі «Турист» (БОКОК), «Путешествие в СССР» (орыс, ағылшын, неміс, француз тілдерінде), «Бюллетень туристской информации» (КСРО Шетелдік туризм бойынша Мемлекеттік комитеті), «Информационный бюллетень Комитета молодежных организаций СССР» (КСРО Жастар қоғамдарының комитеті) журналдарында және мерзімді емес түрде шығатын «Информационный бюллетень Бюро международного молодежного туризма «Спутник» ЦК ВЛКСМ» сияқты басылымдарда көрініс тапты.

Өз еркімен өткізілетін туристік саяхаттардың жаңа маршруттары іздестірілді. Туризм мен экскурсиялар бойынша Орталық кеңес Президиумы 1969 жылы ОК шешіміне орай Саян, Байкал маңы, Шығыс Кавказ бен Памирде өткен алты экспедицияның жұмысын қолдады.

Экспедициялардың жұмысы нәтижесінде 1-V қиындық дәрежедегі 60 жаяу, су және құрамалы маршрут анықталып әзірленді.

---

*70-жылдардың ортасынан бастап Белорус, Ростов, Симферополь және т.б. университеттердің география факультеттерінің негізінде «Өлкетану, туристік-экскурсиялық кәсіптің әдістемелігі және ұйымдастырылуы» мамандығы бойынша студенттер даярланды.

1969 жылдың 14 наурызда БОКОК Президиумы «Туристік маршруттарда балалар мен ата-аналарын қабылдау туралы» қаулысын шығарды. Қаулы бойынша, Туризм мен экскурсиялар Орталық кеңесі алдында, қолында ересектегідей жолдама болса, 12 және одан үлкен жасқа толған балалары бар туристерге қызмет көрсету міндеті жүктелген. Бұл құжат кеңес одақтық туризмнің отбасылық туризм бағытын бекітті.

БОКОК Президиумының 1971 жылдың 9 шілдесіндегі «Экскурсиялық жұмысты одан әрі жақсарту туралы» қаулысы ата-аналары мен балаларының

туристік-экскурсиялық демалысының дамуына жаңа ықпал берді, Осы қаулы бойынша кәсіподақтық комитеттер кәсіподақ бюджеті қаржысы есебінен ұйымдастырылған екі күннен аспайтын демалыс күнгі жергілікті маршруттардың ақшасын отбасыдан жолдама бағасының 30 % алып өтеуге рұқсат берген. Одақтық кәсіподақтардың осы және басқа да шараларының нәтижесінде ата-аналар мен балаларының саяхат жасау әрекетінің дамуы артты. Сонымен қатар бірталай туристік-экскурсиялық мекемелер мен ұйымдар жұмыстың жаңа түрлері мен формаларын ұсынды.

Туризмді басқару құрылымының маңызды өзгерістері 1976 жылы енгізілді: туризм мен экскурсиялар кеңестерінің жанында істеген туризм түрлері бойынша басқару органдары – орталық, республикалық, өлкелік, облыстық және қалалық секциялар – біртұтас қоғамдық органдарға – туризм федерацияларына бірікті.

Кәсіпорынның, мекеменің, оқу орнының Туристер клубының, туризм мен экскурсиялар кеңесінің қалалық (аудандық) туристік клубтарының типтік қағидалары бекітілді.

Жаяу туризм – өзіндік саяхаттарының бұқаралық түрі, елде 3,5 миллионнан астам адам жаяу саяхаттарын жасаған.

1977 жылдың қыркүйек айында БОКОК Президиумы «Еңбекшілердің жергілікті туризмі мен экскурсияларын дамыту шаралары туралы» қаулысын қабылдады. Онда жаяу туризм комиссияларының алдында туризм мен экскурсиялар кеңестеріне жергілікті маршруттарды әзірлеп, оларды жергілікті жерде белгілеуге, жаяу туризм туралы материалдарды баспадан шығаруға, әдістемелік және кеңес беру жұмысына жәрдем беру міндеті артылды.

Халықаралық туризмнің де белсенді дамуы байқалған. Халықаралық туристік қатынастарының құқықтық негізін қалыптастыруда көп жақтық келісімдер маңызды орын алған. Елдің туризм басқарушылары туризм мәселелеріне арналған барлық ірі халықаралық конференцияларға белсене қатысқан. КСРО Халықаралық туристік ұйымының (ХТҰ) белсенді мүшесі болды, ал елдің туристік ұйымдары беделді халықаралық ұйымдарға мүше ретінде кірді. КСРО Туристер үшін кедендік жеңілдіктер Конвенциясына қосылды.

КСРО 1980 жылы Манилада өткен Бүкіләлемдік туризм бойынша конференциясының белсенді қатысушысы болды. 1982 жылы Акапулькода (Мексика) өткен Бүкіләлемдік туризм бойынша жиналысында кеңесодақтық делегация Манила конференциясы шешімдерінің іске асырылуына баға берген баяндама жасады.

1979 жылы 7 мамыр күні Туризм мен экскурсиялар бойынша Орталық кеңес Президиумы «Туристік қоғамдық кадрлар туралы» жаңа қаулысын бекітті. Инструкторлық атақтар: туризмнің бір түрінің кіші инструкторы, туризмнің бір немесе бірнеше түрлерінің инструкторы және аға инструкторы, аға инструктор-методист (әдістемеші) енгізілді. Туристік маршруттардағы жайсыз оқиғаларды алдын алу міндеті Туризм мен экскурсиялар бойынша Орталық кеңесі жүйесінің бақылау-құтқару қызметінің (БҚҚ, орысшасы – КСС)

алдына қойылды. БҚҚ жергілікті денсаулықты сақтау, ішкі істер, гидрометеорологиялық қызмет, орман шаруашылығы, азаматтық авиация, байланыс, Қызыл Крест пен Қызыл Ай бөлімшелері және басқа органдарымен өзара әрекеттесті.

1980 жылдың соңында Туризм мен экскурсиялар бойынша Орталық кеңесі өзіндік туризм үшін өте маңызды қаулы шығарды: 1981 жылдан бастап, жыл сайын туризм бойынша КСРО чемпионатын өткізу шешімі қабылданды. Бұл оқиға қоғам белсенділерінің, туристік, спорттық, кәсіподақтық ұйымдар қызметкерлерінің көп жылдық мұқият жұмысының нәтижесінде ғана мүмкін болды.

1980 жылдың 16 желтоқсанында КОКП ОК, КСРО Министрлер Кеңесі мен БОКОК «Елдегі туристік-экскурсиялық іс-әрекетінің одан әрі дамуы туралы» қаулысын жариялады. Онда жаңа міндеттер қойылды, туризм мен экскурсия аясы қызметкерлері үшін жаңа даму сатылары белгіленді.

Материалдық-техникалық база саланың негізі болып табылды. 1970-1980 жылдардың ішінде жаңа туристік кешендер мен қонақүйлер, турбазалар мен кемпингтер, аспалы жолдар салынды. Сервис қызметі қуатты автошаруашылықтармен, қоғамдық тамақтандыру, мәдени және коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындармен, жобалау шеберханаларымен, жөндеу-құрылыс ұйымдарымен толықтырылды. Түнеу орындарының жалпы саны 1980 жылдың соңына қарай 360 мыңға жетті.

80-жылдары туризм жүйесі одан әрі жетілдірілді. 80-жылдардың бірінші жартысында кәсіпорындар туристік-экскурсиялық іс-әрекеттің ойдағыдай даму жағдайын жасау үшін үлкен жұмыс атқарды. Оның 1990 жылға дейінгі Бас сұлбасының негізі қаланды. Онда материалдық-техникалық базаның қайта жабдықталуы, туристік және экскурсиялық мекемелер торының одан әрі құрылымдық кеңеюі, мамандарды даярлау, туризм мен экскурсиялардың тиімділігінің артуы жоспарланған.

Туризм демалыстың ең сүйікті түріне айналды. Жұмысшылар, қызметкерлер, колхозшылар, оқушылар кәсіподақтар комитеттерінде жолдаманы жеңілдікпен немесе әлеуметтік сақтандыру, кәсіподақ бюджеті, әлеуметтік-мәдени шаралары қорының есебінен тегін алды. Сөйтіп кез келген отбасының туризм мен экскурсияларға қолы жетті.

Қалың бұқараның жорықтарға, саяхаттарға, сапарлар мен экскурсияларға қатысуы туризмнің әдістемелігін, әлеуметтік мазмұнын, жабдықталуын, географиялық ареалын әлдеқайда өзгертті.

Туризм шынында да бұқаралық құбылысқа айналды. 80-90-жылдар шегінде КСРО-да 800 астам туристік клуб, 40 мыңнан астам қоғамдық комиссия істеген, олардың жұмысына 700 мыңға жуық турист қатысқан. Спорттық жорықтарға 250-300 мың турист шыққан.

80-жылдары ата-аналар мен балалары жасайтын жорықтардың саны өсті. Мысалы, 1985 жылы ата-аналар мен балалары № 413 «Закарпатский» (бес жасынан бастап), Мәскеу, Кавказдың Қара теңіз жағалауында, Азов теңізі мен

Балтық маңындағы 20 маршрутпен (7 жасар және одан үлкен балаларымен) және 12 жасынан бастап – 29 маршрут бойынша дем алуға мүмкіншілігі болған.

Туризм мен экскурсиялар бойынша Орталық кеңесі автотуристер үшін бүкілодақтық маршруттарды ұйымдастырған. Осындай маршрут жолдамаларына ие болғандардың туристік кемпинг пен қонақүйінде тұруға, тегін автотұрақты пайдалануға, тамақтануға және экскурсиялық қызметке құқығы болған. 1985 жылы: Дондағы Ростовтан Әскери-Грузин жолымен Гаграға дейін, Смоленск – Киев – Львов – Каролино-Бугаз; Мәскеу – Харьков – Алушта; Новгород – Псков – Пярну; Дондағы Ростов – Нальчик – Махачкала – Дербент сияқты бес маршрут жұмыс істеген.

Бүкілодақтық маршруттарға қарағанда республикалық, өлкелік және облыстық туризм мен экскурсиялар кеңестері ұйымдастырған жергілікті жоспарланған туристік маршруттар желісі әлдеқайда тығыз орналасып, КСРО аймағын қамтыған. Олар көбінесе, жақын аймақ жұртына арналған болса да, бірақ осындай маршрут жолдамаларын елдің кез келген жерінде азаматтардың сатып алу мүмкіндігі болған, ол үшін тиісті кеңеске өтінішін жіберсе жеткілікті тұғын.

Республикалық, өлкелік және облыстық туризм мен экскурсиялар кеңестері жоспарланған туризм үшін дәстүрлі емес саяхат түрлерін белсенді дамытқан. Мысалы, Украинада елдегі алғашқы, үңгірлерге баруымен бірге алты күндік «Тернопольщина үңгірлері және өзендері бойымен» («По пещерам и рекам Тернопольщины») спелеомаршруты жасалған. 1985 жылы Кеңес Одағында Алтай, Оңтүстік Орал, Солтүстік Кавказ, Закавказье мен басқа аймақтарда 17 атты маршрут жұмыс істеген. Кейбір жерлерде веломаршруттар да жолға қойылған. Иркутск кеңесі Ольхон аралы, Ленинградтық – Карел мойнағы көлдері, Қазақ кеңесі – Қарқаралы таулы-орманды оазисі бойымен велосипедтік маршрут ұйымдастырған. Пенза, Пермь, Түрікмен, басқа да кеңестер жоспарланған велосипедтік туризмді дамытқан.

Жергілікті жоспарланған маршруттар санына көлік саяхаттары: жылу кемелерімен (өзен және теңіз кемелері), теміржол мен авиациялық саяхаттар жатқан.

Өзен кемелеріндегі саяхаттар Кеңес Одағының барлық ірі өзендерінде: Еділ мен салалары Кама мен Ока, Солтүстік Двина мен Сухона, Онежское, Ладожское көлдері мен Нева өзені, Төменгі Дон, Днепр Киевтен төмен қарай, Обь бойымен Новосибирскіден бастап және Ертіс пен Омбыдан бастап, Енисей бойымен Красноярскіден Диксонға дейін, Лена бойымен Усть-Куттан Лаптевых теңізіне құйған жеріне дейін және Амур бойымен Благовещенскіден Амурдағы Николаевскіге дейін жүргізілген. Еділ және оның салалары бойымен ең ұзақ маршрут Астрахань – Ленинград – Астрахань және біршама ұзақ емес (3-5 күнгі), мысалы, Астрахань – Волгоград – Астрахань немесе Мәскеу – Углич – Мәскеу сияқты маршруттар өткен. 40-қа жуық КСРО еуропалық бөлігі облыстарымен бірге, Әзірбайжан, Армян, Молдавия, Қазақ және т.б. туризм мен экскурсиялар кеңестері, кемелерді жалдап, өз азаматтары үшін Ресейдің басты су жолы бойымен саяхаттарды ұйымдастырған. Еділ бойымен саяхат жасаған

туристер үшін негізгі экскурсиялық орталықтары Волгоград, Саратов, Куйбышев, Ульяновск, Қазан, Горький, Мәскеу болған. 20 күн ішінде туристер көптеген қызықтыратын жерлерді көріп шыққан.

Қара теңізде, шығыста Жапон және Охот теңіздерінде, солтүстікте Ақ, Баренц және Карское теңіздерінде теңіз саяхаттары да ұйымдастырылған.

80- жылдары 150-ден астам өзен және теңіз кемелері жыл сайын туристік мақсатта пайдаланған.

Жоспарланған теміржол саяхаттары 60-жылдардың басынан бастап, жақсы дамып келіп, 80-жылдардың соңына қарай барлық республикалық, өлкелік және облыстық туризм мен экскурсиялар кеңестерінің теміржол көлігін пайдаланатын туристік маршруттары ұйымдастырылған. Осы мақсатта арнайы туристік-экскурсиялық пойыздар мен «денсаулық пойыздары» құрылған. 1986 жылы 2600 туристік-экскурсиялық пойыз болған.

Теміржол туристік маршруттар бағдарламалары экскурсиялық орталықтар арасындағы жол түнгі уақытқа сәйкес келетіндей жасалған. Орал, Сібір, Қазақстан мен Қиыр Шығыс тұрғындары үшін одақтық республикалары астаналары мен ең қызықты экскурсиялық орталықтары үстімен өтетін төрт айналмалы: Мәскеу – Минск – Вильнюс – Таллин – Ленинград – Мәскеу; Мәскеу – Киев – Одесса – Херсон – Севастополь – Мәскеу; Мәскеу – Смоленск – Псков – Новгород – Ленинград – Мәскеу; Алматы – Фрунзе – Ферғана – Самарқан – Душанбе – Ашхабад – Бұхара – Ташкент – Алматы маршруты құрастырылған.

80-жылдары авиациялық туристік маршруттар кең тараған. Статистикалық мәліметтер бойынша, ірі қалалар мен аудан орталықтарының 160-тан астам саяхаттар мен экскурсиялар бюролары авиацияны жоспарланған туристік саяхаттарды ұйымдастыру үшін пайдаланған.

Жоспарланған туризммен бірге өзіндік туризм де дамыған. Туризмнің осындай формасы туристік топтің өзі жасаған маршрут бойынша өткізілген, демалыс күнгі қарапайым демалыстан бастап, ең жоғарғы спорттық қиындық дәрежесіндегі жорықтарға дейінгі маршруттарды қамтыған. Статистикаға сүйенсек, 80- жылдары демалыс күнгі жорықтар мен көп күндік саяхаттарға 20 миллионнан астам кеңес одағы азаматтары қатысқан.

80-жылдардың орта тұсында КСРО-да өзіндік туризммен 20-дан 30 миллионға дейін адам шұғылданған [28].

1960-1980 жылдары туризм соғысқа дейінгі жылдардағыдай зорлықпен енгізілген идеологиялық сипатта болған жоқ. Оның материалдық базасы салыстыруға келмейтін мөлшерге өсті. Әртүрлі туристік ұйымдар формасы, ұзақтығы, қиындығы және жайлылығы бойынша неше түрлі мыңдаған маршруттарды даярлады. Туризм одақтық тұрмыстың үйреншті салтына айналып кетті. Дегенмен, туризмнің әлеуметтік сипаты басым болғандықтан, туристік қызмет сұранысы ұсыныстан әлдеқайда асып түскен, ал көптеген туристік-экскурсиялық бюролар барлық қажет еткендерді жолдамалармен қамтамасыз ете алмаған.

1990 жылы «КСРО турисі» белгісін 250 мың турист алған, туризм спорттық дәрежелері 80 мың туристерге берілген, ал 124 турист спорт шебері атағына ие болған. Миллионнан астам мектеп оқушылары туристік жорықтарға қатысқан.

1990 жылдың 24 тамыз күні Туризм мен экскурсиялар бойынша Орталық кеңесінің Коллегиясы «Шаруашылық жүргізудің жаңа жағдайларындағы өзіндік туризмді ұйымдастыруын дамыту және жетілдіру» жайлы «революциялық» қаулы қабылдады.

Туризм мен экскурсиялар бойынша, Орталық кеңес Бүкілодақтық туризм федерациясы мен Өзіндік туризм басқармасына қоғамдық ұйым – КСРО туристік-спорттық одақ құруын ұсынды.

КСРО туристік-спорттық одағы жарғысын талқылап қабылдау үшін құрылтай съезін 14-16 желтоқсанда Мәскеде өткізу шешімі қабылданды. Делегаттардың өкілділігі аумақтық бөліну мен 1989 жылы спорттық дәрежелі жорықтарға қатысқан туристер санына байланысты қарастырылды. Ұйымдастырушы комитет КСРО туристік-спорттық одағының құрылуы туралы Декларацияны әзірледі. Оның негізгі міндеті оған ерікті түрде кірген туристік-спорттық және басқа ұйымдардың жұмыс орындауы үшін барлық жағдай жасау болды.

Құрылтайда Одақтың жарғысы қабылданды, онда Одақ демократиялық қоғамдық ұйым болып табылады деп айтылған. Президенті мен оның төрт орынбасары сайланды. Одақтың Атқару комитетінің бюросы 11 адамнан тұрған. Осындай Одақтар аймақтарда да құрылды. КСРО туристік-спорттық одағының тарихы ұзаққа созылмады.

1991 жылдан бастап КСРО туризмінің даму тарихының жаңа, посткеңестік кезеңі басталды. 80-жылдардың екінші жартысындағы Горбачевтің қайта құру саясаты КСРО-ның құлауына және оның салдары ретінде, Кеңес Одағының біртұтас туристік-экскурсиялық жүйесінің ыдырауына әкеліп соқты. Бұрынғы одақтық республикалардың орнына саяси тәуелсіз мемлекеттердің және ұлттық туристік-экскурсиялық ұйымдардың пайда болу үрдісі басталды.

КСРО ыдырауымен бірге туризм басқару жүйесі де жойылды. Кәсіподақтық туризм өмірі де үзілді. Өзіндік туризм мемлекеттік саясат қарауынан шығып бар мен жоқтың арасында ілініп қалды. Мемлекеттік бюджеттен «туризм» бабы тіпті, жоғалып кетті. Жұрт табысының төмендеуімен бірге ішкі туризм күрт қысқарды. Оның материалдық базасы жоққа айнала бастады.

Жағдайды қалай да болса түзеп, құрылымды сақтап қалу үшін 1992 жылы шілде айында I құрылтай конгресінде Халықаралық туристік-спорттық одақ құрылды. Оның құрушылары Ресей, Украина, Беларусь, Қазақстан, Армения, Молдова, Литва, Мәскеу мен Санкт-Петербург туристік-спорттық ұйымдары болды. Бұрынғы КСРО-ның өзіндік және спорттық туризмнің көптеген жылдар бойы жинақтаған жақсылықтары мен құндылықтарын сақтап қалу шешімі қабылданды.

Осы мезеттен туризм тарихының жаңа кезеңі басталды деп айтуға болады. Қазіргі таңда туристік фирмалардың көпшілігі басқа елдерге бағытталған шығу туризмімен айналысады, ал өз аумағында «қозғалыстың белсенді әдістерін қолданып жасалатын» саяхаттарды, яғни спорттық сауықтыру туризмді ұйымдастыратын фирмалар санаулы болып тұр.

### *Қайталау сұрақтары*

1. *Бұрынғы КСРО туризм дамуы кезеңдеріне сипаттама беріңіз.*
2. *В.И.Ленин қол қойған декреттерінің одақтық туризм дамуында атқарған рөлі туралы айтып беріңіз.*
3. *Ағарту халық комиссариатының туризм мен экскурсияларды ұйымдастырудағы рөлі жөнінде әңгімелеп беріңіз.*
4. *Мәскеу мен Ленинградта туристік-экскурсиялық іс-әрекетпен айналысқан мекемелер мен ұйымдарды атап шығыңыз.*
5. *Кеңес туризмінің дамуында «Комсомольская правда» газеті қандай маңыз атқарған?*
6. *Пролетарлық туризм қоғамы (ПТҚ) қалай және қашан ұйымдастырылды?*
7. *«Совтур» мен Пролетарлық туризм қоғамы (ПТҚ) қашан біріктірілді және нәтижесінде қандай ұйым пайда болды?*
8. *Пролетарлық туризм мен экскурсиялар қоғамы (ПТЭҚ) жұмысы жөнінде айтып беріңіз.*
9. *Пролетарлық туризм мен экскурсиялар қоғамы (ПТЭҚ) қашан және неге жойылды?*
10. *Соғыс алдындағы жылдары туристік-экскурсиялық іс-әрекетінің қайта ұйымдастырылуы қандай түрде өткен?*
11. *Қай жылы туризм Бірыңғай спорттық классификацияға енгізілді? Бұл оқиғаның маңызы неде?*
12. *КСРО туризмінің 60- жылдарындағы дамуы туралы айтып беріңіз.*
13. *«Спутник» Халықаралық жастар туризмі бюросы (БММТ «Спутник») қашан және қандай мақсатта құрылды?*
14. *70-жылдары туристік мамандары қайда және қандай түрде даярланған? Туризм аясындағы ғылыми-зерттеулерін кім жүргізген?*
15. *КСРО отбасылық туризмінің даму тарихы жөнінде әңгімелеп беріңіз.*
16. *КСРО-да 1970-1980 жылдардағы өзіндік және спорттық туризмінің дамуына сипаттама беріңіз.*
17. *КСРО бұқаралық туризмнің ең маңызды маршруттарын атап шығыңыз.*
18. *КСРО туризмі 80-жылдардың соңы мен 90-жылдардың басында қалай дамыған?*

# 3-ТАРАУ. ТУРИЗМ ГЕОГРАФИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ

Географтар баяғыдан туризм мәселелеріне көңіл бөлген, бірақ осы саладағы тиянақты зерттеулер тек XIX ғасырда, дәлірек айтсақ, оның екінші жартысында ғана басталған.

Туристік мәселелерді географиялық зерттеу шеңберіне енгізу бұл ғылымның XVIII ғасырдың соңына дейін жанама түрде ғана айналысқан әлеуметтік-экономикалық проблемаларына ден қоюына байланысты болды. XIX ғасырда өнеркәсіптің қарқынды дамуы, ірі қалалардың шоғырлануы, темір жол байланысының дамуы кезеңі басталды. Нәтижесінде көптеген елдер мен аумақтар аумақтық және құрылымдық өзгерістерге ұшырады. Осы үрдістер үнемі өсіп келе жатқан XIX ғасырдың соңында кейбір елдерде өте үлкен көлемге жеткен, ал I дүниежүзілік соғыстан кейінгі оның «демократиялануы» оны одан сайын күшейткен туристік қозғалыс қосылды. Туризм дамуының нәтижесінде елдердің, аймақтардың және жерлердің жаңа әлеуметтік-экономикалық құрылымдары қалыптасып, кеңістікке өзгерістер енгізді, сондықтан бұл мәселелер географиялық зерттеулерді қажет етті. Осы зерттеулердің шеңбері кейбір елдер мен аймақтарда туристік құбылыстардың дамуымен бірге кеңейді және осы елдер мен аймақтардың әлеуметтік-экономикалық құрылымындағы туризмнің әсеріне тәуелді болды.

Туризмді географиялық зерттеулер нысаны ретінде дұрыс түсіну кеңістікте тараған туристік құбылыстарының даму кезеңдерін қарастыру арқылы мүмкін болады. Осы пайымдауға сүйеніп, туризм географиясының жетістіктеріне байланысты кезеңдерді:

- XIX ғасырдың соңына дейін;
- 1900-1930 ж;
- 1931-1945 ж.;
- 1946-1960 ж.;
- 1961 жылдан қазірге дейін деп белгілеуге болады.

## 3.1. XIX ғасырдың соңына дейінгі кезең

Демалыс жасау сапарлары санының өсуі урбанизациялау үрдісіне, ал ең алдымен, XIX ғасырдағы теміржол көлігінің дамуына байланысты болған. Осыған орай, туристік, әсіресе, демалысқа жайлы қасиеттеріне ие болған аумақтар қажеттілігі ұлғайды. Осындай жаңа территориялар лайықты жабдықталмағандығынан туризм дамуының XIX ғасырдағы алғашқы сәтінде демалушылар көбінесе курортшыларды қабылдауға толық мүмкіншіліктері бар курорттық жерлерге (минералды суларға, шомылу-сауықтыру орындарына, климаттық курорттарға) барған. Өз кезегімен, осындай жағдай қызмет көрсету мекемелерінің (түнеу орындары, тамақтандыру және осыған сәйкес қажетті база) дамуына септігін тигізген. Осының нәтижесінде алғашқы болған елді мекеннен тыс орналасқан жаңа курорттық аудандар жиі пайда бола бастаған. Келіп жатқан демалушылар санына байланысты, кейбір жерлерде

курортшыларды қарсы алу үшін меншікті үйлер де жабдықталып қосымша бөлмелер немесе жаңа үйлер салынды. Жаңадан салынған құрылыстардың стандарты бұрынғы объектілерден жоғары болған, кейде бірнеше қабат үйлер де салынған. Осы үрдістің нәтижесінде кенттердің бет-әлпеті өзгере бастады, кейде бұрынғы елді мекендік құрылымы толығымен өзгеріп кеткен. XIX ғасырдағы медицинаның дамуына байланысты климаттың (тау және теңіз маңының) және теңіз суының шипалы қасиеттерін жоғары бағалай бастаған. Бұл себептен бұрын жұртқа беймәлім және кішігірім елді мекендер ірі теңіз маңы (мысалы, Сопот, Канны, Монте-Карло, Ницца) немесе тау (мысалы, Шамони, Давос, Закопане) демалыс орындарына айналған және осы күнге дейін мыңдаған туристерді қабылдап өз функцияларын сақтап қалған.

Дәл осы кезде географтар қоныстау мәселелерін үңіліп зерттеге және олар елді мекендердің кеңістіктегі таралуымен бірге олардың тік кеңеюін де зерттеген. Осы аядағы алғашқы еңбектердің бірі [102] неміс И.Г.Кольдың басылымы болған*. Бұл еңбектің арнайы белгілеп көрсеткен «Басқа бір қоғамдық қозғалыс және ол қалыптастырған [...] ойын-сауық, қызмет көрсету кенттері мен су курорттары» деп аталған бөлімінде автор туристік қозғалыс пен оның аудан дамуына тигізетін әсері жөнінде өз ойларын көрсетіп жазған.

Зерттеулерінде аймақтар мен аумақтардың экономикасындағы туристік қозғалыстың белгілі маңызына көңіл аударса да, туризммен байланысты шаруашылық мәселелері ол кезде географтарды қызықтырмаған** [102, 108].

XVIII, XIX (әсіресе, оның бірінші жартысы) ғасырларда туристік немесе курорттық тақырыбына тікелей арналған жұмыстары бойынша поляк географиясы үлкен жетістіктерге жетті деп айта алмаймыз. Дегенмен, осы тақырыпқа қатысты ойлар жер туралы басқа ғылымдардың, жаратылыстанушылар және дәрігерлердің жұмыстарынан табылады.

Туризм туралы – осы сөздің қазіргі мағынасында – Польшада С.Сташиц, Ю.У.Немцевич пен В.П.Поль [55, 56] жұмыстарын айтуға болады және географтар үшін Сташиц пен Поль еңбектері маңызды болып көрінеді. Станислав Сташиц (1755-1826) өзінің қоғамдық іс-әрекетімен бірге, поляк жерінің геологиялық және географиялық зерттеулеріне, әсіресе шикізат ресурстарына көңіл бөлген. Оның көптеген саяхаттарының нәтижесінде «Ата замандағы Сарматия, кейін Польша таулы аймақтарының жер құнарлығы жөнінде, осы аймақ жазықтары туралы, Лысогор жотасы, Бескиды мен Белявы туралы алғашқы трактат» және «Карпат және Польшаның басқа таулары мен жазықтарының жер құнарлығы туралы» деп аталған шығармалары басылған.

---

*И.Г.Коль. «Der Verkehr und die Ansiedelungen der Menchen in ihrer Abhangigkeit von der Gestaltung der Erdoberflache», Dresden und Leipzig, 1841.

**Кольмен қатар, J.Anderer. «Vergleichende betrachtungen über den Fremdenverkehr in Tirol und in der Schweiz», Innsbruck,1899; F.Zistrel. «Die vol; swirtschaftliche Bedeutung des Fremdenverkehrs», Graz, 1894. қараңыз.

Осы соңғы аталған жұмыс Карпат жөніндегі поляк тіліндегі алғашқы монография жазылған. Онда басқалармен бірге тау экскурсияларын жасау мүмкіншіліктері туралы көп ақпарат болған*. Польшаның туристік қасиеттерін әдеби түрде суреттейтін «Біздің жер туралы жыр» (алғашқы басылымы 1843 ж.) поэмасының авторы ретінде аты шыққан Винценты Поль (1807-1872) Ягеллон университетінің профессоры ретінде осы оқу орнының география кафедрасын басқарған. Осы кезеңдегі оның белгілі шығармасы «Еуропаның солтүстік-шығысы» деген ауқымды еңбегі болған. Оның алғашқы толық емес басылымы Поль университетте қызмет етіп жүрген кезінде шықты, ал толық және толықтырылған басылымы кейінірек жарық көрді [45]. Осы еңбекте студенттермен бірге Карпатта, әсіресе, Татры, Пенины мен Бескидыде жасалған экскурсиялар кезінде жинақталған материалдар мен байқаулар орын тапты; тау ландшафтының сұлулығын, минералды суларының шипалы қасиеттерін суреттейтін тараулары және осы сулардың курорттарды дамыту мүмкіншілігін беретіндігі туралы ойлары кірген. Бұл сәтте, әрине, Поль өзінің алдында болған Судет экскурсиялары мен Цеплица Шленски-Здрое деген жерде болған тәжірибесін қолданды. Кейін де, өзінің университеттік жұмысын аяқтаған соң, ол курорт жұмысымен байланысты мәселелерге қайтадан оралған.

Өз еңбектерінде туристік-курорттық мәселелерін қарастырған басқа автордың қатарына геолог Ягеллон және Варшава университеттерінің профессоры, Карпат, әсіресе, Татры мен Бескидының XIX ғасырдағы алғашқы зерттеушілерінің бірі Людвик Зейшнерді (1805-1871) еске алған жөн. Поляк тау туризмінің пионері болып саналатын Зейшнер Подхале** аймағы, әсіресе, Спиш пен Орава туралы өлкетанулық монографиялардың және Бескиды*** бойынша экскурсиялары суреттемелерінің авторы. Сонымен қатар ол минералды сулардың химизмімен айналысқан, ал осы аядағы Зейшнер жасаған Татры сулары зерттеулерінің маңызы соншалық, оны қазір «Закопаненің алғашқы ашушысы» деп санайды. Математик, библиограф, Ягеллон университетінің картография докторы (1832), Галиция мен Буковина сауықтыру орындарының алғашқы картасының**** авторы Теофил Жебравски (1800-1887); дәрігер, Ягеллон университетінің құрметті профессоры және ректоры, «поляк бальнеологиясының әкесі»***** атағына ие болған Юзэф Дитль; Татры, Бескиды мен Пенины бойынша алғашқы жолнамасы****** үшін

*Сташиц шығармасының талдауын Я.Шафлярский жасаған [109].

**Л. Зейшнер «Подхале и северный склон Татр, или польские Татры» [Варшава] 1849-1852.

***Л.Зейшнер «Путешествия по Бескидам, или описание части Карпатских гор, находящихся между источниками Вислы и Сана», Варшава, 1848.

****Т.Жебравски. «Перечень лечебных курортов Галиции и Буковины [...] для пояснения карты этих же курортов». – Краков, 1862.

*****Ю.Дитль. «Заметки об отечественных курортах, учитывая их эффективность, применение и благоустройство». Часть 1, Краков, 1858.

******Э.А.Янота. «Путеводитель в экскурсиях на Бабью Гору, в Татры и Пенины». – Краков, 1860.

1860 жылы Ягеллон университетінің философия факультетінің доктор ғылыми атағын алған Эугениуш Арнольд Янота сияқты туризм аясындағы зерттеушілерді атаған жөн. XIX ғасырдың соңында көптеген бальнеология бойынша жұмыстар, туристік қасиеттер, қозғалыс пен жабдықтау туралы көлемді ақпарат қамтитын өлкетанулық-туристік жолнамалар жарық көрді [45].

***Қайталау сұрақтары***

1. *Туризмді географиялық тұрғыдан зерттеу дамуы қандай кезеңдерге бөлінеді?*
2. *И.Г.Кольдың 1841 жылы шыққан еңбегі туралы айтып беріңіз.*
3. *Туризм аясындағы поляк ғалымдарының алғашқы зерттеулері туралы айтып беріңіз, олардың есімдерін атап шығыңыз.*

## 3.2. XX ғасырдың басынан 1930 жылға дейінгі кезең

XIX-XX ғасырдың қиылысында қалалардың қарқынды дамуы географтарды урбанизациялау үрдістері мен туристік және курорттық елді мекендердің салынуы немесе кеңеюі арасындағы байланыстарды анықтауға арналған зерттеулерді жүргізуге итермеледі деп айтуға болады. Мысалы, белгілі неміс географы А.Геттнер (1859-1941) осындай кенттердің дамуын жұрттың қалаларда шектен асып шоғырланғанымен байланыстырған: мұндай жағдайда қалалар тұрғындарының рекреациялық сұраныстарын қамтамасыздандыру қажеттілігінің өсуі міндетті болатындығын пайымдаған. Геттнер бойынша, қала тұрғындарының көркемді және климаты жайлы жерлерде демалу қажеттілігі туристік кенттердің кеңістіктегі дамуына түрткі туғызған. Туристердің келуі жергілікті жерлер функцияларының, оның нәтижесінде олардың әкімшілік статусының және осындай елді мекендердің бет-әлпетінің (бұрынғысына ұқсамайтын құрылыс, кейде үлкен территорияны алатын саябақтарды ұйымдастыру, серуендеу мен демалысқа арналған аумақтарды жабдықтау және т.с.с.) өзгеруіне әкелген. Осы мезгілде туристік келулер сипатына байланысты кенттердің мамандандырылуы да байқалған. Стационарлық (бір жердегі) туризм басым келген кенттермен бірге қысқа мерзімдік туристік келулері басым өлкетанулық орталықтар, мысалы, тарихи қалалар немесе мәдени функциялары өте дамыған қалалар болған* [102].

XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастап туристік тақырыптың географиялық зерттеулер ауқымының кеңеюі байқалады. Осы мезгілге дейін ден қойылған туристер келетін жерлермен қатар географиялық зерттеудің басқа да элементтеріне көңіл аудару қажет болды. Туристік қозғалыспен байланысты құбылыстарды зерттейтін географиялық ғылымдардың арнайы пәнінің теориялық негіздерін анықтау уақыты да келді.

---

*K.Hassert. «Die Stadte geographisch betrachtet». – Leipzig, 1907.

«Туризм географиясы» (Fremdenverkehrsgeographie) ұғымын географиялық терминологияға енгізіп, оның қамтитын ауқымын анықтау әрекетін австриялық ғалым И.Страднер жасады* [102]. Оның пікірінше, географияның дәл осы пәні туристік қозғалыстың өзі және онымен байланысты экономикалық салдарларымен бірге осы аумақтың тартымдылығын құратын туристік қасиеттерін (табиғаттық және табиғаттық емес) қамтуы міндетті. Осы қасиеттер туристік карталарда көрсетілуі қажет, ал туристік карталарды құрастыру туризм географиясының кезекті міндеті болып табылады. И.Страднер аумақтардың туристік пайдаланылу деңгейі мен олардың халық көп шоғырланған қалалық және өнеркәсіптік орталықтарға немесе байланыс жүйесіндегі орналасу реті арасындағы өзара байланыстылығына ден қояды.

Осы жұмыста туристік аудандастыруға, туристік қасиеттерге, әсіресе бір туристік аймақтың (аумақтың) (Verkehrgebiet, Verkehrsbezirk) басқа аумақтарға ұқсатпайтын айырмашылығын көрсететін табиғи ортасы элементтерінің бірыңғайлығына алғашқы рет назар аударылған. Жиі қолданатын осындай аумақтарды саяси немесе әкімшілік шекаралары бойынша бөлу әдісін Страднер қате деп есептеген. Аудандастыру қағидаларын анықтау әрекетін жасап, туристік аймақ ұғымына, мысалы, Альпіні, Карпатты, Адриатикалық жағалауды, Боден көлін жатқызды, ал олардың шекаралары сол кездегі саяси шекараларымен мүлдем ұйқаспаған.

Страднердің жұмысы туризмнің географиялық зерттеулерінде, әсіресе, оның зерттеу тақырыбын анықтау жағынан жасалған үлкен қадам болғаны жөнінде ешқандай күмән жоқ. Кейінгі зерттеулер туризм географиясының ауқымын коммуникациялық мәселелері сияқты элементтерімен толықтырып, кеңейтті. Туристік қозғалыстың өсуі XX ғасырдың басынан-ақ көптеген елдерге әлеуметтік-экономикалық әсерін тигізіп, оны халық шаруашылығының ең тиімді салаларының бірі ретінде түсініп, «туристік өнеркәсіп» [42] деп атай бастаған.

Туристік құбылыстардың географиялық сипатына географтар XIX ғасырдың өзінде назар аударған [102], бірақ осы мәселені толық түрде бірінші болып К.Шпютц [105] талдаған. Автор өз жұмысында туристерді қабылдайтын елдер мен аймақтардың экономикалық, қоғамдық және мәдени қатынастарының өзгеруіндегі туризмнің рөлін талай рет көрсеткен. Сонымен қатар Шпютц туристік қоныстану торының кеңістіктік дамуы мен «қонақжайлық кәсібі» (Gastgewebe) дамуының әсерінен болған кенттердің бет-әлпеттерінің өзгерістері жайлы көп жазған. Сондай-ақ, Шпютц туристік қозғалысының әсерінен болған табиғи және мәдени ландшафтарындағы өзгерістерді зерттеу қажеттілігін атап көрсеткен.

Басқа географтар Шпютцтың зерттеулерін тереңдетті және географиялық талдауларында туристік статистиканы [38, 102] туристік құбылыстар ауқымы жөніндегі ақпараттың негізгі дерекнамасы ретінде үлкен көлемде пайдаланды.

---

*J.Stradner. «Der Fremdenverkehr». – 1. Aufl., Graz, 1905, 2. Aufl., Graz, 1917.

Осы кезеңнің соңында осы саланың қарқынды дамуы, әсіресе, Берлинде Туризмнің зерттеу институтының пайда болуына байланысты неміс туризм географтарының ғылыми іс-әрекетінің жандануы байқалды *(1935-1945 жылдар кезеңі жөніндегі тарауды қараңыз).*

Осы кезеңде Р.Глюксманның*, А.Грюнтальдың алғашқы еңбектері, туристік құбылыстарды географиялық қырынан қарастыру әрекетін жасаған Г.Вегенердің** шығармасы жарық көрді. Автор туризм мен табиғи және, әсіресе, мәдени қасиеттері арасындағы өзара байланыстылығына ерекше ден қояды. Сонымен қатар Г.Вегенер туристердің демалыс орнын таңдау түрткілері мен туристік қозғалыстың айналадағы ландшафтқа (табиғи және мәдени) тигізетін әсерін зерттеді.

Қарап тұрсақ, осы кезеңде туризм географиясы бойынша зерттеулер неміс тілді елдерде жүргізілген. Бұл Еуропаның осы бөлігінде, әсіресе, Австрия мен Швейцарияда қарқынды түрде байқалған туристік қозғалыс географиясына байланысты болған. Өз кезегімен, Германияда өтіп жатқан урбанизациялау мен индустриялану үрдістері халықтың жаңа демалыс аумақтарына деген сұранысын тұғызған. Осы елдерде туристердің қаптап келуінің оң да, теріс те салдарлары көбейе бастаған. Бір жағынан, туристік қозғалыс белгілі экономикалық пайда әкелді, басқа жағынан қарасақ, туристердің асып кеткен түрде шоғырлануы және осыған байланысты аумақтардың қарқынды игерілуі территорияның туристік қасиеттерінің жоғалу қауіпіне әкелген.

Қолдағы тарихи дерекнамаларға сүйенсек, аталған елдер туристік құбылыстардың географиялық зерттеулерін алғашқы болып өткізгені анықталады. Қарсылас пікірлер [83] кездессе де, басқа еуропалық елдерде бұл саладағы зерттеулер кейін ғана басталған. Дамыған туризмнің «классикалық» елі Италияның өзінде осындай зерттеулер 1899 жылы ғана басталды [83, 102], ал туризм географиясының жүйелі зерттеулері тек XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарының басында ғана тіркелген. Мұнда А.Мариоттидің іс-әрекеті өзіне назар аударады. Ол көптеген еңбектерін жазумен бірге, туризмге байланысты мәселелер жөнінде 1925 жылы Рим университетінің туристік шаруашылығының Жоғарғы курстарында дәрістерін оқып, белсенді дидактикалық және насихаттау жұмыстарын жүргізген.

Туристік қозғалыс XIX ғасырдан бастап жолға қойылған, ал осы ғасырдың соңында бұқаралық кәсіпке айналып кеткен Францияда географтар туристік құбылыстарын зерттеу жұмыстарының шағын ғана көлемінде қатысқан. Осы кезеңдегі туризм мәселелерімен айналысқан аз ғана француз географтарының бірі Р.Бланшардың көзқарасы бойынша, туризм, дәлірек айтсақ, осы елде ұғым ретінде қабылданған «туристік өнеркәсіп» (l′ industrie du tourisme) «елдің шетелдіктер көруі қажет көрікті жерлерін пайдалану» болып

---

*R.Gluksmann. «Die wissenschaftliche Durchdringung des Fremdenverkehrs». – «Verkehr und Bader», Jg.1929 № 40.

**G.Wegener. «Der Fremdenverkehr in geographischer Betrachtung» [B:]. «Fremdenverkehr. Beitrage…hrsg.von der industrie und Hadelskammer zu Berlin». – Berlin, 1929.

табылады. Осы мақсатта кіріс жолдарын жабдықтап демалыс жағдайлары мен туристік қызмет көрсету түрлерін лайықты түрде жоспарлау қажет деп пайымдаған [42]. Осындай пайымдауға негізделіп, Бланшар өз зерттеулерін [16] жүргізген, ал кейбір зерттеушілер [20] Бланшардың Альпы жөніндегі еңбегін француз туризм географиясындағы алғашқысы деп есептеген.

Қарастырылып отырған кезеңнің соңында туристік проблемалар Құрама Штаттары географтарын қызықтыра бастаса да, басылымдардың көбі отызыншы жылдардан бастап қана жарық көрді. Американ географтары зерттеулерінің басты тақырыбы демалысқа арналған табиғи орта ресурстарын қорғау мәселелері болды [20].

***Қайталау сұрақтары***

1. *А.Геттнердің туристік қозғалыс дамуы жөніндегі көзқарастарына сипаттама беріңіз.*
2. *И.Страднер еңбегінің маңызы неде? Оның туризм географиясының зерттеу тақырыбы жөніндегі көзқарасы қандай болған?*
3. *К.Шпютц өз еңбектерінде қандай мәселеге ерекше көңіл аударған?*
4. *Осы кезеңде Германияда, Италия мен Францияда туризм географиясы саласындағы зерттеулерді кім жүргізген?*

## 3.3. 1931 жылдан 1945 жыл арасындағы кезең

Бұл кезең – туризм географиясының өркендеу кезеңі. Оның зерттеу тақырыбы біржолата анықталды. Еуропа мен Солтүстік Америкадағы кеңістіктік жоспарлаудың дамуы жоспарлау жұмыстарына туристік мәселелердің жиі енгізілуінің себебі болды. Осындай жағдай тиянақты түрде жүргізілетін географиялық зерттеулерді қажет етті.

Осы кезеңдегі туризм географиясының дамуында «туризм» ұғымының дәл анықталып бекітілуі маңызды рөл атқарды. Енді туризм «онымен байланысты теориялық, экономикалық, географиялық, статистикалық, заңгерлік, мәдени және әлеуметтік мәселелердің жиынтығы» деп түсіндірілді [60]. Осыған орай, туризмді әрбір ғылымға тән тану көлемі, зерттеу тәсілдері мен қолданылатын әдістемелігіне сәйкес ғылыми пәндері арасында «бөлу» мүмкіндігі пайда болды.

Туризмнің теориялық негіздерін қалыптастыру мен осы аядағы зерттеулердің дамуы туризм географиясының мағынасын анықтау әрекетін жасауға мүмкіндік берді. Туризм географиясы «ландшафтың туристік қасиеттерін ғылыми тұрғыдан анықтау, ландшафтың төл қасиеттерін сақтайтын және сонымен бірге тиімді экономикалық әсер тигізетін туристік қозғалыс мүмкіншіліктерін зерттеу» міндеттерін орындауға бағытталған ғылым болып табылады [57]. С.Лещицкийдің осы анықтамасындағы туризм географиясының зерттеу шеңбері «адаммен, географиялық ортамен, топырақты шаруашылық мақсатында пайдаланумен, және де адам істері мен мәдениетімен» тығыз байланыста болды [61]. Бұл бұрынғы, туризм географиясын туризммен

байланысты тек қана таңдап алған элементтерін зерттеуімен шектелген осы ғылым проблематикасын анықтау әрекеттерімен салыстырғанда нағыз ілгері қадам болған-ды.

Туризм географиясы аясындағы зерттеулердің дамуы арқасында әралуан елдерде, әсіресе әлеуметтік-экономикалық саясатында туризм маңызды рөл атқарған мемлекеттерде көптеген жаңа ғылыми мекемелер пайда болды. Алайда, бұрынғыдай, ең алғашқысында туризм саласындағы ғылыми жұмыс Германиядан басталды.

Әрине, бұған Берлиндегі жоғары сауда мектебінің жанында 1929 жылы ашылған, Роберт Глюксманн басқарған туризмнің зерттеу Институтының (Forschungsinstitut für den Fremdenverkehr) белсенді іс-әрекеті өз септігін тигізді [60, 61]. Осы ғылыми мекеме туризм мәселелерін «экономикалық, ұйымдастырушылық, әлеуметтік, құқықтық, географиялық, метеорологиялық және медициналық қырларынан»* қарастырып, қызу ғылыми жұмысын жүргізген. Институттың тоқсан сайын шығатын «Archiv für den Fremdenverkehr» журналында туризм географиясы бойынша көптеген маңызды материалдардары басылған. Осы журналдың көптеген авторларының бірі А.Грюнталь болған. Оның пікірінше, туризм туристік қозғалыс пен табиғи ортасының лайықты қасиеттерімен сипатталатын белгілі жер немесе аймақ арасындағы байланыс арқасында географтарды қызықтырады.

Грюнталь бойынша, туризм географиясы ең алдымен айналадағы орта жағдайындағы туристік қозғалыстың кеңістіктегі орналасуымен және туризмнің осы жағдайларға тигізетін әсерімен айналысуы қажет**.

Дегенмен, отызыншы жылдардың бірінші жартылығының туризм географиясының негізгі теория қалаушыларының қатарына ең алдымен А.Борманн мен алдында аталған Р.Глюксманнды жатқызу керек. Екеуі де туризмді ғылым ретінде түсіндіретін, сол кезде сирек кездесетін құралдардың авторлары болған.

А.Борманн өзінің ауқымды басылымында [17] туризм географиясының мәнін, көлемін және зерттеу міндеттерін анықтайды. Сонымен қатар ол туризмнің географиялық сипаттарын тиянақты талдайды. Ол туристік қозғалыс көлеміне әсер ететін факторлардың арасында бірінші орынға табиғи, әсіресе, климаттық және бальнеологиялық жағдайларын қояды.

Табиғи орта жағдайларына Р Глюксманн да ерекше көңіл бөледі [43]. Туристік мәселелердің үлкен көлемін қамтитын оның жұмысы туризм жөніндегі заманауи ғылымының басты шығармаларының бірі деп есептеледі. Физикалық географиялық зерттеулерге онша үңілмей, ол табиғи жағдайларының туризм дамуына жасайтын әсерінің заңдылықтарын дәлелдейді. Оның ішінде, Борманн сияқты, ол да ең маңызды рөлді климаттық жағдайға береді. Дегенмен, орман жамылғысының, жер үсті суларының

*R.Gluksmann. «Die wissenschaftlicheBehandlung des Fremdenverkehrs». – «Zeitschrift für Verkehrswissenschaft"». Jg..8,1930 # 1.

**A.Grunthal. «Allgemeine Geographie der Kurirte». – «Archiv für den Fremdenverkehr». Jg. 5, 1934/35, # 1.

ландшафтық қасиеттерді арттыратын элементтері ретіндегі маңызына ден қойып назар аударады. Тартымдылық қасиетін қарастырып, автор туристер демалысы үшін ең тартымды ландшафт өздері тұратын жерге ұқсамайтын ландшафт деген қарама-қарсылық заңы деп аталатын заңға назар аудартады. 1934 жылы гитлершілер Берлиндегі туризмнің зерттеу Институтын және оның басылымы «Archiv für den Fremdenverkehr» журналын жапты. Р.Глюксманн Швейцарияға қоныс аударып, өз жұмысын сондағы баспадан шығарады.

1937-1939 жылдары неміс географтарының нақты туристік аймақтар туралы жұмыстары: Гарц тауларының батыс бөлігі жөніндегі Х.Гассманның жұмысы [40], Мекленбург теңіз маңы сауықтыру орындары туралы Х.Дэблердің* еңбегі және Крконошадағы туристік қозғалысты қарастырған Х.Позердің жұмысы [89] жарық көреді. Бірінші екеуінде авторлары табиғи ортаның талдауымен шектеледі. Позер болса, зерттелген аумақтағы туристік құбылыстардың жан-жақты сипаттамасын береді. Түсіндірмелері мен қолданған әдістеріне орай, жұмысының теориялық маңызы өте жоғары келеді. Автор туристік қозғалыстың кеңістіктік аспектін және туризм географиясының зерттеулерінде осы аспекті мүмкіндікше толық түрде ескеру қажеттілігін белгілеп атайды. Сонымен қатар, Позер туристік қозғалыс түрі (типі) мен экономикалық тиімділігі арасындағы тәуелділігін бірінші болып талдайды. Орталық Еуропа орта биік тауларындағы курорттық, саяжайлық, қысқы, жорықтық және транзиттік қозғалыстары сияқты туризм түрлерін бөліп, автор олармен бірге туристік жерлер мен туристік жабдықталуының дамуына себепші болған түрлерін де атап көрсетті. Өткізген зерттеулерінің нәтижесінде Позер әдетте туристік қозғалыстың бірнеше типтері туристік аймақты қалыптастырады, ал аталған аумақтағы туризмнің бір ғана формасының дамуы нәтижесінде туристік аймақ қалыптаспайды деген тұжырым жасады.

Осы кезеңде Франциядағы жергілікті және шетелдік туризм дамуы жоғары деңгейге жетсе де, туризм географиясы бойынша зерттеулер саны аз болған. Басталған зерттеулер тек бөлек аймақтарды, көбінесе, таулы жерлерді [16, 74] қамтыған, француз жағалауы туралы жұмыстар саны одан да төмен болған**. Зерттеулердің (өте жалпы түрде жасалған) тағы бір тобы Франциядағы туристік қозғалыс мәселелерін қарастырған***, оның ішіндегі кейбір жұмыстар оның тек қана экономикалық аспектілерімен шектелген****.

Теориялық зерттеулердің басты тақырыбы туристік қозғалыстың кеңістіктегі орналасуындағы өзгерістер болған. Моторизация мен тысталған

---

*H.Daebeler. «Die Fremdenverkehr der mecklenburgischen Ostseebader in geographischer Betrachtung». – Schwerin 1938 (Phil. Diss. Rostock, 1938).

**L.Papy. «La vie humaine sur le littoral entre Loire et Gironde». – Paris, 1941.

***P.Clerget. «Le mouvement touristique». «Revue Econ. Intern.», 1935, déc.; O.Pernikoff «Le tourisme en France». – Paris, 1938.

****Leveille-Nizerolle. «Le tourisme dans l'économie contemporaine». – Paris, 1939; G.Mortier. «Le tourisme et l'économie nationale». – Grenoble, 1941.

жолдар торының пайда болуына байланысты туристік келулердің шашыраңқылығы анықтала бастаған. Ұзақ уақыт бойы темір жол айналасында орналасқан саны көп емес жерлерге туристердің келуімен сипатталатын «нүкте-сызық» жүйесі басым келген. Айтылғандай, моторизация мен автомобильжолдарының құрылысы туристік қозғалыстың теміржолдан тыс жерлерге тарап кетуіне әкеліп соқты. Оның нәтижесінде функциялары анық жаңа құрылымдар қалыптасты [74].

Елдің көптеген, әсіресе таулы аудандарынан көшіп кеткендігінен ауыл аумақтарының экономикалық белсенділігін арттыру мәселесі көтерілді. Мәселені толығымен болмаса да шешу жолы ретінде француз географтары [16, 74] қала тұрғындарының ауыл аумақтарында «екінші үйлерін» (résidences secondaires) ұйымдастыру науқанын қарастырған. Осы үйлерді олар не сатып алған, не жергілікті жұрттан немесе биліктен жалға алған не меншікке берілген жер алқабында салған. Осы кезеңде көзге түсер шығармалардың ішінде ол кезде Альпілік география институтында (Institut de Géographie Alpine) қызмет еткен Ж.Мьеженің Савойя туристік проблемаларына [74] арналған зерттеуі болған.

Солтүстік Америка географтары бұл кезеңде ең алдымен туристік аймақты лайықты пайдалану (land use)* мәселелерімен айналысқан. Осы аядағы зерттеулер саны американ ғылыми әдебиетінде табиғи ортаны тиімді пайдалануға шақырған дауыстар естіле бастаған экономикалық дағдарыстан кейінгі жылдары көбейген. Осының нәтижесінде туризмге арналған ортаны қорғау жөніндегі географиялық әдебиеттегі алғашқы болған жұмыстар жарық көрді**.

Географиялық ортаны туристік мақсатта пайдалануға байланысты мәселелерімен бірге, туризмнің экономикалық аспектілеріне, әсіресе ауыл аумақтарында туризм әсерінен болатын шаруашылық үрдістеріне де үлкен көңіл бөлінген. Осы жұмыстарда демалыс аумақтарының кеңістіктегі жоспарлануындағы географияның орны мен рөлі анықталған***.

Осы кезеңде штаттар немесе аймақтар туралы шығармалардың саны

---

* K.C.McMurry. «The use of land for recreation». – «Annals of the Assosiation of american Geographers», 1930.

** «A study of the Park and Recreation Problem of the Unitad States». – Washington, 1941, US Department of the Interior National Park Service; J.R. Stead. «Growth of Canada's National Park System», «The Canadian Surveyor», vol. 7, 1942.

*** W.L.O.Joerg. «Geography and National Land Planning», «Geographical Review». vol. 25,1935.

көп болған. Жұмыстардың көбі Жаңа Англия, Мичиган мен Нью-Хэмпшир штаттары және Жартасты Таулардың канадалық бөлігі жөнінде жазылған. Құрама Штаттар немесе Канаданың бүкіл территориясын қамтитын зерттеулердің саны әлдеқайда аз келген.

Туризм географиясының ең маңызды шығармаларына үзінділері келтіріліп отырған К.С.Макмюрри мен Р.М.Браун жұмыстары жатады. Браун жұмысы көптеген ағылшын-американ зерттеулерінде жиі еске салынады, кейбір авторлар оны тіпті тек елуінші жылдары өркендеген қолданбалы географияның (géographie appliquée, applied geography) [20, 32] жаршысы деп есептейді.

Туризм географиясы бойынша, зерттеулер басқа елдерде де өткізілген [69, 81, 83], бірақ алдында қарастырылған елдер мен Польшадағы жұмыстардан ауқымы бойынша әлдеқайда кем болған. II дүниежүзілік соғыс кезінде біршама американ, француз және швейцар зерттеулерінен басқа бұл саладағы жұмыстар тоқтатылған. Қырқыншы жылдардың басында Швейцарияда өзінің белсенді іс-әрекеті арқасында күні бүгінге дейін туризм туралы ғылымның теориялық негіздерін қалауда жетекші рөл атқарып отырған екі ғылыми мекеме дүниеге келді. 1941 жылы Берн университетінің заң факультетінің жанында көп жылдар бойы туризмнің атақты теоретигі Курт Крапф басқарған Туризмнің зерттеу институты (Forschungsinstitut für den Fremdenverkehr) құрылды. Дәл осы мезгілде Вальтер Унцикер де Санкт-Галленде ол кездегі Жоғары мектебі, қазіргі Экономикалық және әлеуметтік ғылымдардың Жоғары мектебі (Hochschule für Wirtschafts und Sozialwissenschaft) жанында алпысыншы жылдары Туризм және көлік экономикасы институты (Institut für Fremdenverkehr und Verkehrswirtschaft) болып кеткен туристік қозғалыс Семинарын ұйымдастырды.

Еуропаның басқа елдері мен АҚШ–қа қарағанда, Польша туризм географиясын кейінірек, 1930 жылдан кейін ғана дамыта бастады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары және І дүниежүзілік соғыстың алдындағы кезеңде географтардың ең басты міндеті өлкетанушылық қозғалыс жариялаған өз елін зерттеу ұранын іске асыру болған. Кең ауқымда ойластырылған науқан поляктардың өз жерінде саяхат жасауға жаушылар қойған шектеулер нәтижесіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған. Осы науқанға географтар Бірінші дүниежүзілік соғыстың алдында белсене қатысты, олардың осы әрекеттері жиырмасыншы және отызыншы жылдардың басында күшейе түсті. Географ-өлкетанушылардың алдыңғы қатарынан В.Налковски, С.Немцувна, Л.Савицки, Я.Смоленьски, С.Павловски, В.Ормицки, В.Милята көрінген. Осыдан кейін ғана, бұқаралық өлкетану қозғалысының негіздері құрылған соң, географтар туристік-курорттық қозғалысқа байланысты мәселелерге ден қоя бастаған. 1939 жылға дейін туризм географиясының негізгі, тіпті, жалғыз десек қате болмас, зерттеу орталығы Краков болған. Бір жағынан, бұл Краковтың туристік-курорттық қозғалыстың жүз жылдан асып кететін тарихы бар және осыған байланысты мәселелер ғылыми-зерттеу мен экономикалық талдау жұмыстарымен қамтамасызданған елдегі ең маңызды туристік аймақтың ортасында орналасқанына байланысты еді. Екіншіден, Краков қаласында

туризм мәселелерін зерттейтін ең атақты географтар шоғырланған. Сонымен бірге, Ягеллон университеті мен оның География Институтының басшылары, шаруашылық және туристік ұйымдары осы саладағы зерттеулерді жүргізу үшін барлық жағдай жасап, осы тақырыпқа қатысты көптеген жұмыстарға өздерінің септігін тигізген [46].

Ягеллон университетінің География Институтының жанында 1936 жылы Туризм зертханасының құрылуы Краков орталығы беделінің одан сайын жоғары болуына ықпал жасады. Туризмді қолдау лигасы Краковта орналасқан Зерттеу комиссиясын құрып, Туризм зертханасының дамуына септігін тигізді. Мекеменің екеуін де С.Лещицки басқарған, сондықтан ынтымақтастық пен ғылыми-зерттеу жұмыстарының үйлестірілуіне жақсы жағдай туған. Туризмді қолдау лигасы Зертхананың дидактикалық және ғылыми іс-әрекетін қаржыландыруында да қатысқан. Осы мекемеге туристік мәселелермен 1930 жылдан бастап айналысқан Краковтың сауда-өнеркәсіп палатасы да қолдау жасаған. С.Лещицки осы палатамен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеген.

Зертхана іс-әрекетінің мақсаты туристік-курорттық шаруашылық мамандарын бір жылдық курс шеңберінде оқыту және туризм бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу тұғын. Осы Зертхана-студия тыңдаушылары ретінде философия мен құқық факультетінің және Ягеллон университетінің дене шынықтыру Зертхана-студиясының бітірушілері болған; оны жалпы есептегенде 64 адам бітірген.

Зертхана-студия қарқынды зерттеулік және баспалық іс-әрекет жүргізген, Ягеллон университетінің Туризм зертханасының еңбектерін (6 том шықтқан), Ягеллон университетінің Туризм зертханасының Коммюникелерін (23 шығарылым), «Польша туризмі» журналын 1938-1939 жылдары баспадан шығарған. Сонымен қатар, осы Зертхана-студияның көптеген еңбектері Туризмді қолдау лигасының Зерттеу комиссиясының Бюллетенінде басылған.

Зертхана-студия поляк географиясы, туризмі немесе аумақтық жоспарлауында келешекте маңызды рөл атқарған тұлғаларды (ол кезде тыңдаушылары немесе қызметкерлері болған) біріктірген. Олардың ішінде К.Бромк, Б.Гайдзик, В.Гетль, М.Климашевски, В.Лещицка, В.Милята, М.Орлович, В.Ормицки, Я.Смоленьски, Я.Шаяларски, В.Вальчак, Т.Вильгат, Э.Я.Зачыньски болған [46].

Ягеллон университетінің Туризм зертханасы Польшадағы туристік мәселелерді зерттеуде көп жұмыстар істеген. Осы мекеменің жетістіктері сол кездегі поляк туризм географиясының әлемдегі алдынғы қатарда болғанын мойындауға мүмкіншілік береді.

Сол кезеңде жүргізілген географиялық жұмыстардың ауқымы өте кең болған және түрлі мәселелерді қарастырған, дегенмен, олардың арасында туризм географиясының теориялық негіздерін қалау әрекеті болып табылатын зерттеулердің маңызы арта түскен [57, 60, 61]. Осы шығармалардың авторы С.Лещицки тұғын.

Алайда, туризм географиясы бойынша, жұмыстардың ең үлкен жігі туристік-курорттық қозғалыс мәселелерін, әсіресе, Карпаттағы туризм

мәселелерін зерттеген. Туристік проблемаларын қарастырған жұмыстардың көпшілігі тамаша құрастырылған, дәл жиналған статистикалық материалдарға негізделген. Осы мәліметтер туристік қозғалыстың әртүрлі экономикалық аспектілеріне қатысы бар көптеген зерттеулерді өткізуге мүмкіндік берді [46].

Дамып келе жатқан туристік қозғалыс әсерінен болған құрылыс құрылымындағы және осының нәтижесінде, қоршаған ландшафттағы өзгерістер кері салдарларды алдын алу шараларын қажетсінді. Географтар реттеулік жоспарлар мен туристік-курорттық аумақтарының ландшафтын қорғау қағидаларын әзірлеуге ықпал етті [111]. Оларды қала құрушылары мен жоспарлаушылар сөзсіз қолдады.

Аталған жұмыстарда табиғи ортаның туристік қасиеттерін зерттеу лайықты орын алды. Осы орта элементтеріне (гипсометрия, экспозиция, минералды сулар, орман жамылғысы, шомылуға жарайтын сулар, климат, көріністер) талдау жасалды. Пункттер бойынша жасалған бонитировка (сатылар бойынша бағалау) арқылы өткізілген табиғи орта элементтерін жіктеу аумақтардың «табиғи жағдайлары» карталарын құрастыруға мүмкіндік берді [58, 59]. Туристік пайдалану жағынан аумақты бағалаудың поляк ғылымдары әзірлеген тәсілдері туристік-курорттық аудандастыру әрекетін әуелі аймақ көлемінде [58], кейін бүкіл Карпат пен Польша үшін жасау мүмкіндігін берді*. Карпат кешені ол кезде 36 курорттық-саяжайлық аймаққа, бүкіл ел территориясы алты негізгі туристік аймақ пен 10 курорттық-саяжайлық аймаққа бөлінген. Географиялық зерттеу орталығының туристік мәселелерді зерттеу тәжірибесі оны жоспарлау теориясы мен практикасында қолдануға мүмкіндік берген [46, 58, 59, 111].

Отызыншы жылдардағы поляк туризм географиясының аймақтық зерттеулерінде оңтүстік Польшаның, әсіресе, Карпат тауларының, атап айтсақ, Подхальдың және Краков воеводствосының зерттеулері басым [46]. Мұның себебі Краков қаласында ірі ғылыми орталықтың орналасуымен бірге географтардың (әсіресе, Краков географтарының) 1900-1938 жылдары ұйымдастырылған және Карпат территориясының экономикалық және туристік даму бағыттарын анықтаған съездерге қатысуы болған**.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Краков орталығы жұмысын тоқтатты. Оның қайраткерлері бүкіл Польшаға тарап кетті, олардың бірі өлді, бірі неміс фашистерінің қолынан қаза тапты, кейбіреулері қоныс аударды. Соғыстан кейін олардың көпшілігі географияның елді қайта қалпына келтіруде маңызы зор басқа салаларында жұмыс істеді.

---

*С.Лещицки. «Les regions de l'industrie balneaire et touristique en Pologne. Bilan du tourisme des villes de cure en Pologne». «Акты польской бальнеологии». Ежегодник 10, 1937; С.Лещицки «Курортно-дачные регионы в Польше». Календарь ІКС. Ежегодник 10, 1937.

**Бірінші осындай съезд 1912 жылы өтіп, 1919 және 1929 жылғы съездер сияқты, Татры, Подхаль және Закопаненің экономикалық және туристік-курорттық мәселелерін

қарастырған. Осылардан кейінгі съездер Шығыс Карпат (1931 ж.) және бүкіл Карпат (1934-1938жж.) мәселелерін талқылаған.

### *Қайталау сұрақтары*

1. *Қай себептен аталған кезеңді туризм географиясының қарқынды дамуы жылдары деп атайды?*
2. *Қашан, қай жерде алғашқы Туризм институты ашылды? Оны кім басқарды?*
3. *Осы кезеңдегі туризмнің неміс зерттеушілерін атап беріңіз. Олардың еңбектері қандай мәселелерді қарастырған?*
4. *Осы кезеңдегі француз ғылымдарының жұмыстары жөнінде айтып беріңіз.*
5. *Осы кезеңдегі америкaн ғылымдары өз жұмыстарында қандай аймақтарды және қандай тақырыптарды қарастырған?*
6. *Краков орталығы мен Ягеллон университетінің туризм саласындағы жұмысына сипаттама беріңіз. Осы кезеңдегі поляк ғалымдарын атап беріңіз.*
7. *Станислав Лещицки жұмыстарының туризм географиясының дамуындағы маңызы жөнінде айтып беріңіз.*

## 3.4. 1945 жылдан 1960 жыл арасындағы кезең

Екінші дүниежүзілік соғыс туризм географиясы аясындағы зерттеулерді уақытша тоқтатқызды. Бірақ бұл зерттеулер туристік қозғалыстың өсуіне байланысты соғыс аяқтала сала жалғастырылды. Осындай зерттеулердің жандандырылуының белгісі 1925-1945 жылдарға қарағанда әлдеқайда өскен ғылыми әдебиеттің өте үлкен көлемі болды. Туристік құбылыстардың географиялық зерттеулерінің кең көлемі, әралуан зерттеу тәсілдерін қолдану, туризм географиясының шеңбері мен зерттеу нысанының дәл және нақты анықтамаларының пайда болуы оны бірте-бірте сол кезеңнің өзінде жоғары жетістіктерге жеткен ауылшаруашылық географиясы немесе өнеркәсіп географиясы сияқты географияның дербес пәніне айналдырды [20]. Кеңейіп келе жатқан зерттеу ауқымы арқылы туризм географиясы бұрынғы шегіне сыймай асып түсті. Оның нәтижесінде бұрын қолданылған ұғымдардан жоғары тұратын жаңа ұғымдар пайда бола бастады. Біз қарастырып отырған пәнге әдетте, рекреация географиясы деген анықтама берген [24, 26, 67]. Еуропалық географтар осы атауды (géographie de la récréation) американ әдебиетінен көшіріп алған (Recreational Geography, Geography of Recreation). Осы кезде «туризм географиясы» немесе «рекреация геграфиясы» атауларының орнына

пайдаланатын демалыс (бос уақыт) географиясы (géographie du loisir)* атауы да

*Осы термин тек келесі кезеңде ғана ағылшын-американ географиялық әдебиетінде қолданыла бастады (Geography of Leisure).

кездесетін. Ал енді кейбір зерттеушілер* «туризм географиясы» ұғымын «туризмнің экономикалық географиясы» (geografia economica del turismo) терминіне ауыстырғаны жөн деп есептеген. Олар соңғы аталған ұғым географияның осы саласы зерттеу ауқымына кіретін қазіргі туризмнің мәнін дұрыс бейнелейді деген пікірде болған. Елуінші жылдардың соңында ұсынылған рекреация географиясы ұғымы бұрын қолданылған туризм географиясынан айырмашылығы аз болған. Рекреация географиясы ретінде демалыс үрдісімен байланысты кеңістіктік құбылыстарды, яғни туристік миграцияларды, туристік сұраныс орталықтарын және олардың демалыс орындарына тартылуын, туристік игеру нәтижесінде аумақтың өзгеруін, туристік базаны, туристік қасиеттерді, аумақтың туристік сыйымдылығын, туризмнің экономикалық аспектілерін және туризммен байланысты басқа мәселелерді зерттейтін география пәнін түсінеді [24, 26, 32]. Сонымен қатар, американдық рекреация географиясын алсақ, зерттеулерінде Құрама Штаттардағы экономикалық географияның басқа да салалары сияқты, әлеуметтану мәселелеріне (әсіресе, туристік сұранысты зерттеген кезде) үлкен көңіл бөлінген [29, 32, 67].

Туризм географиясы бойынша жұмыстар жүргізілген елдерде ғалымдар мен практиктер (әдетте, жоспарлаушылар) туристер ең көп шоғырланған кеңістік бірліктеріне үлкен көңіл аударғанымен бірге, «әлеуетті» аумақтардың, яғни өзінің туристік қасиеттеріне сүйеніп, туристік функцияларын дамыту нәтижесінде экономикалық өркендеуіне жетуге мүмкіндігі бар территориялардың маңыздылығын аңғарған.

Туристік мәселелерін зерттеумен айналысқан географиялық ғылыми орталықтар бірлі-жарым елдерде ғана шоғырланған. Бұл кезеңде алдынғы қатарда Германия Федеративтік Республикасы мен Америка Құрама Штаттарында жүргізілген зерттеулер болған. Елуінші жылдарының соңында Франция мен Канада да ойдағыдай жетістіктерге жеткен. Басқа елдерде: еуропалық елдерде де [24, 29, 53, 76, 102], туристік қозғалыс орталықтарынан алыс орналасқан аймақтарда да [72] осындай зерттеулердің маңызын атап белгілесе де, мұндай зерттеулердің саны төмен болған.

Туризм (және де туризм географиясы) саласындағы ғылыми зерттеулердің дамуында туризмнің халықаралық ұйымдары маңызды рөл атқарған. 1947 жылы Туристік насихаттың ресми ұйымдарының Одағы** орталығы Женевада орналасқан Ресми туристік ұйымдарының Халықаралық Одағы болып өзгерді (РТҰХО, орысшасы – МСОТО)***. Оның органдарының

*U.Toschi. «Aspetti geografici dell'economia turistica in Italia» [B:] Atti XVII Cong. Geogr. Ital., vol 2. – Bari, 1957.

**1925 жылы Гаагада Насихаттың Ресми Қоғамдарының Конгресі атауымен құрылған. 1927 жылы атауын Насихаттың Ресми Ұйымдарының Конгресі деп, ал 1930 жылы Туристік Насихаттың Ресми Ұйымдарының Конгресі деп өзгертілді.

***1975 жылдың 1 қаңтарында РТҰХО атауын өзгертіп, Дүниежүзілік туристік ұйым (Organisation Mondial du tourisme – ДТҰ, орысшасы – ВТО) болып, Мадридте орналасты.

ішінде техникалық комиссиялар (мысалы, Ғылыми-зерттеу комиссиясы) болған. Басқа баспалармен бірігіп, РТҰХО өзінің мерзімдік басылымын – «World Travel-Tourisme Mondial» және халықаралық туризм бойынша статистикалық жылдық басылым шығарады. 1958 жылға дейін РТҰХО-ның жанында Туристік зерттеулердің Халықаралық институты (International Travel Research Institute) қызмет атқарған.

1949 жылы өз елдерінде туристік мәселелермен айналысатын белгілі ғылымдарды біріктіретін Туризмнің ғылыми сарапшыларының Халықаралық ассоциациясы (Association International d'Experts Scientifiques du Tourisme – АИЕСТ) атты халықаралық ғылыми қоғамы құрылды*. АИЕСТ ресми органы 1946 жылдан бастап тоқсан сайын шығатын «Revue de tourisme» журналы, сонымен қатар, кейбір пленарлық отырыстардан кейін қатысушылардың рефераттары мен баяндамаларын біріктіретін «Publications de l'AIEST» басылымы шығып тұрды. Осы басылымдардың біршамасы әлемдік туризм географиясының жетістіктері болып табылады.

1953 жылы Халықаралық туристік сөздік шығарған Монте-Карлодағы Халықаралық Туризм Академиясын (Académie Internationale du Tourisme) да атап айту керек. АИТ басты мақсаты туризмнің теориялық негіздеріне арналған ғылыми-зерттеулерді жүргізу болды. Олардың нәтижелері әдетт, АИТ-нің «Revue de l' Académie Internationale du Tourisme» мерзімді басылымында жарық көреді. Осы журнал беттерінде туризм географиясы бойынша жұмыстар да орын тапқан**.

Германия Федеративтік Республикасында соғыстан кейінгі жылдарда туризм географиясының дамуындағы екі ғылыми орталықтың: 1950 жылы Мюнхен университетінің жанында ашылған Неміс туризмнің экономикалық институтының (Deutsche Wirtschaftwissenschaftlische Institut für Fremdenverkehr) және 1952 жылы Майндағы Франкфурт университетінің жанында құрылған Туризм институтының (Institut für Fremdenverkehrwissenschaft) рөлі өте маңызды. Осы орталықтардың ғылыми жетістіктеріне «Archiv für den Fremdenverkehr», «Verkehr und Bäder», «Jahrbuch für Fremdenverkehr», «Der Fremdenverkehr», «Heilbad und kurort» сияқты көптеген мерзімдік басылымдарда жарық көрген көптеген монографиялар (ең алдымен, курорттар туралы) мен мақалаларды жатқызуға болады. Бұл жұмыстарда көбінесе, экономикалық мәселелер қарастырылған. Р.Клэппермен*** қатар география теорияшылардың ішінде ірі қалалық орталықтарының маңындағы туристік миграциялары мен туристік сұраныс пен саяхат мақсаты арасындағы қатынастарды анықтауға үлкен көңіл аударған А.Кохты**** да атау қажет.

*К.Либера. «Международная ассоциация научных экспертов туризма», «Туристское движение», 1958, выпуск 1.

**Я.Шапиро. «Международная Академия Туризма», «Туристское движение», 1960, выпуск 1.

***Р.Клэппер. «Das Erholungswessenals Bestandteil der Raumordnung und als Aufgabe der Raumforschung», «Raumforschung und Raumordnung», Jg. 13, 1955.

****А.Koch. «Der Urlaubsreiseverkehr, eine Untersuchung über das Konsumverhalten der Erheiungsreisenden», «Jahrbuch für Fremdenverkehr», Jg. 7. – München, 1959.

Олармен бірге журналдарда басылған көптеген шығармаларында табиғат ортасының және осы себептен географиялық зерттеулердің туризм үшін маңызын атап көрсеткен В.Фойгтті* ұмытпау керек.

Франция географтарын осы кезеңде қала тұрғындарының каникулдық саяхаттары (l′évasion (қашу) urbaine de l′été, l′exode urbain) мен олардың салдарлары қызықтыратын болды. Осы зерттеулерде Францияда қырқыншы жылдардың соңынан бастап өткізілген сауалнамалар кең ауқымда қолданылды. Олардың нәтижесінде географиялық, экономикалық және әлеуметтанулық жұмыстар шығарылды.

Осы кезеңде елді мекендердің туристік мәселелеріне, туризмнің экономикалық функциясына, халықаралық туризмге географиялық тәсілдерді қолданудың алғашқы әрекеттері жасалды. Елуінші жылдары туризм географиясын жоспарлау және шаруашылық тәжірибемен үйлестіру ісінде П.Дефер жұмыстары маңызды орын алды [24]. Сонымен қатар, ол туризм географиясы аясындағы ғылыми-зерттеулеріндегі басты ынталандырушылардың біреуі болды.

Дегенмен, соғыстар аралығындағы мезгілде де, алпысыншы және одан арғы жылдары да туризм тақырыбындағы зерттеулері көбінесе, аймақтарды қарастырумен айналысқан. Осы жұмыстар тобының үлкен жігі таулардың, әсіресе, Альпінің туристік мәселелеріне арналған [24]. Осындай зерттеулердің көбісі Гренобльде шығатын «Revue de Géographie Alpine» журналында жарық көрген, олардың ішінде ең қызық шығармалар қатарына Г.Вейре-Верньенің Альпінің экономикалық өркендеуіндегі туризм рөлі жөніндегі ойларын жатқызуға болады**.

Француз жағалауы, әсіресе, Жерортатеңіз жағалауының туристік мәселелеріне де көңіл аударылған [24]. Осы кезеңде наубайханаларға ұн жеткізу мөлшері бойынша туристік қозғалыс көлемін анықтау әрекеттері (алпысыншы жылдары кең ауқымда дамыған) жасалды. II дүниежүзілік соғыстан кейін туризм географиясы аясындағы ғылыми-зерттеулер көлемі одан сайын артады. Туристік мәселелер докторлық диссертациялары мен магистрлік жұмыстардың тақырыбы болған [20, 32].

Туризм географиясы бойынша, жұмыстар одан ертерек пайда болса да [20, 32, 87, 120, 121], қазіргі американдық туризм географиясының теориялық негіздері 1954 жылы К.С.Макмюрри мен С.М.Дэвис еңбегінде [62] салынды деген пікірді ғылыми көпшілік мойындайды [20, 32]. Авторлар рекреациялық географияның (recreational geography) табиғи ортаны зерттеу мен оның

қасиеттерін туризм мақсатында лайықты пайдалану аясындағы маңызды рөліне назар аударады. Сонымен бірге, туристік миграциялардың аймақ экономикасындағы маңызын, олардың аймақтық және жергілікті

*В.Фойгт. «Fremdenverkehr und wissenschaftsgeographie», «Der Fremdenverkehr», Jg 36 1951.

**G.Veyret-Vernier. «La deuxiéme révolution démografique et économique des Alpes du Nord: les sports d'hiver», «Revue de Géographie Alpine», 1959, G.Veyret-Vernier. «Le tourisme au secours de la montagne: l'exemple Val d'Isère», «Revue de Géographie Alpine», 1956.

инфрақұрылымына тигізетін әсерін атап белгілеген.

Туризм географиясы бойынша американдық зерттеулерінде туризмнің экономикалық мәселелері әрқашан алдыңғы орында болған. Қарастырылып отырған кезеңде осыларға Мичиган, Жаңа Англия, Оңтүстік Дакота, Аризона және басқа штаттарындағы туристік мәселелеріне арналған жұмыстар жатады.

Елуінші жылдары туристік қасиеттер мен туристік бағалауға көп көңіл бөле бастаған [20, 21, 30, 32, 120] және барлық демалыс орындары мен туристік қасиеттерінің түгендеуін жасау қажеттілігіне назар аударылған [21].

Өз зерттеулерінде американ географтары неше түрлі сауалнамалар материалдарын қолданған. 1947 жылдан бастап, осындай сауалнамаларды Нью-Йорк, Миннесота, Висконсин, Массачусетс, Вашингтон штаттарының биліктері ұйымдастырған. Осы сауалнамалар басқа сұрақтармен бірге туризммен байланысты ақша трансфертіне, туристік жабдықталуына, туристік қызметтің жұмыс қамтылуына тиісті мәселелерді қозғаған [32]. Осындай сауалнамаларды қолдану мысалы ретінде Канаданың Онтарио провинциясындағы «екінші баспаналар» мәселесін қарастыратын американ әдебиетінде жиі сілтеме жасалатын Р.Вольфтың жұмысын келтіруге болады*. Онда жұрттың негізгі және жазғы баспаналары арасындағы миграциялық қозғалыстарының кеңістіктік байланыстарын анықтау әрекеті жасалған.

Осы кезеңдегі американдық әдебиетте демалысты кеңістіктегі жоспарлауға қатысты жұмыстар жиі кездеседі. 1958 жылы Құрама Штаттарында туризмнің аумақтық ұйымдастырылу теориясын шығарумен бірге, әзірше жабдықталмаған территориялардың 1976-2000 жылдары туризм үшін қолдану мүмкіндігін зерттеу мақсатында арнайы комиссия құрылды**.

Польшада Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі алғашқы жылдары туристік қайраткерлер мен географтардың бір тобы Краковтағы Сауда Академиясының жанында Туризм Зертханасының құрылуын мақсат еткен. Осы әрекеттің бас ынталандырушысы мен насихатшысы зертхананың оқу графигін дайындап қойған В.Милята болған. Ұйымдастырушылар жоспары бойынша, бұл Зертхана 1948/49 академиялық жылдың бірінші триместрінде өз жұмысын бастау керек-ті, бірақ кейбір себептерден ол сол бойы ешқашан ашылмай қалды.

Осы кезеңде туризм географиясындағы ғылыми-зерттеулерде ең басты рөлді Варшаваның орталығы ойнай бастады. 1949 жылы Коммуникациялар министрлігінің Туризм бюросы орталық және жергілікті туристік әкімшіліктер

қайраткерлері мен қызметкерлері үшін қайта даярлау курстарын ашты. Курс бағдарламасы туризмнің географиялық сипаттарымен байланысты пәндерді қамтыған, ал осы тақырыпта оқылған дәрістер төрт томдық «Жалпы Туризм» басылымында орын тапты [46].

1951/52 оқу жылы Варшава университетінің География институтында

*R.I.Wolfe. «Summer cottages in Ontario», «Economic Geography», vol. 27, 1951.

**A user – resource recreation planning methods. National Advisory Council on Regional Planning, California, 1959, Hidden Valley.

көптеген жылдар М.И.Милевска басқарған Туризм географиясы кабинеті ашылды. Дидактикалық іс-әрекетімен қатар, оның басты жетістігі ретінде М.И.Милевска жетекшілігімен әзірленген «Польшаның туристік география сөздігін» атауға болады.

Жоғары білім министрлігінің 1956 жылдың 6 қыркүйектегі шешімі бойынша Варшавадағы жоспарлау мен статистиканың Бас Мектебінің Сыртқы сауда факультетінің жанында Туризмнің құқықтық және экономикалық мәселелерінің мекемесі құрылды. Бұл соғыстан кейін Польшада алғашқы ұйымдастырылған туристік қозғалыстың академиялық арнайы зерттеу орталығы еді. Басынан бастап 1975 жылға дейін оны, өзі сонымен бірге мекеменің «Туристік қозғалыс» журналының бас редакторы қызметін атқарған К.Либера басқарды. Журналдың алғашқы номері 1957 жылдың шілде айында шықты. Өзінің ап-анық шаруашылық құқықтық бағытына қарамастан, осы журнал беттерінде географиялық зерттеулер жөніндегі мақалалар жиі орын тапқан.

Осы кезеңде поляк туризм географиясында тақырыптары және географиялық-туристік жұмыстары саны бойынша бөлінетін үш уақыт сатысын байқауға болады. Біріншісі – 1945-1949/50 жылдары. Бұл мезгілде көбінесе, өлкетанулық (әсіресе, Батыс және Солтүстік Жерлер туралы) материалдар шыққан. Екіншісі – 1951-1956 жылдары. Бұл мезгілде өлкетанулық басылымдар мен жолнамалардың шығарылуы басым болған, бірақ, саны шамалы болса да, туризм географиясы бойынша жұмыстар орнықты.

1957-1959 жылдары. туризм аясындағы зерттеулер қарқынды дамуда. Туризм географиясы бойынша зерттеулер көлемі әлдеқайда өсті және олар қамтитын тақырыптар ауқымы кеңейді. Осы кезде шыққан еңбектердің ішінен «Польшаның туристік географиясының сөздігі», Польшаның ландшафтық типологиясы бойынша еңбектер [48], туристік географиялық аудандардың сипаттамасы, аудандық жоспарлауға қажет болатын Польша аймақтары бойынша өлкетанулық мәліметтер [46], А.Вжосектің Карпат пен Судет кешендерін көркемдігі және поляк туризміндегі маңызы бойынша салыстыру жасаған жұмысын атаған жөн [122].

## *Қайталау сұрақтары*

1. *Туризмнің географиялық зерттеулерінің ғылыми бағыттарын атап шығыңыз.*
2. *Туризм аясындағы ғылыми-зерттеулердің дамуында осы кезеңде қызмет атқарған туризмнің халықаралық ұйымдарының рөлі қандай болған?*
3. *ГФР-дің қандай екі ғылыми орталығы туризмнің соғыстан кейінгі ғылыми-зерттеулерінің дамуында басты рөл атқарған?*
4. *Француз географтарының осы кезеңдегі туризм аясындағы басты мәселелері қандай болған? Белгілі зерттеушілерін атап беріңіз.*
5. *Туризм географиясының қандай негізгі мәселелерімен американдық ғалымдар айналысқан? Олардың зерттеу географиясы қандай болған?*
6. *Поляк географтарының зерттеулері, олардың аттары, ғылыми орталықтары, зерттеу аймақтары жөнінде әңгімелеп беріңіз.*

## 3.5.1960 жылдан қазіргіге дейінгі кезең

Бұл жылдарда осы саладағы зерттеулерін бұрын жүргізген елдермен бірге оларды жаңадан бастаған елдерде де туризм географиясының қарқынды дамуы байқалды. Бұл зерттеулердің әлеуметтік-экономикалық маңызы арта түсті; олар кеңістіктік немесе экономикалық жоспарлау тәжірибесінде жиі қолданыла бастады*. Негізгі пайдаланушылар (өнеркәсіп, ауыл және орман шаруашылығы, қоныстану, туризм) арасында жерді лайықты бөлу қағидаларына бағытталған жұмыста туризм мақсатында табиғи ресурстарын бағалау зерттеулері ынталандырылды, көптеген зерттеулер тақырыбы туристік функциялары жақсы дамыған аймақтарына қатысты болды. Осы кеңістік бірліктердің экономикалық құрылымының талдауы мен туризм дамуының зерттеулері, кейбір географтарды осындай аймақтардың өз экономикалық деңгейіне индустриалданған аймақтардағы өнеркәсіп революциясымен бірдей рөл атқарған «туристік революция» (révolution du tourisme [23], leisure revolution [107]) нәтижесінде жете алды деген пікірге әкелді. Осындай аумақтарға өзінің оң қасиеттері арқасында көлемді туристік қозғалыстың шоғырлануымен сипатталған ең алдымен, тау мен теңіз маңында орналасқан демалыс аймақтары жатады.

Туризмнің қарқынды дамуы осы құбылыстың географиялық талдау жасалуын қажет етті. Осының нәтижесінде туризммен байланысты географиялық анықтамаларды** бірыңғайландыру қажеттілігі туды. Бұл географиялық ғылымдардың осы пәнінің тақырыбы мен зерттеу ауқымын біржолата дәл анықтау үшін жасалған үлкен ілгері қадам болды [23, 24, 26, 32, 33, 37, 46, 101, 110, 125, 128].

Алдында өткен кезеңдегідей, алпысыншы-жетпісінші жылдары рекреация географиясы мен демалыс географиясы ұғымдары кең қолданылып, кейбір

*J.E.Palmer. «Recreational planning. A bibliographical review». «Planning Outlook», 1967, 2.

**Халықаралық географиялық Унияның Туризм Географиясының Жұмыс Тобы, туризм географтарының ұсынысын қанағаттандырып, Ягеллон университетінің география институты 1974 жылдың қараша айында поляктармен қатар 20-дан астам шетел ғалымдары қатысқан «туризм географиясындағы терминология мәселелері» тақырыбы бойынша халықаралық симпозиум ұйымдастырды. Оның материалдары [125] кітабымыздың кейінгі тарауларында пайдаланылды.

елдерде туризм географиясы түсінігін (Польшада туристік география атымен де белгілі) толығымен ауыстырып жіберді [46]. Кейбір авторлардың пікірінше *, мағынасы бірдей болмаса да, кейде осы ұғымдар бірінің орнына біреуі қолданыла берген. Батыс Германия әдебиетінде бос уақыт географиясы (Freizeitgeographie немесе Freizeitverhaltens) ұғымы жиі қолданылған.

Осыған дейін туризм географиясы, рекреация географиясы мен демалыс географиясы ұғымдарының бірдей екен деген пікір көптеген қарсылықтарды туғызды. Мысалы, П.Жорж** демалыс географиясы мен туризм географиясы аяларын ап-анық дербес қылып бөлді: оның пікірінше, біріншісі, қала тұрғындарының қала ішіндегі және оның жақын маңайындағы демалысын зерттеуге міндетті болса, екіншісі, кезекті демалыс мезгіліндегі демалу үшін сапар жасауды зерттеуі қажет болған. Туризм географиясы ұғымын*** дәл анықтаған кезде осы автор, Ж.Шабо насихаттап жүрген рекреация географиясының зерттеу тақырыбын, бір жағынан, туристік аймақтарды түгендеу, олардың қасиеттері мен жабдықталуы, екіншіден, туристік қозғалысты, оның маусымдық қасиетін, индустриалды елдер тұрғындарының мекенжайы мен «екінші баспана» арасындағы миграцияларын зерттеу деп түсініп, осы ұғыммен теңестіреді.

Ұғымдардың осындай екіталай болуы рекреация географиясы (рекреациялық географияны) ұғымын туризм географиясынан жоғары деп есептейтін кейбір кеңес географтарының жұмыстарында байқалды. В.С.Преображенский мен Ю.А.Веденин [91] кеңес әдебиетіне енгізген рекреация географиясы ұғымы түрлі нұсқалардан өтіп, жақын кезде ғана біржолата дәл анықталды [110]****. Рекреация географиясы дегеніміз зерттеу тақырыбы аумақтық және су рекреациялық жүйелердің (кешендердің) лайықты, дұрыс қалыптасуы, жұмыс істеуі мен орналасуы және халық іс-әрекетін жұмыстан қолы бос күндері мекенжайынан тыс жерде ұйымдастыруға қатысы бар географиялық ғылымдар саласы болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда, рекреациялық география демалыс пен табиғи ортасы арасындағы үйлесімді қатынастар қағидаларын анықтауға, аумақтық рекреациялық жүйелердің (кешендердің) (АРЖ, АРК) лайықты кеңістіктік және функционалдық ұйымдастырылуын, олардың және геожүйелердің басқа түрлері арасындағы

өзара байланыстарын қамтамасыз ететін болжау және әдістемелік жұмыстарды жүргізуге міндетті [91, 110].

Ал туризм географиясының зерттеу тақырыбына:

- туризм мен «туристік өнеркәсіптің» шаруашылық кешеннің қалыптасуындағы рөлі;
- ел немесе аймақтың туризммен байланысты шаруашылық іс-әрекеті ұйымдастырылуының аумақтық формалары жатады.

---

*Қараңыз: С.Р.Ердавлетов. «География туризма: история, теория, методы, практика». – Алматы, 2000. 74-бет.

**P.George. «La France». – Paris, 1972. Magellan. «La Géographie et ses Problèmes», 11.

*** P.George (red.). «Dictionnaire de la géographie». – Paris, 1970.

****Туризм географиясы бойынша Халықаралық симпозиум материалдарында да, Краков, 1974 жылдың қараша айы [125].

Әлемде жүргізілетін туризм географиясы аясындағы зерттеулердің барлығында дерлік туристік қасиеттер мен туристік қозғалыс шоғырлануы арасындағы тәуелділікке назар аударылды. Осы тәуелділіктің нәтижесінде географиялық зерттеулерді қажет ететін өзгерістер пайда болды. География туристік аумақтардың бет-әлпетін зерттеу мен олардың жіктелуінде маңызды рөл ойнау керек [50, 75, 113]. Демалушылардың ауданның сыйымдылығынан асып кететін шоғырлануы құбылысының зияны туристердің артық болып кеткен бөлігін географтар көрсеткен жаңа туристік территорияларға бағытталуы арқылы төмендеуі қажет [23, 46, 50, 68, 76, 80, 99]. Туризм географиясының маңызы осыдан төмен емес зерттеу мәселесі, қоршаған орта қасиеттерімен бірге, туристік сұранысқа байланысты проблемалары болып табылады [24, 33, 37, 50, 80, 86, 110]. Осы мәселелер әсіресе, ірі, өнеркәсіп функциясы жақсы дамыған қалалар тұрғындарының демалысына байланысты миграцияларға қатысты түрде қарастырылған Кеңес Одағы, Батыс Еуропа елдері мен Солтүстік Американың географиялық әдебиеті үшін маңызды. Кезекті немесе қала маңындағы демалыстарына байланысты қала тұрғындарының кеңістіктегі осындай қозғалыстары (exode citadin [23], exode estival des citadins [33]) географтардың зерттеу мүмкіншіліктерінен асып кететін көлемге жетті. Қала тұрғындарының демалысы қазіргі кезде көптеген ғылым (әсіресе, қоғамдық ғылым) салаларының тақырыбы болды, олардың ішінде, география да ойдағыдай жетістіктерге жетіп отыр.

Елді мекендердің басқа түрлерімен салыстырғанда, қаржы ресурстары жоғары болатын ірі қалалар тұрғындарының демалысқа келуіне туристік база аясындағы қаржыландыру іс-әрекеті байланысты. Осы іс-әрекет кейде ретсіз, жоспарсыз, кейде жергілікті ландшафтпен мүлдем үйлеспейтін түрде іске асырылады. Қонақүйлер құрылысы, әсіресе, «екінші баспаналардың» пайда болуы әсерінен оған қажетті инфрақұрылым пайда болды, оның нәтижесінде теріс салдары – ауылдық елді мекендердің туристік урбанизациялау құбылысы (urbanisation touristique) орын алды [23]. Енді туризм географиясының ол кездегі міндеті қоршаған ортаны қорғау заңдарын бұзбай, сонымен бірге кейде

«демалыстың жаңа өркениеті» (nouvelle civilisation des loisirs) деп аталатын ірі қалалары тұрғындарының демалыс қажеттіліктеріне сәйкес болатын туристік жабдықталу қағидаларын анықтау болған [86]. Халықтың басқа топтарының (мысалы, ауыл немесе кішігірім қалалар тұрғындарының, әлеуметтік туризм қызметін пайдаланатын тұлғалардың) демалысы ауыл аумақтарының ландшафты мен бет-әлпетін өзгертпейді деп есептеледі. Американдық әдебиетте бұл құбылыс non-urban outdoor recreation [31] деп аталады және географиялық талдауларда қарастырылмайды деп айтуға болады. 1972 жылы Канададағы Халықаралық Географиялық Унияның Конгресінде осы Унияның (MUG) құрылған Жұмыс тобы туризм географиясы аясындағы зерттеулерге ықпал жасады. Жұмыс тобын Майндағы Франкфурт университетінің қызметкері И.Матцнеттер басқарды, хатшылары С.Шпринцова (Оломоуц университеті, Б.Барбье (Марсель-Экс-ан-Прованс) және Ф.М.Хелляйнер (Питерборо университеті, Канада) болды. Осы Жұмыс тобы пікірлер мен тәжірибенің алмасуына, осы аядағы зерттеулерді жүргізетін орталықтардың жетістіктеріне септігін тигізген бірнеше халықаралық кездесулерді (Зальцбург, Оломоуц, Питерборо, Краков-Закопане, Белоградчик, Домбай) ұйымдастырды.

Францияда қарқынды дамып келе жатқан күрделі құрылымды туристік қозғалыс көптеген ғылыми пәндердің, олардың ішінде географиялық ғылымдардың осы аядағы зерттеулерін жасауға ықпал етті.

1971 жылы Француз Ұлттық географиялық комитетінің жанында ол кезде 40 жергілікті ғылыми орталықтарының 65 географтарын біріктірген Туризм мен рекреация географиясының комиссиясы құрылды.

Туризм мәселелерін зерттейтін басты географиялық орталықтарына бұрынғыдай көп жылдары Г. және П.Вейре басқарған Альпілік география институты (Institut de Géographie Alpine) болған.

Алпысыншы жылдары Францияда туризм саласындағы өздерінің жұмыстарымен бірге әртүрлі орталықтар жүргізетін зерттеулерінің үйлестірушісі мен қадағалаушысы рөлін атқарған арнайы ғылыми мекемелер құрылды. Олардың ішінде университеттің География инситутының жанындағы көп жылдар бойы Г.Шабо басқарған Париждегі Жоғары туристік курстар орталығы (Centre d'Études Supérieures du Tourisme de la Faculté des Lettres et Sciences Humaines de l'Université de Paris) және Экс-Марсельдегі* университеттің мекемесі (басында оның құқық және экономика факультетінің жанында) болып табылатын, Экс-ан-Прованста орналасқан Туристік зерттеулер орталығы (Centre d'Études du Tourisme, 1975 жылдан бастап Centre des Hautes Études Touristiques) болды. Басында орталықты географ Б.Барбье басқарған, кейін директор орнын экономист Р.Баретье алды. Мекеменің екеуі де зор жетістіктерге жеткен (жергілікті және халықаралық ауқымда) және олардың жұмыстарында әрқашан географтар қатысқан.

Париж орталығы туризм географиясымен айналысқан, ал оның жұмысы 1963 жылдың мамыр айында Парижде осы пән бойынша өткен коллоквиумнан басталды деп айтуға болады [41]. Бұл тек қана туризм географиясы мәселелеріне арналған II дүниежүзілік соғыстан кейінгі алғашқы ғылыми

жиналыс болған, онда француз географтарымен бірге басқа елдер мамандары да шақырылған. Алпысыншы жылдардың екінші жартысында осы мекеме Ғылыми зерттеулердің Ұлттық орталығымен (Centre National de la Recherche Scientifique – CNRS), әсіресе, оның арнайы бастауыш ұйымымен (Centre de Recherches et Documentation Cartographique et Géographique) тығыз ынтымақтастық орнатты. Көптеген жұмыстарды қаржыландырып, сонымен бірге CNRS елдің экономикалық және әлеуметтік саясаты үшін зор маңызы бар тақырыптарды қарастырған. Орталықтың ғылыми-зерттеулер бағдарламасына әсер еткен. Француз қалалары тұрғындарының демалысқа байланысты жазғы саяхаттарымен шұғылданған Ф.Крибье жұмысы [41] осындай зерттеулердің мысалы бола алады. Француз және бүкіл әлемдік әдебиетте туризм саласының

*Экс-Марсель университеті екі жерде: жаратылыстану-математикалық және медициналық бағыттар Марсельде, гуманитарлық, құқықтық, экономикалық және географиялық бағыттар – Экс-ан-Прованста орналасқан.

ең белгілі мамандарының бірі болып танылатын Р.Дефердің есімі де Париж университетінің География институтымен және Орталықпен байланысты.

Экс-ан-Прованстағы Туристік зерттеулер орталығының жұмыс істеу қағидалары аздап өзгеше. Үлкен көлемді қаржы қорының арқасында осы мекеме кең ауқымды баспалық науқан өткізе алды. Оның нәтижесінде көптеген мақалалар жарық көрді. Олар «Etudes et Memoires» сериясы (көлемі үлкен зерттеулер мен еңбектер) мен «Les Cahiers du Tourisme» (көлемі кішіректеу теориялық-әдістемелік жұмыстар) басылымдарында шығарылған. Осы екі серияларда басқалардың арасында туризм географиясы бойынша көптеген жұмыстар (Б.Барбье, Ф.Крибье, П.Дефер, Г.Ваккерманн, М.Волкович еңбектері) жарық көрді. 1965 жылдан бастап Орталық жылына бір рет туризм бойынша әлемдегі ең бай мекемелік кітапхана* дерекнамаларына негіздеп Р.Баретье құрастырған халықаралық туристік библиографияны (Bibliographie Touristique) шығарып отырады. Қызметкерлері туризм географиясы бойынша, зерттеулерді жүргізетін (мысалы, Б.Барбье, Г.Рише, М.Волкович**) университеттік География институты «Centre d'Études du Tourisme» мекемесімен тығыз ынтымақтаста жұмыс істейді.

Қазіргі француз туризм географиясының әралуан тақырыптарындағы ғылыми жетістіктері жоғары саналады. Теориялық жұмыстарының арасында туризммен байланысты әртүрлі әлеуметтік-экономикалық және географиялық салаларды қамтитын П.Дефер жұмыстары ерекше орын алады. Оның зерттеу тақырыптары француз туристік саясатын, туристік құндылықтарын [35] (экономикалық өркендеу жағдайында оларды пайдалану мүмкіндіктері жағынан қарастырылған), белгілі кеңістік бірліктерінің туристік функцияларын [10], туристік жабдықталуын [34] немесе экономикалық мәселелерін [10] қарастырады. Сонымен қатар, ол Францияда туризмнің аймақтық жоспарлануының жаршыларының бірі болып есептеледі. Соңғы жұмыстарында экономикалық мәселелерге, туристік қасиеттерге, әсіресе, осы қасиеттер,

туристік қозғалыс түрі және адамның шаруашылық іс-әрекеттері арасында пайда болатын байланыстарына жиі көңіл аударылады.

60-жылдарда француз географтары елдің немесе аймақтарының туристік жабдықталу аясындағы аумақтық жоспарлау саясатына қатысты зерттеулерді бастады. Осы саладағы географиялық жұмыстар қашан да болса жұртты қызықтыратын, ал Туризмнің Бас комиссариатына (Comissariat Général au Tourisme) министрлік дәрежесі берілгеннен кейін, Францияның V және VI Шаруашылық жоспарына туристік проблемалары енгізілгеннен соң туризм географиясы үшін барлық жағдай жасалды. П.Дефердің жалпы жұмыстарымен

*Монреаль (Канада) университетінің жанындағы «Centre de Documentation en Tourisme»-де туризм саласы бойынша құжаттар мен басылымдарының ауқымды жинағы бар.

**Экс-ан-Прованс, Гренобль мен Париж орталықтарынан басқа да университеттік географиялық мекемелер (мысалы, Лилльде, Ниццада, Реймсте, Страсбургте) туризм географиясы саласындағы зерттеулерді жүргізеді.

қатар осы кезеңде туристік мәселелерді жалпымемлекеттік [18, 19, 42] және аймақтық деңгейде қарастыратын [9, 114, 115] зерттеулер жолға қойылды. Дәл сол мезетте географиялық-туристік әдебиетте «туризм-қоршаған ортаны қорғау» [94] байланысы бойынша, әсіресе, қорғау зоналары деп аталатын (Zone Périphérique) ұлттық немесе аймақтық саябақтар әсеріндегі зоналары бойынша жұмыстар пайда болды.

Сөйтіп, елуінші жылдардағыдай, географтар қала тұрғындарының демалысымен байланысты мәселелерге ерекше көңіл аударған және сауалнама материалдарын бұрынғыдай мейлінше пайдаланған. Басқа тәсілді өз жұмысында Ф.Крибье қолданды [33]. Ол жазғы маусымдағы (үшінші тоқсан) наубайханалар тұтынатын ұн мөлшерінің жылдың басқа мезгілдеріндегі орташа тұтыну мөлшері арасындағы айырмасы бойынша туристік келулердің санын анықтаған. Бөлек аймақтарды ғана қарастырған бұның алдында және кейін өткізілген басқа зерттеулерге [12] қарағанда, бұл зерттеу Францияның бүкіл территориясын қамтыған. Осы тәсіл арқылы каникулдық миграциялардың қатысушылары қайдан (ұн тұтынуы азаяды) шығып қайда (ұн тұтынуының өсуі) саяхат жасайтындығын салыстырмалы түрде анықтаған*.

Қала тұрғындарының демалысымен «екінші баспана» мәселелері тығыз байланысты. Олар сонымен қатар ауыл және қала маңы аумақтары ландшафтының өзгеруіне әсер етеді де, осыған орай кейбір авторлар бұл үрдісті ауылдардың қалалармен «отаршылдандыру» процесі деп атайды (colonisation par les villes) [23]. «Екінші баспаналарға» Францияда көптеген географиялық іздестірулер арналған, өйткені бұл зерттеулер, әсіресе, ауыл аудандарының экономикалық жандандырылу аспектісінен қарастырсақ [10, 19, 114], рекреация географиясының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады [23, 24, 33].

Сонымен қатар француз географтары басты шаруашылық функциясына қарай қоныстану бірліктерінің мамандандырылуы мен жіктелуіне көп көңіл бөледі [10, 12, 116]. Ж.Бернье-Гарнье мен Г.Шабо [12] «келушілерге қызмет

көрсету функциясын» орындайтын қалалар түрін бөліп көрсетеді. Бұлардың ішінде: 1) денсаулық сақтау орталықтары ретіндегі қалалар (санаторийлік және курорттық қалалар); 2) рекреациялық қалалар, демалыс орталықтары мен туристік орталықтары (теңіз курорттары, тау туризмі орталықтары, «күн сәулесі қалалары»). Сонымен қатар, туристік қалалар категориясына авторлар мәдени функцияларды орындайтын қалаларды (мысалы, діни орталықтары, сәулет өнерінің құнды ескерткіштері, мұражайлары бар қалалар, фестивальдар мен конгрестер қалалары) жатқызады. Сонымен бірге, жұмыста қала мен аймақ арасындағы қала маңы байланыстары белгіленген.

Туризм арқасында көптеген француз жерлерінің дамуына бағытталған экономикалық саясаттың іске асырылуы нәтижесінде кішігірім қалалар жөніндегі зерттеулердің саны алдында аталғандардан әлдеқайда көп. Жалпы

*Басқаларға ұқсамайтын тәсіл қолданса да, осы зерттеулердің нәтижелері дәл емес екенін атап айту қажет. Мұнда туристік келулер бағыттары анықталмаған, маусымдық туристердің тұтынуын маусымдық жұмысшылардың тұтынуынан (қызмет көрсету саласындағы және қожалық шаруашылықтардағы) айыру мүмкін емес.

түрде Францияда кішігірім қала деп бестен 20-30 мыңға шейін тұрғындары бар қоныстану бірлігін есептейді. Туристік қалаларды (les villes touristiques) алсақ, аталған көрсеткішке сенуге болмайды. Мұның себебі – өз тұрғындарының саны, мысалы, 5 мыңнан аспаса да, үлкен туристік станциялар ірі қалалардан асып кететін инфрақұрылым мен қызмет көрсету кәсібіне ие болады. Сондықтан туристік қалалық елді мекендерді қарастырғанда, оларға түнеу базасының сыйымдылығы көрсеткішін қолданған жөн. Осы критерийге сүйенетін болсақ, туристік қала деп ең болмағанда, 8 мың төсегі бар қоныс бірлігін атауға болады, өйткені осындай сыйымдылығы жабдықталу мен қызмет көрсету деңгейі бойынша саны мен сапасы жағынан кішігірім қалаға сәйкес келеді. Мамандандырылған қалалар категориясына (les villes specialisées)* жататын осындай қалалар шаруашылықтың бір саласында жұмыспен қамтылу шоғырлануының жоғары көрсеткішімен сипатталады (60 %-дан астам) [116].

Туризмнің аймақтық географиясында өзінің туристік дәстүрлеріне, қозғалыстың шоғырлануы мен жабдықталуына байланысты географтарды баяғыдан бері қызықтырған Солтүстік Альпі (Альпінің Солтүстік және Оңтүстік Альпіге бөлінуі француз жіктеуіне сәйкес келтірілген) кешеніне қатысты зерттеулердің саны арта түседі. Соңғы жылдары Францияның болашақта басты туристік аймақтарының бірі болатын Оңтүстік Альпі өзіне көңіл аудартуда. Басқа таулы аймақтарға арналған жұмыстардың саны өте аз, ал қолдағы жұмыстар жанама немесе қосымша ретінде жасалған.

Француз жағалауларына, әсіресе, Жерорта теңізі жағалауына бірталай жұмыстар арналған. Бұл аймақты зерттеулердің көбі Көкшіл Жағалауды қарастырған. Осы зерттеулердің нәтижелері Atlas Provence Côte d'Azur атласында жинақталған карталарда көрсетілген.

Алпысыншы жылдары солтүстік америкалық туризм одан әрі өркендеген. Мұның себебі Құрама Штаттары мен Канадада демалыстың ең маңызды

әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің біріне айналуы болған. Бұқаралық, саны миллиондаған миграцияларға дайын болмаған федералдық және штаттар билігінің, шаруашылық бірлестіктерінің алдында туристік қозғалысты аз да болса реттеп, демалушылардың шоғырлануынан аса үлкен ауыртпалық түскен туристік территорияларды сәл жеңілдету міндеті тұрды. Мұның себебі, американ қалалары тұрғындарының бұқаралық саяхаттары ең алдымен, коммуникациялық қол жетерлігі ең жақсы болған аудандарға бағытталып, қысқа мерзімде қоршаған орта қасиеттерінің ыдырауына әкеліп соқты. 1960 жылдан бастап Құрама Штаттары мен Канадада туристік жабдықталуының аумақтық (ең алдымен, аймақтық) жоспарлау жұмыстарының дамуы байқалады. Осындай жоспарлар әзірленіп, жүйелі түрде федералдық және провинциялық биліктермен Құрама Штаттары [30, 32] мен Канадада [32, 121] толықтырылған. Туристік жабдықталу жоспарлары жұмыстарында көптеген

*Осы көрсеткіш бойынша, қалалардың басқа тобы – көп функциялық қалалар (les villes plurifonctionnelles).

жоспарлау және шаруашылық мекемелерінде істейтін географтар белсене қатысқан [32, 121]. Сонымен қатар, Құрама Штаттарында туристік қозғалыстың (ең алдымен отандық) жүйелі сауалнамалық зерттеулер жүргізіле бастады, сауалнамалар кішігірім аудан немесе аймақтан бастап бүкіл штат, тіпті, мемлекет территориясын қамтыған. Құрама Штаттарындағы бүкіл мемлекет көлеміндегі алғашқы сауалнаманы 1962 жылы ORRRC (Outdoor Recreation Research Rapport Comission) өткізді [30, 32, 87]. Жалпы шығыны 2,5 млн. долларға [32] түскен сауалнамалық зерттеулер Құрама Штаттары тұрғындарының демалысы жөнінде 27 томдық* үлкен көлемдегі материал жинауға мүмкіндік берді. Тақырыбы жағынан кең ауқымды болса да, бұл сауалнама Америка және Еуропа географтарының сынауына ұшырады [19, 32].

Туризм географиясы мамандарынан кеңес сұрамағандықтан сауалнамаға туристердің кеңістіктегі қозғалыстарына (миграциялардың бағыттары: қайдан және қай жерге, демалушылардың аймақта орналастырылуы, және т.с.с.), туристік құндылықтарға (судан басқалары), құндылыққа және қызмет көрсету түріне деген сұранысына, экономикалық мәселелеріне, пайдаланатын туристік база құрылымына байланысты элементтері кірмеген. Оның үстіне, баспадан шыққан материалдарда сол кездің өзінде кең тараған «екінші баспаналар» (residental farms) жөнінде ешқандай ақпарат болмаған, ал олардың саны алпысыншы жылдардың басында 1 миллионға жуық болыпты [32]. Келесі жылдары осындай зерттеулерге географтар белсене қатысты, сондықтан географиялық жұмыстарда сауалнамалық зерттеулер материалдары лайықты орын ала бастады.

Туристік қозғалыс зерттеулерінің қажеті туризммен айналысатын ғылыми пәндердің, оның ішінде туризм географиясының дамуына үлкен ықпал жасады [32,87]. Осының нәтижесінде географиялық-туристік мәселелеріне арналған көптеген докторлық диссертациялар мен ғылыми жұмыстар жазылды. 1960-1967 жылдары туризм географиясы бойынша, 48 докторлық диссертация

ұсынылды [32] (салыстырып көрсек, 1930-1949 жылдары – 2, елуінші жылдары – 34) және жыл сайын 27 жуық мақала шыққан (1930-1939 жылдары – 8, 1940-1949 жылдары – 9, 1950-1959 жылдары – 12).

Американдық туризм географиясының зерттеу проблематикасының еуропалық орталықтарында жүргізілетін зерттеулерімен салыстырғанда айырмашылықтары көп, бұл осындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастар ерекшеліктеріне байланысты.

Зерттеулер осыдан бұрынғы кезеңдегідей географиялық ғылымдардың туризм географиясы саласы бойынша мамандандырылған ғылыми орталықтарында жүргізілген. Осы ғылымның жоғары жетістіктері болса да, бірлі-жарым жұмыс қана туризмді географияның зерттеу тақырыбы ретінде қарастыратын теориялық тұжырымдары сипатын иеленген. Туризмнің кеңістіктік құрылымына назар аударған зерттеулердің саны әлдеқайда жоғары болған [32]. Американ географтары жұмыстарының үлкен тобы туризмнің кеңістіктік құрылымының лайықты моделін жасаудың теориялық негіздерін

---

*Әрбір томның көлемі елуден екі жүз бетке дейін.

қалыптастыруға арналған (территориясы өте үлкен мемлекеттерде жиі кездесетін жағдай). Осындай зерттеулерде жаңа ақпараттық технологиялар кең қолданылды. Американдық географтарының математика жағынан жақсы дайындығы және математиктер мен программистердің географиялық зерттеулеріне белсене қатысуы осындай демалыс құрылымы моделдерін жасаған кезде матрицалық алгебра, ықтималдық теориясы, дифференциалдық талдау және математиканың басқа тармақтары элементтерін қолдану мүмкіндігін жасады. Осындай құрылымдар аналог моделі мен гравитация моделіне жиі негізделген. Кейбір авторлардың ойынша [32, 87], көптеген жылдар бойы туризмнің кеңістіктік құрылымының лайықты моделін жасау американдық географтарының ең басты тақырыбы болып, тек кейінгі жылдары басқа мәселелерге орын берді. Осындай моделдеу жұмыстары көптеген ғылыми орталықтарында жүргізілген. Олар туристік келулер, демалыс мақсаттағы саяхаттардың бағыттары, тұратын жері – демалыс орны арасындағы байланыстарға қатысы бар факторлар, туристік аймақтардың орналасуы мен дамуы, олардың кеңістіктегі ұйымдастырылуы сияқты элементтерді қамтыған. Осылармен бірге туристік сыйымдылық пен көлемді ескеретін моделдер аумақтағы болашақ рекреациялық іс-әрекетіне болжам жасаудың негізі болған [30, 32].

Туристік қызмет болжауы іліміне Р.Вольф үлкен үлес қосты. Туризм географиясы саласындағы көп жылдық тәжірибесі негізінде бұл ғалым Канаданың Онтарио провинциясындағы туристік қозғалыс үшін гравитация моделі параметрлерінің жобасын әзірледі [32].

Осындай зерттеулер Мичиган штатының уиверситетінде де жүргізілген. Географтармен бірге оларға басқа ғылымдар өкілдері, оның ішінде программистер қатысқан. Штат билігі тапсырмасымен орындалған жұмыс

нәтижесінде демалыстың кеңістіктік құрылымдарының моделі құрастырылды. Кейін осы модель аумақтарды туризм қажетінде бөлудің және Құрама Штаттарының осы орталық және солтүстік бөлігіндегі басты туристік аймақтарының біреуіндегі туристік қозғалысты болжаудың негізі болды. Осы зерттеуде американдық туризм географиясында алғашқы рет жүйелер теориясы қолданылды. Осындай түрде құрастырылған модель электр тоғы ағуы құбылысына өте ұқсас. Моделдің бас құрушысы туризм географтарымен көп жылдар бойы бірге жұмыс істеген электроншы Дж.Эллис туристік шығатын жерлерді қуаты халық саны мен оның туристік белсенділігіне тәуелді электр тоғын өткізу станцияларымен, ал қабылдаушы станциямен (полюс) келу мөлшеріне («электр тұтынуы») базаның сыйымдылығы, оның стандарты мен туристік қасиеттері әсер ететін туристік аймақты теңестірді. Туристер ағымы жолдар торабымен («өткізу линиялары бойымен») «ағады». Осыдан кейінгі жылдары осы модель авторларының бірі географ М.Чабб түнеу базасының сыйымдылығын жаңа дәл әдістеме арқылы есептеп, оған біршама өзгерістерді енгізді. Туризмнің кеңістік құрылымының зерттеулері туристік аймақтарға бөлу мен туристік жіктелу жұмыстары үшін қолданылған. Осы саладағы алғашқы жұмыстардың бірі Р.Вольфтың еңбегі еді. Онда автор Онтарио провинциясындағы 83 саябақты туристердің пайдалану әдістеріне байланысты жіктелуін жасады. Осы аймақтағы туристік қозғалыстың қарқындылығы және оның қоршаған ортасының пайдалану әдісі, автордың ойынша, ең алдымен, оның туристік сұраныс орталықтарына қарай орналасу орнына байланысты. Әрбір саябаққа туристердің келуі және олардың осы саябақтың қалалық орталықтарына қарай орналасу орнымен байланыстылығын анықтап, туристік сұранысты зерттеу нәтижесінде автор келешекте демалушылардың үлкен жігін басқа жерден өзіне қарай тартатын жаңа саябақтарды тиімді орналастыру жобасын әзірледі [32]. Американдық туризм географтарын қызықтыратын тағы бір тақырыптар тобы «туризм-қоршаған орта» байланысына қатысы бар мәселелері болды. Осындай зерттеулерде адам және табиғи орта, төл ландшафт арасындағы түйісудің (environmental perception, wilderness* perception) тәрбиелік аспектісіне және табиғатпен қатынас құрудың жалпы қоғамдық мәдениетке тигізетін әсеріне назар аударылды. Туристік қозғалыс қатысушылары көптеген жағдайларда аумақ ландшафтына зиян келтіретін болғандықтан туристердің демалыс аймақтарының қасиеттеріне қатысты әлектерін зерттеу әдістерін анықтау әрекеттері жасалды. Висконсин штатының солтүстігінде орналасқан демалыс аймағындағы туристердің қылықтарын (табиғатпен қарым-қатынасын) көрсететін Р.С.Люкастың жұмысы [32] осындай зерттеулердің мысалы бола алады.

Р.С.Люкастың еңбегі Құрама Штаттары мен Канаданың әртүрлі аймақтары бойынша өткізілген осы саладағы зерттеулердің бастауы болып табылады. Осындай жұмыстар кейін штаттар мен провинциялардың туристік жабдықталуының жоспарлануында қолданылды.

АҚШ географтарының туризм саласындағы басқа жұмыстары көптеген түрлі тақырыптарға арналған. Суаттар әсері, Кейп-Код жағажайларына

туристердің келуі немесе туристік яхталардың кеңістіктегі «белсенділігі»** туралы жұмыстармен бірге Мичиган штатындағы Дельтон округінен бастап, Ұлы Көлдер, бүкіл Миннесота штаты және Солтүстік-Шығыс макрорегионға шейін аумақты қамтитын аймақтық туристік монографияларды шығару әрекеттері жасалды [32]. Туристік қоныстау бірліктері немесе урбанданған ортадағы демалысқа арналған жұмыстар саны онша көп емес. Мұндай зерттеулер тек 1960-1970 жылдары басталған [32]. Осы мәселелермен айналысатын саны көп емес географтардың ішінде кіші Ч.А.Стэнсфилдті атау керек. Қазіргі кездегі урбанданудың ең жоғары деңгейіндегі зоналарды анықтауында географиялық әдебиетте жақсы белгілі болған «мегалополис»*** ұғымын қолданып, автор демалыс аумақтары үшін де осыған сәйкес

*Жапаң түз, ай дала, шөл. Бұл сөздің американдық әдебиетіндегі мағынасы төл табиғат болады.

**Огайо штатындағы 15 көл мысалы келтірілген.

***J.Gottman. «Megalopolis». – New York, 1961.

мағынасындағы Leisureapolis ұғымын енгізді [107]. Стэнсфилд пікірі бойынша, туристік базасы мен инфрақұрылымы керемет жақсы дамыған 130 миляға созылған Нью-Джерси штатындағы Атлант мұхиты жағалауының жер тілімі осындай зонаның мысалы бола алады.

Ол кезде Солтүстік Америкада туристік жерлердің (әдетте, қалалық бірліктердің) мәселелерін туризм географиясы мен қалалар географиясының қайсысы зерттеу керек екені дұрыстап анықталмаған. Көптеген американ қалаларында туристік функциялары маңызды рөл атқарғанымен осы мәселеге зерттеушілер ойдағыдай көңіл бөлмегені таңғалдырады [32].

Туристік аймақтарында, оның ішінде туризм баяғыдан бері маңызды экономикалық рөл атқарған ең белгілі, мысалы, Флорида түбегі, Аппалачи, Озарк бұйраты, Жаңа Англияның солтүстік-шығыс жағалауы, Калифорния сияқты аудандарында кешенді зерттеулердің өткізілмеуі өзіне назар аударады. Сонымен қатар, туристік аудандастыру мен демалыстың аудандастырылуы бойынша бүкіл Құрама Штаттары аумағын қамтитын зерттеулер басталмаған, ел ауқымындағы туристік проблематикасына арналған жұмыстар да санаулы. Американдық географтар алдағы жылдарда қоғамның демалысқа байланысты қозғалыстарын бүкіл Құрама Штаттарының көлемінде зерттеулерді жүргізуін жариялайды. Осы мәселеде Батыс, Оңтүстік немесе Солтүстік-Шығыс тұрғындарының талғамдары мен қалаулары бір-біріне ұқсамайды. Американдық туризм географиясының зерттеулерінде кездесетін аталған кемшіліктері жалпы мәселелерін зерттеу мен аймақтық зерттеулері арасындағы таңдау жөніндегі американдық географтарының көзқарастарының үйлеспеуінен туындайды деп ойлаймыз [32].

Кеңес Одағында туристік мәселелерді бірінші болып географтар зерттеген. Осы саладағы жұмыстар бұрынғыдай қазіргі кезде де Ресей Ғылым Академиясының Мәскеудегі География институтында атқарылуда*. Осы

ғылыми мекемеде В.С.Преображенскийдің жетекшілігімен туризм географиясының теориялық негіздерін біржолата анықтауға бағытталған зерттеулер жүргізіледі. Сөйтіп, зерттеу жұмыстары: а) әртүрлі категориядағы туристік аймақтардың сипаттамаларымен байланысты әдістемелік-бағдарламалық мәселелер; ә) демалыстың алуан түрлері мен формалары қажет ететін географиялық орта элементтерін зерттеу; б) демалыс аумақтарының туристік ұйымдастырылуы мен функционалдық зоналары; в) табиғи кешендерінің туристік қасиеттерін бағалау; г) оңтайлы және максималды туристік сыйымдылықты (табиғи кешендерге түсетін туристік жүктеме) анықтау тәсілдері; ғ) ұлттық саябақтарды ұйымдастыру және орналастырудың ғылыми негіздерін құру сияқты мәселелерді қарастырған [64]. КСРО ҒА География институтында Л.И.Мухина, Ю.А.Веденин, А.В.Антипова, И.В.Зорин, Б.Н.Лиханов сияқты туризм географтары қызмет істеген.

*КСРО ҒА География институты 1976 жылы шілде айында Туризм географиясының Жұмыс тобының жыл сайын өтетін Симпозиумын Солтүстік Кавказдағы Домбайда өткізді. Бұл Симпозиум Халықаралық Географиялық Унияның XXIII Конгресі шеңберінде өтті.

Осы кезеңде туристік географиялық зерттеулерді М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің география факультеті, КСРО-дағы басқа географиялық орталықтар (мысалы, Киев, Ленинград) және мамандырылған мекемелер (мысалы, Бакудегі Мемлекеттік Жоспарлаудың Экономикалық институтында Р.М.Касумов) жүргізді.

Кеңес географтары туристік мәселелерімен 1965-1966 жылдардан бастап белсене айналысты, олардың зерттеу тақырыбы ең алдымен, теориялық мәселелер, табиғи орта ресурстарын туризм қажеттілігі үшін бағалау, аумақтық рекреациялық жүйелерді (АРЖ) және туристік қозғалысты зерттеу болды [47].

Туристік шаруашылықтың дамуы мен 60-жылдардың басынан бастап, туристік ағымдардың өсуіне байланысты демалыстың жайлы аудандарымен бірге демалыс үшін қолайлылығы төмен жаңа аумақтардың игерілуі басталды. Жаңа рекреациялық аумақтарды игеру мақсатында табиғи рекреациялық ресурстарын бағалау жұмыстары туризм географиясының екінші бағыты болды. Осы жылдары КСРО-да демалыс пен туризм орындарының аудандық жоспарлануы бойынша ауқымды жұмыстар өріс алды. Географтар табиғи кешендердің рекреациялық бағалану тәртібінің негізгі кезеңдерін анықтады (Мухина, 1973), табиғи кешендердің рекреациялық сыйымдылығын, рекреациялық жүктемеге шыдамдылығын анықтау бойынша зерттеулерін (Казанская, 1972; Шеффер, 1973) жүргізді. Е.Д.Смирнова, В.Б.Нефедова, Л.Г.Швидченко және М.В.Ломоносов атындағы ММУ-дің басқа географ-ландшафттанушылары елдің ірі курорттық аймақтарының қолданбалы зерттеулерін орындады және рекреациялық аумақтарды рекреациялық қоры ретінде сақтап қалу ұсыныстарын әзірледі.

1975 жылы КСРО ҒА География институты В.С.Преображенскийдің редакциясымен қазіргі әлемдік географиялық әдебиетінде алғашқының бірі болып, толығымен туризм географиясының теориялық мәселелеріне арналған

«Теоретические основы рекреационной географии» [110] атты еңбегін шығарды*.

Демалыс қажетіндегі географиялық орта ресурстарын бағалау аясында географтар мәселелі және аймақтық тарапынан 200 жуық мақала жазған [64]. Рекреация қажетіндегі қоршаған орта ресурстарын бағалаудағы географтардың жалпы міндеттерін 1976 жылы В.С.Преображенский мен Н.П.Шеломов [90] анықтады. Келесі жылдары осындай зерттеулер, әсіресе, қолданылған әдістемелігі жағынан, толықтырыла берген [78, 126]. Өздерінің сауықтыру қасиеттерімен бірге қайталанбас ландшафтары арқасында рекреация үшін ерекше маңызы бар таулы аймақтарға көп назар аударылады. Осы аумақтардың туристік мақсаттағы жарамдылығының көрсеткіші ретінде теңіз деңгейінен олардың биіктігін қабылдады және зоналарды анықтаған кезде басты критерии

*Осы жұмыспен қатар 1975-1976 жылдары туризм географиясының теориялық мәселелері бойынша мынадай басылымдар шықты: «Current Problems of Recreational Geography». – М.,, 1976; В.С.Преображенский, Б.Н.Лиханов (редактор). «Рекреационная география». – М.,, 1976; Б.Н.Лиханов (редактор). «Географические проблемы организации туризма и отдыха», выпуск 1-2. – М.,, 1975.

биохимиялық көрсеткіштері болды. Зоналарда тиісті акклиматизациядан кейінгі тек мамандырылған туризм ғана болуы мүмкін. Осыған орай, рекреациялық мақсатта таулы аймақтар: 1) тау бөктері(теңіз деңгейінен 200-1000 м биіктіктегі); 2) төменгі (аласа) тау зонасы (1000-2000 м); 3) орта биік тау зонасы (2000-3000 м); 4) альпілік зона (3000-5000 м); 5) ең биік тау зонасы (5000 метрден жоғары) сияқты биіктік зоналарға бөлінген Туризммен айналасу үшін ең қолайлы болып тау етегі мен бір жағынан төменгі тау зонасы есептеледі.

Аумақтық рекреациялық жүйелер (АРЖ) мен аумақтық рекреациялық кешендер (АРК) КСРО туризм географиясының (және экономикалық ғылымдардың) басты зерттеу мәселелерінің бірі болып табылды [47, 110]. Және осы бірліктер туристік құбылыстарды болжауда басты рөл атқарды. 1971 жылы алғашқы рет осы мәселенің сипаттамасы ұсынылды [91], ал осыдан кейінгі жылдары аталған модель біршама жетілдірілді [92, 110]. Жалпы түрде рекреациялық жүйесінің моделіне демалыстың кеңістіктегі ұйымдастырылуын құрастыратын көптеген кіші жүйелер кіреді: а) демалысқа қатысушылары; ә) табиғи және мәдени кешендер; б) техникалық инфрақұрылым; в) туристік қызметте істейтіндер; г) осы жүйені басқаратын әкімшілік орган. Белгілі бір кеңістіктік бірлікте жинақталған осы кіші жүйелер өзара әрекеттеседі және бір-біріне тәуелді келеді.

Аумақтық рекреациялық жүйелер демалыстың барлық кеңістіктік сипаттарын қамтиды деп айтуға болады және олар белгілі аумақта туристік іс-әрекетін ұйымдастыру немесе болжау бойынша дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Осы бірліктерге қатысты зерттеулер жүйе ішінде пайда болатын туристік құбылыстарды және АРЖ мен аумақтық-өндірістік жүйелері арасындағы байланыстарды қамтиды. Кеңес географтары құрастырған рекреациялық жүйелер моделі туристік іс-әрекеттің талай салаларында жиі қолданылады [47, 64, 92, 110].

Кейде аумақтық табиғи кешендер (табиғи аумақтық кешен – ТАК [47,]) деп түсінілетін рекреациялық жүйелердің негізінде КСРО бүкіл аумағының [1, 110] немесе одан кіші аумақтық бірліктердің [47, 51, 64, 77, 110] аудандастырылу әрекеттері жиі жасалады. Ал енді кейбір географиялық зерттеулерде рекреациялық жүйелер моделі туризмнің кеңістіктегі жоспарлануының лайықты қағидаларын [47, 64, 110] немесе аудандарды пайдаланудың жалпы сұлбасындағы демалыс аумақтарының орнын анықтау үшін қолданған [110].

Кеңес Одағындағы туристік аудандастыру жұмыстары туризм географиясының ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Осыған орай, географтар, аймақтың кеңістіктегі шекараларымен қатар, экономикалық-географиялық талдауға негізделген осы бірліктің бағдарламалық алғышарттарын анықтауы міндетті. Осындай талдау 1) туристік аймақтың қалыптасуы мен оның шекараларына әсер ететін жағдайларды; 2) аймақтың туризм мақсатындағы бағалануын; 3) аймақтың шаруашылық құрылымын; 4) аймақтың кеңістіктегі аудандастырылуын; 5) аймақтың туристік мақсатта пайдалануының құрылымы мен динамикасын қамтиды [64].

Туристік аймақтарды, әдетте, ландшафтық ерекшеліктері негізінде, кейде сонымен бірге осы бірліктердің орналасуы мен функцияларын ескеріп, топтастырады. Осындай жұмыстар географиялық-туристік зерттеулерде өзіне лайықты маңызды орын алуда. Зерттеулердің осы саласының жетістіктерін мойындап, оны КСРО туризм географиясының да, аумақтық және аймақтық жоспарлаумен байланысты пәндерінің де маңызды бөлігі деп айтуға толық қақымыз бар. Осы саладағы жұмыстарың үлкен жігі мәселелердің егжей-тегжейлі қарастырылуымен ерекшеленеді. Зерттеулерде қоршаған ортаны туристік қозғалыс мақсатында қолданған кездегі қорғау мәселелері қарастырылды. Осы мәселемен туристік сыйымдылық тығыз байланысты, оның әрбір аймақ немесе аумақ үшін ең қолайлы көлемін анықтау әрекеті жасалды.

КСРО туризм географиясында ел немесе аймақтар мөлшеріндегі туризм дамуын болжау жұмыстары да кең көлемде жүргізілді. Осы жұмыстар келешектегі туристік сұраныс пен туристік база дамуымен бірге туристік қозғалыстың өзін зерттеуге бағытталған. Осы соңғы аталған жағдайда моделдік шешімдер қолданылған.

Халықаралық туристік қозғалысқа арналған жұмыстарды 1976 жылы М.А.Ананьев [3, 47] ынталандырды. Өзінің басқа жұмысында [4] ол шетелдік туризмнің экономикалық функциясының толық және жеткілікті анықтамасын беріп, шетелдік туризмнің «көзге көрінбейтін экспорттағы» бастаушы рөлін көрсетті*.

Жергілікті туризм бойынша, зерттеулер әлдеқайда аз көлемде жүргізілген. Кейбір авторлар [1, 64] алғашқы осындай зерттеулерді тек 1970 жылы кеңес психологтары өткізді деп есептейді. Осы зерттеулердің нәтижесінде КСРО халқының демалыс орындарының орналасуы жөнінде қызықты материал жинақталды. Олардың ішінде Кеңес Одағындағы туристік қозғалыстың көптеген аймақтық шолулары кірген В.И.Азардың еңбектерін атау қажет [1, 2].

Кеңес Одағы тұрғындарының демалысы жөніндегі ауқымды материалдар КСРО ҒА География институтының басылымдарында да көп кездеседі [110]**.

Жетпісінші жылдардың басынан бастап Кеңес Одағының таңдаулы аймақтарының туристік мәселелері жөніндегі жұмыстар да шыға бастады. Онда осы жерлердегі туристік қозғалыс көлемі мен құрылымы туралы ақпарат енген. Осы саладағы зерттеулердің ең үлкен саны Қара теңіз жағалауы аудандарын, кейбір таулы өлкелер мен Батыс және Орталық Сібір аумақтарын қамтиды, ал ірі қалалық орталықтар тұрғындарының демалысы жөніндегі басылымдардың саны аз, қолда бар жұмыстар тек Мәскеу мен Ленинградқа (қазіргі Санкт-Петербург) арналған.

---

*Қараңыз: М.А.Ананьев. «Экономика и география международного туризма», Москва, 1975; В.И.Азар «Введение в экономику иностранного туризма (Вопросы методологии)», Москва, 1975; Высшие Курсы Главного Управления по иностранному туризму при Совете Министров СССР.

**В.И.Смирнов. «География туризма в СССР», Москва, 1975.

Жергілікті және шетелдік туризмнің Кеңес Одағының шаруашылық құрылымындағы экономикалық мәселелеріне соңғы жылдарға дейін көңіл бөлінбеген. Бұл саладағы өзгерістер тек 70-жылдардың ортасында басталды [110]. Осы уақыттан бері кеңес географтары туризмнің географиялық-экономикалық қырларын кең көлемде зерттей бастайды. Ал географиялық зерттеулерде экономистердің кейбір жұмыстары қолданылады. Осы саладағы [47, 64] алғашқы маңызды зерттеу ретінде КСРО-дағы туризмге экономикалық жағынан сипаттама жасау әрекетін жасаған В.И.Азардың [1] еңбегін атауға болады. Автор Кеңес Одағындағы туристік аймақтардың урбанизацияланған және өнеркәсіптік аумақтарға қарағандағы орналасу орнына, туристік жабдықталуына, туристік қозғалысқа қатысушылардың табыс және білім деңгейі бойынша бөлінген түрлі топтарына байланысты жергілікті туризмнің даму факторларын атап көрсетеді. Автор «туристік өнеркәсіптің» (туризм индустриясының) қызмет көрсету сұранысы мен ұсынысы мәселелеріне, Кеңес Одағындағы туризм индустриясының жан-жақты дамуы мәселесіне, осы саладағы курорттық жерлердің маңызды рөлін атап, зор көңіл аударады. КСРО-да туризмнің жоспарланып тұрған дамуы туристік аймақтарды шаруашылық аймақтарының басқа түрлеріне (мысалы, өнеркәсіп немесе ауыл шаруашылық аймақтарына) біржолата теңестіруді, сонымен қатар қазіргі кезде елдің бірнеше жерінде ғана қолайсыз түрде шоғырлануымен сипатталатын бұрынғы демалыс сапарларының географиясын кеңейтуді қажет етеді.

В.С.Преображенский мен Ю.А.Веденин*, қарастырылып отырған кезеңдегі КСРО туризм туралы ғылымның даму жолын қорытып, төрт:

I кезең (1968-1972 ж.) – рекреациялық географияның базистік моделінің қалыптасуы;

II кезең (1973-1978 ж.) – аймақтық материал негізінде базистік моделдің лайықтылығын тексеру;

III кезең (1979-1982 ж.) – уақыт тетігін кеңістіктік-уақыттық талдауға көшу негізі ретінде қарастыру;

IV кезең (1983 жылдан бергі кезең) – рекреациялық-географиялық кеңістік теориясын қалыптастыруға көшу кезеңін белгілеп атайды.

Кезең шекарасы шартты түрде белгіленген – оларды анықтайтын оқиғалар – ірі ұжымдық монографиялар: «Теоретические основы рекреационной географии» (1975), «География рекреационных систем» (1980), «Территориальная организация отдыха населения Москвы и Московской области» (1986) жарық көруі.

Осыдан кейінгі жылдары туризмді көп қырлы кеңістіктік және әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде қарастыратын жұмыстар жарияланды.

---

*В.С.Преображенский, Ю.А.Веденин, Л.С.Филиппович, И.П.Чалая. Основные концепции развития рекреационной географии / Теоретические проблемы рекреационной географии. – М., 1989. –47-67-беттер.

Осы кезде және одан кейінгі жылдары баспадан шыққан КСРО мен ТМД мемлекеттері демалыс пен туризм туралы ғылымының заманауи көзқарастарының қалыптасуына әсер еткен ірі ғылыми еңбектердің ішінде А.А.Власов. «Туризм» (1977), Е.А.Котляров. «География отдыха и туризма» (1978), И.В.Зорин, В.М.Кривошеев. «Параметрическая модель рекреационной системы» (1979), П.Г.Царфис. «Рекреационная география СССР: курортологические аспекты» (1979), Н.А.Данилова. «Климат и отдых в нашей стране» (1980), Н.С.Мироненко, И.Т.Твердохлебов. «Рекреационная география» (1981), Ю.А.Веденин. «Динамика территориальных рекреационных систем» (1983), Л.С.Филиппович. «Картографическое моделирование территориальных рекреационных систем» (1983), И.И.Пирожник. «Основы географии туризма и экскурсионного обслуживания» (1985), «Рекреационные системы»/ Н.С.Мироненко, Бачвարованың редакциясымен (1986), Ю.С.Путрик, В.В.Свешников. «Туризм глазами географа» (1986), «Теоретические проблемы рекреационной географии» / Ю.А.Веденина, И.В.Зоринаның редакциясымен (1989), А.В.Гидбут, А.Г.Мезенцев. «Курортно-рекреационное хозяйство. Региональный аспект» (1991), Б.Ф.Омельченко. «Экскурсионное общение: познание, воспитание, отдых» (1991), «Теория рекреалогии и рекреационной географии» / В.С.Преображенский, И.В.Зоринаның редакциясымен (1992), «Энциклопедия туриста» (1993), И.И.Пирожник. «Международный туризм в мировом хозяйстве» (1996), Е.В.Колотова. «Рекреационное ресурсоведение» (1998), В.Б.Сапрунова. «Туризм: экология, структура, менеджмент» (1998), А.А.Крючков. «История международного и отечественного туризма»(1999), М.Б.Биржаков. «Введение в туризм» (2000), Ю.Д.Дмитревский. «Туристские районы мира» (2000), И.В.Зорин, В.А.Квартальнов. «Энциклопедия туризма» (2000), В.А.Квартальнов. «Туризм» (2000), С.Р.Ердавлетов. «География туризма: история, теория, методы, практика» (2000), В.В.Дворниченко.» История международного и национального туризма» (2001), А.Ю.Александрова.

«Структура туристского рынка» (2002), С.Р.Ердавлетов. «История туризма. Развитие и научное изучение» (2003), С.А.Щербакова. «Геоэкономика международного туризма» (2004), География туризма / А.Ю.Александрованың редакциясымен (2007) және т.б. жұмыстарды атауға болады.

Туризмге байланысты кең ауқымды зерттеулер бұрынғы ГДР-да да жүргізілді. Ең басты зерттеу тақырыбы ретінде ірі қалалық орталықтары тұрғындарының мерекелік демалыстары (Naherholung) алынған және қоршаған орта қасиеттері жұмыс күшін қалпына келтірудің басты факторы ретінде қарастырылады. Осындай жұмыстар жоспарлау тәжірибесі мақсатында көбінесе Берлиндегі Гумбольдт университетінің География институтында жүргізілген. Олардың зерттеу тақырыбы ең алдымен, Берлин агломерациясы [44] шеңберіндегі, тағы бірқатар ірі қалалардың [5] рекреациялық зоналары аумақтарының тартылымдығын бағалау болды. Сонымен қатар, аймақтық және теориялық зерттеулер маңызды орын алады. Мұнда Грейсвальд (Б.Бентиен) пен Дрездендегі (Г.Якоб) университеттік орталықтардың жетістіктері айтарлық.

ГФР-да Мюнхен университетінің Экономикалық географиясы институты (Wirtschaftsgeographichen Institut) алдынғы қатарда бола береді. Мұндағы зерттеулер теориялық сипатта жүргізіледі және де кең мағынасында түсінілетін «бос уақыт географиясы» (geographie des Freizeitverhaltens) негіздерімен айналысады. Осы тақырып бойынша, жұмыстардың ынталандырушылары мен авторларының ішінде И.Майерді атау қажет. Туризм географиясы бойынша зерттеулердің бұдан басқа орталығы – Геттинген университеті (Р.Клэппер). Осылармен қатар, туризм географиясы тақырыптарымен басқа университеттердің география институттары да айналысады, бірақ олар осы аядағы мамандандырылған орталықтар емес. Аймақтық бағыттағы зерттеумен айналысатын белгілі географтарың ішінде В.Риттер [95], Е.А.Пешль*, И.Кнебель**, Ф.Гейгант*** сияқты ғалымдарды атаған жөн.

Сонымен қатар, ГФР-да қала маңы рекреациялық ағымдар, қала ішіндегі демалыс орталықтары жете зерттелген, сондықтан «туризм географиясы» ұғымынан «қолы бос уақыт» түсінігіне көшу керек деген дауыстар (Рупперт, Майер, 1973; Рупперт, 1977) көбейді. Туристік кешендер мен аудандардың жұмыс істеуі үрдісін үйлесімді қылу үшін бағдарламалау мен моделдеу тәсілдері қолданыла бастады.

Югославияда бұл салада География институтының Белград орталығы белгілі, ал туризм ғылымымен, әсіресе, туризм географиясымен айналысатын ғалымдар арасында Ж.Иовичичтың аты шыққан. Туризм мәселесіне арналған көптеген жұмыстардың авторы ретінде, ол осы ғылымның теориялық негіздерін орнатуға бағытталған зерттеулер жүргізеді. Ж.Иовичич Югославияда туризмді халық шаруашылығының жеке, дербес саласына айналдырған туристік қозғалыстың экономикалық қырларын қарастырады. Өз елінің мысалы және туристердің келулерінің әсерінен оның ландшафты мен экономикасының өзгеруі нәтижесінде Иовичич туризм осы күнге дейін нашар дамыған аумақтардың экономикалық өркендеуінің факторы екенін дәлелдейді. Оның пікірінше, туризм Үшінші әлемнің көптеген елдерінің экономикалық даму көзі

бола алады [50]. Ж.Иоваичичпен қатар Белград орталығында көбінесе, шетелдік және халықаралық туризм тақырыбындағы басылымдарымен белгілі М.Васович қызмет етеді. Осы орталықпен қатар, Югославияда туризм географиясымен Загребтегі (И.Роглич, З.Пепеоник), Люблянадағы (М.Жагар) және Скопледегі География институттары (М.Панов, А.Стоймилов, Г.Милески) айналысады.

---

*E.A.Poeschl. «Fremdenverkehr und Fremdenverkehrspolitik». – Berlin, 1962.

**J.Knebel. «Sociologische Strukturwandhungen im moderner Tourismus». – Stuttgart, 1962.

***F.Geigant. «Die Standorte des Fremdenverkehrs eine socialökonomische Studie über die Bedingungen und Formen der röumlichen Entfaltung des Fremdenverkehrs», Schr. d. Deutch, Wirtsch. Ins. Für Fremd. – München, H. 17, 1962.

Болгарияда туризм географиясы саласындағы зерттеулердің көбін София университетінің*, География институтының туризм географиясы кафедрасының ғалымдары, оның ішінде, ең атақтылары Л.Динев пен Бачваров жүргізген. Алғашқы сәтте** зерттеу тақырыбы туристік аудандастыру мен
туризм географиясының теориялық мәселелері, әсіресе, оның географиялық ғылымдар жүйесіндегі орнын анықтау болған. Кейінгі кезде, сонымен қатар, болгар туризм географтары халықаралық туризм мәселелерін де зерттеуде [6]. Аталған мекемемен бірге, туристік географиялық зерттеулер Демалыс пен туризм комитетінің жанындағы Софиядағы Туристік зерттеулер орталығында және Варнадағы Благоев атындағы Халық экономикасы институтында жүргізіледі.

Туристік проблемалардың ғылыми-зерттелуінде чехословак географтары да маңызды жетістіктерімен мақтана алады. Олардың географиялық зерттеулерінің негізгі тақырыптарына: табиғи ортаны туризм қажеті үшін бағалау, туристік қозғалыстың экономикалық аспектілері, туристік қозғалыстың аумақтардың шаруашылық құрылымының өзгеруіне жасайтын ықпалы, туристік аудандастыру, халықаралық туризмнің таңдаулы мәселелері жатады. Көптеген жұмыстарда, әсіресе, П.Мариот пен С.Шпринцова еңбектерінде туристік құбылыстардың географиялық зерттелуінің әдістемелігіне үлкен көңіл бөлінеді. Осы күнге дейін П.Мариот (Словакиядағы туристік қозғалыс факторлары жөніндегі) пен С.Шпринцова (Есеник ауданындағы туризм жөніндегі) жұмыстарында жасалған әрекеттерден басқа ойдағыдай теориялық жалпыламалар болмаса да, бұрынғы жетістіктері ең жақын мезгілде осындай зерттеулердің жүргізілетіндігіне күмән қалдырмайды. Қарастырылып отырған кезеңде Чехословакияда туристік құбылыстардың зерттеулері Братислава мен Оломоуцтағы ғылыми орталықтарында жүргізілген. Словакияның астанасында осы саладағы зерттеулерді Словак ғылым академиясының География институты (П.Мариот), Туристік зерттеулер институты (Vyskumny Ustav Cestovneho Ruchu, Г.Скварчекова) және Комен университетінің География институты (Е.Отрубова)

өткізген. Ең үлкен жетістіктерге алғашқы екеуі жеткен, және де Словак ғылым академиясының География институтында туризм географиясының теориялық және әдістемелік сипаттарына үлкен көңіл бөлінеді. Туристік зерттеулер институтының жұмыстары көбінесе, қолданбалы мақсатта жүргізіледі, бұл орталық әртүрлі шаруашылық, туристік және жоспарлау мекемелерінің тапсырыстарын орындайды.

---

*1975 ж. қазан айында осы мекеме Халықаралық Географиялық Унияның Туризм географиясы бойынша, Жұмыс тобының аймақтың экономикалық дамуындағы туризмнің рөліне арналған отырысын ұйымдастырды.

**М.Бачваров. Состояние и проблемы географии туризма в Болгарии, «Вестник Московского Университета». География, 1975, № 3.

Оломоуцтағы зерттеу орталығы бір ғана мекемемен – жергілікті университеттің жаратылыстану факультетінің география кафедрасымен ынтымақтас жұмыс істейді. Туризм географиясы тақырыбындағы жұмысты С.Шпринцова басқарады. Оломоуцтағы зерттеулер туристік қозғалыстың экономикалық сипаттары және аймақтар мен жерлердің туризм дамуы әсерінен өзгеруін қарастырады.

Чехословакияның басқа ғылыми орталықтарының ішінде география кафедрасында туристік қозғалыстың географиялық мәселелері қарастырылатын (К.Странски) Прагадағы Жоғары экономикалық мектепті, Брнодағы құрылыс пен сәулет өнерінің зерттеу институтын (Vyskumny Ustav Vystavby a Architektury) және Остравадағы Педагогикалық факультетті (М.Хаврлант) атау керек.

Румынияда туризм географиясы саласындағы зерттеулер Бухарестегі астаналық универистеті (М.Ианку) мен Румын Ғылым академиясының География институттарында және Туризм министрлігінің Зерттеу орталығында жүргізіледі*.

Итальян туризм географиясының, әсіресе, осы пәннің мәні мен географиядағы орны жағынан алсақ зерттеу ауқымы кең [22, 36, 80]. Аймақтық мәселелер болса, зерттеушілер оған аса көп көңіл бөлмейді. Көптеген жылдар бойы зерттеулердің жетекші орталығы ретінде 1962-1963 оқу жылында жергілікті университеттің сауда-экономика факультетінің жанында туристік курстар (Corso di perfezionamento in economia del turismo) ашылған Флоренция болған. Курстар бағдарламасына туристік қозғалыстың аумақтық ұйымдастырылуы және оған байланысты экономикалық салдарын қарастыратын сабақтар мен дәрістер кірген. Сонымен қатар, туристік құбылыстардың зерттеуінде қолданылатын географиялық әдістеріне, оның ішінде жергілікті және шетелдік туристік миграцияларын, туристік қасиеттерін зерттеу тәсілдеріне, туристік аудандастыруға сабақ кезінде ерекше назар аударылған. Курстарда игерілген географиялық-туристік білімдерінің

арқасында оны бітірген мамандарды аймақтық жоспарлау мекемелерінде құшақ жайып жұмысқа алған [80]. Осыдан кейінгі жылдары туризм географиясы саласындағы жұмыстар басқа да ғылыми орталықтарында, әсіресе, Генуя, Сиена, Милан мен Рим қалаларында белсене жүргізілді. Италия астанасында университетпен қатар туризм географиясы пәні бойынша курстарды Туризм институты (Instituto Tecnico per il Turismo) да өткізеді.

Британ туризм географиясының зерттеу тақырыптары солтүстік американдық географтары зерттейтін мәселелеріне жақын [32]. Құрама Штаттары мен Канада сияқты, мұнда да қала тұрғындарының демалысын (outdoor-recreation, outdoor-leisure) [27, 85] және ел жерін пайдалану (land use) құрылымындағы туризмнің орнын зерттейтін жұмыстардың саны жоғары [15, 27, 96]. Туристік мәселелермен айналысатын британ географтарының ара-

---

*Lucrâlile celui de-al il-lea Cilocviu National de Geografia Turismului. – Bucaresti, 1975.

сындағы ең атақтыларының бірі Дж.А.Пэтмор болып табылады. Ол ең алдымен, қала тұрғындарының демалысымен және олардың қажеттілігімен қызыққан. Моторизацияның нәтижесінде Ұлыбританияда «урбанизациялаудың үшінші толқыны» қала маңы зонасында орын алды және осыған байланысты жоспарсыз түрде жүргізілетін және жергілікті ландшафтпен үйлеспейтін туристік құрылыс басталды. Осындай құбылыс ғылыми, әсіресе, географиялық тұжырымдаманы қажет етті.

Скандинавия елдеріндегі шетелдік туризмнің дамуымен бірге, өз азаматтарының демалыс сұранысының өсуі алпысыншы жылдардан бастап туризмнің географиялық зерттеулердің тақырыбына айналуының себебі болды [25]. Осы ғылым саласының ең белгілі ғылыми орталықтарына Упсала, Лунде (Швеция), Осло (Норвегия) және Турку (Финляндия) университеттері жатады. Негізгі зерттеу мәселелерінің шеңберіне: осы күнге шейін туристер келе қоймаған көптеген аймақтардың туристік мақсатта жабдықталуы, «екінші баспанаға» қатысты мәселелер, қала тұрғындарының демалысы және туризмнің, әсіресе, туристік қозғалыс пен ауыл шаруашылығы арасындағы байланыстары жағынан экономикалық сипаттары кіреді.

Австрияда туризм географиясы бойынша, зерттеулердің жетекші орталықтары көптеген жылдары Л.Г.Шейдль, кейін К.Синнхубер* басқарған Венадағы Жоғары сауда мектебінің География институты (Geographisches Institut der Hochschule für Welthandel) және осы оқу орнының шеңберінде 1934 жылдан жұмыс істейтін Туризмнің зерттеу институты (Institut für Fremdenverkehrs forschung Hochschule für Welthandel) болып табылады. Соңғысының көп жылдар бойындағы директоры туристік мәселелер саласының белгілі маманы П.Бернеккер болған. Соңғы жылдары туризм географиясы бойынша зерттеулер Вена (Э.Троггер) және Инсбрук университеттерінің География институттарында да атқарылуда.

Испанияда туристік-географиялық зерттеулер Барселона мен Мадрид университеттерінің Туризм институттарында және Гренада мен Мальоркада жүргізіледі.

Қарастырылып отырған кезеңде Польшадағы туризм географиясының зерттеулері, астанада көптеген осы саланың мамандары қала берсе де, Варшавадан басқа ғылыми орталықтарына көшуі байқалады. Осы мамандардың ішінде М.И.Милеска, С.Березовский мен О.Рогалевский, А.С.Костровицкий, М Стальский сияқты ғалымдарды атаған жөн. Алпысыншы жылдары туризм географиясы бойынша зерттеулерге Краков орталығы да қайта оралды (А.Вжосек).

---

* К.Синнхубермен қатар географиялық-туристік мәселелерімен Ф.Юльг айналысады.

1974 жылдың қараша айында Ягеллон университетінің География институты туризм географиясы терминологиясына арналған Халықаралық Географиялық Унияның туризм географиясы бойынша Жұмыс тобының симпозиумын ұйымдастырды [125]. Осы симпозиумның материалдары туризм географиясы бойынша терминологияның бір қалыпқа келтіру мәселелеріне арналған Редакциялық комиссияның Жұмыс тобы жұмыстарының негізі болды. Комиссия құрамына поляк географтарының арасынан А.Вжосек, Я.Варшиньска, А.Яцковски мен О.Рогалевский кірді*. Университеттік орталығымен бірге туризм бойынша зерттеулерді Краков географтары жүргізеді.

Алпысыншы жылдарының ортасынан бастап, Познань университетінің География институтының қарамағында біріккен географтар туристік-географиялық мәселелер зерттелуде (Т.Бартковски, А.А.Марш).

1967-1972 жылдары О.Рогалевский басқарған Дене шынықтыру мен туризм Бас комитетінің Туристік жабдықталу зертханасы жұмыс істеген**. Бұл мекемеде туризмнің аймақтық жоспарлану мамандары қызмет атқарған. Зертхананың ең үлкен жетістігі – «Польшаның туристік жабдықталуының бағыттаушы жоспары» (1971) болды. Зертхананың аумақтық шеберханаларында туризм географиясының мамандары: Варшавада О.Рогалевский, Вроцлав қаласында Б.Микуловский, Катовицеде Р.Гайдзик, Торуньде С.Регель, Краковта М.Барановска-Янота, Д.Пташицка-Яцковска, А.Яцковски жұмыс істеген.

Алпысыншы-жетпісінші жылдары поляк туризм географиясының басты тақырыбы туристік қозғалысқа арналған географиялық ортаны бағалау зерттеулері болды [8, 11, 46, 52, 71, 76, 99, 104, 117, 118, 124].

Туристік құндылықтардың жіктелуі мен бір қалыпты терминологияны енгізуге арналған бірлі-жарым теориялық жұмыстармен*** [97, 98] қатар, туристік құндылықтардың тартымдылығын пункттер бойынша бағалау әдісімен жасалған зерттеулер өткізіледі.

Әдетте, географиялық орта элементтерінің таңдалуы мен бағалануының түрлі көрсеткіштері қолданылады, ал туристік қасиеттерінің тартымдылығын және олардың топтасуын бағаланған пункттер санына байланысты анықтайды [8, 11, 76, 104]. Осы әдіс кең қолданылады және көрсеткіштерді дәл анықтау үшін одан әрі жетілдіріледі. Тартымдылық коэффициентін [118] анықтау әдісі ілгері жасалған қадам болып табылады. Бұл 0 мен 1 арасында орналасқан

*Сонымен қатар комиссия құрамына В.С.Преображенский (КСРО), Л.Динев (Болгария), С.Шпринцова (Чехословакия), Б.Барбье, Г.Ваккерманн (Франция), Б.Бентиен, Г.Якоб (ГДР), И.Матцнеттер, К Рупперт (ГФР), К.Синнхубер (Австрия), Ф.Веттер (Батыс Берлин) кірді.

**1972 ж. Дене шынықтыру мен туризм Бас комитетінің Туристік жабдықталу зертханасы жабылды, ал оның қызметкерлері осы комитет қарамағындағы Туризм институт құрамына енгізілді.

***Халықаралық «Туризм географиясындағы терминология мәселелері» симпозиумындағы О.Рогалевскийдің баяндамасы да осыған арналған. Краков, 1974 [125].

сандар арқылы іске асырылатын синтетикалық көрсеткіш. Я.Варшиньска ұсынған моделдік әдіс [118] қоршаған ортаны бағалауда жаңа жетістік екені сөзсіз. Бұл әдістің мағынасы – түгендеу (инвентаризация) негізінде алынған қасиеттерді, олардың өзара әрекеттесуін ескере тұра, сандық белгілер ретінде қолдану. Сөйтіп, мұндай жағдайда бағалау әдісі пункттер бойынша бонитировкаға негізделінбей, ортаның жеке қасиеттерін математикалық функцияларына, сандық ақпаратты өңдеуге арқа сүйейді.

Сандық әдістерді қолданатын жұмыстармен бірге суреттеме тәсілін қолданатын зерттеулердің саны да аз емес. Осындай зерттеулерде ландшафтың жеке түрлерінің сипаттамалары келтіріледі, сондықтан осы сияқты географиялық зерттеулер ландшафт архитекторларының зерттеулеріне жақын.

Демалысқа үлкен әсер ететін биоклиматтық факторларына арналған жұмыстардың да саны жеткілікті. Осындай зерттеулердің маңызы жөнінде бұрын да әңгіме қозғалғанымен, мұндай жұмыстар тек 70-жылдардың ортасында шыға бастады [46].

Польшадағы туристік қозғалыстың дамуы қоршаған ортаны қорғау мәселелерін зерттеуді де қажет етті [62]. «Қоршаған орта-туризм» байланысына арналған жұмыстар 70-жылдары ғана пайда болды [46, 62]. Өркениеттің дамуы және осыған байланысты индустриялану мен урбанизациялау нәтижесінде туристік қасиеттердің ыдырап кетуіне байланысты социологиялық проблемалардың [39, 73] маңызы өсуде.

Ең жоғары деңгейдегі қасиеттеріне ие болған аумақтарды туризм мен демалыс үшін сақтап қалу қажеттілігіне байланысты, оларды тиімді қолдану мәселесіне ерекше көңіл аударыла басталды. Бұл жағдайда аумақтарды олардың басты пайдаланушылары: өнеркәсіп, ауыл және орман шаруашылықтары, туризм мен демалыс арасында дұрыс тарату мәселесінің маңызы зор [46]. Орта есеппен алғанда, ел жерінің 14-22 % өзінің тартылымдығы себебінен туризм мен демалыс үшін сақталып қалуы қажет деп саналады*. Осы көрсеткіш

«Польшаның туристік жабдықталуының бағыттаушы жоспарына» негізделеді [88, 97, 100].

Туристік жабдықталу мәселелеріне арналған зерттеулерді поляк географтары екі соғыс аралығында бастаған. Дегенмен, осындай жұмыстардың саны алпысыншы жылдары әлдеқайда көбейген [28, 46, 97, 100, 106]. Осыған қарағанда, туризмнің материалдық базасының жеке элементтері және олардың кеңістіктегі орналасуына арналған жұмыстардың саны аз [46, 119]. Бұның себебі сәйкесті статистикалық мәліметтердің жоқ болуына байланысты. Осыған арналған бірлі-жарым жұмыстар түнеу базасын қарастырады. Осылардың арасында мәліметтерді аудандар бойынша жүйелеп жинақтаған Туристік жабдықталу зертханасы мен Туризм институтының [112] зерттеулерін атау қажет**.

---

*Кейбір авторлардың [8] пікірінше, Польша жерінің 35 % туристік тарапынан тартымды аумақтарына жатады.

**Сонымен қатар осындай зерттеулерге «Польшаның Ұлттық Атласындағы» Б.Рогалевская жасаған «Туристік абаттандыру» картасы да жатады

Бас мақсаты туристік қасиеттеріне ие болған аумақтарды қорғау болып табылатын туристік жабдықталумен және қоршаған ортаны асып кеткен көлемдегі туристік пайдаланудан сақтаумен туристік сыйымдылық пен ауқымдылық мәселелері тығыз байланысты. Осы уақытқа дейін бұл мәселені зерттейтін жұмыстардың саны шамалы болған [52, 71, 106, 113] және кейбір авторлар [71] туристік ауқымдылықтың орнына рекреациялық сыйымдылық ұғымын қолданады.

Туристік ауқымдылығымен қатар географтардың жұмыстарында белгілі аумақтың туристік базасының сыйымдылығы мәселесіне арналған зерттеулер орын табады. Бұл мәселе «Польшаның туристік жабдықталуының бағыттаушы жоспарында» егжейлі-тегжейлі қарастырылған [88]; сонымен қатар осыған басқа да географиялық жұмыстар арналған [28, 97, 100, 124].

Алдағы тақырыптармен салыстырсақ, елдің немесе ел аймақтарының аудандастырылуы жағынан поляк туризм географиясының жетістіктері шамалы. Ел ауқымын қамтитын жұмыстардың арасында М.И.Милесканың «Польшаның туристік аймақтары» атты еңбегін атап айту қажет [76].

Польшаның туристік аудандастырылуына арналған басқа жұмыстары кез келген, кейде өте жеңілдетілген көрсеткіштерге негізделеді; өте жиі мұнда туристік аймақтар шекаралары воеводстволардың немесе басты ландшафтық бірліктер шекараларымен ұйқастырылады. А.Байцардың [7] аудандастыруы ғана демалыс пен өлкетанулық қасиеттерінің жиынтығын тиянақты ескереді. Алайда, нақты метеорологиялық алғышарттардың жоқ болуына және жұмыстың жалпы түрде ғана жасалғанына байланысты бұл аудандастыру жоспарлау тәжірибесінде кең қолданылған емес [124]. Дегенмен, оны кейде туристік басылымдарда пайдаланған [49]. Жоспарлауда алдында айтылған «Польшаның туристік жабдықталуының бағыттаушы жоспары» жиі пайдаланылады [88]. Туризм мен демалыс мақсатында жасалған Польшаның биоклиматтық зоналарға бөлінуі бойынша зерттеулерді атап айту қажет*.

Бірыңғай көрсеткіштерге негізделген туристік аудандастырылуының болмауы ғылыми зерттеулерге, дидактикалық жұмысқа, әкімшілік және шаруашылық органдарының іс-әрекетіне кері әсер тигізеді. Осы күнге дейін туризмнің кеңістіктік және шаруашылықтық жоспарлануы мақсатында ғана өткізілетін жергілікті туристік жерлердің жіктелуі мен типологиясында да осындай жағдай байқалады [75, 123].

Туристік қозғалыс әсерінен пайда болатын экономикалық құбылыстардың туристік-географиялық зерттеулерін өткізу үшін туристік қозғалыс көлемі мен жабдықталу жөніндегі нақты, дәл статистикалық мағлұматтар қажет. Поляк туризм географиясында туристік-курорттық статистика жөніндегі теориялық жұмыстардың саны жеткілікті [46]. Бұл жұмыстарда осындай мағлұматтарды жинау әдістемелігі және олардың қолдану проблематикасы көрсетілген.

---

*Я.Пашыньский, Л.Кучнарска. Демалыс пен туризм қажеттіліктері жағынан Польшаны биоклиматтық зоналарға бөлу жобасы. – Варшава, 1967.

Туристік статистика саласындағы соғыстан кейінгі жылдарындағы кемшіліктері* туристік зерттеулердің тежелуінің себебі болды.

Бұған қарағанда, шетелдік туристік проблематикасымен, әсіресе, жеке елдердегі туризм мәселелерімен байланысты зерттеулер жағдайы жақсы болған. Халықаралық туризм мәселелері бұрынғыдай қызықтырмаған [46].

Поляк туризм географиясының жетістіктері зор болса да, география ғылымдарының осы саласы теориясы мен әдістемелігіне қатысты мәселелерін біріктіретін теориялық жұмыстардың жоқ болуы көзге түседі. Тек соңғы жылдары туризм географиясының теориялық негіздерін белгілеу әрекеттері жасалуда (А.Богуцка, М.И.Милеска, О.Рогалевский, А.Яцковски, Я.Варшиньска, С.Лишевский) [46, 125].

Ең соңында, туризм географиясының аймақтық зерттеулері туралы біраз айтып кеткен жөн болар. Осы кезеңдегі зерттеулердің көпшілігі біртұтас аймақ болып алынған оңтүстік Польшаны және жеке аймақтарды қарастырған. Зерттеулер көбінесе, Карпат немесе оның бөлек аймақтарына: Татры, Подхаль, Бескиды, Бещадыға арналған. Сонымен қатар, бұрынғы Краков воеводствосы мен Краков туристік және курорттық мәселелеріне арналған бірталай жұмыстар жарық көрді.

Туризм географиясы бойынша, елдің басқа аймақтарының зерттеулері жүйелі түрде жүргізілмеген және олар осы мәселенің тек кейбір таңдап алынған қырларына қатысты болған [45, 46].

Қорытып айтсақ, қазіргі таңда поляк туризм географиясы ойдағыдай жетістіктерге жетті. Польша әлемде осындай зерттеулері бойынша алдағы қатардағы елдерге жатады. Туризм географиясы бойынша географиялық зерттеулерін шаруашылық және әкімшілік мекемелері өзінің іс-әрекетінде кең қолданады.

## ***Қайталау сұрақтары***

1. *«Туристік революция» ұғымының мағынасын қалай түсінесіз? Оның маңызы неде?*
2. *«Туризм географиясы» ұғымының екіталай болуын түсіндіріп беріңіз. Оның мағынасы және оның дұрыс шешілуі.*
3. *Франциядағы туризм географиясының дамуына сипаттама беріңіз. Осы елдегі негізгі зерттеу орталықтары мен ең белгілі ғалымдарын атап беріңіз.*

---

*Бас статистикалық басқарма (GUS) ресми және міндетті статистикалық есеп беруді тек 1967 жылы ғана енгізді.

4. *Солтүстік Америкадағы туризм географиясының дамуына сипаттама беріңіз: зерттеу мәселелері, ең белгілі ғалымдары мен олардың еңбектері.*
5. *Бұрынғы КСРО туризм географиясының дамуына сипаттама беріңіз. Негізгі мәселелерді, зерттеу кезеңдерін және белгілі ғалымдарды атап шығыңыз.*
6. *КСРО мен ТМД туризм бойынша ең маңызды еңбектерді, оның ішінде жаңадан шыққан жұмыстарды атап шығыңыз.*
7. *Еуропа мен Солтүстік Америка елдеріндегі туризм географиясы бойынша қазіргі зерттеулерге сипаттама беріңіз. Белгілі ғалымдар мен олардың зерттеу тақырыптарын атап шығыңыз.*
8. *Польшадағы туризм географиясының дамуына сипаттама беріңіз. Ең ірі орталықтары мен мекемелерін, белгілі зерттеушілерін атап шығыңыз.*

# 4-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН ТУРИЗМІНІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕЛУІ

## 4.1. Қазақстан туризмінің тарихы

Қазіргі Қазақстан аумағындағы алғашқы ұйымдастырылған саяхаттар жаһандық туристік нысанмен – б.з.д. ІІІ мыңжылдықта қалыптаса бастаған Ұлы Жібек жолымен байланысты. Біздің заманымызға дейінгі дәуірдің өзінде зерттеушілер Қытай және оған жету жолы жөніндегі мәліметтерді өз жұмыстарында келтірген. ІІ ғасырда өзінің «Географиялық нұсқауында» Клавдий Птолемей осы мәселелерге назар аударады. Дәл осы жұмыста кейін Ұлы Жібек жолы деп атанған жолдың алғашқы сипаттамасы беріледі. Бұл суреттеменің түбі б.з.д. І ғасырда жатыр. Птолемей біздің дәуірімізге дейін сақталмаған Марк Тирскийдің шығармасын, ал Марк болса, саудагер Май Тициан мәліметтерін қолданған екен [131].

Зерттеушілердің көпшілігі Ұлы жол атауын неміс ғалымы Ф.Рихтгофен өзінің «Қытай» атты кітабында (1877) берді деп есептейді [131].

Қазақстандағы туризмінің даму алғышарттары XIX ғасырда пайда болды деп айтуға болады. Оған еліміздің географиясын зерттеген көптеген ғалымдар: П.П.Семенов-Тян-Шанский, Н.М.Пржевальский, И.В.Мушкетов және т.б. өз үлесін қосқан. Алғашқы ғылыми зерттеушілердің қатарынан ұлы қазақ саяхатшысы әрі ғалымы Шоқан Уәлихановты атау қажет.

Шоқан 1835 жылдың қараша айында қазіргі Қостанай облысының Құсмұрын бекетінде атақты аға сұлтан Шыңғыс Уәлиханов отбасында дүниеге келген. Арғы атасы Абылай жоңғарларға қарсы соғыста асқан ерлік көрсеткен, ел бірлігі мен тыныштығы үшін күрескен, ақылды қолбасшы, іскер дипломат, амал-айласы мол Орта жүз ханы болған.

Шоқанның балалық шағы Сырымбет тауының баурайында, туған елі Көкшетауда өткен. Шоқан әжесі Айғанымның тәрбиесінде болған. 1847 жылы 12 жасар Шоқанды әкесі сол кездегі ең таңдаулы оқу орны болып есептелген Сібір кадет корпусына оқуға орналастырады. Шоқанның бүкіл келешегі мен ғылым, өнер жолындағы талантын ашуда бұл оқу орнының маңызы ерекше болды.

Шоқан Уәлиханов 1853 жылы кадет корпусын бітіріп, Омбыда әскери қызметке қалады. Ол Сібір қазақ-орыс әскерінің 6-атты әскер полкына офицер болып тағайындалады, іс жүзінде Батыс Сібір мен Қазақстанның Солтүстік-Батыс аймағының генерал-губернаторы Г.Х.Гасфорттың адъютанты қызметіне белгіленеді. Сондай-ақ, Батыс Сібір өлкесінің Бас басқармасы оған айырықша тапсырмаларды орындайтын офицер ретінде қарады. Қызметі барысында Шоқан Уәлиханов патша өкіметінің отаршылдық саясаты туғызған әділетсіздіктерді жете танып, қарсы батыл пікірлер білдіруге тырысты. Осы қызметтерді атқара жүріп, ол Орта Азия халықтарының тарихын, этнографиясы мен географиясын зерттеуге белсене араласты.

Омбыдан кетуді, өзінің туған халқына пайдасы тиетін істермен шұғылдануды армандағанын өзінің достары Ф.М.Достоевскийге, К.К.Гутковскийге жазған хаттарынан анық көруге болады. 1855 жылы Шоқан Уәлиханов Омбыдан Семей, Аякөз, Қапал арқылы, Іле Алатауынан өтіп, Жоңғар қақпасына дейін келеді, қайтарда Алакөл, Тарбағатай жерлерін аралайды. Орталық Қазақстан – Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау арқылы Омбыға оралады. Бұл сапарда ол қазақ халқының тарихы мен әдет-ғұрпы, діни ұғымдары жайында көптеген материалдар жинайды. Сонымен бірге өзі болған аймақтардың тарихы, ескі қалалардың орны, шың-тастардағы жазу, белгілерін, көне ескерткіштер, аңыз-әңгімелер, ертегілер мен өлеңдерді жазып алады. Осы материалдардың негізінде «Тәңірі», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» сияқты еңбектер жазады.

1856 жылы Шоқан полковник М.М.Хоментовский басқарған әскери-ғылыми экспедицияға қатысады. Қырғыз елін жете зерттеуге, Ыстықкөл аймағының картасын түсіруге тиіс болған бұл экспедияцияға қатысу Шоқанның зерттеу жұмысын ойдағыдай жүргізуіне мүмкіндіктер туғызады. Ыстықкөлге, Қытай империясының Құлжа қаласына саяхаты және 1856-1857 жылдары Жетісу, Тянь-Шань сапарларында П.П.Семенов-Тянь-Шанскиймен бірге болуы, Кырғыз Алатауына екінші рет сапарының нәтижелері оның «Жоңғария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Ыстық көл сапарының күнделіктері», «Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы» атты еңбектерін жазуға септігін тигізеді.

Ш.Уәлихановтың тарих, география, әдебиет саласындағы зерттеу еңбектері Петербург ғалымдарының назарына ілігіп, құнды ықылас-ілтипаттарына ие болады. П.П.Семенов-Тянь-Шанский өзінің Жетісу бойындағы зерттеулерін жүргізген кезде Шоқан пікіріне үнемі ден қойып, ақылдасып отырған. Ыстықкөл сапарында біраз жерлерді бірге аралаған. Семенов-Тянь-Шанскийдің ұсынуымен 1857 жылы 27 ақпанда Шоқан Орыс

География қоғамының толық мүшелігіне сайланады. Бұл орыс қоғамы зиялыларының, орыс ғылымының жас ғалым еңбектерін зор бағалағандығы, ғылым мен мәдениетке қосқан үлесін мойындағандығының дәлелі еді.

1858-1859 жылдары Шоқанның «Жарық жұлдыз», «Қашқария сапары» оны ғылыми-зерттеушілік, ағартушылық саласында жаңа биікке көтерді. Ол кезде Қашқария Ресей тарапынан зерттелмеген өлке болатын. Еуропа ғылымы үшін белгісіз, құпиясы мол ел болатын. Себебі, XII ғасырдың соңғы ширегінде Марко Поло, 1603 жылы саяхатшы Голе Қашғария жерінде болғаннан кейін, бұл өлкеге ешкім аяқ баспаған Шоқаннан бір жыл бұрын Қашғарияға Үндістан арқылы барған немістің белгілі географы Адольф Шлагинтвейтті жергілікті билеушілер басын кестіріп өлтірткен. Адольфтің бұл қайғылы тағдыры жөнінде алғаш мәліметті жеткізген Шоқан болды.

1870 жылдары Петербургте Шоқанның «Жонғария очерктері», «Алты шаһардың немесе Қытайдың Хан-Лу провинциясының шығыстағы алты қаласынын жағдайы туралы», «Адольф Шлагинтвейттің өлімін әкелген жағдайлар туралы мәліметтер» туралы еңбектері жарияланды.

1860 жылғы 8 сәуірдегі Үкімет қаулысы бойынша поручик сұлтан Шоқан Уәлихановқа штабс-ротмистр әскери атағы, 4-дәрежелі ізгі Владимир ордені, 500 сом күміс ақша берілген. Шоқанның ұсынысы бойынша, осы экспедицияның жұмысына қатысы бар 22 адам қоса марапатталған, оның ішінде керуен басы Мұсабай, Семей көпесі Бұқаш, К.К. Гутковский т.б. болды. Ш.Уәлиханов Петербургте болған жылдары (1859-1861) оның ғылыми-шығармашылық қызметінің аса елеулі кезеңі болды. Мәселен, Бас штабының әскери-ғылыми комитетінің тапсыруы бойынша, ол Орта Азия мен Қазақстанның карталарын жасайды. «Балқаш көлі мен Алатау жотасы аралығының картасы», «Құлжа қаласының жобасы», «Ыстыққөл экспедициясының қорытындысына қосымша карта», «Қытай империясы батыс өлкесінің картасы» т.б. дайындалады.

Шоқан Уәлиханов 1865 жылы сәуір айында қайтыс болды. Алтынемел тауының баурайындағы Көшентоған деген жерге қойылады. Қазіргі Алматы облысы Шоқан атындағы шаруашылықта «Алтынемел» мемориалдық комплексі бар.

Белгілі қазақстандық туризм зерттеушісі В.Н.Вуколов айтқандай, Қазақстандағы туризм дамуы өлкетану негізінде дамыған.

Қазақстандағы өлкетанулық зерттеулер XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында басталған. Ол кезде өлкені зерттеу мақсатында ресейлік мемлекеттік және қоғамдық ғылыми ұйымдарының алғашқы экспедициялары ұйымдастырылды.

XIX ғасырда жергілікті және сырттан келген әуесқойлар жеке түрде немесе топ құрамында экскурсиялар, жорықтар мен серуендерді жасай бастаған. Ал Қазақстанды алсақ, ондай жерлер көбінесе, таулы аймақтарда кездеседі. Таулар еліміздің 10 % ғана алып жатса да, саяхатшыларды ең алдымен өз сұлулығымен тартады. Осылардың ішінде Қазақстанның оңтүстік-шығысында орналасқан Жетісу жері ерекше тартымды. Бір күннің ішінде шөл

даладан бастап, мәңгі қар басқан барлық табиғи зоналарды кесіп өтіп, жетуге болады.

XX ғасырдың басында Верный қаласында Орыс тау қоғамының бөлімшесі ашылып, 1927 жылға дейін өз жұмысын атқарды. Жетісудың алғашқы туристі деп казак жасауылы А.В.Хорошхинді есептеуге болады: Іле Алатауы бөктерін аралап шығып, 1875 жылы Алатаудың ең биік шыңы Талғарға шығу әрекетін жасаған, бірақ 4 мың биіктігіне ғана жете алған. Тауға барғандардың ішінде оқушы жастар мен зиялы қауым өкілдері көп болған. Осындай жорықтарға Верныйда тұрған Лев Толстойдың немересі Михаил Сухотин қатысыпты. Тау-кен инженері К.И.Богданович оқушылармен бірге экскурсияларды ұйымдастырып тау жыныстарының үлгілерін жинаумен айналысқан. Кейде онымен бірге Мушкетовтың баласы да барып жүріпті. Атақты сәулетші П.Зенков Алмаарасаннан Жосалыкезең асуынан асып Үлкен Алматы көліне жетіпті [79].

1918 жылы Әліби Жанкелдин Каспий теңізінен, Каспий маңындағы шөлдерден өтіп, Ақтөбе майданына кеңестік Түркістан қорғаушыларына қару-жарақ жеткізгені баршаға мәлім. Бірақ 1910-1912 жылдары Әліби жаяу «Жерді айналып шығу» саяхатын жасағанын көпшілік жұрт біле бермейді. Осы саяхаттың мақсаты өз еркімен білім алу, басқа елдерді, онда тұрған халықтарының өмірі мен салттарын білу тұғын.

1910 жылы 9 маусым күні (ескі стиль бойынша) үш серіктерімен бірге (Пламеневский, Полевой, Коровин) Мәскеуден жолға шығыпты. Жер айналатын саяхатшының кітапшасы Николай Степанов (оның революционерлік құпия аты) атына берілген. Онда: «Н.Степанов немесе Али-Бей Джангильдин, қаржысыз Жерді айналып шығу саяхатына қатысушысы», – деп жазылған (басқа мәліметтер бойынша, Степнов). Осы кітапша мен фотоаппарат арқасында Әліби жол шығындарына ақша табуға мүмкіндік алған.

Осы жылдың тамыз айында Петербург, Псков, Варшава мен бүкіл Польшадан өтіп, Жанкелдин Австро-Венгрияның шекарасына жетті. Варшавада серіктері одан бөлініп кетті, бірақ жаңа жолдас табылды да, Степанов-Жанкелдин Львов үстімен Венаға бағытталады. Венаға жетпей, оның соңғы серігі кетіп қалады да, бұдан әрі Әліби саяхатын жалғыз өзі жалғастырады.

Оның осыдан әрі жүрген жолы мынадай: Вена – София, Белград, Мұстафа-Паша, Андрианополь, Киркенес, Константинополь, одан кейін Кіші Азиядан өтіп, Палестина, Египет, Судан, Абиссиния – барлығы, теңіз бен теміржолды есептемегенде, он екі мың шақырым. Қайтарда – Арабия түбегі, Мадагаскар, Месопотамия, Персия, Үндістан, Цейлон, Малай архипелагы, Зонд аралдары, Үндіқытай (Сиам корольдігі мен Аннам), Қытайдың оңтүстігі, Формоза (Тайвань) аралы, Жапония, Сібір, Еуропалық Ресей болды [79].

Салт атты туризм Қазақстанда бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін пайда болды. Верныйда шығатын «Семиреченские областные ведомости» газетінде 1913 жылы мамыр айындағы санында: «24 сәуір күні Батыс-Сібір казак бригадасы офицерлерінің Жаркенттен Құлжаға дейін салт атты жорығы өтті»; «...жолға таңғы сағат төртте шықты. 14 сағат ішінде 130 шақырымдай жол

жүріпті. Күні бұрын Қорғас пен Сайдунде [дереknamada солай деп жазылған] бақылау пункттері қойылған, онда қатысушылар үшін шай мен жеңіл тамақ дайын тұрды. Жорыққа 18 адам қатысты», – деп жазылған [79].

Алғашқы нұсқаушыларының бірі Г.И.Белоглазов болды. Ол 1925 жылы жазда әскерге келешекте шақырылатын жастармен бірге Алматы-Ыстықкөл жаяу жорығын өткізді. Олар Көлалматы (Озерный) мен Ақсу асуларынан асып, Чоң Ақсу өзені бойымен Сазоновкаға (қазіргі Ананьево) жетті.

Желтоқсан айында Алматы әскери комиссариатының әскерге болашақта шақырылатындардың оқу пунктінің жанында Белоглазовтың қатысуымен «Допризывник» спорт клубы ашылды. Клуб жанынан Г.И.Белоглазов Қазақстандағы алғашқы альпинизм секциясын ашты.

Г.И.Белоглазов Алматының № 10 мектебінде дене шынықтыру мұғалімі болып істеген. Өз оқушыларымен бірге қала маңындағы шатқалдарға жиі сапарлар жасаған. 1926 жылы ол оқушыларымен бірге тағы да Ыстықкөлге дейін жорық жасады. Бірте-бірте секция жалпы қалалық секцияға айналды [79].

1929 жылы тау туризм әуесқойлары Г.И.Белоглазов, Ф.Л.Савин, В.М.Зимин Іле Алатау өңірінде бірнеше туристік жорық ұйымдастырды, оның ішінде осы жылдың жаз айларында Есік көліне алғашқы туристік жорық жасады. Оған Алматы мектептерінің 17 мұғалімі қатысты [82].

1930 жылы Ф.Л.Савинның басқаруымен Алматы қалалық пошта мен телеграф қызметкерлері (16 адам) Алматы – Медеу – Көкжайлау – Үлкен Алматы көлі жеңіл маршрутын жасады. 1931 жылдың қаңтар айында В.М.Зимин Алматы – Ұзынағаш – Қордай асуы маршруты бойынша алғашқы қысқы шаңғы жорығын ұйымдастырды. Жанында ұлттық кавалерия полкының салт атты жауынгерлері бар сегіз шаңғышы «еңбек пен қорғаныс эстафетасы» шеңберінде Алматыдан шығып, Қордай асуында осы эстафетаны Қырғызстан командасына беріп, олар оны одан ары жалғастырды [82].

Дәл осы жылы республика астанасында Жетісу губерниялық мұражай жанында пролетарлық туризм мен экскурсиялардың Бүкілодақтық ерікті қоғамының (ПТЭҚ) алғашқы бастауыш ұйымы құрылды. Оның құрамына 10 адам кірді. Г.И.Белоглазов, В.Д.Городецкий, Н.Н.Дублицкий және т.б.-дың ықпалымен ПТЭҚ-ның Қазақстандық өлкелік кеңесі ұйымдастырылды.

Оның мүшелері Ф.Л.Савин, А.П.Берггрин, Н.Н.Дублицкий, А.Н.Ионов, В.Д.Городецкий болды. ПТЭҚ құрамына Ресей географиялық қоғамының бөлімшесі де кірді. Қоғам мүшелері бір күндік жаяу және салт атты жорықтарды ұйымдастырған. Өз меншіктеріндегі 7 атты жалға берген, тау көріністері бейнеленген ашық хаттарды сатқан [79].

Туризм белсенділері Алматы маңындағы Күйгенсай (Горельник) шатқалында туристерге арналған лашық салған. Ол 1936 жылы 50 түнеу орынды «Горельник» туристік базасына айналды [82].

1936 жылдың 8 қыркүйек күні ПТЭҚ жұмысы тоқтатылды, оның орнына кәсіподақтар жанында Қазақстандық туристік-экскурсиялық басқарма (ТЭБ, орысшасы – ТЭУ) ұйымдастырылды.

1938 жылы алғашқы бұхаралық туристік шара жолға қойылды: 200 қатысушы Көкжайлауда жиналды.

Ұлы Отан соғысы басталғанда Қазақстандық ТЭБ оның қызметкерлері мен белсенділері майданға аттанғандығынан қызметін тоқтатты. «Горельник» туристік базасында 1943 жылдың басында Кеңес Армиясының тау атқыштары нұсқаушыларын дайындау бойынша Бүкілодақтық мектеп орналасты. 2 жыл ішінде мектеп Ұлы Отан соғысының көптеген майдандарында соғысқан 1500 нұсқаушы мен 12 мың тау атқыштарын дайындады. Соғыстан кейін мұнда республика үшін альпинистер мен тау шаңғышылар мамандарын даярлау жұмысы басталды. 1955 жылы Есік көлінің жанында «Есік» турбазасы ашылды. Ұзақ уақыт өткеннен кейін сел қауіпіне байланысты бұл турбазалар жабылды [128].

1945 жылы күзде Алматыда Дене шынықтыру институты ашылды. 1946 жылы 1 қаңтарда оның жанында В.Зимин басқарған туризм-альпинизм кафедрасы құрылды, бірақ бұл кафедра бір жыл ғана жұмыс істеді.

1955 жылы Алматыда «Интурист» Бүкілодақтық акционерлік қоғамының Қазақ бөлімшесі ашылған. 1956 жылдың 12 мамыр күні Алматыға турист ретінде 25 шетелдіктер келді, келесі жылы олардың саны 157 жетті, ал 1971 жылы Қазақстан 8 мың шетел туристерін қабылдады. 1995 жылы шетелдік туристердің саны 28 мыңға жетсе, 2001 жылы – 2507 адам ғана елімізге келген [129]. 1991 жылы аталған қоғам «Интурист Казахстана» ұлттық компаниясы болып өзгертілді.

1959 жылы Алматыда қалалық туристік база ашылды. 1961 жылы Қазақ КСР Ағарту министрлігі Жасөспірім туристердің республикалық станциясын ашты. Оның директорлығына И.И.Самойленко тағайындалды. Станция ашылғаннан бастап көптеген жылдар бойы мұнда Қазақстанның ең атақты туристерінің бірі Т.К.Жездібаев, алдында әдістемеші болып, ал 1973 жылдан 1997 жылы жабылғанына дейін директордың орынбасары ретінде қызмет атқарған. Қайтыс болған И.И.Самойленконың орнына тағайындалған С.С.Абдамбаев бар күшін осы жұмысқа жұмсап, өз борышын орындаған. Ол 1994 жылға дейін директор болып істеген, ол қайтыс болғаннан кейін О.Б.Мазбаев директор болды [79].

1961 жылдан бастап Қарағанды облысындағы «Қарқаралы» турбазасы туристерді қабылдауда. 1962 жылы Павлодар облысында Жасыбай көлінің жағасында «Баянауыл», ал Оңтүстік Қазақстанда Бадам өзені бойында «Южная» турбазалары ашылды. 1962 жылы Бұқтырма «теңізінің» шығанағында Зырянов қорғасын комбинаты екі балықшылар үйін салды. 1963 жылы олар «Алтайская бухта» турбазасына айналды. 1963 жылы Ыстыққөл жағалауындағы Бозтери кентінің жанындағы туристердің шатыр лагері кейін «Қазақстан» турбазасына айналды. Республикамыздың басқа да көрікті жерлерінде: Орал қаласының маңында Жайықтың жағасында «Уральская», Қостанай маңындағы «Лесная», Көкшетаудағы «Золотой бор» және т.б. турбазалар салынды.

Қандай турбазаны алсақ та, өзінің қайталанбас қасиеттері бар: «Золотой бор» қарағай ормандары ішінде, «Южная» – альпілік жайылымдар мен бау-

бақшалар арасында, «Уральская» үлкен дария жағасында орналасқан, «Қарқаралы» турбазасы өзінің тау оазисіндегі велосипед маршруттарымен әйгілі, «Алтайская бухта» турбазасынан Алтай тайгасына, Марқакөл мен Рахман бұлақтарына апаратын маршруттар басталады.

1962 жылы 20 маусымда БОКОК-тің «Туризмнің одан әрі дамуы туралы» қаулысы шықты. Онда туристік жорықтар мен саяхаттарға 10 миллион адам қатысады деп айтылған. Туризмді одан әрі дамыту және басқару мақсатында, КСРО спорттық қоғамдар мен ұйымдар одағының орталық кеңесі туризм федерациялары мен секцияларын жою шешімін қабылдағанын ескере тұра, БОКОК Президиумы Орталық, республикалық және облыстық туристік-экскурсиялық басқармаларын Орталық, республикалық, өлкелік және облыстық туризм бойынша кеңестеріне ауыстыру шешімін қабылдады. Осыған орай, облыстық ТЭБ туризм мен экскурсиялар бойынша кеңестерге айналды. Облыстық кеңес қарамағында Алматы қалалық туристер клубы жұмыс істей бастады. Оның бірінші төрағасы Н.Лапшин болды. Клубты: 1963-1964 жылдары – Ю.Накатков, 1964-1967 жылдары – Г.Гурьенков, 1968-1969 жылдары – А.Иванов, 1969-1971 жылдары – А.Чукреев, 1971-1977 жылдары – Т.Попова, 1977-1978 жылдары – В.Гутмахер, 1978-1979 жылдары – А.Көпжанов, 1987-1988 жылдары – О.Симанович, 1988-1990 жылдары – С.Бабрашинова, 1990-1995 жылдары – А.Ким [79] басқарды.

1965 жылы Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Орал (қазіргі Батыс Қазақстан) және Шымкент (қазіргі Оңтүстік Қазақстан) облыстық туризм бойынша кеңестері және осы облыстардағы экскурсиялық бюролар ұйымдастырылды. Турис клубтары да ашыла бастаған.

1962 жылдың мамыр айында Кіші Алматы шатқалындағы «Просвещенец» демалыс үйінің маңайында бірнеше жүз оқушылар қатысқан Алматы мектептерінің жасөспірім туристері мен өлкетанушылардың үлкен жиыны өткізілді.

Туризмнің дамуына «Елдегі туризм мен экскурсиялардың одан әрі дамуына арналған шаралары туралы» қаулысы (1969) зор ықпал жасады. Қазақстанда туризм мен экскурсиялар бойынша жаңа облыстық кеңестер, экскурсиялық бюролар, саяхаттар мен экскурсия бюролары ашыла бастады. Республикамызда туризмнің материалдық базасын: мейрамханалары, кинотеатрлары, басқа да мәдени және тұрмыстық қызметтері бар жаңа туристік базалар мен қонақүйлердің құрылысын жеделдетуге ерекше көңіл аударылды. Туристік құрал-жабдықтарды жалдау пункттері, моторлық-қайықтық станциялар, мамандандырылған автобазалар ашылды.

Республиканың облыстық орталықтарында еліміздің елді мекендерінен, достас республикалардан, шетелден келген туристерді қабылдауға дайын туристік кешендер жұмыс істеді. Демалыс күндік маршруттарға еңбекшілер мен олардың жанұялары белсенді қатысты, қажет болса, оларға «Денсаулық пойыздары» қызмет етті.

1971-1972 оқу жылында Қазақ мемлекеттік дене шынықтыру институтының жанында тау туризмінің нұсқаушыларын даярлау бойынша

факультативтік курс ашылды. Курсты белгілі альпинист, КСРО спорт шебері А.Вододохов басқарған.

1973 жылдың маусым айында республика үкіметі мен Қазақстан кәсіподақтары кеңесінің біріккен отырысында туристер мен экскурсанттарға қызмет көрсету сапасын жақсарту шаралары талқыланды. Онда 1970-1972 жылдар аралығында қызмет көрсету көлемінің үш есе артқаны белгіленді. Алматы, Қарағанды, Орал (қазіргі Батыс Қазақстан), Шымкент (қазіргі Оңтүстік Қазақстан), тағы кейбір басқа облыстарда жаңа базалар мен қонақүйлер, сонымен қатар Қырғызстанның Ыстықкөл жағалауында «Қазақстан» турбазасы салынды. 1973-1975 жылдары барлық облыстарда туризм мен экскурсиялар бойынша кеңестерін құру, ірі қалаларда экскурсиялық ұйымдарды қалыптастыру, Алматыда «Алатау» мен «Медеу» қонақүйлерін салу және іске енгізу, Ақтөбе, Өскемен, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай мен Орал қалаларында қонақүйлерді, «Алматау» турбазасында клуб-асхана салу жоспарланды.

1973 жылы апатты сел «Горельник» турбазасын жойып кеткенін айтпасқа болмайды.

1979 жылға дейін Қазақстанда жұртты қызықтыратын үңгірлер жоқ деген пікір болған-ды. 1979 және 1980 жылдары Оңтүстік Қазақстан мен Қаратауда екі экспедиция өткізілді. Екі жыл ішінде спелеотуристер 50 шаршы км аумағында 50 астам үңгір тауып, топографиялық түсіру жұмыстарын жүргізді, Боралдай үстіртіндегі үңгірлерді зерттеді.

Тура төмен қарай 160 м тік кететін ең үлкен үңгір «Ленинская» деп аталды. Боралдай маржаны («Жемчужина Боролдая») үңгірінің тереңдігі 78 м, ал «Весенняя» үңгірі 110 м тереңдікке жетеді. Боралдай үстіртіндегі осы жер асты сарайлары туралы хабарды естіген Орта Азия мен Сібір спелеологтары осында ұмтылды. Өткізілген экспедициялар мен осыған арналған семинарлардың нәтижесінде Ақтөбе мен Өскеменде спелеотуризм секциялары ашылды. Ақтөбенің спелеологтары өз қаласынан 40 шақырымда орналасқан 20 үңгір тауып алды, оның ең үлкені 200 метрге жетеді, түбінде жыл бойы жер асты өзені ағады. Өскемен спелеологтары К.Серафимов басқарған «Кальцит» клубын ашты. Клуб мүшелері Үлкен Бөкен маңынан үңгірлер тапты, Бұқтырма бөгенінің сол жағалауындағы карст жыныстарынан тұратын алаптарды зерттеді. 1982 жылы «Кальцит» мүшелері Семей (қазіргі Шығыс Қазақстан) облысындағы Шыңғыстауда үңгірлер іздеді. Алматы спелеотуристері Қырғыз Алатауында экспедиция өткізді.

1979 жылы Оңтүстік Қазақстандағы Ұғам жотасында А.Л.Резенгауз басқарған Ташкент спелеологтары «Журчащая» үңгірін ашты. Осы жылдың қараша айында Свердловск спелеологтары (жетекшісі С.И.Голубев) тереңдігі 270 м «Улучарская» үңгірін тауып алды [79].

Алатау бөктерінде орналасқан Алматы мен астаналық облыстағы туризм қарқынды дамыды. 1959 жылы қала ішінде орналасқан «Алматы» («Алма-Атинская») турбазасы ашылды. 1972 жылы Алматының маңайында Талғар ауданындағы Горный садовод ауылынан жоғары орналасқан «Алматау» турбазасы іске қосылды. 1970 жылдан бастап туристік ұйымдарға қызмет

көрсететін Алматы автобазасы қызмет көрсетті. 1975 жылы «Медеу» мұз айдыны және «Медеу» мен «Алатау» туристік қонақүйлері ашылды. Дегенмен, мұның барлығы жеткілікті емес екендігі айқын аңғарылған.

Алматы қалалық туристер клубының мәліметі бойынша, 1979 жылы қалада 100 жуық туристік секция, 7 туристер клубы істеген. Туризммен 213 мың адам айналысқан (Алматы халқының саны ол кезде 900 мың болған). Алматының 2100 тұрғыны «КСРО турисі» белгісінің нормаларын орындады, туризм бойынша 134 дәрежелі спортшы, үш спорт шебері, 100 астам төреші даярланған. 1978 жылдың өзінде өзіндік жорықтар мен саяхаттарға 500 топ (7 мың адамнан кем емес) қатысқан. Қалалық клуб үлкен жұмыс атқарған. Жүйелі түрде тау-туристік техникасы бойынша жарыстар, жыл сайын туристердің қалалық слеттері, турис кештері және Горький атындағы Орталық паркте «Туристер күні» мерекелері өткізілген [79].

1983 жылдың қаңтар айының соңында Алматыда облыс туризм басқарушыларының жиналысы өтті. Онда Қазтуркеңесінің төрағасы Р.Шарипов: өткен жылда туристік жолдамалар бойынша миллионнан астам қазақстандықтар демалды, тағы да 4 миллион 300 мыңы 860 тақырыптарда өткізілген экскурсияларға қатысты. Отыз туристік ұйым Орталық Кеңестің Құрмет қағаздарымен марапатталды, ал Көкшетау (қазіргі Ақмола) облыстық кеңес пен Ыстыққөлдегі «Қазақстан» пансионаты ауыспалы Қызыл ту жеңіп алды. Жалпы сыйымдылығы 7400 орындық 10 турбаза мен 9 туристік-қонақүйлік кешен жұмыс істейді, олар арқылы 4 бүкілодақтық және 76 жергілікті маршрут өтуде. Соңғы кезде Семейде жаңа туристік қонақүй ашылды. Көкшетау, Павлодар мен Целиноградта қонақүйлер салынуда. Өзіндік туризммен 21 туристік клуб айналысады, – деген мәлімет келтірген [79].

Алматы спорттық туризмнің альпинизм сияқты сүйікті орталығы болып есептеледі. 1936 жылдың өзінде «Горельник» лагерінің жанында республикалық альпинистер клубы құрылды. Альпинизмнің белсенді ұйымдастырушылары мен насихатшылары Г.Белоглазов, В.Зимин, Е.Колокольников, П.Попков, М.Погребецкий, О.Үсенов және т.б. болған.

1935 жылдан бастап альпинистер көпшілік шыңға шығу, ал 1954 жылдан бастап клуб біріншілігін өткізген. 1960 жылдан бастап клуб альпинизм бойынша Қазақстан чемпионаттарында қатысқан. Жартастарға өрмелеу спорты 1948 жылдан бастап дамыған, ал 1952 жылдан бастап Орта Азия республикалары мен Красноярск өлкесінің командаларымен дәстүрлі жолдастық жарыстар өткізілген.

Сонымен қатар клуб ғылыми-тәжірибелік маңызы бар экспедицияларын да ұйымдастырған. 20-30-жылдарда Алматы альпинистері Тянь-Шаньның онша белгілі емес шыңдарына шығып, ауданның географиялық карталарын түзеткен, 1935 жылы В.Зимин Талғар шыңына, 1936 жылы Е.Колокольников Хан Тәңіріне шықты. Уақыт өте бере клуб түлектері КСРО-ның ең биік жеті мыңдық: Ленин, Коммунизм, Жеңіс, Е.Корженевская шыңдарын бағындырды. Республикамызда өзіміздің «қар барыстары» (КСРО барлық жеті мыңдықтарына шыққан) көрінді. 1982 жылы одақтық алғашқы Гималай құрама командасына бес алматылық:

Қ.Уәлиев, В.Хрищатый, Ю.Голодов, Е.Ильинский, С.Чепчев кірді. КСРО-дағы альпинизмінің дамуына еңбек сіңіргендері үшін Алматы клубының көптеген түлектері орден және медальдармен марапатталды. Қазақстан альпинистерінің: Уәлиевтің, Хрищатыйдың, Ильинскийдің, Сувиганың, Жұмаевтың, Букреевтің, Моисеевтың т.б. есімдері бүкіл әлемге жайылған. Қазақстан құрама командасы әлемде алғашқы болып 8 мың метрден асқан барлық 14 шыңды:

1. Дхаулагири (8167 м) – 1991жылы;
2. К2 (Чогори, 8611 м) – 1993 жылы;
3. Лхоцзе (8506 м) – 1995 жылы;
4. Манаслу (8163 м) – 1995 жылы;
5. Чо-Ойю (8201 м) – 1996 жылы;
6. Эверест (8848 м) – 1997 жылы;
7. Хидден 8068 м) – 2001 жылы;
8. Гашербрум II (8035 м) – 2001 жылы;
9. Канченджанга (8586 м) – 2002 жылы;
10. Шишапангма (8046 м) – 2002 жылы;
11. Нангапарбат (8125 м) – 2003 жылы;
12. Броуд Пик (8048 м) – 2003 жылы;
13. Макалу (8475 м) – 2004 жылы;
14. Аннапурна (8091 м) – 2004 жылы бағындырды.

Қазақстандық Денис Урубко ТМД елдерінде барлық 14 «сегізмыңдықтарға» шыққан жалғыз альпинист. Дүние жүзінде осындай он екі ғана спортшы бар. Мақсұт Жұмаевтің көрсеткіші осыған жақындады – 13 шың.

1988 жылы КСРО туризмінің басқару құрылымы өзгеріске ұшырады. Туризм мен экскурсиялар кеңестерінің орнына аумақтық негізінде туристік-экскурсиялық өндірістік бірлестіктері (ТЭӨБ) құрылды. Басқа республикалардағыдай, Қазақстанда да бұрын туризм мен экскурсиялар кеңестерінің қарамағында болған туристік кәсіпорындар мен ұйымдар (турбазалар, қонақүйлер, кемпингтер, тамақтандыру кәсіпорындары, автобазалар және т.б.) ТЭӨБ-ға берілді.

ТЭӨБ іс-әрекеті «Мемлекеттік кәсіпорындар (бірлестіктер) туралы» Заңның және толық шаруашылық есеп пен өзін-өзі қаржыландыру негізінде жүргізілді. ТЭӨБ алдында тиісті аумақтардағы туристік-экскурсиялық іс пен өзіндік туризмді дамыту, туристік-экскурсиялық қызметтің жаңа формаларын іздестіру мен оның сапасын жоғарылату, экскурсиялар мен жорықтардың танымдық қасиетін жетілдіру міндеттері қойылды. ТЭӨБ мүшелері – туристік кәсіпорындары мен ұйымдары – өз шаруашылық тәуелсіздігін сақтап отырды. Басқару органы ретінде бірлестіктің барлық тәуелсіз мүшелерінің Директорлар кеңесі құрылды.

Қайта құру басталысымен туристер клубтарының қаржыландырылуы күрт қысқартылды, одан кейін олар шаруашылық есепке көшірілді. Халықтың денсаулығын нығайтуға бағытталған олардың іс-әрекетінің жағдайы нашарлады. Саны жүзге жақындап қалған клубтар жабыла бастады [79].

1990-жылдары Қазақстанда коммерциялық туризм дами бастады. Алматы, кейін басқа қалаларда, көбінесе, туристерді шетелге жіберетін туристік фирмалар пайда болды. Туристік фирмаларды бұрын туризммен айналыспаған кең қалталы азаматтар басқарғандығынан, олар туристерді лайықты сапаны сақтап қабылдай алмады.

Туризмнің қиын жағдайының себебінің бірі республикамызда кәсіби дайындығы бар мамандардың жетіспеуі еді. Оларды даярлайтын Қазақстанда бір де бір мамандандырылған оқу орны болмады. Туристік базалардың, туристер клубтарының жабылуына және туризмнің белсенді түрлерінің жойылуына байланысты, тіпті, қоғамдық туристік мамандарды даярлау үрдісінің өзі тоқтатылды.

Туризмнің материалдық-техникалық базасы лайықты дамымаған, туристерге қызмет көрсететін көлік нашар күйде, туризмнің құқықтық құжаттары халықаралық нормаларға сәйкес келмеді. Оның өзінде осының барлығы туризм дамуын тежейтін себептердің толық тізімі емес. Туризмнің басқарушы билігінің өзіндік туризмге көңіл бөлмеуі жөнінде мынадай мәліметтерді алға тартсақ та жеткілікті: 1989 жылы 5282 адам қатысқан 569 категориялық жорықтар өткізілсе, 1991 жылы 1744 турист қатысқан тек 221 жорық жасалған [79].

1990-1991 жылдары КСРО Геодезия мен картография бойынша бас басқармасының (ГУГК СССР) Қазақ аэрогеодезиялық кәсіпорыны Солтүстік Тянь-Шань мен Жоңғария бойынша бірнеше маршруттық туристік карталарды басып шығарды. Бұған тәжірибелі туристер А.М.Артемьев пен В.Н.Вуколов көмек берді.

Осы кезеңде Қазақстандағы барлық туристік республикалық, шығыс-қазақстандық және шымкенттік бақылау-құтқару қызметтері жойылды. Апат жағдайына ұшыраған туристер енді жәрдемсіз қалды.

ТЭӨБ екі жылдық жұмыс тәжірибесі мемлекеттен тыс құрылымдармен басқарылатын туризм Қазақстанда лайықты жетістіктерге жете алмағандығы айдай ашық болды. Барлық туристік ұйымдардың негізгі қорларының құны 1991 жылы 1 қаңтарға 52,7 млн сом ғана, ал негізгі және айналмалы қорлардың жалпы баланстық құны 73,2 млн сом болды. Бұл республикалық бюджеттің тек 0,59 %-ы ғана. Туристік қызметтердің жылдық көлемі 117 млн. сомнан, ал табыс 12 млн. сомнан аспады, бұл өндірілген ұлттық табыстың 0,43 %-ы ғана еді. 1993 жылы республикамызда шетел туризмінен түсетін пайда 0,06 % болды, ал кейбір елдерде бұл көрсеткіш 20 %-ға жақын [79].

90-жылдарында болған экономикалық дағдарыс және нарық қатынастарына көшу үрдісі туризмнің дамуына да терең әсер етеді. Қоғамның топтарға жіктелуі мен табыстардың төмендеуі туристік қозғалысты тежеді. Өндірістік кәсіпорындар өздерінің демалыс базасына жұмсайтын қаржы көлемінің өсуіне және бұрын демалыс пен туризмге жұмсалатын ақшаны күн көріске ғана жіберетіндіктен әлеуметтік туризм де ыдырауға ұшырады.

Қазақстандағы халықаралық туризм 90-жылдардан бастап «саудалық туризмге», яғни шопинг-туризмге айналып кетті. Туристік сапарға халықтың аз

ғана бөлігі аттана алды, сондықтан туристердің арасында Қазақстан мен Польша, Түркия, Қытай, Үндістан, Араб Әміршіліктері арасында жылпылдап жүрген саудагерлер басым болды.

Осы кезеңде туризммен айналысатын ұйымдар қаражатының жетіспеуі айқындалды. Мұндай жағдайда, бір жағынан, ішкі туризм жоққа шықты, екіншіден, көптеген жеке меншікті және акционерлік туристік фирмалар пайда болды. Осындай фирмалардың өзінің туристік базалары жоқ та еді, сондықтан туристік қызметте олар көбінесе, делдалдық іс-әрекетпен айналысты.

Сонымен қатар КСРО-ның дәстүрлі, ескіріп кеткен ұйымдастыру формалары жойылып, жаңа, нарыққа лайықты құрылымдар күш алды. Өндірістік кәсіпорындарының меншікке өтуі немесе жұмыс көлемінің төмендеуіне байланысты, олардың меншігінде болған әлеуметтік нысандардың жеке меншікке ауысу үрдісі басталды. Осының нәтижесінде бұрын халық демалысының негізгі формасы болған әлеуметтік туризмнің даму жағдайы нашарлады. Осы күнге дейін болған демалыс базалары жеке меншікті болып кетті де оларға деген қол жетерлік нарық заңдарына бағына бастады.

Қоғамның әртүрлі топтарға жіктелуінің нәтижесінде жұрттың демалыс пен туризмдегі мүмкіншіліктері де топтарға бөлінді. Республикамыздың кең қалталы азаматтары отельдер мен пансионаттардағы қызмет стандарттарына сәйкес қызмет сапасын іздеді. Табысы орташа немесе кедей қазақстандықтар демалысының арзан, кейде тым қарапайым формаларын таңдап алды: мұндай демалыс шатыр қалашықтарында, кемпингтер мен меншікті пәтерлерде өткізілді. Балалар мен жасөспірімдердің бұқаралық демалыстарының қымбат емес формаларының құрып кетуіне байланысты каникул кезіндегі және демалыс күндеріндегі жорықтар мен демалыстың арзан формалары кең қолданылды. Республика халқының қаражаты шектелген бөлігінің өз мекенжайынан тыс жерде демалу мүмкіншіліктері одан сайын азайды.

Қаражаттық проблемалар Қазақстан Үкіметін туризмнен түсетін пайданы дене шынықтыру мен спортты дамыту мақсатында жұмсау үшін туризм мен дене шынықтыру және спортты біріктіруді қолға алды. Осы мақсатта 1991 жылдың 29 қараша күні Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Кабинеті № 750 «Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігін орнату туралы» қаулысын жариялады.

1992 жылдың 3 шілде күні Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің «Туризм туралы» Заңның іске қосылуы жөніндегі қаулысы шықты. Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 ж. 15 шілде № 635 және 15 тамыз № 853 қаулылары мен ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 7 қазан № 839 қаулысына сәйкес, Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігінің тапсырмасы бойынша «Казгипроград» институты Қазақстан Республикасының туризм индустриясы дамуының Ұлттық бағдарламасын әзірледі.

Бағдарлама жобасында:

- халықаралық туристік нарықтағы тенденцияларын талдау;
- Республикамыздың туристік-рекреациялық ресурстарының бағалануы;

- Қазақстанда күтілген туристік ағымның болжамы;
- туристерді орналастыру орындарының қажеттілігі мен жаңа құрылыстардың қажетті көлемі;
- туризмді дамытудың ең лайықты аудандары;
- құрылысы жоспарланған нысандардың тізімі;
- құрылыстың бірінші кезегіне жоспарланған қаржыландыру көлемі;
- бағдарламалық шаралар мен орындаушылар анықталған.

Қазынаны толықтыру мақсатында шетелдік туристерге қызмет көрсету үшін жасалған бағдарлама әртүрлі себептерден іске асырылмады. Қазақстан халқына арналған сауықтыру туризмін дамыту бағдарламасын да Министрлік қажеті жоқ деп есептеді [79].

Спорттық туризмнің Республикалық федерациясы ұсынысы бойынша Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігінің Коллегиясы 1993 жылдың 29 шілде қаулысымен (№ 6 хаттама, 2 параграф) «Қазақстан Республикасы аумағындағы туристік спорттық жорықтарды өткізу ережелерін» бекітті. Бұл Ережелердің 1987 жылдың 26 мамырында Туризм мен экскурсиялардың Орталық Кеңесі бекіткен Бүкілодақтық «Спорттық жорықтарды өткізу ережелерінен» ешқандай айырмашылығы жоқ деп айтуға болады. Осы қаулыда Қазақстан Республикасының спорттық туризмінің спорттық дәрежелерге қойылатын талаптар бекітілді.

1993 жылдың 17 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Президенті № 1460 «Қазақстан Республикасы Жастар, туризм мен спорт министрлігін құру туралы» Жарғысын шығарды. Осы жарғыға сәйкес Министрлер Кабинеті 1994 жылы 10 қаңтарда Министрлік туралы қағидаларды бекіту жөніндегі № 49 қаулысын жариялады. Осы қағидалар бойынша Министрліктің Орталық аппараты 117 қызметкерден тұратын болды. Министрліктің жанынан Қазақстан Республикасының Туризм басқармасы құрылды. Басқарманың басқару құрамына басқарма бастығы, оның орынбасары, туризмді ұйымдастыру мен дамыту бөлімдері, 4 бас және 4 жетекші маман кірді [79].

1994 жылы 23 сәуірде Республикамыздың Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының спорттық туризм федерациясының жаңа жарғысын тіркеді (тіркеу № 0424). Федерация президенті орнында оны көптеген жылдар басқарған В.Кораблев қалды. Республикалық федерацияның ізімен туризмнің облыстық федерациялардың да тіркелуі басталды, бірақ бәрі де өзін-өзі қаржыландыра алмағандығынан толығымен бұл рәсімнен өте алмады.

1995 жылы Алматының қалалық туристер клубы өз жұмысын тоқтатты. Алматы облыстық федерациясы да өткізетін шараларын қысқартты. 1996 жылдан бастап, Алматы мен облыста туристік спорттық категориялық жорықтарға өтініш құжаттары онға да жетпей қалды.

Ұлттық туристік ұйымдастырылуының үшінші қопарылысы 1997 жылы болды. Қазақстан Республикасы Жастар, туризм мен спорт министрлігінің орнына Білім, мәдениет пен денсаулық сақтау министрлігінің құрамындағы Туризм мен спорт комитеті пайда болады. Бұдан кейінгі өзгеріс 1999 жылы орын алды.

1999 жылдың 22 қаңтарында Қазақсан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» жарғысы шықты. Осы жарғыға орай Көлік, коммуникациялар мен туризм министрлігі құрылды. Туризм жағдайы одан сайын нашарлады. Алматыда қала Туризм департаментін құрылды.

Көп уақыт өтпей, осы 1999 жылдың соңында туризм басқаруында тағы да «қайта құру» болды: Қазақстан Республикасының туризм мен спорт агенттігі құрылды. Осындай әрекеттердің нәтижесінде, Қазақстан пайданың орнына шығынға ұшырады.

Қолдағы мәліметтерге сүйенсек, кейінгі жылдары шығу және кіру туристер ағымдары мен туризмнен түсетін пайда көлемі төмендеп келеді, Қазақстан Республикасының ЖІӨ туризм үлесі мардымсыз болғаны сөзсіз *(1-кесте)*. Осының барлығы бірталай әлеуметтік-экономикалық және саяси факторлардың әсерінен орын алды.

Қазақстанның туристік шығу нарығындағы жағдайға әсер ететін факторлар:

- кейінге қалдырылған сұраныстың үлкен көлемі. Шетелге шығудың шектелмеуі, шығу құжаттарының рәсімделуінің жеңілденуі нәтижесінде шетелге бару тек қана адамның қаражатына байланысты болды;
- шетелдік сапар жасауға қаражаты жеткілікті адамдардың саны өсті. Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша, қазақстандықтардың 10 %-н табысы жоғары тобына жатқызуға болады;

*1-кесте*

**Қазақстан Республикасындағы туристік-экскурсиялық іс-әрекет динамикасы**

*10.*

| № | Баптың аталуы | 1992 | 1993 | 1994 | 1995 | 1996 | 1997 | 1998 | 1999 | 2000 | 2001 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Қызмет көрсетілген туристердің саны | 1.143.458 Оның ішінде экскурсанттар. | 1.514.994 Оның ішінде экскурсанттар. | 1.651.210 | 950.500 | 791.325 | 806.474 | 246.000 | 228.320 | 146.915 | 154.502 |
| 2. | Сыртқа жіберілген туристер саны | 233.819 | 622.357 | 700.492 | 700.500 | 650.218 | 674.024 | 145.700 | 106.078 | 67.360 | 37.942 |
| 3. | Қабылданған туристер саны | 236.044 | 420.057 | 450.718 | 250.000 | 141.107 | 132.450 | 35.000 | 50.154 | 23.868 | 2.507** |
| 4. | Тур.қызмет көлемі (мың теңге) | 1.049.631,3 (мың сом.) | 30.540, 6 | 356.924,0 | 2.019.450,0 | 3.312.924,8 | 3.346.525,7 | 1916,6 млн.теңге | * | 1882,7 млн.теңге | 1983,5 млн.теңге |
| 5. | Пайда (мың теңге) | 100.392,9 (мың сом.) | 4.820,3 | 112.429,0 | 180.945,0 | 250.107,0 | 261.328,0 | * | * | * | * |
| 6. | Салықтар (мың теңге) | 30.117,8 (мың сом.) | 1.315,9 | 37.847,0 | 40.194,0 | 120.245,3 | 128.715,0 | * | * | * | * |
| 7. | Турфирмалар-дың саны | 448 | 503 | 589 | 478 | 434 | 430 | 430 | 425 | 531 | 605 |

Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі мәліметтері бойынша құрастырылған

---

*   - мәлімет жоқ

** - 2001 ж. келу туризмі туралы мәліметтер толық көлемде берілмеген: тек қана лицензия алған фирмалар есепке алынған, сондықтан көрсеткіштер көлемі 8-10 есе төмен болып көрсетілген

- халықтың тұтыну құрылымында азық-түлік емес тауарлар мен қызметтер үлесінің өсуі. Экономистердің тұжырымы бойынша, 19 атаудан тұратын минималды азық-түлік жинағына жұмсалатын шығындар 1992 жылғы қаңтарда орта есеппен алынған айлық табыстың 90 %-н құрса, 1996 жылдың соңында 26 % болды;
- жергілікті курорттарға жолдамалары бағасының, көлік тарифінің өсуіне және ТМД елдеріндегі көлік қозғалысының реттелмеуіне, бұрын демалыстың таңдаулы болып есептелген аудандардағы қауіпті жағдайға байланысты азаматтар ішкі туристік нарықтың орнына сыртқы нарықты таңдайтын болды;
- шетелдік сапарларды материалдық тұрмыстық мәселелерді шешу үшін пайдалану. Көптеген қазақстандықтар үшін шопинг шетел сапарларының басты мақсаты болып табылады;
- іс байланыстары мен ынтымақтастықтың кеңеюі.

Нарықтық қатынастардың дамуы жағдайында қазақстандықтардың демалыс, ойын-сауық және кәсіби мақсатта шетелдік сапарға аттануы өседі деп күтілуде.

Келу туризмінің жағдайы да жақсы деп айтуға келмейді. Шетелдік туристердің ең қызу кезеңі 1994 жыл болған. Осы жыл ішінде елімізге 450 мың қонақ келді. Осылардың көбі кеңес қоғамындағы өзгерістерді өз көзімен көргісі келгендер болған. Бірақ, көп уақыт өтпей қайта құруға деген қызығушылық басылды да, шетелдіктердің келуі азая бастады. 2000 жылы Қазақстанға 23,9 мың шетел азаматы ғана келді. Дегенмен, осындай құбылыс ТМД барлық елдеріне тән.

Резидент емес туристер санының азаюының бірталай себептері бар. Олардың ішінде ең алдымен, қажетті инфрақұрылымның нашар дамуы (қызмет көрсету сапасының халықаралық нормаларына сәйкес келмеуі) және материалдық-техникалық базаның нашар күйі.

Әлемде валюта көзі мен экспорттық сауданың ең тиімді формасы болып есептелетін шетелдіктерді қабылдау ісі бізде талай жылдар бойы табыс әкелмейтін бизнес болып саналады. Өз азаматтарын шетелге демалуға жіберіп және өзінің келу туризмін дамытпай отырып, Қазақстан, бір жағынан, басқа елдердің инфрақұрылымын қаржыландырады және жаңа жұмыс орындарын қалыптастырады, ал өзі болса, миллиондаған доллар табыстарына қолы жете алмай, өз төлеу балансының дефицитын көбейтуде. Кейбір сарапшылардың айтуынша, халықаралық туризмнен түсетін табыстар мүмкін болатын табыстардың 10 % да құрмайды.

Келу туризмді тежейтін басқа да факторларды атауға болады: экономикалық және саяси тұрақсыздық, әлеуметтік қайшылықтардың өсуі, қылмыс қаупі т.б. Бұрынғы КСРО ыдырауы да туризмге зиян келтірді. Республикалар арасындағы байланыстардың үзілуі біртұтас туристік кеңістікті бұзып жіберді. Қазіргі кезде әр аймақ өз заңдары мен қағидаларына

бағынады. Шекаралар мен демалыс зоналарында көптеген кедендік, шекаралық, визалық және т.б. формалдықтар мен үстеме төлемдер туристер үшін қосымша қиындықтарды туғызды. Нәтижесінде туристік белсенділік төмендеді, бірнеше республика аумағында өтетін маршруттар саны күрт азайды.

Халықаралық стандарттарға жақын сервисті Алматы мен Астананың тек жоғары дәрежелі отельдері ғана көрсете алады. Бірақ олардың қызметтері өте қымбат, сондықтан мұндай қызметтерді қонақтардың аз ғана бір тобы пайдалана алады.

Ағымдағы және болашаққа жоспарланған аумақтық туристік баланстар (демалыс баланстары) республикамыздың барлық аймақтары үшін құрастырылуы тиіс. Онда, бір жағынан, халықтың әлеуметтік және жас мөлшерлік топтары анықталған «демалысты тұтыну» аудандары, екіншіден, туризм формалары мен түрлеріне топтастырылған «демалысты өндіру» аудандары жөніндегі мәліметтер болу керек. Сонымен қатар, елдің барлық облыстары бойынша туризмнің дамуы мен аумақтық ұйымдастырылу сұлбаларын жасау қажет. Экономикада нарық қалыптасу үрдісі толық орныққан 2001 жылдан бастап қазақстандық туризмде ірі өзгерістер байқалады. Осындай өзгерістер стратегиялық басымдықтардың анықталуына, басқару құрылымы мен туристік инфрақұрылымды қалыптастыру тетіктерінің жетілдірілуіне байланысты болды. Туризм мен спорт министрлігінің пайда болуын, туризмнің жеті кластерлік инициативалар қатарындағы басымдық экономика секторларының бірі ретінде мойындалуын, «Қазақстан Республикасындағы туризмді дамыту бойынша 2007-2011 жылдардағы мемлекеттік бағдарламаның» қабылдануын республика туризмін экономикалық іс-әрекетінің табысы зор, бәсекеге қабілетті аясына айналдыру ынтасының көрсеткіші ретінде қарастыруға болады. Осының нәтижесінде ел ЖІӨ-нің туризм бойынша үлесі әлдеқайда өсті *(1-сурет)*.




Статистикалық мәліметтер бойынша құрастырылған [132]

***1-сурет***

Қазақстан экономикасының тұрақты өркендеуі, елдің индустриялық-инновациялық дамуына арналған шаралардың іске асырылуы шетелдік капиталды тартуға ықпал етеді, бұл болса, шетелдік және ішкі инвестицияларын туристік индустриясына тарту, заманауи туристік менеджментті қалыптастыру, биліктің орталық және аймақтық деңгейлерінің әрекеттерін үйлестірудің алғышарты болып табылады. Сонымен қатар, саланың ақпараттық кеңістігін орнатуға, қазақстандық туристік өнімді сыртқы және ішкі нарыққа жылжыту бойынша тиімді жүйені қалыптастыруға, қаржыландыру мен салық салу мәселелері бойынша қажетті құқықтық нормативтік актілерді әзірлеуге арналған шаралар жасалуда. Бұл аймақтық мастер-жоспарлары шеңберінде жоспарланған туризмнің кластерлік дамуының негізгі бағыттары болып табылады [133].

Төрт жылдың ішінде ішкі маршруттар бойынша саяхат жасайтындардың санын 4,5 миллионға, келуші туристердің санын 9,5 миллионға дейін жеткізу қарастырылған. Бағдарламаны іске асыру мерзімінде шетел туристерінен бюджетке түсетін пайда 603250 млн теңге (4865 млн. USD) көлемінде жоспарланды. 2011 жылы тек қана кіру туризмі арқасында жергілікті жұрттың 550 мың жұмыс орны қамтамасыз етіледі деп жобаланады [133].

Мемлекеттік бағдарламада жоспарланған шараларды іске асыру ішкі және халықаралық туристік ағымдарды өсіруге, ұлттық туристік өнімнің тартымдылығын жоғарылатуға, Қазақстанды Еуразияның туризм орталығына айналдыру шарттарын қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама мақсаты – жұмыспен қамтылу, мемлекет пен халық табысын ішкі және кіру туризмі көлемінің өсуі арқылы арттыру үшін бәсекеге қабілетті туристік индустрияны қалыптастыру. Бағдарламаның негізгі міндеттері: 1) туризмнің инфрақұрылымын дамыту; 2) туризмді мемлекеттік тарапынан реттеу мен қолдаудың тиімді тетігін қарастыру; 3) тартымды туристік имиджді қалыптастыру; 4) туристік әлеуетті арттыру; 5) шаруашылығы рекреациялық тарапынан мамандандырылған зоналарды ретке келтіру [133].

Осының алдындағы кезеңде (2003-2005 жылдар Бағдарламасы) туризм аясындағы имидждік саясатты іске асыру, халықаралық ынтымақтастықты дамыту, инфрақұрылымның маңызды элементтерін дамыту, туристік заңнаманы, статистиканы, кадрлық, білім беру мен аймақтық саясатты жетілдіру, туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған әрекеттері жасалған-ды.

Мысалы, Қазақстан Республикасы Үкіметі деңгейінде республика территориясында апатқа ұшыраған туристерге жәрдем беретін мамандандырылған қызметтердің Тізімі бекітілген. Жер алаптарын ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын қалыптастыру немесе кеңейту үшін мемлекеттік қажетке алу (құнын өтеп алу) Ережелері жарияланды. 54 мемлекет азаматтары үшін визалық рәсімдерді жеңілдететін Қазақстан Республикасы визаларын берудің жаңа тәртібі қабылданды, туристерге

медициналық қызмет көрсету және жедел жәрдем жасау шараларының жоспары бекітілді.

Білікті мамандар қауымын қалыптастыру маңызын ескере отырып, туристік ұйымдар қызметкерлерінің біліктілігін жоғарылату, аттестациялау және туристерге қызмет көрсету негізі болып табылатын қоғамдық туристік кадрларды даярлау Ережелері қабылданды.

Имидж қалыптастыру шаралары жөнінде айтсақ, Қазақстан жүйелі түрде Берлин (ГФР), Лондон (Ұлыбритания), Мадрид (Испания), Мәскеу (Ресей), 2006 жылдың қаңтарынан бастап Утрехт (Голландия) қалаларында өтетін ең атақты халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелерде қатысып келеді. Жылдан жылға көрме көлемдері өсіп, республикамыздың туристік ұйымдарының өкілдіктері кеңейіп, ақпараттық-жарнамалық өнімнің сапасы жоғарылап келеді. 2004 жылы Лондонда Қазақстанның алғашқы туристік өкілділігі ашылды. Қазақстанның туристік мүмкіншіліктерін шетелдерінде көрсету үшін инвестициялық жобалардың каталогы, жолнамалар, буклеттер, басқа да жарнамалық-ақпараттық өнім шығарылды.

Жыл сайын сәуір айының соңында Алматыда халықаралық туристік KITF жарменңкесі өтеді. 2006 жылы оған 30 елдің 450 компаниялары қатысты.

Туристік кластерді дамыту шеңберінде республикамызда туризм дамуының: іскерлік, экологиялық, мәдени-танымдық және шытырман оқиғалы турлар сияқты басымды бағыттары белгіленген.

Сарапшылар оны Қазақстан мәдениетінің қайталанбас қасиетімен, табиғи әлеуетімен, жоғары іскерлік белсенділікпен, демалыс пен туризмнің белсенді түрлерін дамыту мүмкіншіліктерімен дәлелдеді.

«IPK International» неміс консалтинг компаниясының 2006 жылы аяқталған және оған Қазақстан Республикасы Үкіметі 65 млн теңге бөлген Қазақстан туристік әлеуетінің маркетингтік зерттеулері шетел туристері бір сапар ішінде бірнеше аумақты көріп шыққанды қалайтындарын көрсетті. Орта Азия мен Қазақстан бойынша трансшекаралық маршруттар жоспарланды. Осыған орай, көршілес елдермен шекара маңындағы ынтымақтастық шеңберінде, әсіресе, Ұлы Жібек жолында біріккен туристік маршруттарды ұйымдастыру және туристер үшін жеңілдетілген шекаралық және кедендік бақылауды енгізу жұмыстары жоспарланған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 желтоқсандағы № 1809 қаулысымен республикалық маңызды жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының тізіміне ірі туристік нысандарға апаратын және туризмнің одан әрі дамуы үшін үлкен маңызы бар жолдар, мысалы, Ташкент – Шымкент – Тараз – Алматы – Қорғас жолы енгізілді. Жолдың осы кесіндісінің және оған қоса Түркістанның, онда жол маңындағы инфрақұрылым нысандары белгіленген жол картасының шығуы туристік маршруттарды жергілікті жұртпен бірге шетелдік туристер мен экскурсанттар арасында насихаттайтын болмақ.

Осы бағыттың даму барысында Түркістан қаласында қонақүйлер мен керуен-сарайлар желісінің құрылысы, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының, Дүниежүзілік Туристік ұйымының және ЮНЕСКО-ның (Білім, ғылым мен мәдениет мәселелері бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы) «Жібек

жолы: аймақтық ынтымақтастық пен даму мақсатында әлеуетті күшейту» атты халықаралық жобасының аймақтық бағдарламасы шеңберінде іске асыру жоспарланған [133].

Мемлекетаралық, оның ішінде Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық іс-әрекеті шеңберіндегі келісімдер үрдісі, біртұтас экономикалық кеңістікті қалыптастыру, туристік визаларды өзара мойындау және келешекте осы ұйымдардың мүшелері үшін бірыңғай туристік визаны енгізу Жібек жолы маңындағы туризмді дамыту түрткі жасар еді.

Қазақстанның табиғи туристік әлеуеті мен тарихи-мәдени нысандарын ескеріп, шетелдік туристерге қайталанбас табиғи ландшафтарын, эндемикалық флора мен фаунасын, тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қамтитын құрамалы турларды ұсынуға әбден болады. Халықаралық туристік нарыққа шығу үшін Қазақстан табиғатының өзгешеліктеріне негізделген турларды, мысалы, джип мініп, киіз үйлерде немесе арнайы жабдықталған трейлерлерде түнеп саяхат жасауға арналған «Кең даладан мәңгі қар жатқан тау шыңдарына шейін», «Далалық сафари» ұсынуға болады. Каспий теңізіндегі жағажайлық және круиздік демалысты дамыту мақсатында Кендірлі демалыс зонасын жабдықтау мен Ақтау қаласында туризм мен ойын-сауық индустриясын дамыту, Оңтүстік Қазақстанда, Қапшағай бөгенінің жағасында «Жаңа Іле» туристік орталығының құрылысы жоспарланған. Оған емдеу-сауықтыру, мәдени-ойын-сауық және туристік инфрақұрылымның басқа нысандары кіретін болады.




Статистикалық мәліметтер бойынша құрастырылған [132]

***2-сурет***

Ресми статистика мәліметтері бойынша, 2000 жылдан бастап ішкі де, сыртқы да туристік ағымдардың өсуі байқалды *(2-сурет)*. Ең алдымен, ішкі туризм қарқынды дамуда. Жергілікті жұрттың туристік аумақтарды игеруі

шетелдік туристерді тарту мақсатында жүргізілетін халықаралық жобаларын іске асырылуына септігін тигізеді, себебі оның нәтижесінде жергілікті коммуникациялар мен қызмет көрсету сферасы дамиды. Туристік державалардың – АҚШ, Италия, Біріккен Араб Әмірлігі, Түркияның тәжірибесі осындай тетіктің дұрыс екендігін растайды.

Халықтың толыққанды демалысын ұйымдастыру қажеті әсіресе, еліміздің іскерлік орталықтарында – Алматы мен Астанада байқалады. Ең алдымен, осы аймақтарда Бағдарлама бойынша бас жобалар мен туристік кластерді қалыптастыру мен дамыту бойынша мастер-жоспарлары шеңберлерінде туризм мен спорт инфрақұрылымын дамыту шаралары жоспарланған. Алматы облысында (Қапшағай қаласы) 2007 жылдан бастап, туризм мен ойын-сауықтың Диснейленд-парк пен Лас-Вегас тәрізді объектілері құрылысының техникалық-экономикалық негізделуі мен жобалық-есептік құжаттардың әзірленуі, сондай-ақ, Ақмола облысында осыған ұқсас жобалар Щучинск-Бурабай курорттық зонасында жоспарланған. Қазақстандықтар мен шетелдіктерді қызықтыратын Египеттегі Перғауындар деревнясы мен «От Бос» (Канада) сияқты көшпелілердің тұрмысы мен сақтар мәдениетін көрсететін «Шеберлер сарайы» көрме орталығы бар «Шебер ауылы» этнографиялық кешені салынады. Бұл кешеннің құрылысы Астанадан 30 шақырым қашықтықта жүргізіледі.

Соңғы жылдарда қала маңы аумақтары тұрақты дамуының маңызды факторы болып есептелетін экологиялық туризмнің тартымдылығы артты. Осыған сай ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға (ЕҚТА) келетін туристердің саны өсті. Мысалы, 2005 жылы ұлттық табиғи саябақтары мен басқа ЕҚТА-ға 400 мыңға жуық адам келіп кетті [132]. Олардың жартысы шетелдіктер. Осыған орай, мемлекеттік бағдарлама мен мастер-жоспарларында «Бурабай», «Іле Алатауы», «Алтынемел» және басқа да ірі қалаларға жақын орналасқан табиғи ұлттық саябақтарда экологиялық инфрақұрылымын дамыту шаралары жоспарланған.

